

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И
НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
АРҚАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

АРҚАЛЫҚСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ
ИМЕНИ И.АЛТЫНСАРИНА

И. Алтынсарин ескерткіші
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық
институты



«2019-Жастар жылы» аясында шетелдік
ғалымдардың қатысуымен өтетін
«САНДЫҚ БІЛІМ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ҮДЕРІСІ»
атты республикалық форум

МАТЕРИАЛДАРЫ

15 қараша 2019 жыл

МАТЕРИАЛЫ
республиканского форума
с участием иностранных ученых
«ЦИФРОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
ОСОБЕННОСТИ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ»
в рамках «Года молодежи– 2019»
15 ноября 2019 года

Арқалық қаласы

1010101010101
101010101010
1010101010101010
101010101010
10101010101010
10101010
101010101010
101010101010

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

**«САНДЫҚ БІЛІМ:
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ҮДЕРІСІ»**
атты республикалық форум
МАТЕРИАЛДАРЫ

15 қараша 2019 жыл

МАТЕРИАЛЫ
республиканского форума
**«ЦИФРОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
ОСОБЕННОСТИ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ»**

15 ноября 2019 года

Арқалық қаласы

ӘОЖ 378
КБЖ74.58
С18

Бас редакторы / Главный редактор:

Қуанышбаев С.Б. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректоры, г.ғ.д., профессор

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:

Темирбеков Н.М. – оқу және ғылыми жұмыстары жөніндегі проректоры, т.ғ.к.

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

Ф-м.ғ.к., АрқМПИ профессоры Үмбетов Ә.Ү., PhD докторы Ескермесұлы Ә., магистр, а.о. Жамалова С.А., магистр, а.о. Алиева Г.С., магистр, а.о. Шонгалова К.С., магистр, а.о. Сүндетбаева А.Ж.

Басылымға жауапты / Ответственные за выпуск:

магистр, а.о. Жамалова С.А.; магистр, а.о. Алиева Г.С.; редакциялық-баспа бөлімінің бастығы Амирбеков О.А.:

С18

«Сандық білім: ерекшеліктері және даму үдерісі» / «*Цифровое образование: особенности и тенденции развития*» атты республикалық форумның материалдары. (15 қараша 2019 ж.). - Арқалық: АрқМПИ, 2019. 272 б.- қазақша, орысша.

ISBN 978-601-7947-58-3

Бұл жинаққа Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің, информатика кафедрасының ұйымдастыруымен 2019 жылдың 15 қарашасында өткен «Сандық білім: ерекшеліктері және даму үдерісі» атты республикалық форумға қатысушы оқытушылардың, магистрлер мен колледжбен мектеп мұғалімдерінің, ЖОО студенттері мен колледж студенттерінің ғылыми мақалалары енгізіліп отыр.

Форумға қатысушылардың мақалаларында **Сандық білім берудің ерекшеліктері және даму үдерісі**, оқытудың тиімділігі, тәжірибе алмасу, теориялық және тәжірибелік мәселелері қамтылған.

Жинақ жаратылыстану және гуманитарлық бағытындағы зерттеушілер мен білім алушыларға, жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-7947-58-3

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

© Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. 2019

ИНСТИТУТ РЕКТОРЫ, Г.Ғ.Д., ПРОФЕССОР С.Б. ҚУАНЫШБАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Құрметті қонақтар! «Жастар жылы» аясында шетелдік ғалымдардың қатысуымен өткізіліп отырған «Сандық білім: ерекшеліктері мен даму үдерісі» тақырыбындағы республикалық форумға қош келдіңіздер!

Форумның мақсаты: сандық білім беру жағдайында жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және талантты жастарды қолдау.

Төртінші өнеркәсіптік революция қарсаңында білім беруді цифрландыру елімізде қарқынды жүріп жатыр. Бұл – заман талабы. Қазіргі цифрландыру кезеңінде білімді жылдам беру керек, ол үшін жоғары оқу орындары өзгерістерге бейім болуы қажет. Бұл орайда институт өз жұмысын сапалы атқарып келеді. Сандық білім беру құралдары үнемі жаңартылып отырады, атап айтқанда заманауи үлгідегі робототехника кабинеті, интерактивті панелдер, заманауи химия, биология және физика зертханалары алынды. Институтымыз келешек жас мамандарға сапалы білім беру үрдісін бұдан кейін де үзбей жалғастыратын болады.

Форум аясында, апта көлемінде семинар, пәндік олимпиада, дөңгелек үстел, студенттердің ғылыми жобалар сайысы, вебинар, онлайн конференция, шеберлік сыныптар өткізілді. Аталған іс-шаралардың студенттердің сандық білім тұрғысында танымдық көзқарастарын кеңейтуге, профессор-оқытушылар құрамының отандық, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуларына қосатын үлесі мол.

Көптеген жылдар бойы Смоленск мемлекеттік университетімен ынтымақтастықта жұмыс істейміз. Атап айтқанда, студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамы үшін арнайы курстар өткізіледі. Арнайы шақырылған ғалымдар Наталья Александровнаға және Анна Евгеньевнаға алғысымызды білдіріп, келешекте бұдан да жоғары ынтымақтастықта боламыз деп сенеміз.

Форумға Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан, атап айтқанда Түркістан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарынан және Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан мақалалар келіп түсті.

Құрметті қонақтар, конференцияға қатысушылар! Сіздерге сәттілік, дендеріңізге саулық және шығармашылық табыс тілеймін.

Форумның жоғары деңгейде өтуіне тілектеспін!

I СЕКЦИЯ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ САНДЫҚ БІЛІМ

**ЖАНДЫ МАТЕМАТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНДА ГЕОМЕТРИЯ
ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ**

*Абдрахманова Мейрамкул Турганбаевна
аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Мұбарак Қуаныш, Бақытова Құндыз
математика мамандығының 3 курс студенттері
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье рассмотрены пути решения задач курса геометрии в программе «Живой математики». «Живая математика» помогает как формулировать теоремы для последующего доказательства, так и подтверждать уже доказанные теоремы и развивать их понимание, позволяет учащемуся обнаруживать закономерности в наблюдаемых геометрических явлениях. С помощью программы «Живая математика» можно конструировать интерактивные математические модели, которые помогают получить начальные представления о понятиях формы тела, числах и т.п., а также динамических иллюстраций сложных систем.

Ключевые слова: живая математика, геометрия, математические модели.

Summary. This article discusses ways to solve the problems of the geometry course in the program «Living Mathematics. «Living mathematics» helps both to formulate theorems for the subsequent proof, and to confirm the already proven theorems and develop their understanding, allowing the student to detect patterns in the observed geometric phenomena. Using the program «Living Mathematics», you can construct interactive mathematical models that help to get an initial understanding of the concepts of body shape, numbers, etc., as well as dynamic illustrations of complex systems.

Keywords: living mathematics, geometry, mathematical models.

Динамикалық геометрия жүйесі - математикалық объектілер мен абстракциялардың динамикалық бейнесін жасауға және осы суреттерді олардың қасиеттерін зерттеу үшін пайдалануға мүмкіндік беретін бағдарламалық өнім болып табылады.

Интерактивті геометриялық орта математиканы оқытудың визуалды және эксперименттік құрамдастарын күшейтуге бағытталған. Интерактивті геометриялық орталардың басты дидактикалық құндылығы - динамика, яғни қозғалыс болып табылады, ол компьютерлік анимация құралдарымен жүзеге асырылады. Егер бұрын оқытудағы көрнекілік білім беру бағытындағы статикалық бейнелер мен диофильмдермен ғана шектелсе, енді математиканы оқытудың жалпыға ортақ дидактикалық құралы ретінде қозғалысқа ие болды. Осы жаңа мүмкіндіктерді игеруде математиканы оқыту әдістемесінің маңызы зор.

Динамикалық математика компьютерлік анимация мүмкіндіктерімен тығыз байланысты. «Динамикалық математика» терминімен қойылған математикалық есепті шешуге қатысатын интерактивті геометриялық орта

компьютерлік алгебра жүйесі көмегімен жасалған анимациялық сызбалардың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын математикалық зерттеулердің бір бөлігі болса, компьютерлік модельдеу динамикалық математиканың маңызды бөлігі болып табылады

Динамикалық математикада математикалық есептің шешімі, әдетте, үш кезеңде өтеді:

- 1) геометриялық модельдеу, есеп шарттары компьютер экранында көрінуі;
- 2) анимация мүмкіндіктерін пайдалана отырып, экрандағы тапсырманы шешу;
- 3) экранда көрінген шешімнің математикалық моделін құру.

Динамикалық математиканың компьютерлік құрамдас бөлігі интерактивті геометриялық орта болып табылады. Бұл бағдарламалық өнімдер математиканы визуализациялауға, математикалық есептерді шешуде эксперименттер мен зерттеулер жүргізуге, жобалық типтегі іс-әрекетті, дәстүрлі есеп формасын қолдауға мүмкіндік береді, оқушылардың математикалық объектілерді қабылдауына, олармен белсенді іс-қимыл жасау дағдыларын дамытады.

Интерактивті геометриялық орта әдістемелік тұрғысынан компьютердің экранында оқу материалын зерттеудің әртүрлі сатыларында, иллюстрациялық сипаттағы сызбалардан (жанды плакаттардан) бастап зерттеу сызбаларына дейін пайдалануға болатын сызбалар жасауға мүмкіндік береді. Әсіресе, тиісті анимациялық суретті жасау процесі оқыту болып табылады.

Анимациялық мүмкіншіліктердің кейбір маңызды қосымшалары:

- берілген функцияның графигін сызу.
- берілген функциямен сипатталатын қозғалысты модельдеу.
- параметрмен берілген есептерді шешу.
- әртүрлі мақсаттағы виртуалды анимациялық аспаптарды құру.
- геометриядағы моделдеу: салу есептері, метрикалық, позициялық, бөліктерге бөлу, геометриялық комбинаторика, қызықты геометрия, геометриялық түрлендірулерді қолдану, кеңістіктегі қашықтықтар мен бұрыштарды есептеу және т.б [1].

- арифметикалық операцияларды геометриялық модельдеу.

- тригонометриядағы модельдеу.

- математикалық талдаудағы модельдеу.


- комплексті коэффициентті көпмүшеліктердің комплексті түбірлерін табу

- қозғалысқа арналған арифметикалық есептер.

Динамикалық геометрия жүйелерінің анимациялық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, стандартты емес есептерді шешуге сызба-кеңестер жасауға болады. Мысалы, келесі есептерді қарастырайық:

1. Трапецияның бүйір жақтарының бірі 3-ке тең, ал одан екінші бүйір жағының ортасына дейінгі қашықтық 4-ке тең. Трапеция ауданын табу керек.


Шешуі. Сызба-кеңес жасалады: $C \rightarrow D$ батырмасын басқаннан кейін трапецияның жоғарғы бөлігі F нүктесінің айналасында баяу бұрыла бастайды. 180° градусқа бұрылғаннан кейін біз келесі сызбада табандарының қосындысы мен биіктігі белгілі берілген тікбұрышты трапецияны (1-суретке сәйкес) аламыз.



1-сурет. Трапеция ауданын табу.

2. В және D бұрыштары тік, $AB=BC$ және В нүктесінен AD түзуіне дейінгі қашықтық 1-ге тең болатын ABCD төртбұрышының ауданын табыңыздар.

Шешуі. Бұл есептің шешімін ВАН үшбұрышын В төбесінен 90° -қа бұру арқылы бастапқы төртбұрышты квадратқа келтіреміз де шыққан квадраттың ауданын (2-суретке сәйкес) табамыз.



2-сурет. ABCD төртбұрышының ауданын табу.

3. SABCD дұрыс төртбұрышты пирамида берілген. Р нүктесі SC қырын $SP:PC=1:2$ қатынасында бөледі. D нүктесі СК кесіндісінің ортасы. В, Р, К нүктелері арқылы жазықтық жүргізілген. Осы жазықтық пирамида көлемін қандай қатынаста бөледі?

Шешуі. Айталық $SO=h$, $AB=a$, $SA=b$ деп аламыз

$$\text{Олай болса } PC = \frac{2b}{3}, PQ = \frac{2h}{3}$$

$$PL = PC = \frac{2b}{3}, LD = \frac{a}{3}; \frac{MD}{PL} = \frac{KD}{KL}, \frac{MD}{\frac{2b}{3}} = \frac{3}{4}, MD = \frac{b}{2}, MH = \frac{h}{2}$$

$$\frac{TD}{BC} = \frac{KD}{KC} = \frac{1}{2}, TD = \frac{a}{2}$$

$$V_{PKBC} = \frac{2a^2h}{9}$$


$$V_{MKTD} = \frac{2a^2h}{24}$$

$$V_{MPBCDT} = V_{PKBC} - V_{MKTD} = \frac{13a^2h}{72}$$

$$V_{SABCD} = \frac{a^2h}{3}$$

$$V_{MPBCDT} \div V_{SABCD} = 13 \div 24$$

Жауабы: жазықтық пирамида көлемін 13:24 қатынасында (3-суретке сәйкес) бөледі [2].



3-сурет. Дұрыс төртбұрышты пирамида.

Әдебиетер

1. Ларин, С.В. Компьютерная анимация на уроках математики. Ростов-на-Дону, «Легион», 2015.
2. Шабанова М.В., Котова С.Н. «Экспериментально-теоретический разрыв» и способы его преодоления при обучении математике с использованием систем динамической геометрии. Актуальные проблемы обучения математике и информатике в школе и вузе. / Материалы II Международной научной конференции 2-4 октября 2014 г., ФГБОУ ВПО МПГУ, с. 190-196.

ОРИГАМИДІ ГЕОМЕТРИЯДА ҚОЛДАНУ

*Абдрахманова Мейрамкул Турганбаевна
аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Әбдісәлік Айнагүл, Сапарбек Раушангүл
математика-физика мамандығының 2 курс студенттері
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье рассмотрены способы использования оригами при решении геометрических задач. Использование оригами позволяет не только запоминать, но и развивать внимание, восприятие, воображение, различные формы мышления. Оригами помогает учащимся понять свойства фигур путем этой складки при работе с определенными геометрическими фигурами.

Ключевые слова: геометрия, оригами, геометрические фигуры

Summary. This article describes how to use origami in solving geometric problems. Using origami not only allows you to remember, but also develop attention, perception, imagination, various forms of thinking. Origami helps students understand the properties of shapes by this fold when working with certain geometric shapes.

Keywords: geometry, origami, geometric shapes

Геометриялық есептерді шешуде оригамиді қолданудағы мақсат геометриялық ойлауды жан-жақты дамыту және геометриялық білімді оригами арқылы қалыптастыру болып табылады. Мұның басты ерекшелігі - бұл оқу пәнін қоршаған ортамен бірлікте таныстыру.

Геометрия ерекше көріністі қажет етеді. Құрғақ, академиялық қатаң баяндау мұнда сәйкес келмейді. Фигуралар көрнекі-бейнелі ойлауды дамытуға ықпал етеді. Оқушыға тақырыпты түсіну қиын. Демек, оқушыларға көрнекілік арқылы көбірек ақпарат беруге ұмтылу қажет. Оригамиді қолдану оқушылардың тек есте сақтау ғана емес, сонымен қатар зейінді, қабылдауды, қиялды, ойлаудың түрлі түрлерін дамытуға мүмкіндік береді.

Оригами оқушылардың белгілі бір геометриялық фигуралармен жұмыс жасау кезінде осы бүктеу арқылы фигуралардың қасиеттерін түсінуге көмектеседі.

Геометрия курсына оқытуда оригамиді қолданудағы ерекшеліктер:

- оригами зерттелген геометриялық материалдардың көрінісін қамтамасыз етеді (фактілер мен геометриялық фигуралар жиналу үдерісінде пайда болады, яғни білімге практикалық қажеттілігін, суретпен жұмыс істеу қабілетін көрсетеді);

- оригами сыныпта оқушылардың шағын және дәл қол қозғалысын дамыту үшін өте тиімді, үйлестіруді белгілейді. Екі қолдың белсенді жұмысы келесі психикалық процестерді жоғары деңгейде күшейтеді және дамытады: қабылдау (тұтастық және құрылым құрылымы), көңіл (концентрация және тұрақтылық), жады (көрнекі), ойлау (кеңістік және шығармашылық);


- оригами шығармашылық тапсырмаларды және ойындар жағдайларын жасау мүмкіндігін береді (оқушылар кейіпкерлерін оригами фигураларынан жасайды, ойын ойнайды, декорациясын жасайды);

- оригамиді оқу үрдісіне қосу оқушылардың коммуникативті қабілеттерін кеңейтуге мүмкіндік береді (фигураны жинауға көмектесу, көмек сұрау, мульти-модульдік фигураны біріктіру);

- оригами көркемдік талғамдардың, шығармашылық пен қиялдың дамуына үлес қосады (өзіндік оригами фигураларын ойлап табу, т.б.);


- оригами арқылы тек жазықтықтағы геометриялық фигуралар ғана емес, сондай-ақ үш өлшемді - пирамидалар, призмалар зерттеледі.

1. Шеңбердің центрін табу. 1-тәсілі. Қағаз парағынан шеңбер кесіп алынады. Шеңберді шеңбердің шекарасы өзімен үйлесімді болатындай етіп бүктейміз. Сонда жарты шеңбер аламыз. Оны тағы да екіге бүктейміз. Біз шеңбердің өзара перпендикуляр екі диаметрін аламыз. Диаметрлердің қиылысу нүктесі осы (1-суретке сәйкес) шеңбердің центрі болады. Бірақ егер жазықтықта шеңбер центрін салу қажет болса, мұндай әдіс бізді шешуге әкелмейді, өйткені бастапқы диаметр құра алмаймыз. Сонда есепті шешуде бізге басқа әдістер көмектеседі [1].



1-сурет. Шеңбер


2-тәсілі. Шеңберді еркін түрде бүгеміз. Сонда АВ хордасын аламыз. Содан кейін А және В нүктелері беттесетіндей етіп бүктейміз. CD диаметрін аламыз. Содан кейін CD кесіндісінің ортасын табамыз, С және D нүктелері үйлесімді болатындай етіп шеңберді бүгеміз (2-суретке сәйкес). Табылған нүкте шеңбер центрі болып табылады.



2-сурет. Шеңбер центрі

2. Параллель екі түзуді үшінші түзумен қиғанда ішкі айқыш бұрыштар өзара тең болатындығын дәлелдеу.


Дәлелдеуі. Қолымызға парақ аламыз. Қиюшы АВ түзуі бойымен бүктейміз. Айқыш бұрыштардың төбелерін беттестіреміз. Сонда 1-ші және 2-ші бұрыш бір-бірімен дәл келіп беттеседі. Олай болса параллель екі түзуді үшінші түзумен қиғанда ішкі айқыш бұрыштар (3-суретке сәйкес) өзара тең болады [2].



3-сурет. Ішкі айқыш бұрыштар

3. Ауданы бастапқы берілген квадраттан 4 есе кіші болатын квадратты салыңдар.

Шешуі. Есепті шешу үшін (4-суретке сәйкес) төмендегі көрсетілгендей әдіспен шығаруымызға болады.



4-сурет. Квадрат

Математика әдістемесінде оқытудың жаңа да тиімді әдістерін іздестіру проблемасының маңызы үлкен, өйткені математика курсының жаңа мазмұны мен түзіліс жүйесі мұғалім мен шәкірттің жаңа әдістерді пайдалануын талап етеді. Оның үстіне оқытудың ежелгі дәстүрлі әдістері әрқашанда ойдағыдай нәтижеге жеткізе бермейді. Сондықтан соңғы кездерде сабақ үстінде оқушылардың белсенділігін арттырып, мұғалімнің басшылығымен жүргізілетін оқушылардың өзіндік жұмыс істеуіне негізделген оқыту әдістері кең қолданылуда [3].

Математиканы оқытудағы арнайы мақсаттардың қатарына оқушылардың геометриялық интуициясын, кеңістік қиялын дамыту жатады. Бұл негізінен геометрия сабақтарында жүзеге асады. Мұнда ең алдымен көрнекі құралдар арқылы жазық және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың геометриялық елесі, көрінісі қалыптастырылып, біртіндеп күрделі геометриялық фигураларды және олардың комбинациясын сызбалық дұрыс кескіндеуге машықтандырылады.

Оригами өнердің әр түрлі бағыттарының негізі ретінде геометрияны зерттеудің логикалық және үйлесімді нысаны болып табылады. Логика мұнда көрнекілік пен практикалық маңыздылығын растау құралы ретінде көрінеді. Модельдерді құрастыру негізінде геометрияны игеру процесі бүкіл таным процесін дәйекті түрде өрістетуге арқылы ұсынылады.

Оригами техникасында геометриялық фигураларды орындай отырып, оқушылар жаңа геометриялық ұғымдармен, негізгі анықтамалармен танысады және үш өлшемді кеңістіктегі екі өлшемді жазықтықтың тәртіп заңдылықтарын көрнекі түрде зерттейді. Белгілік-символдық операциялар оригами және геометриялық қызметтің негізін құрайды.

Әдебиеттер:

1. Белим С.Н. Задачи по геометрии, решаемые методами складывания. - М.: Наука, 2008.
2. Весновская О.В. Оригами: орнаменты, кусудами, многогранники. - М.: Руссика, 2007.
3. Афонькин С.Ю., Капитонова И.В. Оригами и геометрия. - М.: Дрофа, 2008.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Абдушукурова Асель Толегенкызы
магистрант филологического факультета
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Нур-Султан, Казахстан
asselabdushukurova@gmail.com
науч.руководитель проф. Ж.Н. Жунусова*

Андатпа. Мақалада сандық шындық аясындағы білім беру үрдісінің ерекшеліктері қарастырылған. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағдайындағы қажетті маңызды құзіреттіліктер мен дағдылар туралы айтылған. Білім беру жүйесіне енгізілген инновациялық жаңашылдықтармен байланысты тенденциялар мен проблемалар анықталған.

Түйін сөздер: сандық трансформация, цифровое білім беру, сандық құрал-жабдықтар, сандық білім беру ортасы, АКТ-технологиялар

Annotation. The article considers the features of the educational process in digital reality, considers the key competencies and skills of students required in the conditions of information and communication technologies. Trends and problems associated with the introduction of innovative innovations into the education system are revealed.

Key words: digital transformation, digital education, digital tools digital, educational environment, ICT-technologies

Цифровая трансформация на сегодняшний день все больше и больше набирает популярность: ИТ-прорыв, электронное правительство и цифровое образование. Новую систему образования, в которой используются средства информационно-коммуникационных технологий, называют цифровым образованием, в которое входят понятия сетевое общество, дистанционное обучение, различные веб-ресурсы, социальные сети, блоги с современными устройствами (смартфоны, планшеты, интерактивные доски) и т.д. В образовательную систему для учебного процесса повсеместно внедряются новейшие технологии: информационно-коммуникационные, дистанционные, интерактивные, эвристические. В ходе учебного процесса педагоги используют проективные методы обучения, творчески подходят к решению поставленных учебно-воспитательных задач, создают новые проблемные ситуации.

Новейшие ИКТ-технологии способствуют быстрому и качественному обучению, а также они делают процесс получения новых знаний удобным и доступным. В наше время для того, чтобы научиться новому, достаточно иметь доступ в интернет. Реальность такова, что цифровая действительность, с одной стороны, создает значительную конкуренцию традиционной форме обучения, а с другой стороны, стимулирует педагогов искать новые формы обучения, вдохновляются для создания лучшей обратной связи с обучающимися. Наряду с компьютерной грамотностью, в ИКТ-компетентность педагога входит умение искусно проектировать и реализовать процесс обучения с использованием информационных технологий и средств, осуществлять данный процесс интересным и разнообразным.

Общеизвестно, что цифровые технологии, которые динамично меняют мир, вторгаются в исследовательские процессы, увеличивая информационное поле гуманитарных исследований. С помощью цифровых ресурсов и инструментов гуманитарные науки становятся цифровыми, и мы можем сказать, что сейчас стремительно развивается новое направление – *цифровая гуманитаристика*, о которой активно заговорили в последние десятилетия. Именно в этот период начали появляться примеры, объединяющие новые технологии и культурное наследие человечества. Так, например, с помощью разработанных корпусов текстов и с помощью разметок позволяет быстро найти слова, формы слова и синтаксических конструкции, которые необходимы исследователю и педагогу. Электронное собрание корпуса текстов включает газетные заметки, поэтические и прозаические произведения.

Национальные корпусы языков с огромными массивами текстов – это сравнительно молодой эффективный и полезный инструмент педагогов, который помогает не только собирать и визуализировать какую-либо информацию, но также дает возможность быстро обработать любой текст и использовать в процессе обучения языку.

Сегодня национальный корпус языков самый востребованный фактический материал, к которому постоянно обращаются не только педагоги, но и обучающиеся, так как он помогает им в освоении грамматических, орфографических и синтаксических правил. В поэтическом разделе хранится

огромная часть русских стихотворений XVIII-XX веков, которую можно использовать в преподавании филологических дисциплин, при написании исследовательских работ.

Национальный корпус русского языка стал возможен с появлением цифрового внедрения, появилось большое количество терминов: цифровая экономика, цифровое общество, сетевое пространство, *цифровые аборигены* и *цифровые иммигранты* и т.д. Так, словосочетание-термин *цифровые аборигены* – это носители цифрового языка и цифровых технологий, т.е. все те, кто родился в XXI веке [1]. В работе М. Пренски сказано о цифровых аборигенах, которые имеют врожденное знание о цифровых технологиях, воспринимают цифровой мир как повседневность, ощущают себя в потоке многозадачности, привыкли к резким изменениям скорости восприятия информации, к интерактивности гаджетов, к собственной активности в социальных сетях, к скорости в мире видеоигр. Поколению цифровых аборигенов М. Пренски противопоставил *цифровых иммигрантов* – педагогов и студентов старших возрастов, поскольку они родились до широкого использования цифровых технологий, и поэтому являются, скорее, не носителями цифрового языка, а иммигрантами в чужой стране [2, 45-46].

Сегодня много делается для обмена опытом между вузами по проблемам цифровизации системы образования. Так группа профессоров и преподавателей Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева в этом году приняли участие в программе по инновационным цифровым технологиям в г. Омск, где акцентировалось внимание на проблемы применения информационных и коммуникационных технологий в обучении, технологии проектного обучения, технологии интерактивного обучения [3].

По вопросам цифровизации проводятся различные совещания, семинары, конференции, круглые столы. На одном из них принял участие Елбасы, который представил свое видение программы «Цифровой Казахстан». Он отметил, что стержнем третьей модернизации, о которой он говорил в своем Послании народу Казахстана, является цифровизация. В связи с этим он подчеркнул важность подготовки высококвалифицированных кадров, это связано с необходимостью пересмотра политики в области образования: «Всем казахстанцам – от школьников до пенсионеров – снова надо сесть за книги и изучать новые технологии. Принцип образования на всю жизнь становится потребностью, нормой» [4].

В целом, мы являемся свидетелями цифровизации всех уровней нашего общества, в том числе и системы образования. За счет использования предметов цифровой эпохи появилось новое *сетевое поколение*, впервые в истории дети более способны, осведомлены и грамотны, чем их родители. Теперь эти дети учатся, играют, общаются, работают и строят общественные взаимоотношения иначе, чем их родители. Они — движущая сила грядущей социальной трансформации» [5]. И мы должны быть готовы к всеобщей киберсоциализации общества.

Литературы

1. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants On The Horizon // MCB University Press. – 2001. – № 5.
2. Игнатова Н.Ю. Образование в цифровую эпоху: монография. – Нижний Тагил: НТИ УрФУ, 2017. – С 45-46.
3. URL: <http://www.enu.kz/info/zhanalyktar/57530> (дата обращения: 07.11.2019).
4. Муканова А. Цифровизация как путь к успеху//Казахстанская правда. – 2017. – 14 сент.
5. Prensky M. Grown up digital: How the Net Generation is Changing the World [Электронный ресурс]. 2008. URL: <http://citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/download?doi=10.1.1.471.3033&rep=rep1&type=pdf>. (дата обращения 07.11.2019).

SCRATCH ПРОГРАММАЛАУ ТІЛІ. ЖАНДАНДЫРЫЛҒАН ГРАФИКА

*Алиева Гулим Сабитхановна
аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі.
Тұрсынова Шамшат
Математика информатика мамандығының 2-курс студенті,
Б.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық қ, Қазақстан.*

Аннотация. В статье раскрываются особенности обучения информатике в условиях внедрения образовательных стандартов нового поколения. Рассматриваются различные аспекты применения среды Scratch в учебном процессе, а именно — как среды программирования, как мультимедийной системы и как сетевого сообщества.

Ключевые слова: программирование, алгоритм, анимация, спрайты, объекты, графика

Annotation. The article studies particularities of learning computer science associated with the implementation of the new generation education standards. We focus on various aspects of Scratch applying in the educational process, which are: Scratch as the educational programming language, Scratch as the multimedia system and Scratch as the online community.

Keywords: programming, algorithm, animation, sprites, objects, graphics

Scratch бастауыш және орта сынып оқушыларына алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін оқыту үшін қолжетімді оқу, визуалды бағдарламалау ортасы ретінде ойластырылған. Бұл бағдарлама 2007 жылы Массачусетс технологиялық институтында Митчелл Резник (Mitchel Резник) басқарған зертханада әзірленді. Scratch бағдарламалау ортасына негіз болған Squeak тілі, Алан Кей (Алан Кэй) атымен байланысты және 70-ші жылдардан жасақталуы басталған Smalltalk объектілі программалау тілінің кросс-платформалық іске асуы болып табылады.

Объектіге бағытталған программалаудың негізі объект болып табылады. Объектілер бір-біріне хабарламалар жіберу арқылы өзара әрекеттеседі. Алынған хабарламаға жауап ретінде объект көмекші бағдарламаны (әдісті) шақырады. Scratch ортасында мұндай объектілер рөлін визуалды — динамикалық объектілер — спрайттар (sprites) атқарады. Бұл графикалық объектілер оқиғаға жауап беретін алгоритмдерді орындаушылар ретінде әрекет етеді. Scratch-ке қатысты «блоктық программалау» туралы айтуға тура келеді, себебі программа (скрипт) түрлі-түсті блоктардан, командалардан құралады, соған орай Лего конструкторымен ұқсастығы да бар.

Оқыту ойындары идеясының өз тарихы бар. Бүгінгі таңда ол «білім берудегі геймификация» тұжырымдамасында көрінісін тауып отыр. Scratch ортасын әзірлеушілер компьютерлік ойындарға тыйым салғаннан гөрі, балалардың өздеріне сол ойындарды құра алатын құралдар көрсетіп, үйреткен дұрыс деп сендіреді. Осы тұрғыда, балалар дайын технологияларды пайдаланып қана қоймай, өздері ойын және оқытуға арналған жобалар жасап, оларды құруға ат салысып, тұтынушылардан өндірушілерге айналады. Бұл жерде компьютер оқу пәні емес, жоба құруға арналған құрал болады. Ал мұндағы өзекті мәселе — компьютердің жеке өзі емес, ол арқылы кез келген оқу пәнін меңгерудегі оқушының барлық қабілеттерін ашуға ықпал ететін, жана білім беру мәдениетін қалыптастыру. Scratch объектілі-бағытталған программалаудың барлық заманауи талаптарына сай, ол балалардың бағдарламалауға қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Scratch жүйесінің артықшылығы әр түрлі: Windows, Linux және Mac OS операциялық жүйелерге арналған нұсқаларының болуы болып табылады. Scratch-те құрылған жобалар форматы — Unicod. Ортаның бұл әмбебаптығы жобаларды еркін бір платформадан екіншісіне аударуға мүмкіндік береді.

Scratch ортасында балалар алгоритмдерді орындаушыларға қандай да бір оқиғаға қалай жауап беруді, өзара іс-әрекет жасауды, олардың орналасуын, қозғалысын, сырт пішінін басқаруды, т.б. «үйретеді» (әрекеттерді бағдарламалайды). Бұл жерде балалар ойын түрінде маңызды алгоритмдік конструкцияларды, математикалық ұғымдарды үйренеді. Scratch жүйесінің интерфейсі жоба әзірлеуге қолайлы, қарапайым болып келген. Бала жарқын түсті командалар блоктарын қолданады, дайын модульдерді оңай көшіру, импорттау мүмкіндігі бар. Бұл ерекшелік Scratch ортасын тез игеруге ықпал етеді.

Сонымен қатар, Scratch ортасы 5-сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін де қолайлы. Балалар өздері сценарий ойлап тауып, кейіпкерлердің суреттерін салып, дыбыспен жұмыс жасай алады.

Кейіпкерлердің әр түрлі іс-әрекеттерін сипаттау кезінде оқушылар бағдарламалаудың негізгі ұғымдары — тармақталу және әр түрлі циклдермен танысады. Объектілер өзара іс-әрекет жасайды, оқиғаға жауап қайтарады, түрін өзгерте алады; жобадағы басқару пернетақтамен де, тышқанмен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Жобаның авторы ретінде оқушы спрайтты Scratch кітапханасынан таңдап алуға, файлдан немесе веб-сайттан жүктеп алуға немесе өз объектісін ойлап тауып оған қоршаған ортаны өз бетінше құрастырып (суретін салып) алуына болады. Мұны істеу үшін Scratch ортасына сурет редакторы кіріктірілген. Жобаға дыбыс блогындағы арнайы командалар арқылы дауыс беруге болады. Бұл жағдайда да дайын дыбыс жазбасын таңдап жүктеуге немесе жаңа аудио-фрагмент ойлап тауып, жазып, өңдеп қондыруға болады. Сондықтан, Scratch ортасын тек бағдарламалау жүйесі ретінде ғана қарау жеткіліксіз. «Медиа ақпараттың» әр түрімен (мәтін, графика, дыбыс, анимация) жұмыс істей білуі Scratch ортасын мультимедиялық жүйе ретінде қабылдатады және оқушылардың бастапқы танысатын сандық технологиясының дидактикалық

негізін құрайды. Scratch жанында интернет-қоғамдастық құрылған: Scratch-тің желілік нұсқасында бірге жұмыс жасай отырып, балалар идеялармен алмасады, білімдеріне тікелей қолданыс табады, өзіне-өзі және өзара оқу (көмек) принциптері жүзеге асады.

Жасалған жобалар әртүрлі сипатта болуы мүмкін: интерактивті мультимедиялық таныстырылымдар (презентациялар), демонстрациялау роликтері, тренажерлық программалар, анимациялық көріністер және т.б. Әдетте, мұндай конструкцияларда сигналдарды беру арқылы спрайттар арасындағы диалогты орнату, әрекетті өңдеуші құрал болып табылатын (спрайтты тышқанмен шерту, пернені басу) «бақылау» және «сенсорлар» блоктарындағы командалар арқылы қолданушы мен программа арасында диалог орнату талап етіледі. Осы кезде скриптердің дәйекті орындалуына немесе бірнеше орындаушының параллель іс-әрекетіне қол жеткізуге болады.

Scratch ортасының онлайн нұсқасындағы ерекшеліктері ретінде кіріктірілген аудио редакторды, графикалық редакторда векторлық графикамен жұмыс жасау мүмкіндігін, сондай-ақ, кейбір блоктарға енген толықтырулар, мысалы, «сенсорлар» блогының видеомен жұмыс жасауға арналған командаларын атап өтуге болады. «Жаңа блок» құрып скриптарға пікір (коментарий) жазу мүмкіншілігі де енген. Scratch-ті пайдаланудың негізгі мақсаты — оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, логикалық ойлауын жетілдіру және ақпараттық технологияларды пайдаланудағы еркіндікке қол жеткізу. Scratch ортасы арқылы, оқушылардың жоба құру жұмыстарын ұйымдастыруға болады. Оқу жобаларын құру жұмыстары оқушыға өзін ақпаратты жаттап кері айтып беруші емес, ізденуші-ғалым ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Осылай компьютерлік технологиялар, соның ішінде медиа құралдар баланың ойлау қабілетін өсіретін, оқушының өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру идеясына негізделген сындарлы білім мәдениетін қалыптастыратын құралға айналады. Бұл жаңа ұрпаққа арналған білім беру стандарттарының құзыреттілік білім беру мақсаттарына сай келеді.

Бұл тәсілдеме оқушыларға пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Әдебиеттер

1. Пейперт С. [Papert S.] Переворот в сознании: Дети, компьютеры и плодотворные идеи: пер. с англ. / под ред. А.В. Беляевой, В.В. Леонаса. – М.: Педагогика, 1989. – 224 с.
2. Шаталова Н.П. Азбука конструктивного обучения: Красноярск: Научно-инновационный центр, 2011. – 204 с.
3. Скретч – тің ресми сайты — <https://scratch.mit.edu>
4. Скретч — тен қолданушы басшылығы — <http://letopisi.org/index.php>

ОҚЫТУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН КӘСІБИ ІС- ӘРЕКЕТТЕРДЕ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК НЕГІЗІ

*Ахатова Жанар Едресовна
аға оқытушы*

НУО Қазақ-Ресей медициналық колледжі

Шонгалова Камар Серикбаевна

ж.ғ.м., аға оқытушы

*БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. Основной священный долг современного учителя - построить богатую, разностороннюю, талантливую личность. Если вы не освоили передовые методы обучения в современном образовании, вы не можете стать компетентным, разносторонним специалистом. Новый метод поможет учителю развивать саморазвитие и более эффективным в организации междисциплинарной профессии.

Ключевые слова. Инновационные технологии, образовательные технологии, простой адаптивный, поиск действий, системное творчество.

Annotation. The main sacred duty of a modern teacher is to build a rich, versatile, talented person. If you have not mastered advanced teaching methods in modern education, you cannot become a competent, versatile specialist. The new method will help the teacher to develop self-development and more effective in organizing an interdisciplinary profession.

Keywords. Innovative technologies, educational technologies, simple adaptive, search for action, systemic creativity.

Бүгінгі мұғалімнің ең басты қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру.

Қазіргі білім саласында оқытудың озық әдістерін меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа әдіс мұғалімнің өзін-өзі дамытып, жан-жақты маман болу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөл мектепке жүктеледі.

Адамзаттың қолы жеткен ең үлкен табыстарының бірі – осы ақпарат. Бірақ оны шектен тыс ашық қолдана берсе, жастар санасын улайтын да нәрсеге айналып кетуі мүмкін.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында оқу үдерісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды кеңінен пайдалану жалпы білім беруді дамытудың басты бағдарының бірі,- делінген [1].

Бүгінгі таңда оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту мұғалім жұмысына жаңа технология енгізумен тығыз байланысты.

Ондағы мақсат:

- жаңашыл технология негізінде шығармашылық қызметінің тәжірибесін қалыптастыру, дамыту;

- жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңаша ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді. Оқытудың және тәрбие берудің жаңаша технологиясын қолдану мұғалімнің ізденісін, шеберлігін шындай түседі.

Білім беру - қоғамда адамды дамыту жағдайын арнайы ұйымдастыратын жүйе. Оқыту - мұғалім мен оқушы арасындағы қатынас арқылы ұрпақтар тәжірибесін беретін және алатын үрдіс.

Сондықтан да оқыту процесін үнемі жетілдіріп отыру заңдылық. Әлемдік процестің бір бөлігі ретінде Қазақстан оқу жүйесі де техникалық өзгерістерден тыс қалып отырған жоқ.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдары қарастырылуда. Өзге ұлт аудиториясында қазақ тілін оқыту әдістері ана тілінде сөйлейтін оқушылар аудиториясынан өзгеше. Ол өзге тіл есебінде жүргізіледі, бірақ бұл арнайы зерттеуді қажет ететін жеке мәселе.

Қазақ тілінің «компьютер мұғалімі» – тек қана техникалық, программалық, дидактикалық, әдістемелік тәсілдердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, ол - солардың жүзеге асырылу жолы да болып табылады. Оқыту процесінің барлық түрі сияқты, компьютерлік оқытудың да барысы мынадай үш негізгі сатыдан тұрады:

- белгілі бір мазмұндағы білім беру;
- қажетті білік, дағдыларды қалыптастыру жолын анықтау;
- ағымдағы немесе қорытынды бақылау жасау.

Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында компьютерді тиімді қолданудың мүмкіндіктері көп екені белгілі. Бұл жерде мұғалімнің рөлі қажет болады. Мұғалім мәтінді лингвистикалық талдау үшін жеңіл сұрақтар беріп, өзі ойланып, іздеп табуға мүмкіндік береді. Компьютер берілген сұрақ жауабына түсініктеме беріп отырады. Сөйтіп әр сөйлемнің өзара сабақтаса байланысы көрсетіледі, грамматика мен ақпаратты игеруге мүмкіндік табады.

Компьютердің көмегімен жүргізілген бақылау жұмыстары оқушының білімін объективті бақылап, материалдың дұрыс өтілгенін немесе дұрыс өтілмегенін талдауға мүмкіндік береді. Білімді бақылау мен бағалауды тест арқылы ұйымдастыру - өте тиімді жолдардың бірі екені белгілі. Компьютермен тест қабылдау барысында қазақ тілінің оқытушылары келесі талаптарға сүйенеді:

- тест қарапайым, нақты, түсінікті тілмен құрастырылуы керек;
- тест бір қатарлы, бір мағыналы болуы тиіс;
- тестіде берілген тапсырма түсінікті, мақсаты айқын болуы тиіс.

Сынақ, емтихандарды компьютермен тест арқылы қабылдау оқушылардың алған білім деңгейін нақты көрсетіп бере алды. Студентке өз бетінше жұмыс жасау, ойлану мүмкіндіктері беріледі. Бұл үрдіс - оқушы немесе студентке де, оқытушыға да уақытты ұтымды пайдалану үшін қажет жолдардың бірі.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр [2]. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді.

Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;
- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету.

Оқыту технологиясы:

- жоғары білім берудегі білімнің, ғылыми жетістіктердің, техниканың белгілі бір аймағында қойылған мақсатқа жету бағытында ұйымдастырылған, жоспарлы күйде тұрақты жүзеге асырылатын білімді, біліктілік және дағдыларды меңгеру үдерісін;
- оқыту, өздігінен білім алу және өзін-өзі бақылау үдерістерін керек етіп, соларды жүзеге асыратын шарттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер, құралдар жиынтығы және т.б. шараларды жүзеге асырады [3].

Демек, оқыту технологиясы – бұл оқу ақпаратын бейнелеу мен өзгертудің, өңдеу мен ұсынудың орталары мен әдістерінің жиыны болса, екінші жағынан – оқыту үрдісіндегі техникалық немесе ақпараттық орталарды пайдаланатын оқытушы мен оқушылардың өзара әрекеттерінің тәсілдері туралы ғылым.

Оқу үдерісіндегі оқыту мен студенттің білікті маман ретінде қалыптасуына қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыруды негізгі бағдар ететін оқытушы мен студенттің өзара байланысты іс-әрекет түрлері оқыту әдістері арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісін оңтайлы ұйымдастыруға бағыттталып, арнайы құрастырылған немесе жасалған материалдық объектілер оқытудың құралдарын анықтайды.

Жоғарыда айтылған ойлардың нәтижесінде біз оқыту технологиясының анықтамасын келесі негізде ұсынамыз. *Оқыту технологиясы дегеніміз* - алдын-ала оқу бағдарламаларында қарастырылған, оқытудың формаларының, әдістері мен орталарының жүйесін бейнелейтін, қойылған мақсатқа мүмкіндігінше ықпалды жетуді қамтамасыз ететін, оқыту мазмұнын іске асыру тәсілі.

Жоғары білім берудің ақпараттық ортасы, олардың ара қатынастары төмендегіше анықталады:

- жоғары білім берудің ақпараттық ортасы;
- жоғары білім берудегі ақпараттық - пәндік орта;

- ғылыми-кәсіби білім беру ортасы;
- жоғары білім берудегі біріктірілген ақпараттық білім беру ортасы;
- жоғары білім берудегі ақпараттық оқыту сайты;
- жоғары білім берудегі біртұтас ақпараттық білім беру кеңістігі .

Педагогикалық ақпараттарды талдау және оны қорыту мұғалімдердің АКТ-ны пайдалану бойынша ақпараттық сауаттылығын, білімділігін және мұғалімнің ақпараттық қабілеттіліктерін жіктеуге мүмкіндік берді.

Осыған орай, педагогтардың АКТ-ны пайдалану іс-әрекетінің *қарапайым-бейімделушілік, іс-әрекеттік-ізденушілік, жүйелік-шығармашылық* деңгейлері анықталады. Әрбір келесі деңгей алдыңғы деңгейді қамтиды және сонымен бірге қызмет тәсілі ретінде АКТ-ны пайдалану дағдылары мен оны қолдану барысының сапалық өзгерістері сипатталады.

Педагогтың АКТ-ны пайдалану қызметіндегі *қарапайым-бейімделушілік* деңгей жас маманға тән, оның мақсаты ақпараттық-компьютерлік технологияға қойылатын талаптарға бейімделу, яғни пернетақтамен, түрлі магниттік тасымалдаушылармен жұмыс жасау деңгейінің жеткіліктілігі, компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін білу және оны қолдану арқылы оқыту үдерісін жеделдету, оқу-тәрбие үдерісін тиімді басқару мақсатында қолданбалы программалық құралдарды пайдалана білу. Бұл деңгей педагогтардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастырумен сипатталады.

Іс-әрекеттік-ізденушілік деңгейі 2-санаттағы педагогтар үшін мультимедиялық электрондық оқу-әдістемелік кешендерін мектеп пәндерін оқытуға қолдану және оны жасаудың технологиясын үйренумен шектеледі, басқаша айтқанда, ақпараттық білімділігін қалыптастырумен өрнектеледі.

Жүйелік-шығармашылық деңгей жоғарғы санаттағы педагогтар үшін пәндерді тереңдетіп оқытуға негізделген электрондық ақпараттық ресурстарды және Интернет-технологиямен жұмыс жасау технологиясын үйрену мәселелерін қамтиды. Бұл деңгей ақпараттық қабілеттілікті дамытумен ерекшеленеді. Егер педагогтардың ақпараттық сауаттылығы, білімділігі мен қабілеттілігі ақпараттық-компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін меңгеру бойынша қалыптасса, онда олардың ақпараттық-компьютерлік құзырлылығы қалыптасады деген тұжырым жасауға болады.

Сонымен, педагогтардың *АКТ-ны пайдалану қызметі* үздіксіз білім беру аясында шығармашылықпен жұмыс жасау қабілетін дамытуға, жеке тұлғаның ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық біліктілігін және қабілеттілігін қалыптастыруға негізделген.

Зерттеу барысында педагогтардың АКТ құралдарын пайдалану қызметі *«ақпараттық сауаттылық», «ақпараттық білімділік», «ақпараттық қабілеттілік», «ақпараттық құзырлылық»* сияқты маңызды санаттардың бірлігі мен сабақтастығына байланысты дамитындығы анықталды.

Бұдан, АКТ құралдарының динамикалық даму өзгерісіне сәйкес білім беру үдерісінде АКТ-ны пайдалану мәселелері бір деңгейден басқа деңгейге көшу барысында қиындықтар келтіреді. Ақпараттық компьютерлік құзырлылықтардың АКТ құралдары бөліктерімен сабақтастығы келесі құзырлылық тәсілдерінің бірін жүзеге асыру негізінде ғана мүмкін болады: *білім, міндет, іс-әрекет* [4].

Сонымен, біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың кәсіби деңгейіне ақпараттық-компьютерлік технологияны қолдануға даярлығын қалыптастырудың жай-күйіне талдау жасау арқылы құзырлылық тұрғыдан біліктілікті арттыруға тоқталайық. Педагогтардың біліктілігін құзырлылық тұрғыдан іске асыруда М.П.Лапчиктің теориясы негізге алынды. Ғалымның ұсынған теориясы біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың ақпараттық-компьютерлік құзырлылығын қалыптастыру компоненттерін ерекшелеп алуға мүмкіндік берді: *ынталық-құндылық, мазмұндық-операциялық, зерттеушілік-рефлексивтік*.

Ынталық-құндылық компоненті педагогтың ақпараттық-коммуникациялық технологияны кәсіби іс-әрекетіне қолдану бойынша өзіндік білімін және біліктілігін арттыруға деген дайындығын қамтамасыз етеді, оның құрамына:

- ақпараттық құзырлылықты қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламасын жасайтын әдіскерлерді;
- ақпараттық құзырлылықты меңгеру бойынша іс-әрекетті ұйымдастырудың жеке тәсілдерін жасайтын әдіскерлерді;
- ақпараттық құзырлылықты қалыптастырудың оқу міндеттерін анықтайтын әдіскерлерді;
- ақпараттық құзырлылықты қалыптастыру мақсатында білім беру үдерісін жүзеге асыратын мұғалімдерді;
- білім беру үдерісін жүзеге асырудың тиімділігін зерттейтін мамандарды жатқызуға болады.

Сұрыптап алынған құрамдық элементтер педагогтың жеке қызығушылығына ықпал етеді.

Мазмұндық-операциялық компоненті педагогтың кәсіби іс-әрекетіне АКТ құралдарын қолдануға бағытталған мазмұнды жасау мен олардың іс-әрекеттерін басқаруды және ақпараттық-компьютерлік құзырлылығын қалыптастыруға түрлі әдістерді қолдануды сипаттайды.

Курстың сапалы нәтижесін алу құзырлылықтың *зерттеушілік-рефлексивтік* компоненті ретінде қалыптасады. Бұл компонент педагогтардың жинақталған тәжірибелерімен және жетістіктері туралы тәжірибелерін бөлісу арқылы кәсіби іс-әрекет пен оның өзіндік дайындығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аталған компоненттің негізгі идеясы АКТ құралдарын оқу-тәрбие үдерісіне қолдануды зерттеушілік бағытта қарастыруға негізделген. АКТ құралдарын дидактикалық және көрнекілік оқыту құралдары ретінде қарастыру қажет. Сонымен бірге қолданбалы программалық құралдарды кәсіби бағытта қолдану мүмкіндіктері де қарастырылады [5].

АКТ құралдарына сәйкес қолданбалы программалық мәселелерін қарастырып, оның оқыту сапасын арттыруға ықпал ететіндігі зерттеу барысында дәлелденді. Бұл компоненттің педагогтың ақпараттық-компьютерлік құзырлылығын қалыптастыруға игі әсер ететіндігі дәлелденіп отыр. Сондықтан бұл компонентті педагогтың ақпараттық-компьютерлік құзырлылығын қалыптастырудың негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Педагог оқу үдерісінде АКТ құралдарын қолдану арқылы жүргізілетін іс-әрекет үлгілерін модельдеу мен оны жобалау түрінде ұйымдастырады. Оқу үдерісін мұндай бағытта ұйымдастыру педагогтардың өзіндік іс-әрекеттерін жүйелі түрде ұйымдастыруға бағытталуы тиіс. Соның негізінде педагогтың білімі, іс-әрекетінің үлгілері мен өзіндік іс-әрекетінің тәсілдері алынады. Олардың кез келген әрекеттерін модельдеу педагогтардың ақпараттық білім беру кеңістігін модельдеуге бағытталады. Педагогтың жобалау іс-әрекеті оқушылардың ақпараттық білім кеңістігін қалыптастыру тәсілдерімен сипатталады.

Әдебиеттер

1. Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 149 б.
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002. – Б. 4-6.
3. Пошаев Д.Қ. Мамандық таңдау негіздері: кестелі оқу құралы. – Шымкент: ОҚМУ, 2007 – 84 б.
4. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М.: Просвещение, 1984. – 208 с.
5. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: Болашаққа интеллектуалдық секіріс. // Егемен Қазақстан. 14-қазан, 2009.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІ

*Ескермесұлы Әлібек
Философия докторы (PhD)
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье приводятся понятия цифрового образования, его основные средства и системообразующие компоненты. Речь идет о развитии цифрового образования в Казахстане, о его применении в сфере образования. Реализация цифрового образования в Аркалыкском государственном педагогическом институте имени И. Алтынсарина отражается на примере образовательной программы «Информатика». Также, рассматриваются перспективные направления развития цифрового образования в ближайшем будущем.

Ключевые слова: цифровое образование, цифровые технологии, цифровые инструменты, цифровые следы, цифровые образовательные ресурсы.

Annotation. This article presents the concepts of digital education, its main means and system-forming components. We are talking about the development of digital education in Kazakhstan, its application in the field of education. Implementation of digital education in Arkalyk State Pedagogical Institute named after Y. Altynsarin is reflected in the example of the educational program “Computer Science”. Also, the perspective directions of development of digital education in the near future are considered.

Key words: digital education, digital technologies, digital tools, digital traces, digital educational resources.

Сандық білім беру деп сандық білім беру ортасында мақсаттан нәтижеге жылжу кезіндегі білім берушілер мен білім алушылар арасында өзара қарым-қатынас орнату процесін айтамыз. Оның негізгі құралдары – сандық форматтағы оқу және кәсіби қызмет нәтижелері болатын сандық технологиялар, сандық құралдар және сандық іздер.

Сандық технологиялар (ағыл. Digital Technology) - үздіксіз спектр түрінде емес, аналогтық деңгейдегі дискретті жолақтармен сигналдарды ұсынуға негізделген технологиялар. Оған дербес компьютер, планшет, мобильдік құрылғылар, интернет, т.б. жатады.

Сандық құралдар деп білім беру процесін басқару, оқу процесін ұйымдастыру, оқу материалын ұсыну, кәсіби іс-әрекеттерді тіркеу, жетістіктерді сандық форматта есепке алуға арналған бағдарламалық өнімдерді атаймыз.

Сандық іздерге білім алушылардың интернет-кеңістіктегі барлық іс-әрекеттері, оның ішінде презентациялар, блогтар, қашықтықтан оқыту жүйесіндегі түрлі форматтағы талқылаулар, бейне-фактілерді жатқызуға болады.

Сандық білім берудің басты жүйе құраушы компоненттері: сандық білім беру ортасы, оқу процесін ұйымдастырудың сандық процестері, білімді тексерудің сандық процестері, оқытуды ұйымдастырудың сандық технологиялары, сандық контент, өзара әрекеттесудің сандық технологиялары, сандық ресурстар [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім саласының әртүрлі деңгейлерінде сандық білім беру үдерісі бастауыш мектептен университетке дейін жүйелі түрде жолға қойылған.

Орта мектепке арналған сандық құралдар ретінде kundelik.kz порталын мысалға келтіруге болады. kundelik.kz порталында мектеп мұғалімдері журналдарын электронды түрде толтырады, ата-аналар балаларының оқу жетістіктерін, сабақ кестесін, күнделікті үй тапсырмасы туралы ақпаратты қарап отырады. Порталға мобильдік құралдар арқылы да қол жетімді.

Орта мектепке арналған сандық білім беру орталары bilimland, opiq.kz, smk.edu.kz, т.б. порталдары мектеп оқушылары, ата-аналар және ұстаздар үшін баға жетпес көмекші құралдарға айналып отыр.

Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында мектептерде үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сандық білім ресурстары қолданылады. Бұл сандық ресурстар online - және offline-режимдерде (6100 - online, шамамен 1000 - offline) қол жетімді, яғни пән мұғалімі дайын бейнематериалды алып, сабақта оқу материалын түсіндіру немесе бекіту үшін оны іске қосады. Платформа үнемі жетілдіріліп, жаңартылып отырады. Ең көп оқитын пәндер қазақ тілінде – математика 1 - ден 4 - ке дейінгі сыныптар, қазақ әдебиеті, химия; орыс тілінде – аудиохрестоматия, орыс әдебиеті, симуляторлар; ағылшын тілінде – mathematics, physics, chemistry.

Жоғары оқу орнында оқитын студенттеріне және өз бетімен білім алуға ниетті оқырмандар үшін сандық білім беру ресурстары сан алуан және олардың саны жыл сайын артып, мазмұнды, сапалы, көп салалы болып келеді. Қазақстанда сандық білім беру ашық ресурстарына Қазақстанның ашық университеті, ұлттық ашық білім беру платформасы, т.б. жатқызуға болады.

Ұлттық ашық білім берудің платформасы сандық білім беру жобасы болып табылады. Ол қашықтықтан оқыту жүйелерінен, телеконференциялар мен вебинарлардан, білім беру курстарынан, онлайн-сабақтарды өткізу кешенінен, объектілі-бағытталған бағдарламалаудан, робототехникадан, 3D-модельдеу мен басып шығарудан, емтихандарды алыстан тапсыру мен қабылдаудан тұратын аппараттық-бағдарламалық кешен болып табылады.

Қашықтықтан оқыту жүйесі meet.mail.kz платформасына негізделген, бұл платформа мысалы, егер мұғалім басқа қалада болса немесе оқушы қандай да бір себептермен сыныпта қатыса алмаса, виртуалды сынып құруға және кез келген пән бойынша сабақ өткізуге мүмкіндік береді. Жүйенің бірегейлігі, бұл оқу-әдістемелік материалды, интерактивті тақтаны, сыныптарды бір уақытта трансляциялауға болады, ал жоғары шешімді интеллектуалды камералар педагогтегі радиомаркерге бағдарлана отырып, оның кеңістіктегі орналасқан жерін қадағалай алады, осылайша оқытушыны назарында әрдайым ұстай алады. Мұндай жүйе бейнеконференциялар, ашық сабақтар өткізуге, сондай-ақ онлайн-емтихандарда прокторинг болуға мүмкіндік береді [2].

Институтымызда сандық білім беру үрдісі заманауи сандық білім берумен бір деңгейде жүргізіліп келеді. Институтта қолданылатын негізгі сандық құралдар – Platonus және Moodle автоматтандырылған ақпараттық жүйелер. Platonus жүйесінде оқытушылар электрондық журнал толтырады, пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерін, тесттерін енгізеді. Студенттер қажетті ПОӘК-не Platonus арқылы қол жеткізе алады. Қашықтықтан оқитын студенттер үшін Moodle жүйесі жұмыс жасайды. Moodle жүйесіне оқылатын пәннің оқу-әдістемелік кешендері, дәрістер, тәжірбелік жұмыс тапсырмалары, видеодәрістер, оқу-әдістемелік құралдары тіркеледі.

Студенттердің сапалы білім алуы үшін және ашық сандық ресурстарға қолжетімді болуы үшін мультимедиялық-аудиториялық кешендер жоғары жылдамдықты интернет желісіне қосылған. Информатика кафедрасына қарасты мультимедиялық-аудиториялық кешендерде жалпы саны 60 дербес компьютерлер бар, олар соңғы үлгідегі оқыту бағдарламаларымен қамтамасыз етілген.

Оқытушылар сабақтарын сапалы жүргізу мақсатында сандық технологиялардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланады: интерактивтік тақталар, видеодәрістер, бағдарламалық қаматама, т.б.

Сонымен қатар ҚР БҒМ министрлігінің қолдауымен заманауи робототехника кабинеті іске қосылды. Студенттер үшін робототехника және STEM білім бойынша сапалы білім алуға зор мүмкіндіктер ашылуда. Бұл кабинетте робототехникалық жабдықтардың үш түрі бар: Fischertechnik, Роботрек және Arduino UNO платформасы.

Келешек информатика мұғалімін даярлау осы робототехникамен тығыз байланысты болады. Қазіргі студенттер келешек жас маман ретінде осы техниканы жақсы меңгеруіне жол ашылып отыр. Робототехникамен жұмыс жасау үшін алдымен математика, физика және информатика негіздерін меңгеру қажет.

Информатиканың жылдам қарқынмен дамуына байланысты пәннің мұғалімдері үнемі ізденісте болуы керек. Ол үшін заманауи ақпараттық

технологиялармен жұмыс істеп қана қоймай, келешекте пайда болатын технологиялардан да хабардар болуы қажет. Информатика мамандығының студенттеріне және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәнін барлық білім мамандықтарының студенттері оқуына байланысты, оларға сапалы білім беру үшін оқытушыларға кәсіби деңгейде үнемі өсу қажет. Осы орайда тың деректерді меңгеруге сандық білім ресурстары көмекке келеді. Сонымен қатар Қазақстанның және шетелдің жетекші мамандарының дәрістерін онлайн тыңдау үшін видеоконференциялар жиі ұйымдастыруды ұсыныс ретінде айтар едім.

Алдағы 10-15 жылда сандық білім беру келесі бағыттар бойынша дамиды [3]:

Иммерсивті технологиялар. Сандық телқосақ (двойник) технологиясы. Виртуалды шындық гарнитуралары, толықтырылған шындық шлемдері, қосымша шындық көзілдірігі — онсыз болашақ мектебінде сабақты елестету мүмкін емес. Егер оқушы өз басымен гладиаторлардың өміріне үңілсе, Ежелгі Римнің тарихы тез есте қалады, Юлий Цезарьмен және Клеопатрамен сөйлеседі. География сабақтарында амур жолбарысын сипауға болады және тіпті мамонтқа "үрейленуге" болады. Биология сабақтарында адам денесінің ішіндегі виртуалды саяхат үйреншікті болады.

Жасанды интеллект. 2017 жылы жасанды интеллект әзірлеушілер терең оқыту технологиясын (deep learning) белсенді енгізді. Машина түрі ретінде, ол компьютерлік көру, сөйлеу мен табиғи тілді тануға түрткі береді. Apple, Google, Amazon, IBM, Facebook, Baidu жас стартаптармен бірге дауыстық көмекшілердің (Google Assistant, Siri, Cortana, Amazon Echo, Google Home және басқалар) басқаруындағы құрылғылар нарығын дүрліктірді.

Қазіргі дауыспен басқаратын «ақылды колонкалардың» орнына Робот-тәлімгерлер келетін уақыт та жақын. Жасанды интеллект үшін қолайлы пішін тандап алынады. Мысалы, Уильям Шекспирдің бейнесіндегі робот ағылшын әдебиетіне, ал Мария Склодовскаяның «бейнесіндегі» әріптесі Кюри – физикаға үйретеді.

«Миллиардтар Университеті». Әлемге әйгілі профессор Парижде өз дәрісін оқиды, ал біздің студентіміз Арқалықта тұрып оны тыңдайды және тіпті сұрақ қояды. Болашақта мұндай оқыту форматы үйреншікті болады. Интернет және басқа да технологиялар білім беруді миллиард адамдар үшін қолжетімді етеді.

Болашақ студент қандай да бір жоба аясында оқып, бірден бірнеше профессорға бекітілуі мүмкін. Тағылымдамадан өту үшін мың шақырымға бару қажет емес. Тәжірибе мен дағдыларды алыстан жасауға болады. Әлемнің жетекші педагогтарының Онлайн-курстары, үздік білім беру бағдарламалары және қашықтықтан оқытудың басқа да түрлері – таңдау орасан зор!

Әдебиеттер

1. Вайндорф-Сысоева М.Е., Субочева М.Л. «Цифровое образование» как системообразующая категория: подходы к определению // Вестник МГОУ. Серия: Педагогика. С. 25-36.
2. Цифровизация в образовании: новые технологии в помощь процессу обучения https://www.inform.kz/ru/cifrovizaciya-v-obrazovanii-novye-tehnologii-v-pomosch-processu-obucheniya_a3477335
3. Образование будущего: от управления судьбой до цифровых двойников. <https://365-invest.com/obrazovanie-budushhego-ot-upravleniya-sudboy-do-tsifrovyyih-dvoynikov/>

СОЛЬФЕДЖИО ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ

Жұмабаева Ғ.А.

*Астана Гуманитарлық колледжінің оқытушысы
Нұр-сұлтан қаласы, Қазақстан*

Аннотация. Бұл мақалада «Сольфеджио» сабақтарында мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарындағы болшақ музыка мұғалімінің белсенді оқыту әдістемесін қолдану. Болашақ музыка мұғалімдерін «Сольфеджио» сабақтарында оқытудың көрнекі-ойын әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану олардың абстрактты ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту жайлы жазылған.

Ключевые слова: Блок, белсенді әдіс-тәсілдер, ырғақ, мажор, минор

Annotation. In this article, we use an active methodology for teaching a music teacher in preschool and secondary education in solfeggio classes. Future music teachers are widely used to demonstrate their methods of visual training in Solfeggio, their abstract thinking, and creative abilities.

Key words: Block, active methods, rhythm, major, minor

«Сольфеджио» сабақтары мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарындағы болшақ музыка мұғалімінің жұмысына қажетті шығармашылық және жалпы кәсіптік біліктіліктерді дамыту мен іс-тәжірибеде меңгеруіне бағытталған арнайы пәндердің бірі.

Жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі педагогика принциптеріне негізделген «Сольфеджио» пәнін оқытудың әдістемесі болашақ музыкант-мұғалімдерді даярлауда олардың музыкалық теориялық білімдерін, сонымен қатар метрлік-ырғақтық, есту-есте сақтау сезімдерін, интонациялық тұрақтылығын дамытатын оқыту міндеттерінен бір жола бас тартпай, оны негізге ала отырып, болашақ музыка мұғалімінің мамандықты меңгеруіндегі құзыреттілігін, оқу үрдісін ұйымдастырудағы оқытудың тиімді, белсенді әдіс-тәсілдерін меңгеруіне бағытталған заманауи оқу үрдісін ұйымдастыру – қазіргі заман талабы болып отыр.

Болашақ музыка мұғалімдерін «Сольфеджио» сабақтарында оқытудың көрнекі-ойын әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану олардың абстрактты ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сабақтың әрбір бөлімінде оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану арқылы студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттырып, білімді өздігінен жинақтай алуы, шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерімен қатар іскерлік, жұптық, топтық шығармашылық ойындар арқылы олардың ұжымдық ойлауы мен көшбасшылық қабілеттерін кеңінен дамытуына мүмкіндіктер туындатуға болады.

Оқу материалдарын жылдарға, семестрге емес, нақты тақырыптарға байланысты топтастырудың маңыздылығы зор. Бұл бізге не береді?

Біріншіден, материалдың бұлай бөлінуі әлдеқайда рационалды болып табылды. Жұмысты тақырыптық блоктар принципімен құру өте қолайлы. Мысалы мақам жүйелерді зерттейтін тақырыптарды бір блокқа топтастыру арқылы мақамжүйелердің жұмыс парақшаларын, практикалық тапсырмаларын, сұрақтары мен ойын әдіс-тәсілдерін барлық курстарда бұрынғы тақырыпты қайталауда да қолдануға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, оқу материалдарын тақырыптар бойынша бөлу білім алу үрдісін икемді, ыңғайлы етеді. Яғни, оқу жоспарының ерекшелігіне байланысты, студенттердің даярлық деңгейіне, олардың белгілі бір жұмыс түрін қабылдау психологиясына ескере отырып белсенді әдіс-тәсілдердің әр сабаққа лайықты жұмыс түрін таңдауға болады:

- Ұсынылатын жұмыстың ойын формаларын әртүрлі тақырыптардың сәйкестігімен жүргізу тақырыптарды қатар игеруіне ықпалын тигізеді. Яғни бұл жерде жаңа тақырып бойынша алынған жұмыс түрі өткен тақырыптан алған білімдерді еске түсіріп, бекітуге мүмкіндік береді;

- Ұсынылған әдістердің нәтиже беруіне байланысты әр сабақтың міндеттерін жаңаша көзқараспен құбылту және оларды шешудің жаңа амалдарын іздеу мақсатында жұмыстың басқа түрлерін ойлап табуға мүмкіндіктер туындайды.

«Сольфеджио» сабақтарында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін барлық тақырыптық блоктар бойынша әртүрлі ойын түрлерінде кеңінен қолдануға болады. Бұл студенттердің тақырыпты меңгеруде шапшаң ойлауын, қойылған міндеттерді шешуде ізденіс көрсетіп, іскерлік қабілеттерін ашуына кеңінен мүмкіндіктер ашады.

Мысалы әрбір тақырыптық блоктар бойынша төмендегідей музыкалық ойындардың нұсқаларын қолдануды ұсынамыз:

(Мұнда тақырыптық блоктар және соларға байланысты оқытудың белсенді әдістері және оларды ұйымд астыру шарттары көрсетілген).

Блок: Ырғақ, метр. **Тақырып:** Ырғақ.

Белсенді әдіс-тәсілдер (ойындар, сұрақтар, ребустар, парақшалар): «Теңдеуді шеш...» немесе «Ырғақтық жаңғырық» ойындары

Блок: Музыка теориясы. **Тақырып:** Мажор және минор.

Белсенді әдіс-тәсілдер (ойындар, сұрақтар, ребустар, парақшалар): «Сазды анықта...»

Орындалу шарты: Бұл ойынды екі топқа бөліп өткізуге болады. Оларға алдын ала А3 парақтары және түрлі-түсті фломастерлер, маркерлер таратылады. Оқытушы топтарға кезекпен білгілі бір әнді немесе музыкалық пьесаны тақырыбымен таныстырып, содан соң орындап береді. Топқа тындатылған шығарманың орындалу сипатына қарай әр топ өзіне берілген шығарамның сазын (мажор, минор) анықтауы керек және оған сипаттама береді: Мажор: салтанатты, кең, көңілді, жарқын, ойнақы және т.б; минор: көңілсіз, баяу, ұяң, жұмсақ және т.б. Келесі кезеңде топтарға осы орындалған шығармаларды сипаттайтындай сурет салу ұсынылады. Студенттер шығарманың тақырыбын ашатындай мазмұндағы суреттерді салып, оларға

сипаттама береді. Суретпен тақырыпты сипаттау студенттердің естуетуімен қатар олардың ассоциативті ойлау қабілеттерін дамытады. Жұмысты орындаудағы әрбір қадам 1 баллмен бағаланады.

Блок: Сүйемелдеу негіздері. **Тақырып:** Сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру.

Белсенді әдіс-тәсілдер (ойындар, сұрақтар, ребустар, парақшалар): *«Мен сүйемелдеушімін»*

Орындалу шарты: Студенттер екі топқа бөлінеді. Оқытушы әр топқа белгілі бір әннің жалаң әуенін ұсынады. Топ мүшелері 5 минут ішінде берілген әуеннің мақам жүйесін анықтап, оны музыкалық сөйлемдер мен фразаларға бөліп, гармониялық құрылымын анықтауы керек. Содан соң оған басты функциялардың аккордтары және олардың айналымдарын қолданып сүйемелдеу партиясын құрастыруы керек. Құрастырылған гармонияны қолданып әр топтан бір сүйемелдеуші шығып, әнді сүйемелдейді, ал топ оны орындайды. Жұмысты орындаудағы әрбір қадам 1 баллмен бағаланады.

Заман талабына сай «Сольфеджио» пәнін оқытудың жаңартылған мазмұнын құрастыруда оқытушының өз пәніне деген шығармашылық көзқарасы, ізденісі және әр сабақты маңызды, білімдік құндылығы тұрғысынан тиімді етіп ұйымдастыруы - жаңа форматтағы оқыту әдіс-тәсілдерін меңгерген болашақ музыка мұғалімдерін даярлауда өзінің оң нәтижесін берері анық.

Әдебиеттер

1. Белян Л. Забавное Сольфеджио. - М.: Композитор, 1992 Другое издание (1982)
2. Абрамовская-Королёва В., Вакурова Н., Морева Ю. Сольфеджио. Мелодии из оперетт, мюзиклов и рок-опер, часть 2 - модуляция. - М.: Музыка, 2001
3. Аерова Ф.І. Практичні поради з методики викладання сольфеджіо. Видання друге. – Київ: Музична Україна, 1974.
4. Барабошкина А. Сольфеджио для 1-го класса ДМШ. Методическое пособие. – М., 1972
5. Блюм Д. Гармоническое сольфеджио

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕ ЖОО КОМПОНЕНТІНІҢ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ТЕГІН ГРАФИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Илубаев Медет Асхатович

Информатика кафедрасының оқытушысы

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Оспанов Амангельді Канатович

М.Әуезов атындағы жалпы білім беретін №5 орта мектебі

Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В статье рассматривается вопрос возможности использования бесплатных графических редакторов в преподавании дисциплин предметной подготовки будущих учителей информатики

Ключевые слова: компьютерная графика, графические редакторы, программное обеспечение, преподавания информатики.

Annotation. The article considers the possibility of using free graphic editors in teaching disciplines of subject training of future teachers of Informatics

Keywords: computer graphics, graphic editors, software, computer science teaching.

Компьютерлік графиканы оқыту - компьютерді практикалық қолдану бағыттарының, болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызды құрамдас бөліктердің бірі.

Компьютерлік графиканы меңгеру екі құрамдас бөліктен тұрады: компьютерлік графикалық пакеттердің әр түрін қолдана отырып, кескіндер немесе модельдер жасау құралдары мен дағдыларын игеру, сондай-ақ практикалық мақсаттағы оқу жобаларын құру үшін шығармашылық тәсілді қолдану. Мұнда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім алушының креативті, шығармашылық қызметін дамыту, оқытудың осы процесін бақылау және диагностикалау сияқты мәселе туындайды.

Компьютерлік графиканы оқыту әдістемесі деп "компьютерлік графика" (қағидаттар кешені, мазмұны, әдістері, құралдары мен формалары) саласындағы пәндерді оқыту процесін ұйымдастыруды түсінеміз. [1]

Болашақ информатика мұғалімін кәсіби дайындау аясында, компьютерлік графика саласында арнайы құзыреттілікті қалыптастыру маңызды рөл атқарады.

Бағдарламалық қамтамасыз етуді заңды түрде пайдалану қажеттілігіне байланысты тегін бағдарламалық қамтамасыз етуге көшу туралы мәселе өзекті болып отыр. 3D графикамен жұмыс жасайтын кең танымал, көпфункционалды 3D Studio Max редакторының аналогы Blender және Unity сияқты бағдарламалар. Бұл редакторларды тек «Компьютерлік графика» пәнінде ғана емес, сонымен қатар «Оқу тәжірибесінде», «Компьютерлік модельдеу» пәнінде қолдануға болады. Үш өлшемді Blender редакторы көп функциялы мүмкіндерге ие, ал Unity редакторы негізінен ойын қолданбаларын құру үшін қолданылады.

Егер білім беру мақсаты ретінде - тұлғаның үйлесімді дамуы мен адамның шығармашылық қабілеттерін түсінетін болсақ, онда бұл редакторлардың толық мүмкіндіктерін, мақсатты міндеттер әдісін қолдану кезінде барынша ашылады. Оның мәні С. И. Шохор-Троцкийдің жаңа ұғымдар мен қасиеттердің ең маңызды белгілері айқын болатын, мысалдар мен міндеттерді таңдау қажеттігі ретінде түсіндірмесінде түсініледі.

Бұл мысалдар мен міндеттер білім алушыны оқылатын байланыстырды, заңдылықтарды неғұрлым тиімді жолмен анықтауға жетелеуі тиіс. Осыған байланысты пәндік дайындау аясында, оқытудың модульдік тәсілін қолдану ұйғарылып отыр, өйткені, тәсіл компьютерлік графика саласында, болашақ информатика мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру үшін зертханалық жұмыстар жүйесін бөлуге және толық жүйелендіруге мүмкіндік береді. Материалдың барлық мазмұны үш модульге бөлінеді:

- модуль 1 базалық құзыреттілікті дамытуға және екі өлшемді растрлық, векторлық графикалық редакторларда (Gimp, Inkscape) жұмыс істеу дағдылары мен біліктерін дамытуға бағытталған;

- модуль 2 арнайы құзыреттілікті дамытуға және екі өлшемді растрлық, векторлық графикалық редакторларда (Gimp, Inkscape), үш өлшемді графика редакторында (Blender) жұмыс істеу дағдыларын тереңдетуге, сондай-ақ OpenGL ашық графикалық кітапханасын пайдалана отырып, графиканы бағдарламалауға бағытталған.

- модуль 3 арнайы құзыреттілікті дамытуға және креативті қабілеттерін дамытуға бағытталған; екі өлшемді, үш өлшемді және графикалық бағдарламалау бойынша шығармашылық тапсырмаларды қамтиды.

Қойылған міндетті іске асыру үшін: бірінші модульді оқыған кезде – репродуктивті қызмет; екінші модуль - арнайы танымдық проблемаларды алға тарта отырып, берілген пәндік тақырып материалы бойынша білім алушылардың игеруіне бағытталған, проблемалық-оқыту; үшінші модуль - таңдалған міндеттер әдісі, сондай-ақ, мақсаты белгілі тарихи және мәдени аналогтармен салыстырғанда, болашақтың құрылысына бағытталған «жеке тәжірибе мен өнім құру» болып табылатын эвристикалық оқыту орынды. [2];

Әдебиеттер

1. Чернякова Т. В. Методика обучения компьютерной графике студентов вуза: автореф. дис. ... канд. пед. наук – Екатеринбург, 2010 – 27 б.
2. Хуторской А.В. Современная дидактика: учебник для вузов. – СПб: Питер, 2001. – 544 б.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ АКТ ҚҰЗІРЕТТІЛІК

*Ғылыми жетекші: Илубаев Медет Асхатович
Информатика кафедрасының оқытушысы
Оңдағанова Айкөркем Жасұланқызы И-31 тобы студенті
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан.*

Аннотация: Профессиональная компетентность каждого педагога в сфере информационных технологий является актуальной в педагогической теории и в практике образования.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, образование, современное образование,

Abstract: Professional competence of modern teachers in the field of information technology is relevant in the pedagogical theory and practice of education.

Keyword: information and communication technologies, education, modern education,

Білім беруді модернизациялау тұжырымдамасы білім сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде ақпараттық құзіреттілікті қалыптастыру қажеттілігіне назар аударады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы құзіреттілік білім берудің басым мақсаттарының бірі болып табылады. Оның қалыптасу мүмкіндігі студенттердің ақпараттық компьютерлік ортадағы белсенділігіне тікелей байланысты. Оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану қазіргі заманғы кәсіптік білім берудің өзекті мәселесі болып табылады. Ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану мұғалімге өз пәнін оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады. АКТ-ны қолдана отырып кез-келген пәнді оқу оқушыларға сабақтың элементтерін көрсетуге және сабаққа белсенді түрде қатысуға мүмкіндік береді, бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын дамытуға ықпал етеді. Оқу үрдісіне АКТ енгізу сабақтың тиімділігін арттыруға, мұғалімді күнделікті жұмыстан босатуға, материалды ұсынудың тартымдылығын арттыруға, тапсырмалардың түрлерін ажыратуға, кері байланыс формаларын әртараптандыруға бағытталған. Бүгінгі таңда кез-келген оқытылатын пәндердің мұғалімі АКТ-ны қолдана отырып, сабақты дайындап, өткізуі керек, өйткені мұғалімнің сабақты одан әрі қызықты өткізуге мүмкіндігі бар. Оқу процесінде АКТ-ны қолдану – оқушылар ынтасын арттырудың бір әдісі. АКТ тек оқушының ғана емес, сонымен бірге мұғалімнің де жеке басының дамуына ықпал етеді, адамның негізгі қажеттіліктерін - қарым-қатынас, білім, өзін-өзі іске асыруда көмектеседі.

Ақпараттық технологияларды қолдану -бұл ешқандай сән емес, керісінше қажеттілік, қазіргі таңдағы білім берудің жоғарғы сатысына өтудегі қажеттілік болып табылады.

Сабақтарда АКТ-ны қолдану арқылы сіз:

- оқушылардың оқу әрекеттерін мағыналы етуге;
- білім алушылар үшін оқу процесін тартымды және заманауи етуге;

- визуалды суреттерді тарта отырып, білім беру туралы ақпаратты қызықты етуге;

- білім сапасын, оқуға деген құштарлығын арттыруға;
- сабақты көрнекі, динамикалық етуге мүмкіндік тудыра аласыз.

Оқытудың ең тиімді әдісі - бұл көрнекілік көрсету және зерттелген материалды ретімен түсіндіру. Мультимедиялық презентациялармен, онлайн тестілермен және бағдарламалық өнімдермен бірге жүретін классикалық және кіріктірілген сабақтар оқушыларға бұрын алған білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді, өйткені ағылшын мақалында: «Мен естідім - ұмыттым, көрдім - есте сақтадым» - делінген. Яғни оқушылар естігендерің емес көргендерің көбірек есте сақтай алады. Сондықтан слайдтарда анимацияны қолдану арқылы мұғалім оқушыларға сабақта естігендері туралы неғұрлым айқын көрініс беруге мүмкіндік береді.

Білім беруде АКТ-ны пайдалану білім алушыларды одан әрі оқытуға даярлаудың сапалы жаңа нысандары мен әдістерін жасау үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Сабақты дайындау және өткізу кезінде оқытушыға Microsoft Office пакеті үлкен көмек көрсетеді, оған Word мәтіндік процессорынан басқа Microsoft PowerPoint электронды презентациялары да кіреді. Электронды презентациялар оқытушыға ең төменгі дайындық кезінде және аз уақыт шығынында сабаққа көрнекілікті дайындауға мүмкіндік береді. PowerPoint арқылы жасалған сабақтар ақпаратты тиімді және қызықты етеді.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларына және студенттерге арналған «bilimland.kz» білім платформасы кең қолданылады. Платформа түрлі пәндер бойынша виртуалды зертхана, аудиохрестоматия т.б. интерактивті тапсырма типтерін ұсынады.

Сабақ барысында компьютер оқушылардың танымдық әрекетін белсенді ету үшін қолданылады. Әр түрлі иллюстрациялық материал, мультимедиялық модельдер оқыту процесін сапалы жаңа деңгейге көтереді: қазіргі заманғы білім алушыға (жасөспірімге) ақпаратты ескірген схемалар мен кестелердің көмегімен қарағанда, нақ осындай нысанда неғұрлым қызықтырақ болып табылады.

АКТ көмегімен бүгінгі таңда білім алушылардың біліміне бақылау жүргізу мүмкін болды. Білімді бақылаудың стандартты емес формаларын пайдалану-оқу процесіне оң көзқарасын қалыптастыру және оқыту сапасын арттыру тәсілдерінің бірі. MainTest бағдарламасын қолдану оқытушының өзіне құруға болатын тест қолданумен ерекше түрде білім алушылардың білімін бақылауды жүргізуге мүмкіндік береді. Тестілерді қолдану оқытушының уақытын үнемдеуге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың өз білімін, мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Тесттер-әр жағдайда бір дұрыс таңдау үшін бірнеше сұрақтардан және оларға бірнеше жауап нұсқаларынан тұратын тапсырмалар.

Олардың көмегімен:

- зерттелген материалдың үлкен көлемін шағын бөліктермен тексеруге;
- оқушылардың үлкен көлемдегі оқу материалын меңгеруін тез диагностикалауға болады.

Компьютерлік тестілеуді қолдану оқу процесінің тиімділігін арттырады, білім алушылардың танымдық қызметін белсендіреді, оқытушының оқушымен тез кері байланысуына мүмкіндік береді. Тест орындалғаннан кейін әрбір білім алушының баға алуы маңызды артықшылық болып табылады, бұл бір жағынан білім алушылардың өздеріндегі нәтижелердің объективтілігіне күмән тудырмайды, ал екінші жағынан, оқытушының бақылау жұмыстарын тексерудегі уақытын едәуір үнемдейді.

И.Ю. Могилин сабақ тақырыбы "Фотошоптағы жұмыс", әрбір сабақты оқытушы презентацияларды қолдана отырып өткізеді немесе интерактивті тақтаны қолдана отырып, іс-әрекеттердің орындалу реттілігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта білім беруді ақпараттандыру үдерісін дамытуда келесі үрдістер байқалады:

- 1) өмір бойы жеке тұлғаны тұрақты дамытуға бағытталған қызметтің әмбебап нысаны ретінде үздіксіз білім беру жүйесін қалыптастыру;
- 2) бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігін құру;
- 3) ақпараттық технологияларды пайдалануға бағытталған оқитудың жаңа құралдары мен әдістерін белсенді енгізу;
- 4) дәстүрлі және компьютерлік білім беру әдістері мен құралдарын синтездеу;
- 5) озық білім беру жүйесін құру.

Оқытушы қызметінің мазмұны да өзгереді; оқытушы білімнің жай ғана "репродукторы" болуын тоқтатады, оқитудың жаңа технологиясының әзірлеушісі болады, бұл бір жағынан оның шығармашылық белсенділігін арттырады, ал екінші жағынан - технологиялық және әдістемелік даярлықтың жоғары деңгейін талап етеді. Педагог қызметінің жаңа бағыты - оқитудың ақпараттық технологияларын және бағдарламалық-әдістемелік оқу кешендерін құру.

Болашақта белгіленген бағыттарда жұмысты жалғастыру, атап айтқанда, әртүрлі пәндерді оқитуда және сыныптан тыс қызметте АКТ-ны қолдану әдістемесін жетілдіру. Ең бастысы, осының бәрі басты мақсатқа - оның фундаменттілігін сақтау және жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес болу негізінде білім берудің қазіргі заманғы сапасын қамтамасыз ету. қазіргі жаңартылған оқу жүйесінде АКТ-ны пайдалану оқытушылар мен білім алушыларына уақыт өте келе аяққа тұруға мүмкіндік береді. Әсіресе бұл білім алушылар үшін маңызды, өйткені компьютерді білу, түрлі бағдарламаларды пайдалану, өз жұмысының нәтижесін рәсімдеу және ұсыну қабілеті оларға болашақ кәсіби қызметте пайдалы болады, сауатты маман болуға көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Ахметшина Г. Х. оқу-тәрбие үрдісінде АКТ қолдану.
2. Лямзин Д. В. оқу үрдісінде АКТ қолдану
3. Бабич И. Н. Новые образовательные технологии век информации/ "Білім берудегі жаңа технологияларды қолдану" XIV Халықаралық конференция материалдары. - Троицк: "Бәйтик" білім берудегі жаңа технологиялар қоры. – 2003. – С.
4. <https://bilimainasy.kz//>Ақпараттық құзіреттіліктің маңызы//
5. <https://adisteme.kz//>Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі//

БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ КУРСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Калиманова Данагул Жаскайратовна
б.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье рассматривается методика использования электронных учебников в курсе неорганической химии. В период информации проведение занятий по химии с использованием электронных учебников повышает интерес учащихся к предмету. Учитель и ученик экономят время, повышают качество урока.

Ключевые слова: химия, электронный учебник, тест, метод обучения, информация.

Annotation. This article discusses the method of using electronic textbooks in the course of inorganic chemistry. During the information period, conducting classes in chemistry using electronic textbooks increases students' interest in the subject. Teacher and student save time, improve the quality of the lesson.

Keyword: chemistry, electronic textbook, test, teaching method, information.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) құралдары - жергілікті және ғаламдық деңгейде пайдаланушылар арасындағы ақпараттық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін заманауи байланыс құралдарының барлық түрі, бағдарлама пакеттері, мультимедиа, электрондық оқулықтар, жасанды интеллект жүйелері және т.б. болып табылады.

Электрондық оқыту құралдары оқу үрдісі мен жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың бірлігін қамтамасыз ету үшін жасақталған және пән маманы осы құралдарды білім беруде қолданудың нәтижесіне тек оқытудың заманауи әдістері мен түрлерін қолданумен шектелмеген кезде ғана қол жеткізуіне болады [1, 13].

Бейорганикалық химия орта мектепте пән ретінде алғашқы орындардың бірін алады. Химияны оқыту дамытушылық сипатқа ие, ал оқушылардың дамуы - үздіксіз және көп жақты процесс болып табылады. Ол оқушылардың білімін, олардың дағдыларын, ойлау қабілетін, танымдық қызығушылықты, тәуелсіздікті, шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтиды. Оқудың кез-келген мазмұны оқыту үдерісіне әдістен тыс енгізілмейтіні белгілі. Сондықтан, мұғалімнің басты міндеті - оқушыларға білім беру, тәрбиелеу және дамытуды қамтамасыз ету үшін оқыту әдістерін оңтайлы таңдау.

Оқыту әдісі – мұғалім мен ол басқаратын оқушылардың мақсатты бағдарланған бірлескен іс-әрекетінің түрі (тәсілі).

Химияны оқыту әдістерінің ерекшелігі, ең алдымен, химияның эксперименталды - теориялық ғылым ретіндегі мазмұны мен әдістерінің ерекшелігінде, екіншіден оқушылардың танымдық іс-әрекетінің әртүрлілігінде, сондай-ақ «бейнелердің қос қатарындай» ойлау, заттардың нақты білінетін қасиеттері мен өзгерістерін теориялық, модельдік түсініктер арқылы, көзге көрінбейтін микроәлемдегі күйлері мен өзгерістері арқылы түсіндіру қажеттілігінде [2, 26].

Оқыту әдістері өте көп және олардың көптүрлілігі жыл сайын арта түсуде, өйткені оқытуды жетілдірудің үздіксіз үдерісі жүруде, оқытудың жаңа құралдары құрылуда, оқушылардың даму деңгейі артуда.

Оқыту әдістерінің химияға неғұрлым жақынырақ және ыңғайлы жүйесі төмендегі белгілеріне байланысты:

Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің сипаты (жалпы әдістер)

- Түсіндірмелі – иллюстративті

- Эвристикалық

- Зерттеушілік

Білім көзінің түрі (жеке әдістер):

- Сөздік

- Сөздік – көрнекі

- Сөздік - көрнекі - практикалық

Дидактикалық мақсат бойынша:

- Жаңа материал түсіндіру

- Оқушылардың білімі мен білігін бекіту және жетілдіру

- Оқушылардың білімі мен білігін тексеру

Химияның оқыту әдістері – күрделі категория; олар арқылы химиялық мазмұн мен оны оқушылардың меңгеру үдерісі арасындағы байланыс іске асады. Оқыту әдістерінің құрылымы да күрделі, оның негізінде сабақ беру және білім беру, тәрбиелеу мен дамыту функциясын жүзеге асыруға бағытталған оқытудың бірлігі жатыр [3, 125].

Білім беру саласында "электрондық оқулықтарды" пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электрондық оқулықтарды қолдану тәжірибесі оқушылардың берілген материалды сапалы түрде меңгеретінін көрсетеді. Бұған тестілеу қорытындылары куә. Олай болса ақпараттық технологияның дамуы білім беруде жаңа әдістер мен әдістемелерді ойлап табуға және сол арқылы оның сапасын арттыруға толық мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиалық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін - өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін - өзі тексеру жүйесі оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланысын алмастырады да, оларды ауылдық жерлерде, мұғалім жетіспейтін жерлерде көбіне қажет етеді.

Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Электрондық оқулықтың нәтижелік-бақылау компоненті тест алу жолымен жүргізіледі. Электрондық оқулықта бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары беріледі. Тест соңында оқушы өзі қате жіберген сұрақтарды тексеріп көре алады, әрбір тесттен соң сұрақтардың реттік орны ауыстырылып отырады.

Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір мұғалім өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады. Сол себепті электрондық оқулықтарды әзірлеп, оны дамытудағы ұсыныстар мен пікірлер арқылы тиімділігін бірте-бірте арттыратынын көрсетеді [4, 32].

Қазіргі кезде білім процесінің әртүрлі тұлғалары арасында қашықтықтан мәлімет алмасу ісі мүмкін болып, олар бір-бірімен ашық түрде компьютерлер көмегімен өз пәндері айналасында пікірлесе алатын болды. Мысалы, мұғалімдер – мұғалімдермен, мұғалімдер – ғалымдармен, мұғалімдер – оқушылармен, мұғалімдер – ата-аналармен, мұғалімдер – оқулық жазушыларымен және т. б.

Электрондық оқулықты қолдану арқылы сабақ құрылымын анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулар алуға мүмкіндік береді:

Электрондық оқулықты жаңа материалды меңгеруде және оны бекітуде қолдануға болады (10 - 15 минут). Оқушылар әр компьютерге жұп болып отырып, құрылымдық формулалармен, параграфтың құрылымдық бірліктерімен мұғалім басшылығымен жұмыс істейді, бұл жұптық жұмысты да жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оқулықтың электрондық моделі тақырыпты бекітуде қолданылады. Алдымен жаңа сабақ түсіндіріледі, содан соң 5-7 минут мұғалім басшылығымен алынған білімдерді кітаптағы формуламен сәйкестендіреді.

Аралас сабақтарда электрондық оқулықтар арқылы өтілген материалды қайталау және жалпылау жүзеге асырылады (15-17 минут). Бұл тәсіл бөлім /ортақ тақырыптар бойынша (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізуде, яғни бірнеше бөлімнің мазмұнын “шолып” шығу қажет болғанда, түсініктердің мәнін ашуда, маңызды фактілер мен оқиғаларды қайталауда тиімді. Мұндай деңгейлік тапсырмаларда оқушылар алдымен мұғалім басшылығымен, содан соң жұппен, соңында жеке (кезек-кезек) жұмыс орындау мүмкіндігін алады.

Кейбір сабақтар оқушылардың өздігінен дайындалуына арналған болуы мүмкін. Мұндай жұмыс 3-4 адамнан тұратын шағын топтарда жүзеге асады. Сабақ соңында оқушылар электрондық формуланы өз жауаптарымен салыстырады. Осылайша, оқушыларды төменгі сыныптан бастап, зерттеу жұмыстарына баулуға болады.

Мұғалім, өз кезегінде, алынған ақпараттар негізінде, оқу үдерісін басқаруға мүмкіндігі бар. Сыныптың тақырып бойынша нәтижелері мұғалімге оқудың барынша жоғары деңгейіне жету үшін қандай да бір тақырыптың қайталануын ұйымдастыру қажеттігін көруге мүмкіндік береді. Кейбір тақырыптар бойынша жекелеген оқушылардың нәтижелерін ескере отырып, әрбір жеке оқушы туралы қорытынды жасауға болады және жеке жұмыс бойынша тиісті әдістемелік шешімдер қабылдауға болады.

Әдебиеттер

1. Мультимедийные средства в обучении // Школьные технологии – 2004 - №5.
2. Нұғыманов И. Химияны оқыту әдістемесі // Алматы:Print- S 2005.
3. Усманова М.Б., Сақариянова Қ.Н., Сахариева Б.Н. Химия, 8-сынып оқулығы, Алматы «Атамұра», 2018 ж.- 224 бет.
4. Использование информационных технологий на уроках химии Щелканова Г.В. //Химия. Методика преподавания. – 2004 - №.8.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Карашинов Каскырбай Серикбаевич
Информатика пәні мұғалімі
Ш.Уәлиханов атындағы №1
жалпы орта білім беретін мектебі
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. Информатика-сфера науки, которая сегодня используется во всех сферах и развивается с каждым днем. Для того, чтобы растущие дети могли систематизировать полученную информацию, изменены школьные учебные программы, направленные на развитие функциональной грамотности. Такая система обучения применяется в большинстве развитых стран. Наряду с углублением знаний, развитием навыков учащихся по информатике, необходимо повышать интерес учащихся к предмету, повысить их интерес к предмету.

Ключевые слова: информатика, технология, учебник, информационная среда

Annotation. Computer science is a sphere of science that is used in all spheres today and is developing every day. In order for growing children to systematize the information received, school curricula aimed at the development of functional literacy have been changed. This training system is used in most developed countries. Along with the deepening of knowledge, the development of students' skills in computer science, it is necessary to increase students' interest in the subject, increase their interest in the subject.

Keywords: Informatics, technology, textbook, information environment

Информатика – бүгінгі таңда барлық салаларда пайдаланылатын және күн санап дамып келе жатқан ғылым саласы. Заманауи ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуына жаһандық телефония, Интернет желісіне қол жеткізудің спутниктік жүйелері, тікелей сандық теле және радиохабар тарату, шұғыл корпоративтік және кең жолақты байланыс, навигация жәрдемдесіп отырғаны жасырын емес. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық -коммуникативтік технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім

берудегі ақпараттық – коммуникативтік технологиялар» ұғымы «оқытудың жаңа инновациялық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б. тіркестермен тығыз байланысты.

Инновациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Жедел дамып отырған ғылыми –техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады.

Еліміздің білім беру жүйесінің дамуы – жаңа ақпараттық технологиялар мен компьютерлердің қолданылу деңгейіне, шығармашыл білімнің қалыптастырылатындығына, оның әлеуеттік мүмкіндігінің күшеюіне байланысты, білім беру жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықтау қажет. Қазіргі кезде ақпараттың қарқындап өсуі мен техниканың соңғы жетістіктері, информатика ғылымның үздіксіз дамуы мен оның жаңа салаларының пайда болуы информатиканың мазмұнын үнемі жетілдіріп отыруды қажет етеді. Соған сәйкес информатиканы оқыту әдістемесі де үнемі өзгеріп отырады. Мұнда оқытудың жаңа технологиялары мен әдістері, озат педагогикалық іс-тәжірибелерді сабақта тиімді қолдана білу тәсілдері қарастырылады және ол үнемі жанару, жетілдіру жағдайында жүзеге асырылады. Информатика пәнін оқыту әдістемелік пән ретінде жетекші орынға ие.

Өсіп келе жатқан балалардың алған ақпаратты жүйелей алуы үшін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында мектептегі оқу бағдарламалары өзгертілді. Мұндай оқу жүйесі дамыған елдердің басым көпшілігінде қолданылады. Жаңартылған білім мазмұнын енгізу елімізде Назарбаев зияткерлік мектептерінен бастау алды.

5-11 сыныптарда информатика оқулығы 5 бөлімге бөлініп оқытылады. Әр бөлім алдыңғы сыныптағы өткен курстың жалғасы болып табылады.

Оқулықта әрбір параграфтан кейін жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеруге бағытталған 6 кадамдық тапсырмалар берілген. «**Білу**» және «**Түсіну**» тапсырмалары ең қажетті ақпараттар мен олардың себеп-салдарын білуге арналған. «**Талдау**» тапсырмаларын орындай отырып, тақырыптың басты идеясын тұжырымдау қажет. «**Жинақтау**» қадамында тақырыптағы ақпаратты жинақтап, кесте, постер, т.б. ретінде құрастыру міндеттері ұсынылады. Тапсырмаларды орындай отырып, оқушы өз бетімен жұмыс жасауға ұмтылады. «**Қолдану**» тапсырмалары теориялық алған білімдерін практикамен байланыстырып, АКТ-ны пайдаланып, жұмыс жасауға бейімдейді. «**Бағалау**» тапсырмаларын орындау арқылы игерген ақпараттарына сәйкесті өз білімдерін көрсетеді. Бөлім соңында оқушылардың алған білімдерін бекіту мақсатында бөлім бойынша жиынтық бағалау өткізіледі.

5,7-сыныптарда «Информатика» пәнін оқыту кезінде үштілділік саясатына ерекше көңіл бөлінуде. Пән үшін айрықша болып танылатын оқушылардың академиялық тілін дамыту ұсынылады. Бұл процесс әрбір сабақ үшін оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолдарын анықтауды қамтиды. Күнделікті сабақта тақырып бойынша терминдік сөздер үш тілде қолданылады.

Жаңартылған бағдарлама аясында оқушылармен жан-жақты жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың оқыту үрдісінде тапсырмаларға дескрипторлар құру мен өзін-өзі бағалау, өзара бағалау дағдыларын жолға қойылған. Оқушылар қазіргі таңда дескриптор құруға дағдыланды, жұптық бағалау мен өзін-өзі бағалауды жүзеге асырылды. Үлгерімі төмен оқушылардың өзі өзара бағалау мен кері байланыс жасау үрдісіне қатысып, өз пікірлерін ортаға салып отыр.

Бүгінгі күні оқу, өндіріс, ауыл шаруашылығы, ғылыми- зерттеу жұмыстары, медицина, тағы басқа адам қызметінің барлық салаларына информациялық технология, интернет жүйесі бірқатар өзгерістер енгізуде. Бұл жағдайлар болашақ информатика мұғаліміне пәнді оқытудың жалпы заңдылықтарын, мақсаты мен мазмұнын, оқытудың әдістерін терең меңгеріп, оны сабаққа тиімді қолдана білу міндетін жүктейді. Информатиканы оқыту әдістемесі курсы информатика пәнін оқытудың мазмұны, мақсаты, әдісі, құралдары мен ұйымдастыру түрлерін зерттейтін бір жүйе ретінде қарастырылады. Информатика пәнінің білім беру жүйесіндегі орны ақпараттық орта мен қоғам мүшелерінің жаңа информациялық технологияларды кең қолдануға байланысты маңызды болып есептеледі және оның мазмұны үнемі жаңарып отырады. Оқушы білімінің қалыптасуы қашанда мұғалімнің сабақты ұйымдастыра білуіне, жаңа материалды жүйелі түрде баяндауда әртүрлі әдістерді қолдана отыра жеткізуіне байланысты.

Информатика пәнінен оқушылардың білімін тереңдетіп, дағдыларын дамытумен қатар, нашар үлгеретін оқушылардың ынта-ықыласын көтеріп, олардың бұл пәнге деген қызығушылығын арттыруымыз керек. Бұл міндетті нәтижелі шешудің бір жолы – информатикадан топтан тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра білу. Информатиканы оқыту әдістемесі ең алдымен ғылым мен техниканың дамуына тікелей байланысты.

Информатика – компьютер арқылы информацияны жинау, сақтау, түрлендіру, тасымалдау және оны пайдалану заңдылықтары мен тәсілдерін зерттейтін жаңа ғылыми пән. Информатиканы оқытудың маңыздылығы бұл ғылымның тек компьютерді пайдалану мүмкіндіктері мен олардың жұмыс істеу принциптерін түсіндіріп қана қоймай, қоғамдық өмірде және адамдар арасында информацияны кеңінен қолдану заңдары мен тәсілдері туралы мәліметтер беретіні болып табылады.

Әдебиеттер

1. Г.А.Көпеева, Ү.М.Ділманова Информатика 5. – Астана: «Арман-ПВ», 2017.
2. Г.И.Салғараева, А.А.Бекежанова Информатика 8. – Астана: «Арман-ПВ», 2018.
3. Г.И.Салғараева, Г.Б.Илиясова, А.С.Маханова Информатика 6. – Астана: «Арман-ПВ», 2018.
4. С.Т.Мұхамбетжанова, А.С.Тен, Д.Н.Исабаева, В.В.Сербин Информатика 7. – Алматы: Атамұра, 2017

САНДЫҚ БІЛІМ: ТҮРЛЕРІ. ЕРЕКШЕЛІГІ. ДАМУ ҮДЕРІСІ

*Кенжеғалиева Сауле Кансултановна
Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін
мектебінің физика пәнінің мұғалімі. ҚР оқу ісінің үздігі,
әдіскер, Д.А.Қонаев орденінің. "Алтын адам" төсбелгісінің иегері
Арқалық қаласы*

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы цифрового знания области физики и использования инновационных технологий и знаний в современных образовательных программах для повышения интереса учащихся к предмету. Развития их творческих навыков, цифровых образовательных видов, особенностей и последствий для развития интеллектуальных способностей..

Ключевые слова: цифровое знания, аналитический, инновация, современное образование, дискретное, результат

Annotation. The article is the basis of the digital educational process on physics and increase student's interest in the discipline with the use of innovative technologies and methods in modern education profession; Development of creative abilities types of digital education, features of development are considered.

Keywords: Digital, knowledge analytical, innovation, modern education, discrete education, result .

Күндер өткен сайын біздер сандық білім әлеміне еніп барамыз және бұл үдеріс уақыт өткен сайын үдей түсуде. XIX ғасырдың екінші жартысында ашылған телеграф және телефон байланыстары, XX ғасырдың бірінші жартысында дүниеге келген радио-телебейне байланысы аналогтік сигналдар негізінде жұмыс істеді. Телефон және телеграфта сигналдар өткізгіш желілерге электр тогы арқылы бір нысанандан екінші нысанаға тасымалданылып отырылады. Радиобайланыс пен телебейнеде аналогтік сигналдар электромагниттік толқындармен беріледі. Қазіргі таңда байланыс арналары хабарларды бірнеше сигнал түрімен таратады, соның ішінде кең таралғандары аналогтік және цифрлық (сандық) сигналдар. Сигнал латын тілінде signum белгі берілген хабарды тасымалдайтын физикалық үдеріс. Электр сигналы-параметрлері тасымалданатын хабардың заңдылығымен өзгертін электр тогы немесе электр кернеуі. Аналогтік сигнал- үздіксіз мәнді және уақыт функцияларының параметрлері мен жиілікпен, фазамен және амплитудамен сипатталатын деректер сигналы. Аналогтік жүйенің тұтынушылары сұранысын қанағаттандыра алмауы жаңа цифрлық технологияның өркендеуіне жол ашты. **Аналогтік сигнал арқылы ақпарат таратудың кейбір ерекшеліктеріне тоқтала кетейік:**

1. Аналогтік сигналдың формасы күрделі.
2. Бұрмаланған аналогті сигналды түзету қиын, кейбір жағдайда мүмкін емес.
- 3.Хабар таратудың байланыс жолында жіберген сыртқы кедергілерге сезімтал аналогті синалдарды алғашқы қалпына келтіру қиын, тек күшейтуге болады.

4. Байланыс арнасын тығыздау мен топтау жиілікпен анықталады.

5. Тұтынушыларға көрсететін қызметі шектеулі.

6. Элементтік базалары күрделі.

Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгері, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді. Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бағдарлама жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

4. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды АКТ пайдалану

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту

Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу
Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына сергіту сәтін жүргізуде жас ерекшеліктерді ескеріп отырып орындату қажет.

7. Білім беруді басқару және көшбасшылық. Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға саяды. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі

идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Мектеп жұмысының бағдарламасына балаларға көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді. Осы модульдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Құзырлы білім беруде ұстанатын факторы оқушының өздігінен білімнің мәнін меңгеруі және бағалай білуі. Бағдарлама нәтижесінде - тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы ояңған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, сандық технологияларда құзыреттілігін көрсететін оқушылар дайындалады.

Сонымен биология сабағын АКТ көмегімен оқыту төмендегі мәселелерді қамтиды:

Оқушыларға оқылатын табиғат құбылыстарын толық және дәл ақпаратты бере отырып, оқу сапасын арттыру .

1) Оқытудың көркемділігін арттырады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді.

2) Оқытудың тиімділігін жоғарылатады және оқу материалын түсіндіру мүмкіндігін арттырады;

3) Оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып, олардың білімге құштарлығын , табиғи сұранысын қанағаттандырады.

4) Мұғалімді техникалық жұмыстан босата отырып, үнемдеген уақытта олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

5) Мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді.

Интерактивті тақтаны қолданудың артықшылығы:

1)Интерактивті тақтада өтілген сабақтар оқушыларды жаңашылдығымен қызықтырады.

Интерактивті технологияның ерекшеліктері:

1) Бормен тақтаға жазған кескінді экрандағы түрлі –түсті, айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды. Тақта мен бордың көмегімен әртүрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын, әрі мүмкін емес.

Слайдтарда кемшіліктер мен қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады. Сабақтың өнімділігі артады. Басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнайды.

2) Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.

3) Оқу материалын беру беру логикасына көп көңіл аударады, бұл оқушылардың білім деңгейіне оң әсерін тигізеді. Компьютерге деген қарым-қатынас өзгереді.

Биология пәнінен сабақ өту барысында интерактивті оқыту технологиясын, яғни белсенді «Естігенді мен ұмытпаймын», «Істеген ісіме жауап беремін» әдістерін қолдану оқушыларды іс-әрекеттеріне дұрыс баға беруге тәрбиелейді.

Менің міндетім-сабақта берілген материалдарды оқушылар толық түсіну үшін, қолайлы жағдай туғызамын.

Жақсы білім алу үшін қажетті ұстанымдар:

Оқушы білім алуға дайын ;

Білім беруге түрлі әдістер мен тәсілдер қолданамын;

Қайталау –білімді бекіту үшін қажетті элемент

Қаншалықты оқу барысы шынайы болса, соғұрлым білім беру тиімдірек.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, Болашақ мамандарға сапалы білім беруге, әлемдік білім кеңестігінен мемлекетімізге лайықты орын алуға білім саласындағы қызметкерлерге тиісті жағдай жасауға айрықша мән беріледі. Ғалымдар жаңа технологияларды көптеп енгізуде. Себебі, жаңа оқыту технологияларын енгізу заман талабына сай білім беру бағыты өзгереді, өздігінен білім ала алатын логикалық пайымдай, талдай, қорытындылай алатын коммуникативті тұлғаны қалыптастыру қажет.

Оқу үдерісіндегі ақпараттандыру осылай мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, алдыңғы қатарлы мемлекетке айналыды.

Әдебиеттер:

1. Қуанышева С.Е. Биологияны оқыту әдістемесі
2. Қайым Қабділрашид. Биология. Анықтамалық көмекші құрал.
3. География, Экология және Биология журналы
4. Биология анықтамалылығы журналы
5. Биология Қазақстан мектебінде әдістемелік журналы

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ – ОСНОВА ОБРАЗОВАНИЯ XXI ВЕКА

*Сарсембаева Роза Жолдыбайқызы
учитель математики*

*ГУ «Средняя общеобразовательная школа №5 им. М. Ауэзова отдела
образования акимата г. Аркалыка»*

Аннотация. Мақалада қоғамды цифрландырудың негізгі процестері, білім берудегі цифрлық технологиялардың шарттары мен артықшылықтары қарастырылады. Сандық технологиялар өмірдің барлық салаларына әсер етеді: бизнес, білім беру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, өмір сапасын арттырады, әлеуметтендіру мен коммуникацияның жаңа нысандарын құрады.

Түйін сөздер: сандық технологиялар, білім беру, қазіргі заманғы технологиялар.

Abstract. The article considers the main processes of digitalization of society, conditions and advantages of digital technologies in education. Digital technologies already have an impact on all spheres of life: business, education, health care, industry, improve the quality of life, create new forms of socialization and communication.

Keywords: digital technologies, education, modern technologies.

Цифровые технологии играют все более важную роль в развитии экономики стран современного мира. На сегодняшний день более 40% населения планеты имеет доступ к Интернету, и в каждом семи из 10 домашних хозяйств есть мобильный телефон.

Цифровые технологии дали ряд преимуществ. Это упрощение доступа населения и бизнеса к государственным услугам, ускорение обмена информацией, появление новых возможностей для ведения бизнеса, создание новых цифровых продуктов и другие. Покупка билетов и бронирование отелей, заказ еды, приобретение товаров и услуг через Интернет – все это уже давно стало частью нашей жизни. Сегодня в Казахстане такие термины, как «электронное правительство», «электронное обучение», «электронный университет», стали уже привычными.

Чтобы быть в тренде современных технологий, Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев инициировал государственную программу «Цифровой Казахстан». Ее главная цель – повышение качества жизни населения посредством прогрессивного развития цифровой экосистемы и конкурентоспособности экономики Казахстана.

Реализация государственной программы «Цифровой Казахстан» будет проводиться в четырех ключевых направлениях.

Создание «Цифрового шелкового пути» предполагает развитие надежной, доступной, высокоскоростной и защищенной цифровой инфраструктуры. Формирование «Креативного общества» даст импульс к развитию компетенций и навыков для цифровой экономики, позволит проводить работу по повышению цифровой грамотности населения и готовить отраслевых ИКТ-специалистов. Цифровые преобразования в отраслях экономики обеспечат повсеместное внедрение цифровых технологий для повышения конкурентоспособности различных отраслей экономики.

Формирование «Проактивного цифрового правительства» гарантирует возможность усовершенствования системы электронного и мобильного правительства, а также оптимизацию сферы предоставления государственных услуг.

Ожидаемые дивиденды для страны от реализации госпрограммы «Цифровой Казахстан» определены и обозначены в соответствии со стратегическими задачами государства. В первую очередь речь идет о таких важных и актуальных для страны вопросах, как повышение эффективности и прозрачности государственного управления, обеспечение занятости населения, повышение качества образования и здравоохранения.

Говоря о современном образовании, мы понимаем, что быстро изменяющийся мир вокруг нас обязывает школу так же стремительно меняться. Сегодня в мире происходит рывок в цифровую эпоху.

Посудите сами: планшеты, айпады, мобильные телефоны, смарт-часы, очки виртуальной реальности прочно вошли в повседневную жизнь сегодняшних учеников нового поколения. Наша цифровая жизнь стремительно развивается. И на уроках показ презентаций, видеороликов, аудио приложений – это уже не новинка. Цифровые технологии – основа образования 21 века.

Каждый современный учитель понимает, что учить надо по-новому, используя инновационные компьютерные технологии в образовательном процессе. Необходимо научить современных школьников пользоваться информационными технологиями. Созрела новая парадигма образования: научить школьников добывать знания самостоятельно с помощью интернет технологий. А учитель выступает в роли тьютора, который направляет и корректирует деятельность учеников. И сейчас, вместе с высокотехнологическими пособиями в современной школе идёт активное внедрение цифровых технологий.

Цифровые технологии в обучении позволяют более красочно с использованием анимации преподнести изучаемый предмет, что дает возможность лучше его понять и, что немаловажно, мотивировать обучающихся к изучению материала. Цифровые технологии меняют наш образ жизни, способы общения, образ мыслей, чувства, каналы влияния на других людей, социальные навыки и социальное поведение. Окружение хайтека – компьютеры, смартфоны, видеоигры, интернет-поисковики – перекраивает мозг человека и дает возможность ему самостоятельно найти любую интересующую его информацию. Поэтому воспитание цифровой грамотности у обучающихся, начиная со школьной скамьи, является одним из важных условий формирования современной личности.

И сегодня я бы хотела обратить ваше внимание на цифровые образовательные платформы, которые помогают учить по-новому, очень эффективно, креативно, а главное-доступно и понятно для всех учеников.

Множество возможностей и только самые необходимые функции — это одна из причин, почему сервис «*Kundelik kz*» быстро стал в Казахстане востребованным. Все инструменты, которые можно на нем найти, сейчас являются бесплатными. Они предназначены не только для учащихся и их родителей, но и для преподавателей.

Kundelik.kz- представляет собой современный и удобный инструмент взаимодействия учителей, родителей и учащихся, то с помощью сервисов системы пользователь, имеющий к нему доступ, может оперативно получить необходимую ему информацию, связанную с процессом обучения.

«Kundelik.kz» реализует следующие возможности:

- ведение электронных дневников,
- ведение электронного журнала,
- выдача и получение домашних заданий,
- использование ресурсов библиотеки художественной литературы, медиатеки.

В «Kundelik.kz» есть все основные функции социальных сетей, которые адаптированы для использования в школах, и позволяют общаться между собой ученикам, учителям, родителям.

Потенциальные пользователи электронного дневника, электронного журнала успеваемости – это родители, школьники, учителя.

Для родителей электронный дневник «Kundelik.kz» дает возможность наладить эффективное взаимодействие с образовательным учреждением, в котором учится их ребенок. Он позволяет оперативно получать самую свежую и достоверную информацию обо всех мероприятиях и событиях школьной жизни, ознакомиться с новостями, а также уточнить расписание занятий или домашнее задание по любому из предметов. При помощи электронного дневника родители смогут смотреть оценки своего ребенка, узнавать о его успехах и достижениях, контролировать посещаемость занятий. Также дает общение с другими участниками автоматизированной информационной системы «Kundelik.kz». На сайте организована закрытая и удобная web-среда для общения. В ней можно создавать тематические форумы, обмениваться с другими людьми фотографиями с прошедших учебных мероприятий, связываться с преподавателем или другим родителем для уточнения каких-то вопросов. Также существует возможность интерактивного общения родителей с администрацией школы.

Преподавателям более удобно, практично и быстро выставлять отметки в электронный журнал. В электронной версии можно к тому же изменять данные, если они вдруг были проставлены неверно, вносить их сразу за большой период, красиво оформлять страницу, добавлять комментарии и так далее.

Также управление домашними заданиями. На сервисе установлен интерактивный модуль, который позволяет выдавать задания всему классу и отдельно взятым ученикам, прикреплять к ним файлы и контролировать ход выполнения работ учеников.

Для учащихся ведение электронного дневника, что гораздо удобнее и практичнее, чем аналогичное ведение дневника в бумажном варианте. С помощью данной опции можно быстро записать или посмотреть домашнее задание, узнать оценки, важные учебные материалы, средний балл, пройденные темы и так далее. Также есть доступ к объемной онлайн - библиотеке, с помощью чего можно оперативно получить почти все произведения, которые проходятся в школе, скачать видеофайлы, аудиофайлы, презентации и прочие материалы.

Проект «Bilimland.kz» - крупнейший образовательный интернет-проект в Казахстане, **разработка отечественной компании BilimMediaGroup (BMG), которой сейчас оснащены все школы страны.**

«Bilimland.kz» является базой для размещения методических материалов и разработок, с помощью которых учителя могут делиться опытом или, наоборот, искать идеи среди работ своих коллег. Проект предлагает бесплатные видеоуроки по основным предметам школьной программы, проводит вебинары на актуальные и интересные темы.

В рамках проекта проводятся самые массовые конкурсы - «Учитель - новатор», различные проектные работы, вебинары. Также дает возможность учащимся подготовиться к ЕНТ и ВОУД. Это – прекрасный виртуальный тренажёр для тех, кто хочет подготовиться к тестам. Причём, не только в форме «пробного тестирования»: здесь есть внушительная «база знаний» – полные конспекты по 13 предметам. Кроме того, после каждого пробного тестирования сайт предлагает провести эффективную работу над ошибками.

Работая с сайтом «*Bilimland.kz*» главное для учителя - умение в многообразии электронных ресурсов отобрать тот материал, который можно использовать на уроке или предоставить ученику в качестве домашнего задания. И, конечно, воспитывать в ребёнке такие качества, как уважение, доброта, отзывчивость, воспитывать гуманное отношение к обществу, к человеку.

Подводя итоги, можно сказать что, педагогу в настоящее время необходимо научиться пользоваться компьютерной техникой, так же, как он использует авторучку или мел для работы на уроке, владеть информационными технологиями и умело применять полученные знания и навыки для совершенствования методики урока.

Список литературы:

- 1.Электронная ссылка: FB.ru:<http://fb.ru/article/256501/informatizatsiya-obrazovaniya>
- 2.Государственная программа "Цифровой Казахстан-2020" Электронная ссылка: <https://zerde.gov.kz/activity/management-programs>
- 3.Огородников А. Цифровая школа –портал будущего. Электронный ресурс: <http://pedsovet>
- 4.Послание Президента РК Н. Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», Астана, Акорда, 31 января 2017год

КЮИЗИНЕР ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖИЫН ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Султанбекова Ж.Х. педагогика магистрі
Өмірзак Агилия Бақытқызы 4-курс студенті
Ө.Сұлтангазин атындағы Қостанай Мемлекеттік
Педагогикалық Университеті
Қостанай, Қазақстан*

Аннотация. В статье представлены формирование математических представлений в дошкольном возрасте с учетом современных проблем. Представлена ознакомления с методикой Кюизинера. Рассматриваются основные задачи математического развития детей дошкольного возраста по типовой учебной программе развития государственного дошкольного образования.

Мектеп жасына дейінгі балалар ойының математикалық дамуы өзінің мазмұны бойынша сандар мен қарапайым геометриялық фигуралар туралы түсініктердің дамуымен, қарапайым амалдарды (қосу, азайту) қолдана алуымен сипатталады. Есеп операцияларында қарапайым және бір сарынды оқыту баланың жан-жақты даму қарқынын бәсеңдетеді. Ең маңыздысы - мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қызығушылығы мен математикалық ойлауын дамыту, орындалған іс-әрекеттердің дұрыстығын дәлелдеу.

2018 жылғы 30 қазандағы (№ 605 бұйрық) қабылданған Мемлекеттік мектепке дейінгі білім беруді дамытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» ұйымдастырылған оқу қызметі «Таным» білім беру саласының бір бөлімі болып табылады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің басты мақсаты: қоршаған орта объектілерінің негізгі қасиеттері мен қатынастары туралы қарапайым математикалық түсініктерді, «бастапқы түсініктер»: нысан, түс, мөлшер, сан, көлем, кеңістікті бағдарлау, уақыт ұғымдары туралы бала түсінігін қалыптастыру.

Балалардың математикалық қабілеттерін дамыту үшін Бельгияның бастауыш мектебінің мұғалімі Джордж Кюизинер «санау таяқшалары» деп аталатын бүкіл әлемге танымал әмбебап дидактикалық материалын жасады. Әлемнің білім беру кеңістігінің көкжиегін кеңейту мақсатында Кюизинердің санау таяқшаларын қолдану технологиясы әр түрлі елдердің мұғалімдерінің тәжірибесін арттырды. [3, 25]

Кюизинер таяқшалары балабақшада мектепке дейінгі кіші топтан бастап мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру үшін арнайы әзірленген. Кюизинер таяқшаларын «түрлі-түсті таяқшалар», «түрлі-түсті сандар», «түрлі-түсті сызғыштар», «санау таяқшалары» деп те атайды. [1, 57]

Бұл материал Венгрия, Польша, Бельгия, АҚШ, Франция және басқа елдердегі балабақшаларда кеңінен қолданылады. Бұл біздің отандық мұғалімдерге де белгілі, бірақ олар әлі де балалармен практикалық жұмыста жеткіліксіз пайдаланылады. Мұның себебі - тиісті әдістемелік әдебиеттердің болмауы, сондықтан негізгі дидактикалық, абстрактылық, әмбебаптылық және жоғары тиімділік болып табылатын осы дидактикалық материалдың дамушы мүмкіндіктерін дұрыс бағаламау. [2, 17]

Түрлі таяқшалардың көмегімен балалар «көп-аз» деген қатынастарды оңай біледі, бағдарлау қатынастарының қасиеті ретінде енгізеді, барлығын бөліктерге бөлуге және объектілерді өлшеуге үйретеді, бірнеше бірлікті және екі кіші таңбалы санды жаттап алуға, қосу, азайту, көбейту және бөлудің арифметикалық амалдарын меңгеруге көмектеседі, «сол», «оң», «ұзын», «қысқа», «арасында», «бір түсті бол», «көк емес», «ұзындығы бірдей» ұғымдарын меңгеруге көмекші құрал ретінде пайдаланылады. [1, 60].

Бір жарым жастан бастап балалардың өсіп-жетілуін бақылап зерттеу олардың жиын туралы бастапқы түсініктері алғаш сөйлей бастаған сәби кезінен қалыптаса бастайтынын көрсетті. Ерте жастан бастап бірыңғай заттардан тұратын жиындар туралы түсініктер жинақтала бастайды. «Көп қуыршақ», «үш кубик», «қолда бес саусақ бар». Бұл алғашқы түсініктер алдымен балалардың пассив сөздерінде жинақтала бастайды. Нәрселердің жиыны туралы және олардың жеке-жеке бөліктері туралы түсініктердің алғашқы қалыптасуы зат есімдер мен сын есімдердің жекеше әрі көпше түрлерін балалардың айыруы тіл даму кезінде ертерек меңгеруі үшін негіз болады. [4, 240]

Балалар жиындарды әр түрлі белгілері бойынша реттей білмейді. Егер екі түсті бес қарындаш жатса, балалар олардың санын түстері бойынша ғана анықтайды («үш қызыл және екі көк»), ал олардың жалпы заттық белгісі бойынша (қарындаштар деп) жинақтай алмайды. Бұл балалар жиындарды жинақтау және жиыннан оның ішкі жиынын ажырату операциясын меңгере алмаған деген сөз. Кейде балалар сандар қатарындағы сандарды ретімен ауызша дұрыс атайды және сегіз жетіден көп (үлкен) екенін айтады, алайда бұл қатынастарды «сегіз саны алыс, жеті саны жақын», - деп қана түсіндіреді, яғни берілген санның бірліктерден құралғандығына негіздемей, олардың аталу ретіне негізделеді. [5, 6]

Балалар заттарды көбінесе тек бір бағытта – оңнан солға қарай оң қолмен санайды. Егер жиынтықтардың біреуінің элементтері екіншісінің элементтерінен ірірек болса немесе егер сан жөнінен тең жиындар ауданы әр түрлі бөліктерді алып жатса немесе түрліше формада берілген болса, балалар жиынтықтардың сан жөнінен тең екенін көре бермейді. Бұл – жиынның сандық жағы сапалық ерекшеліктерінен балалар санасында бөліне алмағандығын көрсетеді. [5, 26-27].

Мемлекеттік мектепке дейінгі білім беруді дамытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық дамуының негізгі мақсаттары:

- заттардың математикалық қасиеттері мен қатынастары (нақты көлемдер, сандар, геометриялық фигуралар, тәуелділік және заңдылықтар) туралы логикалық-математикалық түсініктерді дамыту;

- математикалық қасиеттер мен қарым-қатынастарды танудың сенсорлық (пәндік-пәрменді) тәсілдерін дамыту: зерттеу, салыстыру, топтастыру, реттеу, бөлу;

- балалардың математикалық мазмұнды танудың эксперименталды-зерттеу тәсілдерін меңгеруі (қайта құру, эксперимент жасау, моделдеу, трансформация);

- балаларда математикалық қасиеттері мен қарым-қатынастарын танудың логикалық тәсілдерін дамыту (талдау, терістеу, салыстыру, жалпылау, жіктеу);

Осылайша, мектепке дейінгі балалардың математикалық дамуы - бұл математикалық түсініктерді және олармен байланысты логикалық операцияларды меңгеру нәтижесінде болатын бала тұлғасының танымдық саласындағы оң өзгерістері.

Қорыта келе, қазіргі таңда математикалық ұғымдарды дамыту мәселесі үлкен маңызға ие. Бұл, ең алдымен, математика ғылымдарының қарқынды дамуымен және оның білімнің түрлі салаларына енуімен түсіндіріледі. Сондықтан математикалық білім берудің заманауи мазмұны ең алдымен интеллектуалды дамуға, ойлау мәдениеті мен дербестігін қалыптастыруға, қоршаған ортаны бағдарлау әдетін тәрбиелеуге бағытталған.

Мектеп жасына дейінгі балалар ойының математикалық дамуы өзінің мазмұны бойынша сандар мен қарапайым геометриялық фигуралар туралы түсініктердің дамуымен, қарапайым амалдарды (қосу, азайту) қолдана алуымен сипатталады. Есеп операцияларында қарапайым және бір сарынды оқыту

баланың жан-жақты даму қарқынын бәсеңдетеді. Ең маңыздысы - мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қызығушылығы мен математикалық ойлауын дамыту, орындалған іс-әрекеттердің дұрыстығын дәлелдеу.

Логикалық-математикалық тәжірибені (қарапайым математикалық ұғымдарды) бала бір мезгілде, яғни бір ғана ойын барысында жинақтайтындай етіп ұйымдастыру қажет. Бұл ойын арқылы оқытуды болжайтын ойынның оқыту функцияларын дамытудың қажеттілігін туындатады.

Мектепке дейінгі педагогикада түрлі дидактикалық ойындар мен құралдар жинағы бар. Алайда, кешенді түрде ақыл-ой, атап айтқанда математикалық даму үшін маңызды ойлау біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік жинақтар аз.

Педагог-практиктер жинаған тәжірибені зерделеп, біз бельгиялық математик Х.Кюизенер әзірлеген «Кюизенердің түсті таяқшалары» атты әмбебап дамытпалы дидактикалық құралдарын ойын қызметінде қолдану мүмкіндігіне қызығушылық таныттық. Бұл дидактикалық материалдың негізгі ерекшеліктері - «абстрактілік», «әмбебаптылық» және «жоғары тиімділік». Әдістемелік кешен түрлі дерексіз математикалық ұғымдарды түсінуге мүмкіндік береді. Аталған Х.Кюизенердің тиімді дамытпалы құралы тақырыбымызды «Кюизенер әдістемесі арқылы мектепке дейінгі балалардың жиын түсініктерін қалыптастыру» деп атауымызға түрткі болды.

Әдебиеттер

1. Сумина И.В., Михайлова З.А., Серова З.А. Формирование элементарных математических представлений с использованием игровых приёмов. Дошкольное воспитание. - 2002. - №10.
2. Фидер М. Математика ужен детском саду, - М. -1981, 159 с.
- 3.Тарунтаева Т.В. «Развитие элементарных математических представлений дошкольников».-М.: Просвещение. - 1980.,
4. Мәженқызы Р. Математика: мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. – Астана, 2009. – 240 бет.
5. Әбілдаева А. Сандар еліне саяхат // Отбасы және балабақша, 2003. - № 2. - б. 26 - 27

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ SQL – ТІЛІН ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сундетбаева Айнур Жаукеевна
информатика кафедрасының аға оқытушысы
техника ғылымдарының магистрі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты
Қазақстан, Арқалық

Аннотация. В настоящее время СУБД позволяет решать масштабные отчеты по работе с базами данных без составления приложения. Для решения задач, поставленных в программном обеспечении, это программы и системы, создаваемые пользователями самостоятельно для решения конкретных задач.

Ключевые слова: интерпретация, компиляция, машинный язык

Annotation

Currently, DBMS allows you to solve large-scale reports on working with databases without compiling an application. To solve the tasks set in the software, these are programs and systems created by users themselves to solve specific tasks.

Key words: interpretation, compilation, machine language

Қазіргі уақыттағы программалаудың алгоритмдік тілдерінде – Delphi, Си, Visual Basic және т.б. – SQL тілін пайдалана отырып мәліметтер қорына қол жеткізетін программалау құралдары бар. Сонымен қатар, көптеген МҚБЖ-ларда жүйе ішіне орнатылған программалау тілі бар. Dbase форматындағы мәліметтер қорын программалауға арналған арнайы Clipper алгоритмдік тілі бар.

Қосымшалады жасау үшін МҚБЖ –ның программалық интерфейсі болуы тиіс, оның негізін сәйкес программалау тілінің функциялары және/немесе процедуралар құрайды. Қолданыстағы МҚБЖ –лар қосымшаларды жасаудың келесі технологияларына (және олардың комбинацияларын) қолдау жасайды:

- ✓ программаларды қолмен кодтау (Clipper, FoxPro, Paradox);
- ✓ генераторлардың көмегімен қосымшалардың мәтіндерін құрастыру (FoxPro-де FoxApp, Paradox-та Personal Programmer);
- ✓ визуалды программалау әдістерімен дайын қосымшаны автоматты түрде генерациялау (Delphi, Access, Paradox for Windows).

Қолмен кодтау кезінде программалаушылар қосымшалар программаларын мәтінін қолмен тереді, сосын олардың жұмысын жүргізіп баптайды.

Генераторларды пайдалану қосымшаларды жасауды жеңілдетеді, себебі бұл жағдайда программалық кодты қолмен термей-ақ алуға болады. Қосымшалардың генераторлары қосымшалардың негізгі элементтерін (мәзір, экрандық форма, сұраныстар және т.б.) жасауды жеңілдетеді, алайда көбінесе қолмен кодтауды жоққа шығара алмайды[1].

Қосымшаларды визуалды программалау құралдары қосымшалардың генераторларын қолдану идеясының дамуы боып табылады. Бұл ретте қосымша ыңғайлы біріктірілген ортаның көмегімен дайын түрдегі «құрылыс

блоктарынан» құрылады. Қажет болған жағдайда жасаушы қосымшаға өзінің кодын оңай енгізеді. Біріктірілген орта, әдетте, қосымшаларды құрастыру, баптау мен өзгертудің күшті құралдарын ұсынады. Визуалды программалау құралдарын пайдалану қысқа мерзім ішінде алғашқы екі әдіспен алынған қосымшалардан да сенімді, тартымды және тиімді қосымшаларды құрастыруға мүмкіндік береді.

Жасалған қосымша әдетте амалдар жүйесінің бір немесе бірнеше файлдарынан құралады.

Егер де қосымшаның негізгі файлы орындалатын файлы (мысалы, exe-файл) болса, онда бұл қосымша МҚБЖ ортасынан дербес түрде орындалатын тәуелсіз қосымша болып табылады. Іс-жүзінде тәуелсіз қосымшаны алу, мәтінді қолмен теру сияқты, сондай-ақ қосымшаның генераторының немесе визуалды программалау ортасының көмегі сияқты тәсілдерімен алынған программаның бастапқы мәндерін компиляциялау жолымен жүзеге асырылады.

Тәуелсіз қосымшаларды мысалы, FoxPro МҚБЖ-лары және Delphi визуальді программалау жүйесін алуға мүмкіндік береді. Айта кететін нәрсе, Delphi құралдарының көмегімен әдетте, тәуелсіз қосымшаларды жасамайды, себебі бұл өте көп еңбекті қажет ететін үдеріс, оның орнына МҚБЖ ядросының рөлін атқаратын BDE (Borland DataBase Engine) мәліметтер қорының процессорын пайдаланады. Дербес ЭЕМ-дарға арналған қосымшаларды жасаудың ең алғашқы құралының бірі «таза түрдегі компилятор» болып саналатын Clipper жүйесі болып табылады.

Көп жағдайларда қосымша МҚБЖ ортасы болмағанда орындалмайды. Қосымшаны орындау МҚБЖ қосымша файлдарының құрамдас бөлігін (жеке жағдайда бұл бастапқы программаның мәтіні) талдайды және орындалатын қажетті машиналық командаларды автоматты түрде құруына негізделген. Былайша айтқанда, қосымша интерпретациялау әдісі арқылы орындалады.

Интерпретациялау режимі қазіргі заманғы көптеген МҚБЖ-ларда, мысалы, Access, Visual FoxPro және Paradox сияқты сондай-ақ, FoxBase және FoxPro тәрізді бұрынғы МҚБЖ-ларда жүзеге асырылған[2].

Сонымен қатар, компиляция мен интерпретацияның аралық нұсқасын – былайша айтқанда (псевдокомпиляция) жалған компиляцияны пайдаланатын жүйелер болады. Мұндай жүйелерде бастапқы программа компиляция арқылы аралық кодқа (псевдокодқа) өзгереді және дискіде жазылады. Бұл түрде оны кейбір жүйелерде тіпті редакциялауға рұқсат етіледі, алайда жалған компиляцияның басты мақсаты – программаны оны интерпретациялау үдерісін жылдамдатуға мүмкіндік беретін түрге өзгерту. Мұндай тәсіл DOS басқаруымен жұмыс істейтін МҚБЖ-ларда, мысалы, Foxbase+ және Paradox 4.0/4.5 for DOS-та кеңінен қолданылған.

Windows басқаруымен жұмыс істейтін МҚБЖ-ларда (псевдокод) жалған код көбінесе қосымшаны модификациялауға тыйым салу үшін қолданылады. Бұл жұмыс істеп жатқан программаны кездейсоқ немесе әдейі бұзудан сақтау үшін пайдалы болады. Мысалы, мұндай тәсіл Paradox for Windows МҚБЖ-да

қолданылған, онда әзірленген экрандық формалар мен есеп берулерді редакциялауға сәйкес нысандарға өзгертуге жол беріледі.

Кейбір МҚБЖ-лар пайдаланушыға қосымшаны жасау нұсқасын таңдап алу мүмкіндігін ұсынады: МҚБЖ-мен интерпретацияланатын программалық код ретінде немесе тәуелсіз программа ретінде.

Тәуелсіз қосымшаларда қолданудың артықшылығы – машиналық программаны орындау уақыты, әдетте интерпретация кезіндегі уақытпен салыстырғанда қысқалау болады. Мұндай қосымшаларды әлсіз машиналарда және қосымшаны пайдаланушылардың тарапынан өзгертуге қарсы жабу қажет болатын, жүйелерді, «қолдануға даяр» етіп орнатқан жағдайда пайдаланған дұрыс.

Интерпретацияланатын жүйелердің тағы бір үлкен артықшылығы – жақсы МҚБЖ-ларды әдетте мәліметтердің бүтіндігін бақылау мен оларға рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауға арналған күшті құралдар болады, ал компиляциялаушы түрдегі жүйелер туралы олай деп айта алмаймыз. Сонғыларында аталған қызметтерді қолмен программалауға, немесе әкімшелердің құзырына қалдыруға болады[3].

Қосымша жасау құралдарын таңдау кезінде келесі негізгі үш факторды: компьютердің ресурстарын, қосымшаның ерекшеліктерін (программаның қызметтерін модификациялаудың қажеттігі, жасауға жұмсалатын уақыт, қол жеткізуді бақылаудың қажеттілігі және ақпараттың тұтастығын қамтамасыз ету) және жасаудың мақсатын (шеттетілетін программалық өнім немесе өзінің күнделікті іс-әрекетін автоматтандыру жүйесі) ескерген дұрыс.

Қазіргі заманғы компьютері бар және онша күрделі емес қосымшаны құруды жоспарлап отырған пайдаланушы үшін интерпретациялау типіндегі МҚБЖ көбірек сай болады. Еске сала кейік, мұндай жүйелер жеткілікті дәрежеде күшті болып келеді, олардың жоғары деңгейлі құралы бар, олар жасау мен баптауға ыңғайлы, жасау жұмысын жылдам түрде орындауға мүмкіндік береді және қосымшаға еріп жүру мен оны модификациялаудың ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді.

Сипаттамалары нашар компьютерді пайдаланған кезде тәуелсіз қосымшаларды жасау құралдары бар жүйені таңдаған дұрыс.

Бұл ретте ескертетін нәрсе, қосымшадағы кішігірім өзгеріс программалау, программаны компиляциялау және баптау кезеңдерін циклдік түрде қайталануына әкеледі. Тәуелсіз қосымшаны орындау мен қосымшаны интерпретация режиміндегі орындаудан айырмашылығы тәуелсіз қосымшаның пайдасына миллисекунд айналасында тербелуінде болады. Сонымен қатар, қосымшаны оны пайдалануға дайындау уақытындағы айырмашылық әдетте интерпретациялау жүйелерінің пайдасына минуттар-сағаттар дәрежесіндегі шама құрайды.

SQL және мәліметтер қорының қауіпсіздігі. МҚБЖ-нің қызметтерінің біріне мәліметтер қорының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жатады. Реляциялық МҚБЖ-лардың қауіпсіздік жүйесінің негізі SQL тілі болып табылады. Мәліметтерді қорғаудың негізгі үш принципі қолданылады:


1. мәліметтерді оқуға, енгізуге және жаңартуға арналған кез келген SQL-команда қандай да бір пайдаланушының атынан орындалады;
2. қорғау объектілері негізінен кестелер мен бейнелеу болады;
3. әрбір пайдаланушыға қандай да бір әрекеттерді жасауға арналған белгілі бір артықшылықтар (құқықтар) беріледі.

Реляциялық мәліметтер қорының әрбір пайдаланушысына идентификатор – пайдаланушыны біркәнді анықтайтын қысқаша атау меншіктеледі. Коммерциялық, өнеркәсіптік мәліметтер қорларында пайдаланушыға атауды мәліметтер қорының әкімшісі береді. Дербес ЭЕМ-дарда мәліметтер қорында мәліметтер қорын құрған пайдаланушының тек бір ғана идентификаторы болуы мүмкін [4].

Артықшылықтар. SQL стандарттарында төмендегідей артықшылықтар анықталған:

- оқуға (SELECT);
- жазбаларды енгізуге (INSERT);
- жазбаларды жоюға (DELETE);
- жазбаларды өзгертуге (UPDATE).

CREATE TABLE және CREATE VIEW операторлары көмегімен кестені немесе бейнелеуді құрған пайдаланушы автоматты түрде осы объектілердің иесіне айналады және осыларға қатысты жоғарыда аталған барлық артықшылықтарға ие болады. Кестенің немесе көрсетімнің иесі басқа пайдаланушыларға осы мәліметтерге қол жеткізуге рұқсат ете алады. Ол үшін GRANT операторы қолданылады, оның синтаксистік диаграммасы төмендегідей (1-сурет)



Сурет 1. GRANT операторының синтаксистік диаграммасы

Командада PUBLIC кілттік сөзі артықшылықтарды әрбір пайдаланушыға жекелеп берудің орнына, бірден барлық пайдаланушыларға артықшылықтар беру үшін қолданылады.

Егер GRANT операторында WITH GRANT OPTION сөйлемі көрсетілсе, онда артықшылықтарға ие болатын пайдаланушылар өз кезегінде оларды басқа пайдаланушыларға беруі мүмкін.

Мысал

Smith агентіне өз артықшылықтарын басқа пайдаланушыларға ұсыну мүмкіндігін беріп Orders кестесіне ақпаратты қосуға және жоюға рұқса ету

GRANT INSERT, DELETE

ON Orders

TO Smith WITH GRANT OPTION

Артықшылықтардың күшін жою. Көптеген реляциялық МҚБЖ-ларда GRANT операторы арқылы ұсынылған артықшылықтар REVOKE операторының көмегімен алынып тастауға болады. REVOKE операторының синтаксистік диаграммасы төмендегідей (2-сурет)


Мысал

Smith, Pol агенттерінің Orders кестесіне сұраныстар мен өзгерістер енгізуге қатысты артықшылықтарын алып тастау.

REVOKE SELECT, UPDATE

ON Orders

FROM Smith, Pol



Сурет 2. REVOKE операторының синтаксистік диаграммасы

SQL (Structured Query Language - Сұраныстардың құрылымдық тілі) тілі бұл декларациялық тіл. Декларациялық тіл оператор көмегімен деректерді сипаттауға мүмкіндік береді. Ол операторлар төменгі жүйедегі деңгейлерге алгебралық операциялардың тізбесін трансляциялайды.

SQL – деректер базасынан деректерді алумен қатар деректер базасын құрып оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді. Локальдік деректер қоймасымен жұмыс істеген кезде SQL командаларының орындалуы үшін, Delphi – мен бірге орналасқан SQL Explorer немесе Database Desktop бағдарламаларын қолдануға болады[5].

IBConsole-дың сол жақ терезесінде InterBase-ге тіркелген серверлердің тізімдері орналасқан. Қазіргі кезде бұл жерде бір ғана сервер тіркелге, ол локальдік сервер. Енді бұл серверге қалай қосылу керек екендігі туралы қысқаша түсініктеме бере кететін болсақ: Server Register командаларын орындаңыз немесе түпкі бұтақ тәріздес орналасқан InterBase Servers–ке тышқан

тетігін 2 рет басыңыз. Нәтижесінде диалогтық терезеде серверді тіркеу терезесі пайда болады. Бұл терезеде қай серверге қосылу керек екендігін көрсетуіміз керек. Біз Локальдік серверге қосылатын болғандықтан, Local Server қосқышына тышқан тетігін басамыз. Login Information тарауында қолданушының аты мен паролі көрсету керек. InterBase-да стандартты қолданушының аты ретінде SYSDBA, ал пароль ретінде - masterkey жазылады. Бірақ қалауыңызша өзгертсеңіз де болады. User Name өрісіне SYSDBA, ал Password өрісіне masterkey сөзін жазыңыз. Пароль жұлдызша түрде жазылады. Пайда болған Local Servers –ке тышқан тетігін 2 рет басып, ішіндегі тізімдерін көруге болады. Қазіргі кезде бізге солардың ішінде екеуі ғана: DataBases және Users қызығушылық тудырады. Егер Users-ке тышқан тетігін басатын болсақ, онда терезенің оң жақ бөлігінде серверде тіркелген барлық қолданушылардың тізімдері шығады. Қолданушылар аты мен парольді өзгерту үшін Server - UserSecurity командаларын орындасақ жеткілікті.

Серверде жаңа деректер қоймасын тіркеу. DataBases элементі көмегімен InterBase деректер қоймасында бар деректерді серверге тіркеуге немесе жаңа деректерді серверге тіркеуге болады. MS Office бағдарламасының қазіргі жағдайы ақпараттандыру технологиясында жоғары дамуда. Қажетті құжаттарды алу, тапсырмаларды шешу үшін бағдарламаны классикалық мәні бағдарлама болып табылады. Біріншіден құжат, ал бағдарлама бұл оның бөлімі.

Бағдарламашының мақсаты, бағдарлама құру емес, шығыс құжаттарының функциялы спекторының нақты кеңінен қалыптасуын қадағалау. Пайдаланушы бағдарламамен емес, құжаттармен жұмыс істейді. “Құжат” терминің мағынасы өзгеруде. Енді құжат объект ретінде бағдарламалы бағыт-бағдарлама ретінде қарастырылады. Құжатты құру жүйесі MS OFFICE арасында офистік бағдарлама деп аталады. Құжат түрі, яғни берілгенді тіркеуге, жұмыс істеуге, айырбастауға анализдеуге т.б. болады. Құжат және бағдарлама компоненттері бірігіп-жоба құрайды, құжаттын бөлігі болып табылады және одан бөлек құрылмайды.

SQL тілі (сұраныстардың құрылымдық тілі) 70 жылдың басында ЭЕМ фирмасында өңделген. Бұл берілген базамен жұмыс істеу үшін арналған жаңа тәсіл берілген базада қолданылады (құру, іздеу, өзгерту, жанарту, берілген хабар).

SQL тілі Американың ұлттық стандарттау институты мен Халықаралық стандарттау ұйымында компьютерлік спецификадан тәуелсіз берілген базалар үшін ресми стандарттау негізінде бекітілген.

Әдебиеттер:

- 1 Беркімбаев К.М., Ажиханов Н.Т., Салықбай А.А. бірлестікте Информатика Мәліметтер қорын жобалау негіздері. Оқу құралы. Түркістан, 2008. -110 б.
- 2 Беркімбаев К.М., Төлеп Ә., бірлестікте Ақпараттық модельдеу элементтері. Әдістемелік құрал. Кентау, 2006. – 89 б.
- 3 Бобкина С.М., Жұмаділдин Б.А. Компьютерде жұмыс істеуді үйренейік. Оқу құралы. Алматы – 2000.- 40 б.
- 4 Беркімбаев К.М., Бостанов Б.Ф. Программалау негіздерін оқыту. Практикалық жұмысқа арналған әдістемелік құрал. Алматы, 2002. -110 б.
- 5 Талпаков Н.А. Практикум по MS ACCESS 97. Методическое пособие для практических работ. Алматы, 2002. – 60 с.

«LEGO MINDSTORMS NXT/EV3» ЖӘНЕ «UBTECH ALPHA 1 PRO» РОБОТТАРЫН ОҚУ ПРОЦЕССИНДЕ ҚОЛДАНУ

*Аубакирова Асель Аубакировна
аға оқытушы, магистр e-mail: Aubakirova_aa@mail.ru*

Ташибаев Спандияр Талгатович

студент e-mail: tst.99@bk.ru

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматривается использование «LEGO MINDSTORMS NXT/EV3» роботов и программируемый робот «UBTECH ALPHA 1 PRO», изучение роботов, польза использования роботов в учебном процессе, привлечение школьников к знаниям, через знакомство со структурой роботов, интеллектуальное, физическое развитие учащихся, приобретение новых знаний в сфере робототехники.

Ключевые слова: Робототехника, программирование роботов, инновационное образование, Alpha 1, bluetooth, смартфон, процесс обучения, информация.

Summary. The use of "LEGO MINDSTORMS NXT/EV3" robots and programmable robot "UBTECH ALPHA 1 PRO" in the educational process, the study of robots, the use of robots in the educational process, the involvement of students to knowledge, through familiarity with the structure of robots, intellectual, physical development of students, the acquisition of new knowledge in the field of robotics.

Keywords: Robotics, robot programming, innovative education, Alpha 1, bluetooth, smartphone, learning process, information

XXI ғасыр жаңа технологиялар ғасыры, жаңашылдық ғасыры, білім ғасыры болып табылады. Адамзаттың болашағына өз септігін тигізетін ғылымның бір саласы ол – робототехника. Робототехника пән ретінде мектептерде өткізілуі керек, әсіресе роботты үйретуді кіші сыныпта оқитын балалардан бастаған жөн, себебі бастауышта оқитын балалар ақпаратты тез қабылдай біледі. Робототехника оқушының үш бағыт бойынша кәсібилігін арттырады, олар: механика, бағдарламалау және басқару теориясы. Әрине, әр бала теориялық білімді де алуы қажет, роботтарды үйрену олармен жұмыс жасау бұл - шығармашылық жұмыс, оқушы өзі еңбектеніп, өзі ізденіп жұмыс жасаса ол баланың алған білімі жадында өте жақсы сақталатыны анық. Робототехника-роботтарды, сондай-ақ оларды басқаруға арналған компьютерлік жүйелерді, сенсорлық кері байланыс пен ақпаратты өңдеуге байланысты техника саласы болып табылады. [1]

Қазіргі уақытта білім беру саласының өзекті мәселесі: білім беруде жаңа технологияларды, инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру, оқушылардың интеллектісін дамыту болып табылады. Робототехника сабақтары кейбір мектептерде ғана өткізіледі. Көп жағдайда қосымша сабақтар немесе үйірмелер түрінде өткізіледі. Егер осылай жалғаса беретін болса, болашағымыз не болады? Робототехника- болашағы бар сала. Егер балаларды осы салаға кіші жастан қызықтырса, болашақта үлкен нәтиже күтуге болады.

Алдымен "UBTECH ALPHA 1 PRO" роботымен танысайық. Alpha 1 Pro бағдарламалануы оңай робот болып табылады. Жасанды интеллект UBTECH ALPHA 1 PRO икемді және жылжымалы (адамға өте ұқсас). UBTECH ALPHA 1 PRO улы емес материалдан жасалған, сондықтан ол денсаулыққа зиянды емес, өте берік және сапалы. UBTECH Alpha 1 Pro шағын, әрі ауыр емес, оларды кішкентай балалар басқара алады. Робот смартфон арқылы арнайы робот бағдарламаларымен басқарылады. Гуманоидтың қозғалысына жауап беретін 16 қозғалтқыштары бар (аяқтарында 5, қолында 3 –тен). UBTECH Alpha 1 роботының тағы бір артықшылығы – дизайны тамаша ойлап табылған, ол кез- келген соққыға төтеп береді, өте мықты материалдан жасалған. [2]

Роботтар арасында конструкторлық роботтар бар, оларды бағдарламалауға және смартфондар арқылы басқаруға болады. LEGO Mindstorms Education EV3-бұл бағдарламаланатын робототехниканың конструкторлық жиынтығы, ол оқушыларға өз роботтарын жасауға және басқаруға мүмкіндік береді. Бұл жинақ өте қызықты, оқушылардың қызығушылығын тудырады, оларды нақты тапсырмаларды бірлесіп талқылауға және шығармашылық жағынан дамытып, шабыттандырады, LEGO моторлар, датчиктер және құрылыс элементтерін пайдалана отырып, жаңа роботтар құрап, әр- түрлі сынақтар жүргізуге болады. [3] Оқу үрдісінде конструкторлы роботты пайдалану математика, физика, информатика, технология сияқты пәндерді меңгеру үшін өте тиімді және роботтарды пайдаланған кезде оқыту процесі қызықты болары сөзсіз, оқушылардың күрделі міндеттерді шешуге деген қабілеті артады. Балалар сабаққа қызығушылық танытып, сабаққа асығады. LEGO Mindstorms Education EV3 роботтары екі бағыт бойынша шығарылды, яғни екі түрі бар: біреуі Lego Mindstorms Education EV3 (45544) оқу процесіне арналған, екінші түрі үйде пайдалануға арналған (балалар мен әуесқой роботшыларға)-Lego Mindstorms Home Edition EV3 (31313). LEGO әр топ үшін базалық жинақ әзірледі, және бірнеше қосымша жинағы бар, бірақ оларда үлкен айырмашылық жоқ. LEGO Mindstorms Education EV3 конструкторлы роботын оқу процесінде кеңінен қолдануға болады. Бұл роботтарды техникалық пәндерде оқу процессінің сапасын арттыру мақсатында қолдануға болады.

Математика. Айнымалы, кездейсоқ және шекті шамалармен жұмыс істеу, геометриялық, тригонометриялық концепцияларды оқу.

Физика. Гипотезаларды тәжірибелік жолмен растау, тәжірибе жүргізу, алынған деректерді жан-жақты талдау, соның ішінде болжамдалған деректерді талдау, механика, оптика, термодинамика, магниттік құбылыстар, радиобайланыс принциптерін зерттеу. Жылдамдықты, үдеуді, уақытты және қашықтықты өлшеу.

Информатика. Оқушылар бағдарламалауды үйренеді. Роботтардың бағдарламасын әзірлеу үшін компьютер қажет. Компьютерді пайдалану арқылы оқушы интеллектуалды дамиды. Жаңа мүмкіндіктерге жол ашады, оқушылар өз болашағын компьютер саласымен байланыстыра алады. Оқушыларды осы салаға қазірден қызықтырып, олармен бірлесе жұмыс жасалса олардан болашақта IT-саласының білікті маманы болары сөзсіз.

Тіл және сауаттылық. Оқушылар роботтар жасау кезінде әртүрлі материалдарды іздейді, робот техникасы әлемінде жаңа сөздер мен терминдерді зерделейді. Әзірленген роботты түсіндіруімен балалардың сөздік қоры кеңейеді. Бұл балалар үшін өте пайдалы.

Оқу процесінде Alpha 1 Pro роботын пайдалану өте тиімді. Роботты үйрену мен бағдарламалаудан басқа, оны сабақ барысында оқушыларға сабақ түсіндіруде қолдануға болады. Әсіресе "физика" пәнінде бұл робот өте пайдалы. Қозғалыс заңдарын түсіндіру кезінде пайдалануға болады. Роботқа бағдарламаны енгізіп, сабақты оқушыларға роботтың көмегімен түсіндіруге болады. Бұл өте қызықты және тиімді, робот арқылы балаларға жаңа сабақ немесе өткен сабақтың сұрақтарын қоюға болады. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін қолдану керек, өйткені бастауыш сынып оқушылары әрқашан жаналықтарға құштар. Alpha 1 Pro роботын тек жаратылыстану пәндерінде ғана емес, сонымен қатар дене шынықтыру сабақтарында да қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушылары дене шынықтыру сабақтарына белсенді қатысады, ал Alpha 1 Pro роботын осы пәнде кеңінен қолдана алады. Робот Alpha 1 Pro балаларға жаттығуларды орындау үшін пайдалануға болады, ол түрлі іс-қимылдарды қиындықсыз орындай алады.

Біздің оқу орнымызда бұл роботтар мен басқа да құрылғылар робототехника сабақтарында кеңінен қолданылып жүр. Біздің студенттер бұл құрылғыларды зерттеп, түрлі бағдарламалар енгізу арқылы роботтарға жан бітіруде. Институтта робототехникаға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл, әрине, студенттердің білім сапасын арттырады.

Болашақта өмір робототехникасыз елестету мүмкін емес. Болашақ өскелең ұрпақтың қолында. Біздің міндетіміз оларға сапалы және заманауи білім беру.

Әдебиеттер:

1. Робототехника в школе: 5 плюсов, 0 минусов | Российский учебник | Яндекс Дзен
<https://zen.yandex.ru/media/id/594a2d8c7ddde8e638fbf619/robototekhnika-v-shkole-5-plusov-0-minusov-5afc36f1dd2484d5acfa366e>
2. Робот UBTECH Alpha 1 Pro: Обзор, характеристики
<https://motocarrello.ru/jelektrotehnologii/roboty-igrushki/ubtech-alpha-1-pro.html>
3. Lego Mindstorms EV3: описание и видео
<http://hotuser.ru/lego/3034-lego-mindstorms-ev3-opisanie-i-video>

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ МЕН МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКАНЫҢ ЕСЕПТЕРІН MS EXCEL-ДЕ ШЫҒАРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тулегенова Анар Кабдығалиевна
Аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. Метод теории вероятностей и математической статистики показан в MS EXCEL. Эффективность обучения в течение всей жизни MS Excel очень высока. Учащиеся самостоятельно проверяют себя с помощью MS Excel и эффективно используют.

Ключевое слово: Программа MS Excel. Теория вероятностей и математическая статистика. Информационных технологий.

Annotation. The method of probability theory and mathematical statistics is shown in MS EXCEL. The lifetime learning efficiency of MS Excel is very high. Students independently check themselves with the help of MS Excel and use it effectively.

Keyword: The program MS Excel. Probability theory and mathematical statistics. Information technology.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ. Республикалық білім берудің жаңа жүйесі, яғни білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі қолға алынды. Заман талабы оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізу, оны кең көлемде қолдануды қажет етеді.

Ақпараттық – технологияларды пайдалану оқытушы мен білім алушылардың маңызды кәсіптік және анықтамалық ақпараттармен қамтамасыз етеді. Ақпараттық - технологияларды пайдаланып интерактивтік сабақтарда оқытушы ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде болып, білім алушылардың белсенділігі арта түседі. Мұндай сабақтарда оқытушы жұмысқа тікелей қатысканымен, өз мүмкіндігін шектеп, студенттің белсенді болуына жағдай туғызуы қажет.

Осы орайда өз тәжірибемнің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым: заман талабына сай білімді, білікті, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың есептерін MS Excel-де бағдарламасында шығару әдістемесін қарастырып өтсек.

1979 жылы екі экономист студент Дэн Бриклин және Боб Френкстон үй тапсырмасын тез орындауға көмектесетін және уақытты үнемдейтін әдіс ойлап табуды шешті. Олар тарихта бірінші рет электронды кесте бағдарламасын жазып, оны Visible Calculator сөзінен қысқартылған VisiCalc (Көрсеткіш калькулятор) деп атады. Сондықтан барлық электрондық кестелер бағдарламасы, оның ішінде Excel программасы Дэн мен Бобтың арқасында жүзеге асты. 1980 жылы кестелік процессорлардың пайда болуы кестелік

құжаттарды компьютердің көмегімен өңдеуге мүмкіндік туғызады. Бірінші болып VisiCalc кестелік процессоры жасалды.

Осыдан кейін-ақ электрондық кестелер (ЭК) тұжырымдамасын бірқатар фирмалар іліп алып кетті. Осылай VisiCalc, SuperCalc, Multiplan сияқты кестелік процессорлары пайда болды, содан кейін Lotus 1-2-3 кестесі жасалды. Біздің елімізде Computer Associates, Ins фирмасының SuperCalc-3-4-5 кестелік процессорлары кеңінен таралды. Содан кейін бірқатар орысша бейімделген АБАК, ДРАКОН, ВАРИТАБ-86 дестілері жасалынды. Осы күнге дейін қуаты аз компьютерлерде SuperCals-4.5 нұсқасы қолданылады.

Қазіргі компьютерлерде Microsoft Excel кестелік процессоры кең таралған. Microsoft Excel программасының жұмысымен танысамыз. Кестелерді өңдеу мыналардан тұрады:

1. Функциялар мен формулаларды пайдалана отырып әртүрлі есептеулер жүргізу.
2. Түрлі-түрлі факторлардың мәліметтерге тигізетін әсерін зерттеу.
3. Оптимизация (тиімді ету) есептерін шығару.
4. Белгілі бір критерийлерді қанағаттандыратын мәліметтер жиынын алу (табу).
5. Графиктер мен диаграммаларды тұрғызу.
6. Мәліметтерді статистикалық талдау.

Microsoft Excel – сандық кестелермен жұмыс істеуге арналған Microsoft Office-тің құрамына кіретін программа. Microsoft Excel-дегі ыңғайлы аспаптардың көмегімен алынған сандық мәндерді талдауға, сонымен қатар олардың нәтижесін кесте түрінде беруге болады. Есептеу кезінде 400-ден аса математикалық, статистикалық, қаржылық және басқа да арнаулы функцияларды, әр түрлі кестелердің өзара байланыстарын қарастыруға болады [2].

Microsoft фирмасының Excel бағдарламасы – кестелік процессорлар немесе электрондық кестелер тобына жататын ең кең тараған программалық кестелердің бірі. Бірақ Excel жәй программа емес, ол көптеген математикалық амалдарды, күрделі есептеулерді көрнекті етіп әр адамға түсінікті түрде жүргізе алады.

Ол кестедегі мәліметтерді пайдаланып, түрлі-түрлі диаграммалар тұрғызып, мәліметтер қоймасын жасап, олармен жұмыс істеуді, сандық эксперимент өткізуді және т.б. қамтамасыз ете алады.

Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың есептерін MS Excel-де шығару әдістемесі қарастырамыз.

№1. Төрт V сыныптың әрқайсысында 25 қыз бала 15 ер бала оқиды, үш VI сыныптың әрқайсысында 22 қыз бала 18 ер бала оқиды, үш VII сыныптың әрқайсысында 20 қыз бала, 20 ер бала оқиды. Мектеп директоры бір жұмыспен осылардың ішінен кез келген бір оқушыны шақырады. Шақырылған оқушының қыз бала болу ықтималдығын анықтау керек [1].

Шешуі: 1-суретте Excel –де көрсетілген.

Шақырылған оқушы V (H1) оқиғасы, VI (H2) оқиғасы VII (H3) оқиғасы сыныптардың бірінен болуы мүмкін, сондықтан бұл оқушының қыз бала болуы (B оқиғасы)

$$B = H_1B + H_2B + H_3B$$

Түрінде өрнектеледі. Толық ықтималдық формуласы бойынша болады.

Есептің шарты бойынша $P(B) = \sum_{i=1}^n P(H_i)P_{H_i}(B)$

$$P(H_1) = \frac{4}{10}$$

Өйткені оқушыны шақыру үшін алдымен он сыныптың ішінен кездейсоқ бір сынып Y сыныбының бірі аталады, H_1 оқиғасы орындалады, мұның ықтималдығы - $\frac{4}{10}$

$$P(H_2) = \frac{3}{10}, \quad P(H_3) = \frac{3}{10}$$

$$P_{H_2}(B) = \frac{22}{40}, \quad P_{H_3}(B) = \frac{20}{40}$$

болатынын байқау қиын емес. Сонда іздеген ықтималдық мынаған тең:

$$P(B) = \frac{4}{10} \cdot \frac{22}{40} + \frac{3}{10} \cdot \frac{22}{40} + \frac{3}{10} \cdot \frac{20}{40} = \frac{226}{400} = 0.565 = 56.5\%$$

Жауабы: $P(B) = 0.565 = 56.5\%$

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M
1													
2													
3													
4													
5													
6													
7													
8													
9													
10		H1	B(H1)	H2	B(H2)	H3	B(H3)	P(B)					
11		4/10	25/40	3/10	22/40	3/10	20/40	=(B11*C11)+(D11*E11)+(F11*G11)					
12													
13		H1	B(H1)	H2	B(H2)	H3	B(H3)	P(B)					
14		0,4	0,625	0,3	0,55	0,3	0,5	0,565					
15													
16													

1-сурет. №10 есеп. Excel программасы бойынша есептің шешімі

Дискретті кездейсоқ шамаларға есептер қарастыру:

Кездейсоқ шаманың қабылдайтын мәндерінің саны ақырлы болса немесе тізбек түрінде жазылса, онда ондай кездейсоқ шамаларды дискретті кездейсоқ шамалар деп атайды.

1-кесте

Дискретті кездейсоқ шамалар

X	x_1	x_2	...	x_n
P	P_1	P_2	...	P_n

4-ші кестенің жоғары жолында кездейсоқ шаманың мүмкін мәндері, ал төменгі жолында сол мәндердің сәйкес ықтималдықтары келтірілген.

$$\sum_{i=1}^n P_i = 1$$

№2. 5-ші кестеде және 2- суретте дискретті кездейсоқ шама мына үлестіріммен берілсін:

2-кесте

Дискретті кездейсоқ шама

x	-1	0	1	2
P	0,2	0,4	0,2	0,2

Сандық сипаттамаларын тап:

Шешуі:

$$M(X) = \sum_{k=1}^n x_k P_k$$


$$M(X^2) = \sum_{k=1}^n x_k^2 P_k$$

$$D(X) = M(X^2) - M^2(X)$$

$$M(X) = -1 \cdot 0,2 + 0 \cdot 0,4 + 1 \cdot 0,2 + 2 \cdot 0,2 = 0,4$$

$$M(X^2) = 1 \cdot 0,2 + 0 \cdot 0,4 + 1 \cdot 0,2 + 4 \cdot 0,2 = 1,2$$

$$D(X) = 1,2 - (0,4)^2 = 1,04$$



2-сурет. №2 есеп. Excel программасы бойынша есептің шешімі

Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистиканы оқытуда адамның күнделікті өмірі, дүниені танып-білу барысы кездейсоқ оқиғаға толы. Бұл кездейсоқтықтар өмірдің даму заңдылығына кедергі келтірмейді, керісінше, кездейсоқтық пен заңдылық біріне-бірі әсер етіп, өмірдің дамуына себепші болады.

Сонымен қорыта келгенде MS Excel бағдарламасын өмірмен байланыстыра оқытудың тиімділігі өте зор. Оқушылар MS Excel бағдарламасын пайдалана отырып өзін-өзі тексеруге, ұқыптылыққа, өз уақытын тиімді пайдалануға қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Қазешев А.Қ. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. Есептер жинағы. –Алматы, «Ғылым» ғылыми баспа орталығы 2005-183б.
2. Нурдуллаев Е.Г. «Информатика сабағында Ms Excel программасын өмірмен байланыстыра оқыту» 2015-2016 оқу жылы

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

*Ғылыми жетекші Турикпенова Сандугаш Жумановна
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
5B010700 – Бейнелеу өнері және сызу мамандығының
4 курс студенті Утенова Назерке Жанболатқызы
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты Арқалық, Қазақстан*

Аннотация: В данной статье рассматриваются повышения качества образования посредством использования новых технологий и информационно-коммуникационных технологий в образовании, с программой CORELDRAW предусматривается методом рисования.

Annotation: This article discusses the issues of improving the quality of education through the use of new technologies and information and communication technologies in education, CORELDRAW provides a drawing method.

Ключевые слова: интерактивное обучение, визуальное искусство, информационно-коммуникационные технологии, диалог, репродуктивный, Web-сайт, Power Clip, эллипс.

Keyword: interactive learning, visual art, information and communication technologies, dialogue, reproductive, Web site, Power Clip, ellipse.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру-қазіргі заман талабы. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық комуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізінде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Болашақ мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым – оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен көркемдік білімді жаңа технологиямен беру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп білемін.

Интерактивті оқыту әдістері тұлға аралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, “жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын” қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Осыған орай өзім «Білім берудегі жаңа технологиялар» атты элективті пәнде алынған білімді пайдалана отырып, 5 сыныптарда осыған сәйкес өз тобымда ұйымдастырылған іс-әрекетті Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың «Дамыта оқыту технологиясы», В.Ф.Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы», Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясы», М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» т.б. технологияларының элементтерінің жиынтығы оқытудың интерактивті оқыту технологиясының әдіс – тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға ықпал жасаймын [1, 4-5].

Жаңа технологиялар мұғалімдерден жаңа біліктілікті және оларды оқытуда жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді талап етеді. АКТ-ны сынып көлемінде білім беруге табысты кіріктіру мұғалімнің жаңа технологияларды педагогикадағы жаңа идеялармен біріктіру үшін оқу ортасын дәстүрлі емес тәсілмен құрылымдау, әлеуметтік белсенді сыныптарды дамыту қабілетіне байланысты болып табылады [2, 49-50].

Бұл ретте Арқалық қаласындағы № 6 Құнанбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектепте өткізілген эксперимент сабағымда оқытудың көптеген әдістерінен құралған интерактивті оқыту технологиясының тиімді әдістері мен топтық жұмыспен жұмыс жасату әдістерін қолданамын. «Көркем еңбек» сабағында 5 сынып өткізілген «Өнер және музыка мәдениеті» сабағын алайық. Бұл сабақта мен «Көш» ойынын пайдалануға болады. Бұл ойын тақырыпты ашуда көп көмегін тигізеді. Тақтаға жүк артқан 5 түйенің көш суреті ілінеді. Көш 5 түрлі түспен плакатқа салынады. Әр түйенің қомында тапсырмалар бар. Бірінші түйенің қомында мынадай тапсырмалар: 1. Визуалды өнер дегеніміз не? 2. Бейнелеу өнерінің қандай түрлері бар? 3. Бейнелеу өнерінің жанрларын атаңыздар?

Бұл сұрақтарға оқушылар өз мүмкіндігінше төмендегідей жауап бере отырып, постер жасайды. Бейнелеу өнері дегеніміз-халықтың талабынан туындаған белгілі бір еңбектің жемісі. Бейнелеу өнерінің түрлері: сәулет өнері, мүсін өнері, кескіндеме өнері, графика өнері, сәндік қолданбалы өнер. Әр бейнелеу өнерінің түрлерін таныстырғанда слайд материалдары мен бейне материалдар көрсетіліп таныстырылады. Бұл ойындардың нәтижесінде

мынадай жетістіктерге жетуге болады. Сабақта нашар оқитын оқушының өзі белсене араласып, ынталығын көрсетеді, яғни оқушылардың қызығушылығын туғызады, оқушының есінде ұзақ сақталады, ойлау қабілетін дамытады.

Егер диалог арқылы оқыту әдісін пайдаланатын болсақ – қарым-қатынасқа негізделеді: мұғалім-оқушы. Қазіргі таңда білім жүйесінде үлкен салмақ оқушының өзіне түседі. Диалог арқылы оқыту оқушы мұғалімнің түсіндіргенін меңгеріп ғана қоймай, мұғаліммен тікелей пікірталасқа көшеді. Диалог арқылы оқыту мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласында қойып отырған талаптарына сай, оқу үрдісіне қажетті әдіс оқушылардың тәртібіне, ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі әсер етеді. Диалог арқылы оқытуды сабақ процесінде қолдану, мұнда оқушылар қаралатын мәселені айқындап алады, өйткені талқыланатын мәселе бойынша білімі болмаса, пікірталасты өз мәнінде өткізе алмайды.

Көркем еңбек сабағында «Пейзаж. Табиғат пен үйлесім. Әуе перспективасы» тақырыбындағы сабақтың барысын талдайтын болсақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей көрініс табады:

- визуалды өнер бөлімдерін және оның әртүрлі бөлімдерін толықтай түсіну үшін медиаматериалдарды қолдану;

- оқушылардың белсенділігін арттыру үшін АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдану;

- медиақұралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсіну, сурет салу техникаларын талдау және салыстыру;

- АКТ қолдана отырып, таныстырылым дайындау, салыстыру, бағалау, зерттеу және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдеу.

- Көрнекілік әдістері (иллюстрациялар, көрсетілім, таныстырылым);

- Тәжірибелік әдістер (постер, сурет салу) жасау;

- Репродуктивтік әдістер;

- Өзіндік сурет салу (мұғалім басшылығымен және өз бетімен);

- онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы таныстырылымдар жасайды, салыстырады, жетілдіреді, бағалайды және бірлесе отырып, өз пікірлерін дәлелдейді, мастер кластар көрсетіледі;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы теориялық білімдерін жетілдіреді.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Демек жаңа технологиямен қаруланған мұғалім ғана, өркениетті ел болашағын тәрбиелей алады. Жаңа технологияны білім беру саласында тиімді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмысының сапасын арттыруға көмектеседі.

Бүгінгі таңда көркем еңбек пәнінде АКТ пайдаланып өткізу мүмкіндігі шектеулі. Дегенмен өзімнің «Компьютерлік дизайн» пәнінен CORELDRAW бадарламасының интерфейсі арқылы сабақ өткізу жоспарын жасадым.

CorelDraw-компьютерлік дизайн жұмысына арналған программа екені белгілі. Бұл программаны баспа материалдардан даярлауға қолданады: буклет, календарь, кітаптар иллюстрациясы, плакаттар, визитка, открытка, билеттер т.б. CORELDRAW бағдарламасын Web-сайт элементтері мен Web парақтарды безендіруге, техникалық құжаттарды, сызбалар, жоспар, схема сипаттамалары файлдарын жасақтауға қолданады. Біз енді осы бағдарламамен жұмыс жасауды үйретейік, ол үшін: программаны іске, қосқан кезде терезе ашылады да алғашқы орындайтын әрекетті аңдау мүмкіндігі пайда болады:

- Жаңа құжат құру
- Соңғы қолданылған құжатты ашу
- Құжатты жүктеу диалог терезесін шақыру
- Шаблон негізінде жаңа құжат құру [3, 121].

Аспаптардың функцияналдық қолданылуына қарай “График” тақтасы негізінен 4 топқа бөлуге болады.

1. Нысандарды құру аспаптары
2. Модификация және трансформация аспаптары
3. Бояуларды басқару аспабы
4. Баптау аспаптары

1. Нысандар құру аспаптары:

Freehand (Қисық сызық)

Rectangle (Төртбұрыш)

Ellipse (Эллипс)

Polygon (Көпбұрыш)

Basic Shapes (Базалық фигуралар)

Text (Мәтін) [4, 6].

2. Парақтың тігінен немесе көлденеңінен орналасуын таңдаймыз. Құралдың көмегімен тіктөртбұрыш сызамыз және оған көк түс құямыз.

Солтүстік жарқырауды сызамыз.

Құралдың көмегімен тіктөртбұрыш кез келген өлшемдегі тіктөртбұрышты сызып және түсті құямыз. Сызықтарды алып тастаймыз (абрис – абриссіз).

Осы тіктөртбұрышты тінтуірдің оң жақ пернесімен басып, қисыққа түрлендіру командасын таңдаймыз.

Содан кейін құралдың көмегімен пішін тіктөртбұрышты ерікті түрде түрлендіреміз.

Құралды еркін пішін алып, еркін сызықты өткіземіз. Сызықтың түсін анықтаймыз.

Тіктөртбұрышқа және интерактивті ағуды қолданамыз (сызық тікбұрышқа қатысты алдыңғы жоспарда болуы тиіс).

Алынған нысан үшін интерактивті мөлдірлік құралын қолданамыз және контурлар қалдықтарын алып тастаймыз.

Барлық элементтерді бөліп, тінтуірдің оң жақ пернесін нұқып, біріктіру командасын таңдаймыз. Содан кейін тапсырмалар тақтасында effects – Power Clip – контейнерге орналастыру және контейнер ретінде күлгін тіктөртбұрыш. Содан кейін сол бет белгіде Power Clip - мазмұнды өңдеу командасын таңдаймыз, бізге қажет және қайта Power Clip – өңдеуді аяқтау [5, 18].

4. Солтүстік жарықтың жарықтығын жою үшін тағы бір тіктөртбұрыш сызамыз, ашық көк реңкті кұйып, контурды алып, интерактивті мөлдірлікті қолданамыз.

5. Егер шыршаның суретін сызатын болсақ, құралдың көмегімен күрделі жұлдыз 16 және 6 шыңы бар жұлдызды сызамыз. Жасыл түсті кұйып, контурды алып тастаймыз.

Құралдың көмегімен еркін пішін еркін шағын тік сызықты өткіземіз және оған кез келген түс береміз.

Жұлдызға және желіге интерактивті ағуды қолданамыз (сызық күрделі Жұлдызға қатысты алдыңғы жоспарда болуы тиіс).

6. Қардың суретін сызатын болсақ, эллипс құралының көмегімен кез-келген өлшемдегі эллипс түсіреміз, ашық көкпен боялады, контурға арналған реңкті таңдаймыз.

Эллипсті қисыққа түрлендіреміз (тінтуірдің оң жақ пернесін басып, қисыққа түрлендіруді таңдаймыз) және құрал көмегімен эллипс кескінін бұрмалаймыз.

Құралды еркін пішін алып, көлденең сызық сызамыз, оны қажетті реңкпен кұямыз, бұл жерде эллипс пен интерактивті ағуды қолданамыз. Құрал көмегімен пішін пішіндерін түзетіп, пішімнің шекарасына қою үшін, қажет болған жағдайда қарды алдыңғы жоспарда орналастырамыз (тінтуірдің оң жақ пернесін басып, тәртіпті таңдаймыз – қабаттың алдыңғы жоспарына).

7. Тағы бір шырша салу және оны алдыңғы жоспарға орналастыру.

8. Біз тікбұрышты сызып, оны таңдап, Shift пернесін ұстап тұрамыз. Содан кейін есептер панелінде пайда болған мәзірде шыршаның шығыңқы бөлігін кесу үшін жеңілдету командасын таңдаймыз. Тіктөртбұрышты алып тастаймыз.

9. Алдыңғы жоспарда қарды аяқтаймыз.

Эллипс сызып, қисыққа түрлендіреміз, құрал арқылы пішін түзетеміз.

Градиентті кұюды пайдалана отырып, боямыз.

10. Енді алған нәтижені басып шығаруға және рамкаға қоюға немесе жартысын бүгіп қысқы мерекелерге кұттықтау ашық хаты ретінде пайдалануға болады [6, 9].

Қорыта келе айтарымыз, мұғалім ізденісі білім кепілі. Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Демек жана технологиямен қаруланған мұғалім ғана, өркениетті ел болашағын тәрбиелей алады. Жаңа технологияны білім беру саласында тиімді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмысының сапасын арттыруға көмектеседі.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басалым 2015 ж.

2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. Үлестірме материалдар бірінші апта. Бірінші басалым 2015 ж.
3. CorelDRAW X3. Самоучитель
4. Смолина М.А. isbn 5-8459-1134-6 беттер 640 шыққан жылы 2006 баспа
5. Смолина М.А. isbn 5-8459-0900-7 беттер 492 шыққан жылы 2005 баспа
6. Комолова Н.В. isbn 978-5-9775-0239-9 бет 656 шыққан жылы 2008 баспа

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША САНДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Узакова Боранкуль Зиядиновна
аға оқытушы, магистр
Халық И., Оралбаев М.
математика мамандығының 3 курс студенттері
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты*

Аннотация. В данной статье рассматривается, что цифровые образовательные ресурсы являются дидактическими материалами на конкретную учебную тему в соответствии с типовой учебной программой по дисциплине.

Ключевые слова: цифровые образовательные ресурсы, мультимедийный, интерактивные задания, тестовые вопросы, интернет-ресурсы электронной библиотеки.

Annotation. This article considers that digital educational resources are didactic materials on a specific educational topic in accordance with the standard curriculum for the discipline.

Keywords: digital educational resources, multimedia, interactive tasks, test questions, Internet resources of the electronic library.

Сандық білім беру ресурстары пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Олар оқу пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мультимедиялық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды және тестілік сұрақтарды қамтиды. Сандық білім беру ресурстары құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде. Сабақта анимациялық көрнекіліктер мен бейнероликтерді қолдана отырып жаңа материалды түсіндірудің педагогикалық амалдары мынадай мүмкіндіктер береді: проблемалық жағдаяттарды құру, салыстыру; зерделеп отырған құбылыстың басты белгілерін ажырата білу, белгілі бір дерек пен құбылысқа зейінін шоғырландыру; тірек сөздер, терминдерді дәптерге жазғызу, мұғалімнің сұрақтарына жауап беру, бейнеролик мәтінін қайталап айтып беру; оқушылармен әңгімелесу т.б.


Интеративтік тапсырмалар оқушыларға пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар, олардық стандарттық емес есептерді шығара алу, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін жетілдіреді. Тапсырмалардың түрлі болып келуі оқыту барысында білімді тек меңгеруден сол пән бойынша құзыреттерді қалыптастыруға қарай жүріп отырады, оқушылардың өмірдегі шынайы әрекеттерге шынайылықпен қатыса алмау мүмкіндігін жақсартады. Тәжірибелер оқушының түртпе арқылы іске асырылады. Бірізділікпен өтілетін нысандардың өзгерулер (геометриялық фигуралардың, зат формаларының, заттардың түстері т.б. өзгеруі) оқушыларға танымдық үдерісте белгілі бір нәтижелерді жасау мүмкіндігі болмайтын жағдаяттарда жаратылыстану ғылыми тәжірибелермен таныстаруға мүмкіндік береді.

Сандық білім беру ресурстарға жаттығулар орындау, картамен жұмыс жасау, сәйкестіктерді белгілеу, сөйлемдерді толықтыру, кесте құру, сөзжұмбақ, ребус шешу т.б. тапсырмалар енгізілген. Математика, алгебра, геометрия пәндері бойынша Сандық білім беру ресурстарда көптеген жағдайларда оқушыларға әрбір кездейсоқ таңдау бойынша ұсынылатын тапсырмалар базасының маңызы зор. Сол себепті, жауапты есте қалдырудың тек механикалық жаттанды түрінде оқушының саналы есте сақтауына қарай жүру логикасы қалыптасады. Білімді бақылау автоматтардырылған тестілеу есебінен жүргізіледі, ол оқушылардың білім жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір тақырып бойынша бақылау сұрақтарының саны оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай және тестілеуге берілетін уақытқа қарай ауытқып отырады

Үйренушілер үшін маңызды компонент болып келетін сандық білім беру ресурстар контентіне қолжетімділікті жүзеге асыратын сандық білім беру ресурстары интерфейсі. Ұлттық сандық білім беру ресурстар жобасын жүзеге асыру электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі құрылады (бұдан әрі – ЭОАЖ): білім беру ұйымдарының порталы, Ұлттық білім беру деректер баспасы (бұдан әрі – ҰББДБ), ішкі корпоративтік портал, электрондық кітапхана, білім беру ұйымдарын басқару жүйесі және <https://e.edu.kz> сайтында қолжетімді болып келетін электрондық оқытудың басқа компоненттері.

Электрондық кітапхана жоба аясында өңделіп орналастырылған сандық білім беру ресурстары бар электрондық кітапхана жобасының маңызды компоненті болып келеді. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ деретері бойынша электрондық оқыту жүйесінде Ақпараттандырудың ұлттық орталығы мен «Bilim Media Group» ЖШС мектептің 15, ал колледждердің 24 пәндері бойынша 14551 сандық білім беру ресурстарын өңдеп орындаластырады. Материалдар түрлі сыныптар, пәндер және тақырыптар бойынша бөлінген, әр оқушы өзіне қызықты тақырыпты еш қиындықсыз табалады. Материалдар екі тілде ұсынылған - мемлекеттік және орыс тілінде, мектептің 5 пәні бойынша 1212 сандық білім беру ресурстары ағылшын тілінде ұсынылып отыр[1, 2326].

Мұғалімдерге көмек ретінде Ақпараттандырудың ұлттық орталығы Сандық білім беру ресурстарын қолдану бойынша оқу-әдістемелік құралдарды және пәндер бойынша (математика, алгебра, геометрия, физика, химия) сандық білім беру ресурстар пайдаланушыларына арналған басшылықты өңдеді. Сандық білім беру ресурстарды пайдалану үшін Электрондық оқыту жүйесіне кіру керек. Ол үшін браузерының мекен-жайлық жолына <https://e.edu.kz> мекен-жайын теру керек (1-сурет бойынша).




1-сурет. ЭОЖ бастапқы терезесі

Сандық білім беру ресурстары Е-Кітапханада орналастырылған. Е-Кітапхана беті авторландырылған және авторландырылмаған пайдаланушылар үшін де қолжетімді болып келеді. Е-Кітапханаға кіру үшін Логин мен Құпия сөзді енгізу және «Кіру» батырмасына басу керек. Басты бетте сандық білім беру ресурстар таңдаулы, әрі маңызды ретінде жүйеленеді (2-суретте көрсетілгендей).




2-сурет. Е-Кітапхана терезесі (авторландыру арқылы кіру)

Авторландыру арқылы Е-Кітапханаға кірген кезде сандық білім беру ресурстарға сілтемесін жүктеуге болады (мысалы, үй тапсырмасына сандық білім беру ресурстар беру), берілген сандық білім беру ресурстар қатысуын қарау, рейтингті белгілеу - бағалау, түснiктеме қалдыру (3-суретте көрсетілгендей).



3-сурет. Сандық білім беру ресурстар әрекеті (авторландыру арқылы кіру)

Е-Кітапханаға пайдаланушы авторландырусыз кірген кезде сандық білім беру ресурстары тек маңызды ғана жүйеленеді (4-сурет бойынша), және сандық білім беру ресурстарға кіруін қарау, сандық білім беру ресурстарды бағалау, сандық білім беру ресурстарға түсініктеме беру сияқты әрекеттер мүмкін емес [2, 76 б].



4-сурет. Е-кітапхана терезесі (авторландырусыз кіру)

Оқу үдерісінде сандық білім беру ресурстарын қолдану арқылы төмендегілер:

Электрондық оқытудың уәждемелік мақсатты компонентін:

- мультимедиялық дыбысталған презентация; дыбысталған ойын презентациясы;
- анимациялық дыбысталған логикалық-құрылымдық сызба;
- интерактивті тапсырмалар;
- автоматтандырылған сауалнамалар;
- ойын тесттері;
- электрондық оқытудың мазмұнды компонентін:
- жаңа материалды мультимедиялық тұрғыдан түсіндіру;
- оқу бейнефильмі;
- дыбысталған ойын презентациясы;
- электрондық оқытудың операциялық іс-әрекеттік компонентін:

- виртуалдық зертхана жұмыстары;
- электрондық практикумдар;
- электрондық конструкторлар;
- компьютерлік өлшеуіштер;

Электрондық оқытудың бағалау - нәтижелі компонентін: сабақтардың тақырыптары бойынша тесттік бағдарламалар; тоқсан қорытындысы бойынша; жыл қорытындысы бойынша; ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық бойынша қамтамасыз етіледі. Жалпыға арналған сандық білім беру ресурстары арасында Интернет-ресурстар ерекше орынға ие, олар жаңа ақпараттың маңызды көзіне айналуға және сабақтарды модельдеу үшін айрықша материалды ұсына алады. Мұғалімдер бұны өздерінің күнделікті педагогикалық тәжірибесінде есепке ала алады. Интернет-технологиялары игеру қазіргі заманда мұғалімнің негізгі құзыретінің біріне айналды. Интернет-ресурстар мұғалім мен оқушылардың өз бетінше білім алуларының көзі және ұйымдастырушысы болып табылады, өз және өзгенің тәжірибесінің кәсіби рефлексиясына жәрдемдеседі, қоғамның заманауи даму деңгейінде қажет болатын оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамытады.

Оқу үдерісінде төмендегі Интернет-ресурстар пайдалану тиімді болады:

- а) арнайы тақырыптарды зерттеу мақсатында жоғары оқу орындары, компьютерлік фирмалар негізін қалаған білім беру ресурстары.
- ә) электронды кітапхана, әртүрлі энциклопедиялар, мәтіндер, сондай-ақ энтузиасттар құрастырылған әртүрлі ресурстар.
- б) өткізілген телекоммуникациялық жобалардың нәтижелері бойынша құрастырылған сандық білім беру ресурсы
- в) материалдарды ұсынған кезде гипермәтін арқылы өзара байланысты байқауға мүмкіндік беретін желілік ресурстар.

Әлеуметтік қызметтердің алуан түрлілігі әр мұғалімге жоба қатысушыларының ерекшеліктерін есепке ала отырып оларды таңдауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Кәсіби Интернет-ресурстардың сипаты, мақсатын тұжырымдауы және сапасы, сондай-ақ онда берілген материалдардың құрамы да алуан түрлі. Сондықтан да педагогикалық ғылым бір жағынан мұғалімнің қолында бар әдістемелерге жаңа мультимедиялық технологияларды бейімдеу әдістерін үнемі іздестіру үстінде, ал екінші жағынан компьютерлік технологияларды сабаққа енгізудің жаңа өзіндік әдістерін іздеу үстінде[3, 22 б].

Әдебиеттер.

1. 2015-2016 ж.ж. оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы. Әдістемелік-ұсыным хат. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясы, 2015. - 232 б.
2. Ахметова Г.К., Семченко А.А., Мухамбетжанова С.Т. және т.б. Білім беру ұйымдарындағы электрондық оқыту жүйесін әдістемесі. Әдістемелік құрал. - Алматы: РИПК СО, 2012. - 76 б.
3. Оқытуды басқару жүйесінің педагогикалық архитектурасы туралы. - Алматы: «Ақпараттандыру ұлттық орталығы» АҚ, 2011, - 22 б.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ БІР БАҒЫТЫ

Узакова Боранкуль Зиядиновна

аға оқытушы, магистр

Сейтжанар С.

математика мамандығының 3 курс студенті

*Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты*

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос математической грамотности в обучении, который является одним из наиболее эффективных методов подготовки и выпуска интересного человека к жизни, активному, всесторонне развитому в соответствии с требованиями сегодняшнего дня.

Ключевые слова: цифровые образовательные ресурсы, функциональная грамотность, тестовые вопросы, учебно-методическое, материально-техническое обеспечение.

Annotation. This article discusses the issue of mathematical literacy in learning, which is one of the most effective methods for preparing and releasing an interesting person to life, active, comprehensively developed in accordance with the requirements of today.

Key words: digital educational resources, functional literacy, test questions, educational-methodical, material and technical support.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер, түрлі өзгермелі жағдайлар білім беру жүйесінде де өзіндік әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға негізделген. Әлемдік білім кеңістігіндегі жалпы білім берудің басымдық мақсаты - өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға дайындау болып отыр.

Ұлттық бәсекелестік қаблеті бірінші кезекте оның білімділік деңгеймен анықталады. Осыған сәйкес Елбасы Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге бірқатар талаптар қойды.

Функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сонда-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасына білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасында және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық жоспарында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат - жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл үлкен жауапкершілік артатын үлкен мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, ол әрбір

оқушының жеке басының қасиеттері мен қаблеттерін дамытып, шығармашылығын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Ұлттық жоспарда Қазақстан мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері айқындалды. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды.

Бүгінгі күні ұстаз алдындағы басты міндет - оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыру. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Негізгі құзыреттілік - бұл мемлекеттің орта мектеп бітіруші тұлғаның сапасына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру нәтижелері түрінде қоятын талаптары.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол - оқытудағы математикалық сауаттылық. Математикалық сауаттылық - математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептеді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану болып табылады. Осыған орай төменде математикалық сауаттылыққа есептер берілген [1].

№1. Егер көпбұрыштың бұрыштарының қосындысы он екі бұрыштың бұрыштарының қосындысынан екі есе кем болса, онда көпбұрыштың қырлар саны қанша?

- A. 12
- B. 7
- C. 6
- D. 9
- E. 15

Шешуі: Ішкі бұрыштар қосындысы $(n-2) \cdot 180^\circ$. Сыртқы бұрыштар қосындысы 360°

Дұрыс көпбұрыштар: ішкі бұрыштары тең: $\theta = \frac{(n-2) \cdot 180^\circ}{n}$. Сыртқы бұрыштары тең: $\alpha = 180^\circ - \theta = \frac{360^\circ}{n} - \frac{(n-2) \cdot 180^\circ}{n} = \frac{(2-n) \cdot 180^\circ}{n} \Rightarrow n-2=5 \Rightarrow n=7$

Жауабы: B

№2. Бұйымның бағасы 14% қымбаттағанда 228228 болса, бұйымның алғашқы бағасы қанша теңге болды.

- A. 200002
- B. 200020

- С. 200200
 Д. 202000
 Е. 220000

Шешуі: $(100\% + 14\%) \cdot 228228 - 100\% : x \Rightarrow x = \frac{228228 \cdot 100\%}{114\%} = 200200$

Жауабы: С

3. Егер көпбұрыштың бұрыштарының қосындысы он екі бұрыштың бұрыштарының қосындысынан екі есе кем болса, онда көпбұрыштың диагональдар

- А. 12
 В. 14
 С. 6
 Д. 9
 Е. 15

Шешуі: Көпбұрыштар (көпбұрыштың қабырғалар саны $n \geq 3$). Ішкі бұрыштардың қосындысы $= (n-2) \cdot 180^\circ$. Диагональдар саны $= \frac{n(n-3)}{2}$,

$$(n-2) \cdot 180^\circ = \frac{(n-2) \cdot 180^\circ}{2} \Rightarrow n-2=5 \Rightarrow n=7, m = \frac{7 \cdot (7-3)}{2} = 14$$

Жауабы: В

№4. Тікұшақтың жылдамдығы автомобильдің жылдамдығынан 85км/сағ артық. Олардың жылдамдықтар қатынасы 35:18 қатынасындай. Тікұшақ пен автомобиль жылдамдықтарын анықтаңдар.

- А. 185км/сағ; 80км/сағ
 В. 190км/сағ; 75км/сағ
 С. 170км/сағ; 95км/сағ
 Д. 175км/сағ; 90км/сағ
 Е. 180км/сағ; 85км/сағ

Шешуі:

$$\begin{cases} v_t = v_a + 85 \\ \frac{v_t}{v_a} = \frac{35}{18} \\ v_t = ?, v_a = ? \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} v_t = v_a + 85 \\ \frac{v_a + 85}{v_a} = \frac{35}{18} \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} v_t = v_a + 85 \\ 35v_a = 18(v_a + 85) \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} v_t = v_a + 85 \\ 17v_a = 1530 \end{cases} \\ \Rightarrow \begin{cases} v_t = 90 + 85 = 175 \\ v_a = 90 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} v_t = 175 \\ v_a = 90 \end{cases}$$

Жауабы: Д

№5. Сыныптағы әрбір оқушы өз жолдастарын мейраммен құттықтауды ойлады. 1332 құттықтау ашық хат жолдаған болса, сыныпта қанша оқушы болғанын анықтаңдар.

- А. 37
 В. 39

- С. 42
 Д. 27
 Е. 35

Шешуі:

$$A_n^2 = 1332 \Rightarrow \frac{n!}{(n-2)!} = 1332 \Rightarrow \frac{n(n-1)(n-2)!}{(n-2)!} = 1332 \Rightarrow n^2 - n - 1332 = 0$$

$$\Rightarrow n = \frac{-(-1) \pm \sqrt{(-1)^2 - 4 \cdot 1 \cdot (-1332)}}{2 \cdot 1} \Rightarrow \frac{1 \pm \sqrt{5329}}{2} = \frac{1 \pm 73}{2} = \begin{cases} n = 37 \\ n = -36 \end{cases} \Rightarrow n = 37$$

Жауабы: А[2].

Әдебиеттер:

1. Бекболат.Қ., Сердалы А. Математикалық сауаттылық. Оқу-әдістемелік құралы. Республикалық «KAZBILIM» орталығы Астана 2017ж
2. Әлімбетов Н., Бейсекев Ж. Математикадан логикалық есептерді шешуге арналған әдістемелік құрал. Шымкент, 2016ж

ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУДА БИОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ІРІКТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Шаймерденова Гүлсана Залқызы
 PhD докторы*

*Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
 Тараз, Қазақстан*

*Ермекбаева Акбоне Тонтаевна
 PhD докторы*

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
 педагогикалық институты
 Арқалық, Қазақстан*

*Сейдахметов Нуралы Куракбаевич
 Н.Киікбаев атындағы мектеп-гимназия
 Тараз, Қазақстан*

Аннотация. В контексте среднего образования виртуальные компьютерные технологии направлены на использование богатого педагогического потенциала традиционного образования, выводя учебный процесс на новый уровень. Посредством виртуальной лабораторной работы практикующие повышают свою способность работать независимо от явлений окружающей среды, развивают способность находить решения жизненных ситуаций и увеличивают знания, полученные в повседневной жизни. Поэтому использование виртуальной лабораторной работы, которая способствует самостоятельному обучению студентов в процессе обучения, является неотъемлемой частью стратегии электронного обучения.

Ключевые слова: Виртуальные лабораторные работы, информационные ресурсы, инновационная деятельность, биологическое образование, отбор биологического содержания.

Summary. In the context of virtual education of virtual computer technologies, the use of the pedagogical potential of traditional teaching has been applied, resulting in the learning process on the new level. The virtual laboratories of the experimental practitioners are able to work

indefinitely in their ability to live in the surrounding environment, develop the solution of living conditions and increase the recognition of those who are already in the path of life. Use of virtual laboratory work, which helps to provide students with the ability to teach themselves in a process of learning, stratigraphy is an indefinable epitomic of e-learning.

Key words: Virtual laboratory work, information resources, innovation, biological education, biological content selection

Біздің елімізде де білім беру жүйесіндегі жаңашылдық қатарынан ақпараттық кеңістікті құру күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Білім алушыларға оқытудың инновациялық технологиялары арқылы түрлі формада ақпараттар беруге және олардың қабылдау мен ойлау үдерісін белсендіруге, назарларын ұшқырландыруға, әлемдік ақпараттық ресурстарды пайдалану дағдыларын жетілдіруге болады. Білім алушылардың инновациялық іс-әрекеті жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты аспектілермен сипатталады, яғни олардың оқу әрекетіне араластыру.

Биологиядан виртуалды зертханалық жұмыс, қазіргі таңда білім алушылар мен педагогтардың көңілін өзіне аударып отырған биологиялық білім берудегі болашағы зор, ауқымы кең сала болып отыр.

Оқу практикасына виртуалды зертхананы енгізудің өзектілігі, *біріншіден*, қазіргі уақыттың ақпараттануы болса, *екіншіден*, оқытуды ұйымдастырудағы нормативтік талаптар, яғни, білім беру стандарттарындағы өзгерістер болып отыр.

Олай болса, біз виртуалды зертханаларды жасау үшін биологиялық мазмұнды іріктеуді мемлекеттік білім беру стандарттарына талдау жасаудан бастадық.

Жоғары оқу орнындағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты биология пәнін оқытуда келесі мақсаттарға қолжеткізуді болжайды:

- әлемнің заманауи жаратылыстану ғылымын қалыптастыруда биология ғылымының рөлі туралы; тірі табиғатты тану әдістері туралы білімдерді игеру;

- табиғи құбылыстарды бақылау, бақылау нәтижелерін сипаттау және жинақтау, тірі табиғат процестері мен құбылыстарын, жеке ағзаның тіршілігін түсіндіру үшін биологиялық білімдерді пайдалану; биологиялық нысандарды және оның жеке ағзаның жағдайын бақылау, биологиялық эксперименттер жүргізу;

- тірі ағзаларды бақылау, биологиялық эксперименттер, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс істеу барысында танымдық қызығушылықтарды, интеллектуалды және шығармашылық қабілеттіліктерді дамыту;

- қоршаған ортаны тануға, адамзат қоғамын әрі қарай дамыту үшін ғылым мен технологияның жетістіктерін саналы түрде пайдалану қажеттілігіне көз жеткізуге тәрбиелеуге; тірі табиғатқа, жеке денсаулыққа және басқа адамдардың денсаулығына құндылықты қарым-қатынас жасауға тәрбиелеуге; табиғаттағы өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеуге баулу;

- ауыл шаруашылығында және өндірісте пайдаланылатын заттар мен материалдарды биологиялық тұрғыдан дұрыс пайдалану үшін алған білім мен шеберліктерді пайдалану; күнделікті өмірдің практикалық міндеттерін шешу үшін, тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін; өсімдіктерді, жануарларды күту үшін күнделікті өмірде алған білім мен шеберліктерді пайдалану қабілетін қалыптастыру және дайын болу[1-2].

Осыған сәйкес, біз ғылыми зерттеу бағытымызға байланысты, 5B011300 – «Биология» мамандығы студенттеріне 1-курста оқытылатын элективті

курстардың бірі «Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсы оқу бағдарламасында қарастырылатын «Кеміргіштердің саркоспоридиялары» тақырыбында виртуалды зертханасының электрондық әдістемелік нұсқаулығын жасау басты мақсатымыз болды.

Виртуалды зертханалық жұмыстарды жасамас бұрын, «Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсының мазмұнына талдау жасауды жөн көрдік.

Жалпы, «Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсының негізгі мақсаты: білім алушыларға зоологияның қазіргі ғылыми жетістіктері мен осы заманғы жинақталған білім қорына жүгіне отырып, жоғарғы және төменгі сатыдағы жануарлардың көбеюін, эволюциясын, филогенетикалық байланысын, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасымен таныстыру болып табылады. Жоғарыда аталған мақсатқа сәйкес «Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсының негізгі міндеттері:

- жануарларды классификациялаудың теориялық және тәжірибелік маңызымен таныстыру, органикалық дүниенің қазіргі заманғы жүйесін оқыту;
- төменгі және жоғарғы сатыдағы жануарлар туралы түсініктер қалыптастыру;

- таксономиялық категорияларды ажырата білуге үйрету;

- филогенетикалық жүйені құрудың принциптері туралы түсінік беру.

«Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсы оқу нәтижесінде білім алушы: зерттейтін материалдарды талдауды, сол немесе басқа да жануарлар тобының морфологиялық және биологиялық ерекшеліктерін білу арқылы сипаттама беруді, ұйымдасу деңгейіне көтерілуін қадағалауды, филогенетикалық өзара әрекетін түсіндіруді, ғылыми зерттеудің негізгі әдістемесін игеру және зерттеуге арналған нысанды таңдауды, таксономиялық бірлік туралы негізгі түсінікті алуды, жергілікті фаунаға сүйене отырып, айырмашылығын білу қажет.

Біздің зерттеуіміз, биология сабағында виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдану арқылы күрделі ғылыми құбылыстар мен заңдылықтарды күнделікті өмірлік мысалдар негізінде графикалық жолмен көрнекі түрде қарапайым түсіндіру.

«Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсының мазмұнына және омыртқасыздар зоологиясы бойынша үлгілік бағдарламасындағы тақырыптық жоспар мазмұнына салыстырмалы талдау жасадық. «Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсының жұмыс бағдарламасы мазмұнына сәйкес, пән жалпы 3 кредит (135 сағат) оның ішінде кеміргіштердің саркоспоридияларына, яғни, кокцидиятәрізділер класы (*Coccidiomorpha*), соның ішінде кокцидиялар отряды бойынша жасушада паразиттік тіршілік етуімен байланысты құрылысындағы ерекшеліктерін, кокцидиялардың даму кезеңі және олардың жануарларға жұғу тәсілдерін қарастырады. Құстар мен сүтқоректілер кокцидиозы мен оларды жою шараларына ғана тоқталады, жалпы саны 1 сағат дәріс, 2 сағат зертханалық сабақ және 3 сағат студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстары (СОӨЖ) мазмұнында ғана көрініс табады.

Сол себепті «Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсы мазмұнының тиісті тақырыптарында кеміргіштердің саркоспоридиялары туралы, бізге дейінгі негізгі ғылыми - теориялық зерттеулерге талдау жасалды. Кеміргіштердің саркоспоридияларының тіршілік ерекшеліктерін білім беру жүйесінде пайдалану мүмкіндіктерінің ғылыми негіздері туралы зерттеуші ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, жалпылама теориялық түсінік беруді жөн көрдік [3, 93.].

Жоғарыда аталған, ғылыми-теориялық зерттеулер нәтижесінде, біз «Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсы бойынша оқу бағдарлама мазмұнын келесі тақырыптармен толықтырдық.

«Омыртқасыздар зоологиясы» элективті курсының бағдарламасына енгізілген тақырыптар

р/с	Тақырып аттары	Дәріс	Виртуалды зертханалық жұмыстар	СӨЖ	СӨЖ
1	Споралылар типі – <i>Sporozoa</i>	1			
2	Кокцидиоздардың диагностикасының зертханалық әдістерін меңгеру. Фюллеборн әдісі		1		
3	Ғалымдардың ашқан жаңалықтары	1			
4	Дарлинг әдісімен кокцидий ооцисталарын қарау		1		
5	Саркоспордиялар - <i>Sarcocystis</i>	1			
6	Микроскопиялық әдіс		1		
7	Үй тышқандарының (<i>Mus musculus</i>) саркоцисталары	1			
8	А.Козелкин әдісімен цисталық мерозоиттар құрылымын анықтау		1		
9	Кеміргіштердің саркоспоридияларымен залалдану жолдарын және қоздырғыштарының морфологиясын анықтау	1			

Зерттеу нәтижелері бойынша мәліметтер алғаш рет біз ұсынып отырған «Кеміргіштердің саркоспоридиялары» тақырыбында виртуалды оқу-танымдық зертханасының электрондық әдістемелік нұсқаулығына ендірілді.

Болашақ биолог мұғалімдер мұндай зерттеу мәліметтері нәтижесінде, кеміргіштердің саркоспоридияларының тіршілік ерекшеліктері туралы жаңа материалдармен ғылыми-теориялық білімін толықтырумен қатар, олар болжам жасау, шешім қабылдап, оның себеп-салдарын анықтау біліктерін меңгереді. Биология ғылымындағы жаңалықтарды жүйелі түрде оқыту студенттердің жалпы биоалуантүрлілік және олардан қорғанудың алдын алу туралы көзқарастарын қалыптастырады, жеңілдетеді және кеміргіштердің саркоспоридиялары туралы білімін терең меңгеруіне мүмкіндік береді. «Кеміргіштердің саркоспоридиялары» тақырыбында виртуалды оқу-танымдық зертханасының электрондық әдістемелік нұсқаулығын ұсынудың қажеттілігі, білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың

әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы бағытта қазіргі кезде ғылымның қарқынды дамуына байланысты әрбір ғылым негізінің мазмұны кеңейіп, тереңдеп, сәйкесінше, оларды оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдері де пайда болуда. Сол себепті әр пәнді оқыту әдістемесі жеке ғылым саласы болып қалыптасып, ірге тасы қалануда.

Солардың бірі, компьютерлік білім беру саласындағы шынайы әлем нысандарының тәртібін үлгілеуге көмектесетін және студенттерге өздігінен жаңа білім мен іскерліктерді игеруге көмектесетін виртуалды зертханалар педагогтардың назарын аударып отыр.

Осылайша, осы заманғы білім жағдайындағы виртуалды процесс оны жаңа, виртуалды компьютерлік технологиялар деңгейге шығара отырып, дәстүрлі білім берудің бай педагогикалық әлеуетін пайдалануға бағытталған. Бұдан басқа, виртуалды ақпараттық-оқыту зертханалары жағдайында оқу модельдері арқылы білімнің жаңа салаларын зерттеуде болашақ мамандардың қоршаған орта құбылыстарын танып-білуде өздігінен жұмыс істеу қабілеті артады, өмір сүру барысында туындайтын міндеттерді шешу жолдарын өздігінен табу мүмкіндігі қалыптасады, алынған білімді тәжірибе жүзінде пайдалануға даярлығы артады. Ендеше, болашақ мамандардың өздігінен жұмыс істеуіне септігін тигізетін виртуалды зертханаларды пайдалану электронды білім беретін компьютерлік өнімді ендіру стратегиясындағы сәттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Сол себепті, танымдық іс-әрекетті қалыптастыруды мақсатты түрде ұйымдастыруға бағытталған және кеміргіштердің саркоспоридияларының биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері туралы ғалымдардың зерттеу жұмыстарын қолдану арқылы, сонымен қатар өзіміздің жоғарыда аталған зерттеулеріміздің нәтижелері негізінде Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің «Биология» кафедрасының 5В011300 – «Биология» мамандығының 1-курс студенттеріне арналған «Кеміргіштердің саркоспоридиялары» тақырыбында виртуалды оқу-танымдық зертханасының электрондық әдістемелік нұсқаулығы жасалды.

Әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. 23 тамыз 2012 ж. бекіт. Жарлық № 1080 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.
- 2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. 13 мамыр 2016 ж. бекіт. Жарлық № 292. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs> 92 Cassandra L Quave. I.
- 3 Типтік оқу бағдарламалары. Жоғары кәсіптік білім. Зоология 050113 – «Биология» мамандығы үшін. 11.05.2005 ж. бект. Бұйрық № 289. – Алматы, 2005. - I бөлім. – 93 б.

РОБОТОТЕХНИКА – БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ

*Калижан Жанерке Омиржанкызы
информатика мамандығының 3 курс студенті*

Шонгалова Камар Серикбаевна

ж.з.м., аға оқытушы

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық

институты

Арқалық, Қазқастан

Аннотация. Роботы - часть стремительно надвигающегося будущего высоких технологий. В настоящее время на планете Земля в сфере робототехники революции происходят чуть ли не каждую неделю. Роботы спасают людей, работают в экстремальных условиях, заменяют живое общение, исследуют планеты Солнечной системы и многое другое.

Ключевые слова: Робототехника, мобильный-человек, 3D-принтеры, онлайн-трейдинг, мобильный банкинг, цифровые услуги.

Annotation. Robots are part of the fast-paced future of high technology. Currently, on planet Earth in the field of robotics, revolutions occur almost every week. Robots save people, work in extreme conditions, replace live communication, explore the planets of the solar system and much more.

Keywords: Robotics, mobile-man, 3D-printers, online trading, mobile banking, digital services.

Роботтар - қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғарғы технологияларының бірі. Қазіргі кезде роботтар өміріміздің көптеген саласына, атап айтқанда, ғарышты игеру, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс ісі және басқа да салаларға еніп үлгерді.

Қазақстан Республикасында өнеркәсіптің жеделдетіле индустрияландырылуы, жаңа технологиялардың қарқынды дамуы өскелең ұрпақты жоғарғы білікті техникалық сала мамандары ретінде даярлауды талап етеді. Осыған байланысты «Робототехника – болашақтың бағдары» тақырыбында мақала әзірледік.

Мақалада қазіргі заманғы білім беру саласындағы жаңа трендтер қарастырылады – бұл Smart-оқыту, білім берудегі робототехника, сыныптан тыс оқыту, саябақтардағы оқу, әлеуметтік медиа, білім берудегі ойындарға оқыту, жаратылыстану пәндерін оқыту әдістері.

Smart ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» деген мағынаны білдіреді. Ал технологиялық сипатта да осы мағынада жұмсалады. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атаймыз. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобильді оқыту, кез келген жерде, кез келген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады.

Smart оқыту - оқытудың жаңа түрі, қарқынды дамып келе жатқан бірегей үдеріс. Бұл әлеуметтік желілер арқылы білім алу, алмасу, жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту қызметі, оқушыға бағытталған, бағдарланған, орталықтандырылған оқыту ортасы, ең соңында Smart құрылғыларды пайдалана отырып оқыту деген тұжырымдарды қамтиды.

Smart, технология ретінде танылып дамыды.

Біз ең бірінші, мобильді құрылғы мен Smart технологияның ара жігін ашып алайық. Mobile - ағылшын сөзі, қозғалмалы, икемді деген мағынан береді. Мәселен, бұл сөз автомобиль, аэромобиль, мобильді телефон деген сөздерде жиі кездеседі. Сонымен мобиль - адам әрекетін жеделдететін, қандай да бір затқа шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрылғы. Қазір біз өмірімізді осы мобильдік құрылғыларсыз мүлдем елестете алмаймыз. Ақпараттың мобильдік құрылғылар арқылы дамуы ақпараттық ортаның қарқынды дамуына, сол арқылы мобильдік құрылғыны пайдаланушылар санының бірнеше есе артуына алып келді. Соған байланысты интернет дамыды, сымсыз интернет пайда болды, әрине, осыған орай мобильдік құрылғының қосымшаларын үлкен қарқынмен дамытып отырған әлемдік нарық қалыптасты.

Ең алдымен, техникалық мүмкіндіктері зор: байланыс құралы, Wi-Fi, мәліметтерді мобильді тасымалдау (GPRS, 3G, 4G) фото/бейне камера, ақпаратты енгізу функциялары, т.т. Мұндай мүмкіндіктерді пайдалану үшін алдымен, бағдарламалық қамтамасыз ету ортасын пайдалану қажет. Мәселен, күнделікті өзіміз пайдаланып жүрген Google - smart технологияларды әзірлеуші алпауыт компаниялардың бірі. Google сервисінің ауқымы өте кең, онымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарламаларының сапасы өте жоғары. Бұл жалпы жарнама емес, шын мәніндегісі осы.

Smart құрылғыларды өздігінен басқарып үйрену өте жеңіл. Ең алдымен қолданушыларға айтар кеңесім еш қорқынышсыз қандай да бір кедергілерге қарамастан, техникалық құрылғыларды пайдалана беру керек. Себебі қазіргі техникалық құрылғылар адамның тәжірибесінің болу-болмауына қарамастан, сезім деңгейінде пайдаланып, керегіңізді ала білуіңізге мүмкіндік береді. Бұл құрылғыларды құрастырушылар адамның пайдалануын мейлінше жеңілдетуді қарастырған. Құрылғы пайдалануға ыңғайлы әрі жеңіл болған сайын оны пайдаланушылардың да саны арта түседі [1].

Бүгінгі таңда робототехника – білім беру ісіндегі басты бағыттардың бірі. Азияның кейбір елдерінде робототехника сабағын күн сайын бес миллион оқушы қатысады. Біз үшін де мектептерде робот техникасын үйрету - негізгі міндеттердің бірі. Әлемнің басқа елдерінен қалмауымыз керек.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың биылғы жылғы Қазақстан халқына жолдаған жолдауында «Мемлекет құрудағы бірегей бай тәжірибеміз арқылы, біз жаңа кезеңге енуіміз жайлы айтылған. Шындығында да біздің басты күшіміз - бірлігімізде. Сондықтан да, қандай қиындықтар кездесседе, біз оларды еңсеретінімізге сенімдімін. Жолдауда «Сандық Қазақстан» жаңа бағдарламасының кезекті қадамын еңсеру Қазақстанның әрбір азаматына жауапкершілікпен жүктеледі. Бұл - маңызды кешенді міндет. Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Елімізде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да салаларды дамыту жолға қойылуда. Осы жылы білім беру жүйесінің жаңа стандартына көшудеміз.

Біздің міндетіміз - білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Балаларға автоматтандыру үрдісінмен, яғни робототехникамен қалай жұмыс істейтінін түсіндіру маңызды. Робот жасау арқылы балалардың ойлау қабілеті дамиды, бағдарлама жасап үйренеді және олардың ғылымға қызығушылығын оятып болашақ мамандыққа баулуға жол ашады.

Сондай ақ Оксфорд университетінің ғалымдары Карл Бенедикт пен Майкл Осборн жақын жылдары 700 жуық түрлі мамандықтар компьютерлер мен автоматтандырудың ықпалына түсетінін жазады. АҚШ-та алдағы 10-20 жылда (2035 жылға дейін) барлық жұмысшылардың 47%-ның орнын робототехника ауыстыруы мүмкін. Яғни, адамдарды автоматтар ауыстырады. Адамдар өздерінің жұмысын сақтау әрі күшейту үшін кәсіби дағдыларды үнемі күшейтулеріне тура келеді. Демек, адамдардың өздерінің жұмыс орнын жоғалтпау үшін автоматтармен бәсекелесуі тиіс. Адамның жай ғана жұмысқа келіп-кетуі жұмыс берушіге тиімсіз шығынға айналады. Сол үшін адамдар өзін-өзі дамытуға, еңбек құндылықтарын сапалы деңгейге көтеруге мұқтаж болады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі техниканың басым бағыттарына тоқталар болсақ, онда робототехника - электроника базасында автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеу үрдісі туралы ғылым, механика және бағдарламалау. Робототехниканың негізінде оқушылар математика, физика, информатика және басқа жаратылыстану-ғылыми бейіндер пәндерінде алған білімдері мен дағдыларын интегралдай отырып, роботты техниканы, инженерлік дағдыларды қалыптастыруға және технологияларды оқып үйренуге мүмкіндігі жоғары. Сол сияқты технология заңдар технологиясы, білім құбылыс түсіну, оқушыға уақыт талаптарын қанағаттандыру және қазіргі өмірдегі өз орнын табуға мүмкіндік береді [2].

Роботтармен айналысуды көбінесе техникалық мамандар бастайды. Зертханалар өндіретін роботтар тұрмыстық мақсаттаға тез шығарылады. Әлемде мыңға жуық кәсіпорын өндіретін ұқсас құрылғылар, көбінесе адамды жұмыс орнында алмастыратын роботтарды ойлап табуда.

Болашаққа жылжып келе жатқан жоғары технологиялар - ғарыш, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздік, қорғаныста және көптеген салаларда пайдаланылады.

Осыған байланысты, 2016 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептерде «Роботты техника негіздері», «Лего-роботтар» енгізілуіне байланысты элективті курстар, үйірмелер ұйымдастырылуда.

Мектеп оқушылары 5-7 сыныптар LEGO MINDSTORMS EV3 конструкторлары пайдаланылатын болады және оқушыларға практикалық тәжірибе алу, шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға және өз потенциалын ашуға мүмкіндік алады.

8-10 сыныптарға арналған бағдарлама сыныптардың кіші топтарына арналған LEGO конструкторына қарағанда күрделірек болып табылатын Arduino микроконтроллерінің базасындағы роботтарды әзірлеуге негізделген. Оқыту бағдарламаларына сәйкес әр сыныпты оқытуға арналып дайындалған сәйкестік оқу материалдарының өзіндік бірегей бағдарламасы болуы мүмкін.

«Не үшін робототехника?»

Біріншіден, бұл әлемде ғылыми зерттеулердің басым бағыты. Роботтар өндірістің жоғары технологиялық салаларына еніп, біздің өмірімізде күнделікті тұтынатын теледидар немесе телефон сияқты қалыптасқан затқа айналуға. Ерте ме, кеш пе роботтар адамның алмастырылмайтын көмекшілері болмақ, бірқатар қауіпті және ауыр жұмыстарды өз мойындарына алатынына ешкім күмән келтіре алмайды. Инженерлер құрастырған және программалаушы роботтар қазірдің өзінде үлкен сұранысқа ие, қазіргі заманғы қоғамда және болашақта әлі көп сұраныста болады.

Екіншіден, білім беру стандарттарының талаптарына жауап беретін робототехника сабақтары. Робот құрастыру үрдісі - шығармашылық, берілген тапсырмалардың дайын жауаптары жоқ. Сондықтан да жаңаны іздеу үшін, бұрынғы бар білімін пайдалануға тура келеді. Баланың кеңістіктік ойлау, логикалық, конструкторлық дағдыларды дамыйды, математикада және физикада алған білімін тәжірибеде қолдану үшін оқиды, командада жұмыс істеу арқылы қателерді талдауға, бірдеңені ойлап табуға үйренеді.

Үшіншіден - тұлғаның дамуы үшін мақсат қоя білуге негізделген шығармашылық іс-әрекеттік тәсіл. Компьютерлік технологиялар заманында өмір сүретін жеке тұлғаны шығармашылық тұрғыдан қалыптастыруға бағытталған. Курс аясында оқушылар әлемдік робототехниканың жетістіктері және даму бағыттары туралы біледі, Lego-роботтарын, Fischertechnik Education-роботтарын программалайды және деректер моделін құрастыруды ойлап табады. Қорытындысы, оқушылардың ұсыну және қорғау үшін құрылған шығармашылық модельдері болып табылады [3].

Информатикада ең күрделі болып табылатын бөлімдерінің бірі бағдарламалау тілі болып отыр. Информатика сабағында программалау тілі басталғанда оқушылардың қызығушылығы төмендейді, енжерлық, төмен үлгерім көбейеді. Мұғалімнің міндеті - оқушыларға қазіргі заман қоғамның талаптарына жауап беретін пәндегі өзекті мазмұнды көрсету. Бұл робототехникаға көмектесе алады, өйткені робототехникалық жүйені бағдарламалық басқарудың серпінді дамитын бағыттарының бірі бағдарламалау. Робототехника сабақтары 5-6 сынып оқушыларына қиын-бөлім «Алгоритмика және бағдарламалау негіздерін» қиындықсыз жүргізуге мүмкіндік береді, негізгі алгоритмдік құрылымдарды үйрену: программаның қадамдарын игеруді, зерделеп нақтылайды.

Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі робототехника сабақтары оқытылса, енді жалпы білім беретін мектептерге енгізілуде. Онда информатика пәні мұғалімдері робототехника негіздерін үйретеді. Жалпы орта мектептерде үйірме негізінде «Lego» роботтарын үйретеміз.

Lego Mindstorms EV3, Fischertechnik Education Robotics Advareed конструкторлары пайдаланылатын оқу платформасы болады және оқушыларға практикалық тәжірибе алу, инженерлік, нұсқаушы, шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға және өз потенциалын ашуға мүмкіндік береді. Оқушылар түрлі есептерді шешу үшін роботтарды құрастыруды, құрылымдауды, үлгілеуді және

бағдарламалауды жүзеге асырады. 21 ғасыр техниканың даму ғасыры болғандықтан, компьютерлер мен роботтар адам өмірінде алатын орны өте зор.

Робототехниканы зерттеу оқушылардың болашақта ізденісін одан әрі дамытуына ықпал етеді. Оқушылар робот құрастыра отырып, өзінің автоматтандырылған құрылғыларын құрады, оларды қадағалайды және эксперимент жүргізеді, моделдің практикалық қолданылуын іздейді, ғылыми бағыттағы инженерлік мамандықтың іргетасын қалыптастырады. Оқушылар нақты мақсат қоюға үйренеді, өмірдегі проблемаларды шешу үшін сыни ойлайды және шығармашылық дағдыларын қолданады.

Егер бұрын қыздар еңбек сабағында алжапқыш тігіп, ал ұл балалар ағашпен немесе металлмен жұмыс істесе, онда қазіргі уақытта бұл жеткіліксіз. Робототехника, құрастыру, бағдарламалау, үлгілеу, 3D-жобалау және тағы басқа - бұның бәрі енді дүниежүзінің қазіргі оқушыларын қызықтырады. Бұл қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін анағұрлым күрделі дағдылар мен құзыреттер керек. Білу мен істеу ғана емес, сонымен қатар зерттеу және ойлап шығару маңызды.

Әдебиеттер:

1. Алтынов Ж.І: Өнеркәсіптік роботтардың механикасы: Оқу құралы: ҚазҰТУ, 2002.
2. Макаров И.М.,Топчиев Ю.И.Робототехника: История и перспективы.-М:Знание, 2000.-120
3. Шоланов К.С. Основы мехатроники и робототехники: Учебное пособие – Алматы: КазНТУ, 2005

II СЕКЦИЯ

ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІН ОҚЫТУДАҒЫ САНДЫҚ БІЛІМ

САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ЗЕЙІНІН АРТТЫРУ

*Акылбекова Эльмира Акылбековна
п.ғ.м., аға оқытушы,
Асылбек Самат
ПП-21 тобының студенті
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ,
Арқалық, Қазақстан,
Бөкешова Гульбану Егінбаевна
Ж.Тәшенов атындағы (орта мектеп) КММ мұғалімі
Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматривается проблема цифровизация системы образования. Рассмотрены условия повышения внимания учащихся через цифровизацию систему образования. Указали роль цифровизации системы образования в процессе повышении внимания учащихся.

Ключевые слова: внимание, ребенок, действие, поведение, цифровой.

Annotation. The article deals with the problem of digitalization of the education system. The conditions of increasing the attention of students through the digitization of the education system are considered. The role of digitalization of the education system in the process of increasing the attention of students.

Keyword: attention, child, action, behavior, digital.

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе шет тілін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі [1].

Осыған орай қазіргі таңда оқыту үрдісіне сандық білім беру ресурстарын пайдалану күннен күнге артып келеді. Оқушының білім алуында оның зейінділігі басты роль атқарады.

Оқытуды сандық білім беру ресурстары арқылы ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

- оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын сандық білім беру жүйесін оқушының даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекетіндегі зейіні арқылы баланы оқытатын болсақ, сапалы ақпараттармен қамтамасыз екен болар едік..

Зейін - адамның психикалық әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағыттталып шоғырлануы. Адам өмірінде зейіннің алатын орны зор. Әсіресе, таным процесінде, білім алу ісінде маңызы ерекше. Шәкірттің сабақты түсіне қоймауы, есінде дұрыс сақтай алмауы, тапсырманы орындауда қате жіберуі оған дұрыстап зейін қоймаудан болады. Зейін қою, көбінесе, адамның айналысып жатқан іс-әрекетінің сипаты мен маңыздылығына байланысты. Сондай-ақ, ол адамның жеке бас ерекшеліктеріне, оның мүддесіне, талап-тілегіне, мақсат-мұратына, ерік-жігер сапаларына, темпераментіне, мінез бітіміне байланысты болады. Зейіннің физиологиялық негізін орыс физиологы, академик А.А. Ухтомскийдің (1875 – 1942) доминанта теориясы бойынша түсіндіруге болады[2].

Зейіннің түрлері – адамдардың зейіні ырықты, ырықсыз және үйреншікті болып үшке бөлінеді. Сыртқы дүниенің кез келген объектілері кейде ырықсыз-ақ біздің назарымызды өзіне тартады. Мәселен, көшемен кетіп бара жатқан адамның бояулы афишаға көзі түссе, оған мойнын бұрады не милиционердің ысқырығына жалт қарайды т.б. Адам өмірінде ырықсыз зейін елеулі орын алады. Зейіннің бұл түрі әсіресе жас балаларда жиі кездеседі. Өйткені балалық дәуірде адамның күрделі іс-әрекетке (оқу, еңбек т.б.) белгілі жүйеге келе қоймайды да осының нәтижесінде оның психикасы өте нәзік, түрлі сыртқы әсерге берілгіш келеді. Әрине, бұдан бала есейген соң, оның ырықсыз зейіні маңызын жояды деген қорытынды тумау қажет. Адам өмірінің барлық кезеңдерінде ырықсыз зейін тиісінше орын алып отырады. Қызығу – ырықсыз зейіннің бұлағы. Өйткені қызықты іске көңіліміз тез ауады. Мәселен, қызықты кітап оқуға ырықсыз зейін жеткілікті. Ал қызықсыз кітапты оқу – ырықты зейінді керек етеді. Ырықты зейінде қызығу орын алуы тиіс. Бірақ ырықты зейін де жанама, дәнекерлі қызығуды керек етеді. Мұнда адам істен шығатын нәтижеге қызығады, оны орындау үшін күш жұмсайды. Өйтпесе іс өнбейді, күткен нәтиже шықпайды.

Ырықсыз зейін физиологиялық тұрғыдан барлау (*ориентировочный*) рефлексінің жемісі болып табылады. Зейіннің бұл түрі жануарлар мен адамдардың сыртқы ортамен байланысында үлкен рөл атқарады. Ырықсыз зейін кез келген тітіркендіргіш арқылы пайда бола бермейді. Ырықсыз зейіннің көрінуіне төмендегі жағдайлар себеп болады:

Интерактивтік тапсырмалар оқушыларда пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар, олардың стандарттық емес есептерді шығара алу, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін жетілдіреді.

Тапсырмалардың түрлі болып келуі оқыту барысында білімді тек меңгеруден сол пән бойынша құзыреттерді қалыптастыруға қарай жүріп отырады, оқушылардың өмірдегі шынайы әрекеттерге шынайылықпен қатыса алмау мүмкіндігін жақсартады. Тәжірибелер оқушының түртпе арқылы басқарып отыратын виртуалды нысандармен түрлі операциялар жасауы арқылы іске асырылады[3].

Бірізділікпен өтілетін нысандардың өзгерулері (геометриялық фигуралардың, зат формаларының, заттардың түстері т.б. өзгеруі) оқушыларға танымдық үдерісте белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқушыларға шынайы өмірде мұндай тәжірибелерді жасау мүмкіндігі болмайтын жағдайларда жаратылыстану ғылыми тәжірибелерімен таныстыруға мүмкіндік береді

Сандық білім беру ресурстары арқылы оқушының зейінін қалыптастыруға арналған жаттығулар орындату, картамен жұмыс жасату, сәйкестіктерді белгілету, сөйлемдерді толықтыру, кесте құру, сөзжұмбақ, ребус шешу т.б. тапсырмаларды оқу үрдісіне енгізілген жөн. Химия, математика, алгебра, геометрия т.б. пәндері бойынша сандық білім беру ресурстарын да көптеген жағдайларда оқушылардың зейінділігін арттыру мақсатында әзірленген әрбір кездейсоқ таңдау бойынша ұсынылатын тапсырмалар базасының маңызы өте зор. Сол себепті, жауапты есте қалдырудың тек механикалық жаттанды түрінен оқушының саналы, зейінділікпен есте сақтауына қарай жүру логикасы қалыптасады.

Білімді бақылау автоматтандырылған тестілеу есебінен жүргізіледі, ол оқушылардың зейінділігіне сәйкес, білім жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір тақырып бойынша бақылау сұрақтарының саны оқушылардың жас ерекшелігіне, зейінділігіне қарай және тестілеуге берілетін уақытқа қарай ауытқып отырады.

Сандық білім беру ресурстарының құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде де қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, оқушының зейінділігіне сәйкес, оның өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде пайдаланады.

Сабақта анимациялық көрнекіліктер мен бейнероликтерді қолдана отырып, жаңа материалды түсіндірудің педагогикалық амалдары оқушының зейінін ашуда мынадай мүмкіндіктерді береді:

- проблемалық жағдаяттарды құру, салыстыру;
- зерделеп отырған құбылыстың басты белгілерін ажырата білу;
- белгілі бір дерек пен құбылысқа зейінін шоғырландыру;
- тірек сөздерді, терминдерді дәптерге жазғызу;
- мұғалімнің сұрақтарына жауап беру;
- бейнеролик мәтінін қайталап айтып беру;
- оқушылармен әңгімелесу т.б.

Интерактивтік тапсырмалар оқушыларда пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар, олардың стандарттық емес есептерді шығара алу, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін, ырықты және ырықсыз зейіндерін жетілдіреді.

Тапсырмалардың әртүрлі болып келуі оқыту барысында білімді тек меңгеруден сол пән бойынша құзыреттіліктерді қалыптастыруға қарай жүріп отырады, оқушылардың өмірдегі шынайы әрекеттерге шынайылықпен қатысу мүмкіндігін жақсартады, қоршаған дүниеге деген зейінін арттырады.

Тәжірибелер оқушының зейініне сәйкес, түртпе арқылы басқарып отыратын виртуалды нысандармен түрлі операциялар жасауы арқылы іске асырылады[4].

Сабактың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етумен қатар, білім алушыдан да оның ынта ықыласының кеңейіп, зейінділігінің артуына аса мән беруді қажет етеді. Себебі оқыту үрдісі екі жақты екені баршаға белгілі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту, зейінін арттыру мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет. Қоғамға сай жаңаруда, оқушыны қажымас ізденімпаздыққа, зейінділікке, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын сандық білім беру ресурстарын мұғалімнің толығымен меңгеруіне үлкен бетбұрыс жасауды керек етуде. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру сандық білім беру ресурстарын енгізуді міндеттеп отыр.

Әдебиеттер:

1. Психология. В. Н. Дружинина. — СПб.: Питер, 2001ж. №12. 68-б
2. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. № 2. 34-б.
3. Рубинштейн, С. Л. Основы общей психологии. — 2007ж
4. Намазбаева Ж.И. Жалпы психология. Алматы: 2006 ж 201-205 б

САНДЫҚ БІЛІМ – ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІ КӨРСЕТКІШІ

*Бижанова Галия Қоянбаевна
п.ғ.м., аға оқытушы,*

*Дакар Айнұр Бақытқызы
ПП-41 тобының студенті*

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты*

*Арқалық, Қазақстан,
Уәли Әйгерім Избастықызы*

п.ғ.м., оқытушы

*ҚР Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай
академиясы*

Қостанай, Қазақстан

Аннотация. В статье рассмотрены состояния цифрового образования. Определены изменения в системе образования. Информатизация образования является инструментом решения педагогико-дидактических проблем. За основу взяты требования к цифровым образовательным ресурсам.

Ключевые слова: цифровое образование, фактор, педагогические возможности, дидактическая проблема

Annotation. The article discusses the state of digital education. Changes in the education system are identified. Informatization of education is a tool for solving pedagogical and didactic problems. Based on the requirements for digital educational resources.

Keywords: digital education, factor, pedagogical opportunities, didactic problem

Білім кеңістігіндегі жаңалықтар бізден ұлттық санамызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті болып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді.

Еліміздегі білім берудегі жаңғырудың ең басты шарты – «білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу». Өйткені, ҚР-ның экс Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» [1].

Бұл жерде әңгіме еліміздің болашағы туралы. Оның ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Бүгінгі жас ұрпақ, болашақ маман. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында көрсетілген міндеттер бойынша: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген білім алулары керек» [2].

Ендеше, біздің ұстаздарымыз оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, білім беруді ақпараттандырып, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу арқылы оқытуды сауатты, сапалы жүзеге асырып, мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырғанда ғана, қоғамымыздың дамуына елеулі үлес қоса алады.

Бұл істердің барлығын жүзеге асыратын еліміздің ұстаздар қауымы. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденісте жүретін, кәсіби біліктілігін шыңдайтын, жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға бола отырып, зерттеушілік қабілетіне сай, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін күнделікті педагогикалық ісінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек-бұл өмір талабы.

Ұстазда ұйымдастырушылық, құрылымдылық, бейімділік, сараптамалық, коммуникативтілік қабілеттердің де болуы шарт.

Білім беру жүйесіне қазіргі таңда көптеген өзгерістер енгізілуде. Оған қажетті факторларға тоқталар болсақ:

- әлем стандартына сай білім беру;
- бәсекеге қабілетті тұлға дайындау;
- тәжірибелік дағдыларды дамыту;
- функционалдық сауаттылықты арттыру;
- ұстаздардың кәсіби шеберлігін жетілдіру [3,45].

Осы факторларды іске асыру жүйесінде ақпараттық технологияның ролі өте маңызды. Тәуелсіз еліміздің болашағы болып табылатын жас ұрпаққа сапалы білім беріп, жеке тұлға етіп қалыптастыруда электрондық оқыту жүйесі мен оның берер мүмкіншілігі мол болары сөзсіз.

Оқытудағы жаңа ақпараттық технологиялардың басты мәселелерінің бірі - бұл танымдылық іс-әрекетті басқару үдерісіне интерактивті орта қалыптастыру және қазіргі заманғы ақпараттық білім беру ресурстарына, қорларына (мультимедиялық оқулықтарға, әртүрлі мәліметтер базасына, оқыту сайттарына т.б. қор көздеріне негізделген оқулықтарға) қол жеткізу мүмкіндігі.

Оқыту барысында қолданылатын әдістемелерді дұрыс таңдап, оқыту үрдісі мақсаттары мен талаптарына сай жетілдіріп, қарқындылығын арттыра түсу қажет. Ақпараттандырылған оқыту барысында сандық оқыту құжаттары, компьютерге арналған ойындар, мерзімді электрондық құралдар, оқу құралдары мен оқу порталдарын құрастыру көзделуі керек.

Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарды байытып, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби танымын шыңдауға бағытталған білім алу үшін, қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, білім беруді ақпараттандыру арқылы ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру педагогика ғылымындағы дидактикалық мәселелерді шешуге көмектеседі:

- компьютерлік модельдеу және компьютерлік графика құралдарын пайдалану негізінде оқыту жүйелерінің ішіндегі микро және макроәлемдік топтардағы даму, қалыптасу құбылыстарын білуге мүмкіндік береді;

- әртүрлі жылдамдықпен өтіп жатқан әлеуметтік құбылыстарды танып-білуге және оны өте ыңғайлы уақыт көлемінде көруге болады.

- біртұтас білімдік, ақпараттық кеңестікті қалыптастыру және дамыту т.б.

Білім берудегі сандық білім беру негізінен, оқыту әдістерінің тиімділігін арттыратын қазіргі таңдағы бірден-бір нұсқа деуге болады. Қоғам да, технология да даму үстінде. Жастарымыз ақпараттанудың негізін қалауда. Жаңа техника мен технологияны мектепке дейінгі баладан бастап жақсы меңгеруде.

Сондықтан, сандық білім беру ресурстарының құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде кеңінен қолдана алады:

- жаңа материалды түсіндірген кезде,

- материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде,

- өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде, т.б жағдайларда.

Сандық білім негізінде мұғалім білім алушының қызығушылығын ғана оятып қоймай, оқуға деген талабын ұштап, білім сапасын арттыруға да көп үлес қосары анық.

Сабақта анимациялық көрнекіліктер мен бейнероликтерді қолдана отырып, жаңа материалды түсіндірудің педагогикалық амалдары мынадай мүмкіндіктерді береді:

- проблемалық жағдаяттарды құру, салыстыру;

- зерделеп отырған құбылыстың басты белгілерін ажырата білу, белгілі бір дерек пен құбылысқа зейінін шоғырландыру;

- тірек сөздерді, терминдерді дәптерге жазғызу;

- мұғалімнің сұрақтарына жауап беру, бейнеролик мәтінін қайталап айтып беру; -оқушылармен әңгімелесу т.б.

Сандық білім беру ресурстарын сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады: өткен тақырыптағы білімді еске түсіру, оқушылардың білім, білік, дағдыны есепке алу және бағалау, үй тапсырмасын тексеру, т.б.

Дей тұрғанмен, сандық білім ресурстарына қойылатын талаптарды оқыту үрдісін жүргізу барысында үнемі ескеріп отыруымыз керек:

- Оқу бағдарламасы мен оқулықтың мазмұнына сай болуы;
- Оқытудың заманауи формаларына негізделіп, оқытуды интерактивтілік және мультимедиалық тұрғыдан қамтамасыз етуі;
- Оқушылардың жеке және жас ерекшелігіне сай, оқытуды саралау және даралау мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- Оқушылардың осы пән бойынша алған білік-дағдылары негізінде проблемаларды шешуде өмірлік тәжірибе қалыптастырға бағытталған оқыту түрлерін ұсыну;
- Топтық және жеке жұмыстар ұйымдастыру;
- Шынайы мәліметтерге сүйену;
- Оқулықтың сәйкес бөлімдерінің көлемін ұлғайту;
- Методикалық тұрғыдан мақсатқа сай болғанда ғана қолдану мүмкіндігі;
- Ыңғайлы интерфейс.

Интерактивтік тапсырмалар оқушыларда пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар, олардың стандарттық емес тапсырмаларды орындай алу, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін жетілдіреді.

Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған. Ал, осы уақытқа дейін біздің елімізде жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың күтілетін нәтижеге көз жеткізбей, түрлі әсер етуші факторлар ықпалымен мамандық тандап, ақыр соңында сол оқыған мамандықтары бойынша жұмысқа тартыла алмай отырғаны бәрімізге белгілі. Осындай олықылықтарды болдырмау- біздің басты міндетіміз. Адам өмірінде екі нәрседен қателеспеуі қажет десек, соның бірі- мамандық. Мамандыққа жетелейтін басты шарт, ол-білім!

Ғаламдық деңгейде өркениет атаулысы – білім мен ғылымға арқа сүйей бастағанын дүйім жұртқа алғашқылар қатарында айту, жадында жаттатқызу – халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі – ұлы Абайға бұйырғаны әрі заңдылық, әрі қажеттілік болатын. Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» деген сөзін есімізге түсірмекпіз [4,101].

Өркениетті дамудың өзегі білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп ьәм сондай болмақшы, яғни ұстаз білімді болса, ол мектептен балалар

көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін ұстаз» – деп айтқан болатын. [5,78].

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру – жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол! Ұстаздардың шығармашылық қабілеті, жанашылдық әрекеттері, біліктілігі, физиологиялық және психикалық сапасы, педагогикалық кәсіптік біліммен сәйкестенеді. Бұл педагогикалық бағытта оқытушы мен оқушының өзара ықпалы, өзара дамуда, ынтымақтастықтан теңгермешілікке, дамудың жоғарғы деңгейіне жетуде мәні зор.

Осыған сәйкес, қазіргі қоғамда жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі:

1. Оқу дағдылары (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым);
2. Ойлау дағдылары (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау);
3. Шығармашылық ойлау дағдысы
4. Логикалық ойлау дағдысы
5. Сыни ойлау дағдысы
6. Алгоритмдік ойлау дағдысы.
7. Критикалық ойлау дағдысы
8. Проблемалық ойлау дағдысы
9. Технологиялық ойлау дағдысы
10. Тілдік құзіреттілік дағдысы
11. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Мұғалім осы ерекшеліктерді ескеріп, алдындағы білім алушы шәкірттеріне қазіргі жаңа технологияны пайдаланып, сандық әдістермен кәсібін жетілдіре отырып, білім берсе ғана нақты қоғамымызға қажетті, бәсекеге лайық жастар тәрбиелері хақ.

Қорыта келе айтарым, ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелуде. XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту үшін, әрбір ұстаз тынымсыз еңбектенуі тиіс. Міндет ауыр, мақсат айқын. Әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, функционалды сауаттылығымызды арттыру үшін сандық білім беру аясында оқыту үдерісін жүргізе отырып, нақты әрі тыңғылықты ойлай алатын мұғалімдер қатарын көбейтсек, жақсы нәтижеге жететініміз сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 2017 жылғы 12 сәуір
2. Қ.Р-ның «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі N 31
3. Роберт И.В. Информатизация образования (педагогико-эргономический аспект). – М.: РАО, 2002.
4. М.Дулатовтың «Қанатты сөздері» <https://everything.kz/article/23054920-mirzhayp-dulatovty-anatty-szderi>
5. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Омонжулова Камшат Юлдаш кизи
ПП-31 тобының студенті
Арқалық, Қазақстан.,
Балтабай Жансая Балтабайқызы
п.ғ.м., оқытушы
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ.,
Арқалық, Қазақстан
Бижанова Эльмира Балгалина
№49 Жаңа жайнақ орта мектебінің мұғалімі
Ақмола облысы, Қазақстан*

Аннотация. В статье раскрыта роль ресурсов цифрового образования в процессе обучения и его возможности использования на любом этапе преподавания. Рассмотрено эффективности применения ресурсов цифрового образования в процессе обучение. Обозначены функции цифрового образования ресурсов как средство программы образования.

Ключевые слова: обучающийся, цифровой образовательный ресурс, электронный учебно-методический комплекс, метод.

Annotation. The article reveals the role of digital education resources in the learning process and its possible use at any stage of teaching. The efficiency of the use of digital education resources in the learning process is considered. The functions of digital education resources as a means of education programs.

Keywords: training, digital educational resources, electronic educational-methodical complex, method.

Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың сандық білім беру ресурстарын белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

«Білім беру» ұлттық жобасының басым бағыттарының бірі - АТ базасында оқыту және тәрбиелеудің замануи әдістерін дамыту, жабдықтармен, электрондық құралдармен жарактандыру, білім беру қызметкерлерінің ақпараттық құзыреттілігін арттыру, интернет мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қазіргі заманға сай білім беру технологияларын енгізуі болып табылады [1].

Оқу үрдесінде бір тұтас болып қолданудағы сандық түрдегі қол жетімді деректер жиынтығы ретінде танылатын сандық білім беру ресурстары бүгінгі күні ең перспективалы болып саналады. Сандық білім беру ресурстары – бұл цифрлық нысанда ұсынылған фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық моделдер, виртуалдық шындық және интерактивтік моделдеу объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалар, таңба объектілері және іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және оқу үрдісін ұйымдастыруға қажет басқада оқыту материалдары [2].

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының қазіргі заманғы жүйесін қалыптастырудың негізгі алғы шарттары - «оқытудан» «білім беруге» көшу, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту жеке тұлғаға бағытталған, ашық білім беруге көшу; білімді жинақтау мен жүйелеуде, білім алушыларға білімді беру үдерісінде жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану. Оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолданудағы басты мәселелердің бірі - танымдылық іс-әрекетті басқару үдерісінде интерактивті орта қалыптастыру және қазіргі заманғы ақпараттық білім беру ресурстарына, қорларына (мультимедиялық оқулықтарға, әртүрлі мәліметтер базасына, оқыту сайттарына т.б.) қол жеткізу мүмкіндігі. Сондықтан да бүгінде сандық білім беру ресурстарын жасау және пайдалану қажеттігі зор маңызға ие болып отыр.

Олай болса, «Сандық білім беру ресурстары білім беру бағдарламасының құралы ретінде атқаратын қызметі», «Дәстүрлі қолданылып жүрген оқыту бағдарламаларынан бұның артықшылығы» деген сұрақтарды қарастырайық.

Сандық білім беру ресурстары - мультимедиялық дыбысталған презентациялар, сандық форматқа айналдырылған мәтіндер, интерактивті тапсырмалар мен белгілі бір тақырып бойынша тестілеу бағдарламалары түріндегі интерактивті кешен. Сандық білім беру ресурстарын сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту, өткен тақырыптағы білімді еске түсіру, білім, білік, дағдыны есепке алу және бағалау, өз-өзін бағалау кезінде қолдана алады. Сондай-ақ, анимациялық көрнекіліктер мен бейнероликтерді қолдана отырып жаңа материалды түсіндіруде:

- проблемалық жағдаяттарды құру, салыстыру;
- зерделеп отырған құбылыстың басты белгілерін ажырата білу,
- белгілі бір дерек пен құбылысқа зейінін шоғырландыру;
- тірек сөздермен, терминдермен жұмыс жасау т.б. мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады.

Сандық білім беру ресурстарының дәйекті дамуы, тұтынушыларға стандартталған электрондық оқыту және әдістемелік кешендерді әзірлеуге арналған арнайы құралдар ұсына отырып, олардың құрамына контенттің (жаңарту) бағдарламалық құралдарды жасауын енгізуді көздейді. Осындай құралдардың мысалдары ретінде интерактивті тақта үшін мазмұнды дамытуға арналған бағдарламалық жасақтама қабығы болуы мүмкін. Оқу үдерісіне сандық білім беру ресурстарын қолданудың негізгі әдістерін талдап көрейік.

Біріншіден, егер электрондық құралдарды жаңа материалды түсіндіру немесе өткенді бекітуде пайдаланса, онда электронды оқу әдістемелік кешенді пайдаланудың ең танымал әдістерінің бірі болып табылады. Сипатталған жағдайларда сандық білім беру ресурстары ретінде анимацияланған және бейне фрагменттерін пайдалану, дыбыстық файлдарды ойнату, графикалық кескіндерді көрсету ұсынылады. электронды оқу әдістемелік кешеннің ең сәтті нұсқаларында (белгілі бір пәннің оқу бағдарламасына бейімделген), олардың мазмұнын толық пайдалануға болады (алдын ала түзетулерді жасамастан). Басқа жағдайларда сандық білім беру ресурстарының фрагменттері оқытушының өзі дайындаған презентацияларға, электронды плакаттарға және

басқада оқыту құралдарына енгізілуі болады. Сонымен қатар, электронды оқу әдістемелік кешен және сандық білім беру ресурстарының таралымды материалдарды әзірлеуде пайдасы тиеді.

Екіншіден, өзіндік білім беру іс-шараларын ұйымдастырудағы электронды оқу әдістемелік кешеніне тән кең мүмкіндіктерді атап өту керек. Мұндай жұмыс үй тапсырмаларын, тесттерді және т.б. дайындау барысында жүзеге асырылуы мүмкін. электронды оқу әдістемелік кешен бөлігі болып табылатын сандық білім беру ресурстарын материалдары жобаның жұмысын ұйымдастырғанда да талап етілуі мүмкін. Бұл жағдайда білім беру кешенінің барлық материалдары пайдалы болуы мүмкін: анимация, бейне, дыбыс, интерактивті компоненттер, сызбалар, кестелер, графиктер, диаграммалар және тіпті қарапайым мәтіндерде. электронды оқу әдістемелік кешен және сандық білім беру ресурстарын қолданудың осы әдісі мұғалімге пәнаралық байланысты тиімді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ал оқушылар өздерін белгілі бір білім саласы бойынша зерттеуші деп сезінеді, бұл олардың тәртіпті білуге ынталандырады [5].

Интеграцияланған электронды оқу әдістемелік кешенді пайдаланудың үшінші ықтимал жолы, сондай-ақ олардан бөлінген сандық білім беру ресурстарды әртүрлі бақылау түрлерін ұйымдастыруда қолдануға болады: кіріс, ағымдағы, шекаралық және қорытынды. Бұл жағдайдағы бақылау-диагностикалық шаралар оқушыларды компьютерлік тестілеуін ұйымдастыруын білдіреді. Бақылаудың бұл түрінің ерекшелігі: тестілік тапсырмалардың орындалуын қадағалайтын бағдарламалық қамтамасыз ету, тестіленгендерге және бүкіл топқа дұрыс жауаптардың пайызы туралы мұғалімге визуалды жолмен (графиктерді, кестелерді және диаграммаларды пайдалану арқылы) хабарлау. Кейбір электронды оқу әдістемелік кешенінде білім беру сапасы туралы ақпаратты жинау және талдау процесін жеңілдететін рейтингтік бағалау жүйесі енгізіледі.

Төртіншіден, мультимедиалық құралдарды пайдалануы белгілі бір тақырыпқа немесе бағытта электронды оқу әдістемелік кешен мен сандық білім беру ресурстар жинақтау мүмкіндігін береді. Бұл сақталған ресурстардың дерекқорын жасауға мүмкіндік береді және олардың жеткілікті жиынтығы мен ақылға қонымды жүйелеу және каталогтандыру, мұғалімдер мен оқушылар үшін сандық білім беру ресурстары немесе электронды оқу әдістемелік кешендегі тақырыпты тез және қолжетімді іздеуді және таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім беру мекемесінің ішінде электронды оқу әдістемелік кешен, сандық білім беру ресурстары, қағаз ресурстары, қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша Интернет-сайттарға сілтемелер туралы деректер банкі жасалуы мүмкін [4].

Электронды оқу әдістемелік кешен және сандық білім беру ресурстарын қолданудың бесінші ықтимал әдісі – мектептік және университеттік бағдарламалар арқылы көптеген курстарда қарастырылған зертханалық жұмыстарды және топтық оқытудың әртүрлі түрлерін орындауда пайдалану. Мұнда, жалпы айтқанда, зертханалық жұмыстардың имитаторлары болып табылатын интерактивті сандық білім беру ресурстары туралы айтылады.

Жоғарыдағы аталған әдістердің негізінде білім алушының бойында:

- Пәнге деген қызығушылығы артады;

- Дидактиканың «алтын» ережесі іске асады;
- Білім алушының танымдық белсенділіктері артады;
- Қоршаған ортаға, оны тануға деген ғылыми дүниетанымы артады;
- Оқыту үрдісінде қалыптасатын білім, білік, дағдысы қалыптасады;
- Білім алушының ізденушілік-зерттеушілік, ақпараттық-шығармашылық құзыреттіліктері дамиды.

Сандық білім беру ресурстарын қолдану – қазіргі таңда оқыту үрдісінде бірден-бір және тиімді жүйе деп тануымызға болады.

Қорытындылай келе, біздің ойымызша, сипатталған қолдану әдістерді орындау барысында оқу үрдісіне кіргізіп сандық білім беру ресурстарын толыққанды енгізуі оқытудың дәстүрлі әдістерін жаңа ақпаратты технологияларының әдістерімен қатар пайдалануға және толықтыруға, пән бойынша оқыту сапасын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

- 1 Назарбаев Н.А. Послание Президента РК народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана» от 27 января 2012 г.
- 2 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы
3. О педагогической архитектуре системы управления обучением (LMS).– Алматы: АО «Национальный центр информатизации», . 2011. - 22 с.
4. Ә.Серікқазы., М.Серік Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Білім беру үрдісінде сандық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері» атты мақаласынан, Астана

ЖАТТЫҒУЛАР – ПЕДАГОГТЫҢ СӨЙЛЕУ ТЕХНИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ҚҰРАЛЫ

*Жасұлан Ержан
III-31 тобының студенті,
Мусирова Гүлім Бахытовна
аға оқытушы, магистр, педагогика және психология кафедрасы
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматривается речевая техника педагога, голос, дикция, произношения, правило произношения, это служит правильному формированию речи у студента. Рассмотрены упражнения направленные на развитие педагогического мастерства.

Ключевые слова: речь, речевая техника, дикция, ритм голоса, дыхательная техника.

Abstract. The article discusses the quality of the teacher's language, voice, diction, pronunciation, pronunciation rule, this serves to properly form the student's speech. The experiments determine the culture of speech, the exercises aimed at the development of pedagogical skills are considered.

Key words: speech, speech culture, diction, voice rhythm, breathing technique.

Сөйлеу мәдениеті жоғары педагогикалық кадрларды дайындауда қажет. Тіл мәдениеті студенттердің педагогикалық мәдениетін дамытуға ықпал етеді, оқу-тәрбие процесінде маңызды роль атқарады. Мамандардың ойынша сөйлеу қабілеттігі мен мәдениеті өмірлік жағдайлардағы қолайсыздықтарды шешуге мүмкіндік береді. Осыны қазіргі кездегі педагог-мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарындағы студенттерге сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптың жоғаруы болуы керектігінің мәні осында. Еліміздің тарихы бай, рухани және материалдық мәдениеті жоғары болуы үшін Х.Досмұхамедовтың: «Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттардың тілі бай болады», - деген пікірі бүгінгі күннің шындығына айналып отыр [1,91].

Сөйлеу бұл пікір алысу процесінде адамның белгілі тілді өзінше пайдалануы. Сөйлеу процесі арқылы кісі өзінің білімін тәжірибеде іске асырып қана қоймайды, сонымен қатар қоғамдық тәжірибені меңгеруге де мүмкіндік алады.

Сөзді қабылдау мен ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты әрі бір мезгілде жүріп отыратын процестер. Егер де қабылдауға әсер ететін негізгі қасиеттер болмаса сөйлеу өз қызметін дұрыс атқара алмайды. Мұның біріншісі – сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі – оның мәнерлілігі. Сөйлейтін сөздің мазмұны болмаса, ол өзінің сөздік мәнін жояды. Ал сөздің міндік маңыздылығы дегеніміз – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындылығы .

Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезінде эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өз мәнерімен, сазымен айтуы. Ал бұл ұғымдардың барлығы сөйлеу мәдениетінің мазмұнын қамтиды.

Сөйлеу мәдениеті деп оның дұрыстығын, яғни әдеби тіл үшін қалыптасқан дәстүр бойынша орфоэпия, грамматика, лексика, стилистика, дұрыс жазу ережелері нормасына сәйкес келуін айтады. Сөйлеу мәдениетінің жоқтығы, мәселен: адамның сөздегі дыбыстарды дұрыс айтпауынан, яғни сөздер қалай жазылса, солай айтуынан; өз үйлесімін дұрыс құрмауынан; с өздерді дұрыс мағынасында қолданбауынан; сөзді, грамматикалық формаларды, интонацияны орнымен қолданбауынан көрінеді: ресми тілде қарапайым сөзді, сырласу кезінде әдеби сөзді кірістіреді, балалармен сөйлескенде айқайлап немесе ашуланып, шыңғырып сөйлесуі, кемсітетін немесе деректі ырғақты қолдануы мүмкін, жиналыста шығып сөйлегенде баяу, жылдам, түсініксіз сөйлеуі мүмкін және т.б. Сөйлеу мәдениетіне ие болу – бұл тілдің барлық элементінің (сөздің, түбірдің, қосымшаның, жұрнақтың, жалғаудың, сөйлемнің әр түрлі типтерінің, ырғақтың) мағынасын түсіну ғана емес, сонымен бірге әдеби тілде оны қалай қолданатынын есте сақтау деген сөз.

Қабілетті мұғалімнің тілі сабақ кезінде қашанда шәкірттерге бағытталған. Мұғалім жаңа материалды хабарласын, оқушы жұмысына түсініктеме берсін, мақұлдау немесе сөгіс айтсын, қашанда оның сөзі ішкі күшпен, сенімділікпен, өзі айтып тұрған нәрсеге қызығушылықпен ерекшеленеді. Ойын оқушылар үшін түсінікті, айқын, қарапайым түрде білдіру мұғалім үшін өте маңызды. Олай сөйлей білу мұғалімнің коммуникативтік қабілеттерінің жетіліп дамығандығын білдіреді[2,108].

Дем алу техникасын меңгеру физикалық және эмоционалдық жүктемені арылтудан босатады. Бұл фонациондық жолдарды босатады, сөйлеу үрдісіндегі координациялық кедергілерден өтуге көмектеседі. Жаттығуларды студенттердің дифференциалдық және индивидуалдық ерекшеліктерін есепке алып таңдау қажет.

«Егорки» Сөйлеу демінің индивидуалдылық ерекшеліктерін анықтап алу керек. Балаларға арналаған өлең жолдарын айту арқылы: «как на горке на пригорке стоят тридцать три Егорки» - дем алып, дем шығарғанда санау қажет: « раз Егорка, два Егорка...» және т.б. ауаны толық пайдаланғанға дейін. Соңғы есеп – дем алудың көлемі мен орналасу көрсеткіші.

«Гүлдер дүкені» жаттығуы. Қалыпты жағдайы – тұрып тұру. Сол қолды бақылауды ұстау үшін қарынға қойыңыз, оң қолды қабырғаларға қойыңыз. Дем алыңыз (п-фф). Қарын ішке тартылады. Орындалуы: дем алып, гүл иіскеп тұрмын деп елестетіңіз. Мұндайда қарын сыртқа қарай шығады, қабырғалар кеңейеді, дем алуды ішке дем тарту арқылы бекітіңіз. Бұдан соң дем алуды баяу бастаңыз және п-ффф жүзіңіз, осылай ішті тарту, қабырғалар босаңсиды, дем алу қысқа, дем шығару ұзақ болады. Жаттығуды 2-3 рет қайталап орындайды.

«Майшам» жаттығуы. Біркелкі дем шығару қолыңызға жіңішке жалпақ қағазды алыңыз (жалпақтығы 2-3 см, ұзындығы 7-10 см). Оны майшам деп елестетіп оны үрленіз. Ұру әсерінен қағаз майысады, оны оттың жалыны деп елестетіңіз. Бұл майшам шығатын демнің біркелкілігін қадағалайды. Шығарылған дем біркелкі қағаз майысқан қалыпында бірқалыпты тұрады. Бұл жерде қабырғааралаық бұлшықеттер мен диафрагма аумағының жиырылуына мән беріңіз. Мықты тыныс алу жолы шығарылатын ауаның бірқалыптылығын сақтайды.

«Тесік доп» жаттығуы.(бірқалыпты энергияға толы шығарылған ауа)

Сіздің кеуде тұсыңызда үлкен резина добы бар деп елестетіңіз. Ол тесік болып шықты. Егер оны қолмен қыссаңыз одан ауа шығып жатқанын естисіз. Оны дауыс дірілімен «ссссс...» деп қайталаңыз. Допты алақаныңызбен қатты күш салмай қысыңыз, ол кезде доптағы (өкпедегі) ауа көбірек шығуы қажет. Қолдар доптың кішкене қарсылығын сезініп бір-біріне жақындай бастайды. Соңында бір-бірімен айқасады. Бұл қимыл нәтижесінде белсенді дыбыспен соңғы ауа шығады. Жаттығуды бірнеше рет қайталаңыз. Оны күш салмай жеңіл орындаңыз.

« Дауыс ырғағын келтіру» жаттығуы. (ауаны шығарудың түрлі жолдары). Табиғаттың және өмірдің әртүрлі дыбыстарын есіңізге түсіріңіз және оны жасап көріңіз: желдің ысқырығы ссс.., орманның шуылы шшш.., масаның ызыңы ззьзь.., жьжьжь.., жжж. Қарғаның қарқылы және айқайы крр! карр! карр! сауысқанның жарқылы трр! трр!, мотордың дыбысы рррр!, электрлік телефонының шырылы рьрьрь және т.б.

Диафрагманың жұмысына назар аударыңыз: бірде баяу шығады(ауа өздігінен «табиғатты тербетеді»), бірде шуыл күшейіп шығады (мотордың дірілдеп шыққан дыбысы немесе телефонның шырылдаған дыбысы). Ауа күш алған кезде диафрагма белсенді және қуатты қозғалады, жарқын ауаны итереді (қарғаның қарқылы, сауысқанның жарқылы кезінде байқалады).

Мысалы, Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» романының үзіндісінде дауыс ырғағының өзгеруін байқаймыз дауыс ырғағы өзгеріп, жоғары көтеріліп адамның сол нақты жағдайды суреттесе:

«Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма ұрай беретінім – қорқып келемін.

Күннің көзі жер бетіне шаншыла қадшалып, көлеңке тәлтиіп, баурына кіріп барады. Бар ыстық менің қойныма тығылғандай, шокпыт екі қолтығы қыж-қыж қайнайды.

Елегізер жел де жоқ, елең етер үн де жоқ, айналаң қапа, тым-тырыс, тыныштық. Желді күнгі толқындай жүйіткіп, дамылсыз құлпырған көкала сағым ғана ойнайды. Жердің жарығы мен көде түптерінде бұғып отырып, қызыл сирақтары сырт-сырт етіп, қоңыр шегірткелер ғана ысқырып ән салады. Намаз оқып тұрған молдаға ұқсап, әр жерде қызықтай қадалған бірен-саран семіз қарасұрсуырлар көрінеді.»

Ал «Ұлпан» романында сабырлылықты, біркелкілікті көруге болады:

«Ұлпанды айттырған күйеу Түленнің баласы Мырзаш деген жігіт алдыңғы жылы бір келіп кеткен. Даланың жұпар иісі аңқыған жақғытұры еді. Ұлпан құдайдың жазғанына мойын ұсынып, ойынды жақсы көру – жек кәрдуден еш нәрсе жоқ, күйеуін көруге ғана ынтығып шымылдыққа кірді де қашып шықты. Қыз мұрнына келіп көрмеген жиіркенішті иістен жүрегі айнып кетті. Жеңелері әуелі қашанғы дәстүр бойынша күйеу мен қыздың қолдарын ұстаттыра беріп еді. Ұлпанның алақанына өмір бойы жусаң да кетпес бір майлы жылбысқы жабысқандай болды. Сол жабысқақ қыз алақанының есінде әлі бар. Ұлпан әлі жиіркенеді. Есіне түсіп кетсе, қолдарын сабынды көпіртіп тағы бір жуып алады» [3,31-32].

«Ыңырсу» жаттығуы. Бұл тапсырманы орындау үшін орындыққа өте терең отырмаңыз, өзіңізді тік ұстап, яғни үстелдің арқасына сүйенбей отырыңыз. Бұл демалу жолдарының дұрыс жұмыс жасауына пайдалы. Елестетіңіз сізде тамағыңыз немесе басыңыз ауырып тұр. Өте қатты ыңырсымаңыз, м дыбысын ауыруыңызды бір сәтке басу және ұмыту үшін шығарыңыз. Бәрі еркін түрде болуы керек: беттің бұлшық еттері, мойын, аяқ, қол. Иықты төмен ұстамаңыз. Мойын бас бөлігінің төмен және жан-жаққа жеңіл иілуіне еркін болуы керек.

Баяу, бұлшық еттің еркін болуын тексере отырып, бас бөлігін төмен, оңға, солға қозғалтыңыз, және осы уақытта «ыңырсуды» жалғастырыңыз. Дыбысты қысып шығармаңыз. Ыңырсу еркін, орташа нотада, сіздің сөйлеу тіліңізге сәйкес болуы қажет. Ауыз жабық, алайда еріндер толық жабылмаған, тек жеңіл байланысқан.

Сіз дауыс ырғақтарының ешқандай жүктемесіз шығуын сезінесіз, дыбыс бас бөлігінің резонаторларын толтырып, еріндерді дірілдетіп, діріл мұрын, ауыз жолдарында байқалады.


М дыбысын бекітіп, оған бірте-бірте дауысты: а-о-у-э-ы-и дыбыстарын қосу керек.

Алдыңғы жаттығудың ережесін сақтай отырып баяу ыңырсуды жалғастырып төменгі жақты ешқандай жүктемесіз жеңіл төмен түсіріңіз «Мма...» және қазір ауызды жабыңыз, «ыңырсуды» жалғасытырыңыз: «мммаммамма...». Дауысты а жұмсақ дыбысталады, кедергісіз, жақтың төменгі бұлшық етін және ерінді бос ұстаңыз. Дем шығару тең, а дауысты дыбысы айтылған кезде әлсіз болмауы керек. Одан соң «ыңырсығанда» мына сөз тіркесін айтыңыз: **Ммаммедунамм**. Ең бастысы – бұлшық-еттік еркіндік. Тек тыныс алу жүйесі жұмыс жасайды. Бұл тапсырманы қиындатуға болады, дауыс жаттығуына басқа м дауысты дыбысын қосу арқылы. Бұл жаттығуды жүргізу кезінде дауысты дыбыстар ауыз қуысына оралмай орындалуы қажет [4,56-60].

«Бесік жыры» жаттығуы. Баланы тербету арқылы, жұмсақ және еркін таныс бесік жырының сөздерінің айтылуын еске түсіріңіз:



Осы әуенді дыбыстың жұмсақ деңгейіне жетіп, барлық дауысты дыбыста айтыңыз:



Бұл жағдайды жұту аймағында және дауысты диффрагманы «тербеткен» кезде бұлшық еттік еркіндікті есте сақтау керек.

«Майлаушы (маляр)» жаттығуы. Терезенің жақтауын бояп жатқаныңызды елестетіңіз, сөздердің сүйемелденуімен қолды қозғалысқа келтіріңіз (тік қозғалыс) жасау кезінде « жоғарыға, төменге, жоғарыға, төменге, жоғарыға, төменге...»

Қолдың білезігін қатты қыспаңыз, ол бос ыболуы қажет, жаттығулар жеңіл әрі жұмсақ. Бірінші қолдың білезігін кішкене жеңіл уқалау. Одан кейін мынадай қысқа сөздер кетеді:



Қозғалыс сенімді бола бастайды, кең (шынтақтан) және сөздер іріленеді, ал дауыс қолдың қимылымен бірге жоғары көтеріледі.

Одан кейін қолдар иықтан бастап жұмыс жасайды. Кең көлемді жоғары төмен уқалау. Дауыс дыбыстар қатты айтылады, дауыс тағы да жоғарыға көтеріліп, кейін тағы төменге түседі. Дауыстың жоғары және төмендеуінің жиілігі – бұл сөйлеудің негізгі қасиеті. Ол тоқтаулар мен өзін-өзі және өз сезімдерін ұстай алу, сонымен қатар дауыс ырғақтарын бағындыра алумен сипатталады .

«Ұшатын шарлар» жаттығуы (Дауыс диапазонын дамыту). Ауада шарлар ұшып жүретінін елестетіңіз және оларды санын есептеңіз.

«Қабаттар» жаттығуы(дауыс диапазонын дамыту). Бір топ балаларымен қабаттарда қадам басып жүргеніңізді елестетіңіз. Олар шаршады. Сіз өз дауыстыңызбен «тезірек жетейік» деп оларды сергектендіресіз.

Бесінші қабат

Төртінші қабат

Үшінші қабат

Екінші қабат

Бірінші қабат

Дауыс алға емес жоғарға бағытталады. Дауыстарды жоғарыға және одан да жоғарыға «қоясыз» (Бұл қолдың қимылын бейнелейді). Кеудеден мойынға, одан кейін бас бөлігіне.

Қолмен көмектесіңіз. Қол қимылын кең және сенімді көтеріңіз. Дауысты бірден «төменге» түсіру қиын болады. Тағы да қолмен көмектесіңіз. Қолыңызды төмен түсіріңіз, жұтқыншақ көлемін босатыңыз. Дауысты көтеру барысында сөйлеу аппаратында ештеңе өзгертпеңіз. Сол еркін қалыпта ешқандай өзгеріссіз. Дауыс жоғарға көтеріледі және келесі «ауа бағанасында» «келесі қабатқа жоғары» «қойылады». Өз ойыңызда қабаттар бойынша қадам жасаңыз.

«Дауыс ұшқырлығын дамыту» жаттығуы. Дауыс ұшқырлығын дамыту үшін дауысты қатты емес жеңіл дыбысталуда алысқа бағыттай алуыңыз керек. Дауысты өзгеге емес керісінше өзіңе бағыттағандай қалыпты сезінуіңіз қажет. Топтың назарын өзіңізге аудару бағытымен жұмыс жасаңыз. Сөйлер алдында өз ойыңызда: «Назар аударыңыздар! Бастаймын» деп айтыңыз. Және дауыс қалыпты топтың сіздің сөзіңізге назарын аудару қажет. Сабақ өтіп жатқанын елестетіңіз сіз дәлізде есік алдында отырған кезекшіні оқытушыға кедергі жасамай шақыруыңыз қажет. Мәселен оның аты «Жансерік» сіз оны тегімен «Байденов!» деп шақыруыңыз қажет. Ал енді үзіліс басталды сіз оқытушыға кедергі жасаймын деп қорықпайсыз және қатты айғайлап шақырасыз. Енді тап осы тапсырма бірақ бақылау жұмысы жүріп жатыр, сынып тып-тыныш.

Жаттығу. Қағазды диаметрі 3-4см болатындай етіп айналдырып түтікше жасаңыз. Оны ерініңізге апарыңыз одан кейін дауысты сөздерді, сөйлемдерді, буындарды сол түтікшеден шығатындай етіп айтыңыз.

Шағын сабақ беру (таңдау нұсқалары)

Сабақ барысында жинақталған тәжірибенің негізінде үйде орындалған жаттығуларды немесе сабақ сағатындағы гигиеналық тәрбиеге негізделген ойын жағдаяттарын көрсету.

1.Шағын сабақ беру келесі параметрлер бойынша бағаланады: жұмыс мотивациясы, инструктаж, коммуникативті жағдайда жаттығудың кіріспесіндегі шеберлігі, сыныппен байланыс орнату, жеңілдік және дауыс пен дем алуды басқару автоматтылығы.

2. Мұғалімнің сәлемдесу жазбасын тыңдаймыз «Сәлеметсіздерме!» 10 түрлі күйде: қорқыныш, ләззат алу, тәртіппен, таң қалу, шошыну, қуаныш, қанағаттанбау, лайықтылық, бейтараптылық. Мәтінді анықтаймыз. Көркем сурет туралы айтамыз, осы мәтін негізінде мұғалімнің бейімделуі.

3. Осыдан кейін студенттер тапсырмалар орындайды:

а) Оқушыға назар аударыңыз: «Мында кел!» - дәлізде еркеліктен арылту мақсатында;

б) Оқушыға назар аударыңыз: «Мында кел!» - орындығынан немесе тақтада тұрып жақсы жауап беруге бейімдеу;

с) Оқушыға назар аударыңыз: «Мында кел!» - картаны ілуге көмектесуін сұрау мақсатында.

Ол орындайды, топ талдау жасайды, назар аудартуда қандай мәтін қолднылған. Одан әрі мұғалімнің дауысының жұмысын іске асыру үшін жеке тапсырмалар, студенттер оқытушыдан алатын тапсырмалары маңызды [5,120-134].

Әдебиеттер:

1. Ж.А. Жүсіпова Педагогикалық шеберлік. Алматы, 2011 91-б.
2. Құрманалиев Ш.Х., Мұқанова Б. Ж.. Педагогика: Оқу құралы.-Астана.-2007.
3. Берікұлы Н. «Педагогика» Ақтөбе, 2004ж.
4. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р.М.. Педагогика.-Алматы.-2000.
5. И.А.Зязюн, И.Ф.Кривонос, Г.В. Брагина Основы педагогического мастерство. Москва «Просвещение» 1989

КІШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ АРҚЫЛЫ МОТИВАЦИЯ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

*Тауекелова Анар Еламановна
п.ғ.м., аға оқытушы*

*БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты*

Арқалық, Қазақстан

Санатбай Перизат Айбекқызы

п.ғ.м., оқытушы

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье рассмотрена сущность цифрового образования в процессе формирования у младших школьников мотивации неутомимого интереса к учебной деятельности.

Ключевые слова: младший школьник, цифровое образование, формирование, мотивация

Annotation. In this article the essence of digital education in the process of formation of motivation of indefatigable interest to educational activity at younger school students is considered.

Keywords: younger schoolboy, digital education, formation, motivation

Қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытындағы түбегейлі өзгерістерге байланысты баланың білімі мен тәрбиесіне жаңа талаптар қойылуда. Қазақстан Республикасының әлемдік ақпараттық –мәдени кеңістікке шығуына байланысты, қазіргі педагог-психологтарға жауапкершілігі мол міндет жүктелді. Тек қана білімді адамды тәрбиелеп оқыту емес, сонымен қатар еліміздің өркендеуіне жұмыс атқаратын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Ғылымдардың әр саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми техниканың қарқынды даму кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың танымдық қабілеттерінің жоғары болуына тікелей байланысты.

Сондықтан Қазақстан Республикасының қазіргі білім жүйесінің стратегиялық мақсаты жоғары білімді бәсекелестік қабілеті мол тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады, қазіргі білім беру мекемелерінде балалар белгілі білім мен білік алып қана қоймай, алған үлгі - өнегені өмір бойы пайдалана білуі тиіс [1].

Кіші сынып оқушыларында туынды назар, зерде, қиял, танымдық қабілеттер, бақылау, өз әрекеттерін талдау, жоспарлау және алға қойылған міндеттерді шешу икемділіктері тез дамиды. Алайда, оқушылардың жеке тұлғаларының қалыптасуында, олардың танымдық мүмкіндіктерінің пайда болуында маңызды рөл атқаратын барлық осы қабілеттер мен икемділіктердің дамуы бірден орын ала қоймайды. Барлық балалардың маңызды психикалық қасиеттерін қалыптастыру мен дамыту бойынша табанды, қажырлы және мақсатты еңбек қажет. Кіші сынып оқушылары аталған психикалық үрдістерді, қабілеттерді, икемділіктерді дамыту үшін ең қолайлы жас болып табылады. Егер бұл уақытты жіберіп алсақ, егер балада рефлексия, іс-әрекеттердің ішкі жоспары зерде, байқағыштық туынды назар және т.б. уақытында дамытылмайтын болса, онда жасы үлкейгенде бұл сапаларды дамыту айтарлықтай қиынға түседі, ал кейде тіпті мүмкін болмайды да. Кіші сынып оқушыларында осы психикалық үрдістердің, қабілеттер мен икемділіктердің барлығы тиісінше деңгейде қалыптасатын болса, онда жоғарғы — мазмұны бойынша одан да күрделі мектеп курсына өту оларда қандай да бір қиыншылықтар туғызбайды.


Сандық білім беру ресурстарына жаттығуларды орындау, сәйкестіктерді белгілеу, сойлемдерді толықтыру, сөзжұмбақ, ребус шешудің сан алуан түрлеріне (ойын, оқу, танымдық және т.б.) қуана-қуана қатысатын төменгі мектеп оқушыларының басым көпшілігінің табиғи белсенділігі мен іс-әрекетін пайдалану қажет. Кіші сынып оқушыларының іс-әрекетін бағыттау және реттеу керек, яғни іс-әрекетке, оқуға деген мұқтаждықтарға деген талпыныстарының жиынтығын қалыптастыру керек. Егер оқушыда оқуға деген ниет қалыптаспаса, онда мұғалімнің жұмсаған бар күші бекер кетеді.

Оқушыларда оқудың қажетті себебін, оқуға деген тұрақты және салмақты тілекті қалыптастыру үшін: сандық білім беру арқылы балалардың белсенді іс-әрекетке, эмоционалдық танытуға, ұжымда өз-өзін көрсетуге және т.б. деген мұқтаждықтарына сүйене отырып, қажетті себепті туғызу керек бұл іс-әрекет оларға ең жағымды эмоционалдық толқулар әкелуіне, олардың қызығушылықтарын қанағаттандыруына, оларды дамытуды, оқушыларға өз қабілеттеріне сенімін тудыруға, олардың өз табыстарына деген қуаныштары мен мақтаныштарына жағдай туғызу керек;

Қажетті мұқтаждықтар мен себептер оқушыларда тек олардың өзіндік іс-әрекетінің үрдісінде ғана қалыптаса алады. Бұл үшін оқудың мазмұны, оқушылардың алдына қойылған мақсаттар мен міндеттер олар үшін түсінікті болып, жеке тұлғалық маңызды мағынасы бар болуы керек.

Бұл жағдайда С.Л. Рубинштейн баса айтқан, ол: "Оқушы жұмысқа шынымен-ақ беріле кірісуі үшін оқу қызметінің барысында оның алдына қойылатын міндеттердің түсінікті ғана емес, ол іштей қабылдайтындай болуы керек. Олар оқушы үшін маңызға ие болып, осылайша оның толқулары жауап қататындай және іргетас табатындай болуы керек,"-деп жазған. Сонымен, оқуды тиімді ұйымдастыру үшін себептің ішкі сипатқа ие болуы, яғни іс-әрекеттің мазмұны мен себебінің бір-біріне сәйкес келуі өте маңызды [2].

Сандық білім беру әдістерін пайдалану оқуға деген қатынастың түрін тереңдетуге, оқу іс-әрекетіне деген тұрақты оң себепті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осындай тәсілдердің бірі оқу міндетін алға қою болып табылады.



Сурет 1 Мотив қалыптастыру жұмыстары

Сандық білім беру ресурстары міндетіне не нәрсені игеру керек екені, не нәрсені меңгеру керек екені туралы анық ұғым. Нақты-тәжірибелік тапсырмаларға қарағанда (мысалы, екі санды қосу Мектеп оқушысын оқу міндетін өз бетінше бөліп көрсетуге оқытудың тәсілдері: сабақта не нәрсеге үйренді; жекелеген жаттығуларды орындаудың мағынасын түсіндіру (ол неге керек); бір ғана ережеге арналған түрлі тапсырмаларды салыстыру; келешекті (тақырыптар бойынша алға жылжуды жоспарлау) және өткенді (жаңа икемділіктер мен қабілеттерді бұрын болған деңгеймен салыстыру) қарастыру амалын пайдалану.



Сурет 2. Мотивтерді қалыптастыру шарттары

Сандық білім беру ресурстары ең алдымен жаңа материалды меңгеру қандай білім мен іскерліктерді талап ететініне талдау жасау қажет. Егер оқушы белгілі бір бейнелерді, ұғымдар мен іс-әрекеттерді әлі меңгермеген болса, онда оқытуды заттық гностикалық іс-әрекеттен бастау керек [3].

Кез келген іс-әрекет белгілі бір мотивтерден туындайды да, белгілі бір жағдайларда өтеді. Олар екі түрлі сыртқы және ішкі мотивтер болуы мүмкін. Сыртқы: бұлардың бәрі тікелей оқу мақсатына, ішкі мотивтерге: адамды өз мақсатына оқуға ынталандыратын мотивтер жатады. Бұған білімнің өзіне, білуге, әуестік мысалы бола алады. Мұндай мотивтері бар оқу ахуалдарында ішкі тартыс болмайды. Әрине, олар да оқу барысында кездесетін қиыншылықтарды жеңуге байланысты және ерік-жігер күшін талап етеді. Бірақ бұл күш-жігер өз-өзіне қарсы күресіне емес, сыртқы кедергілерді жеңуге бағытталады.

Сонымен, қорыта келе айтарымыз балаларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін кіші сыныптан-ақ оларды логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық технологиялардың негізіне, ақпараттық сауаттылық пен мәдениетке тәрбиелеу қажет.

Кіші сынып оқушыларына сандық білім беру арқылы мотивациясын қалыптастыру келесі мақсаттарға жетуге бағытталған:

- ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру;

- интеллектуалды тұлғалық және эмоциялық;

- жігерлік сапаларын, қабылдау түрлерін және есте сақтауын дамыту;

- оқушыны азаматтыққа және дүниетанығыштыққа тәрбиелеу.

Сандық білім беру ресурстарын пайдалану еліміздің болашағы болып табылатын кіші сынып оқушыларына сапалы білім беріп, оқуға деген мотивациясын қалыптастыруда берер мүмкіншілігі мол болары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Қ.Р-ның «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі N 31

2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. М.2006 г.

3. Ахметова Г.К., Семченко А.А., Мухамбетжанова С.Т. және т.б. Білім беру ұйымдарындағы электрондық оқыту жүйесін енгізу әдістемесі. Әдістемелік құрал. Алматы. 2012

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ӨНІМДІ ЕТУДЕ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

Ортаев Бахтияр Тұрсынбайұлы
п.ғ.д., доцент

Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан

Абдиева Жұлдызай Қалдыбайқызы
II курс докторанты

Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан

Аннотация. В данной статье говорится как учебные материалы преподаются на основе информационных и коммуникационных технологий. Организация учебного процесса на основе информационных и коммуникационных технологий со школьниками делает учебный процесс более эффективным. Экономит время, стимулирует мотивацию студентов, расширяет информацию.

Ключевые слова: информационные и коммуникационные технологии, электронные учебники, учебные материалы, время.

Annotation. In this article, teaching materials are taught on the basis of information and communication technologies. Organization of the educational process based on information and communication technologies with schoolchildren makes the educational process more effective. Saves time, stimulates student motivation, expands information.

Key words: information and communication technologies, electronic textbooks, educational materials, time.

«Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы» мен «Бастауыш және орта кәсіптік білімді ақпараттандыру» бағдарламасында білім беруді ақпараттандыру жүйесінде ақпараттық технологияларды әсіресе, телекоммуникациялық технологияларды, электрондық оқулықтар мен кешендерді пайдаланып оқыту ерекше орын алатыны баса айтылған [1].

Сонымен қатар, Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының негізінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы жасалынды. Бұл бағдарламаның мақсаты орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болатын. 2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылатын Бағдарламада орта білім беруде жас ұрпақтың бойында шығармашылық қабілеттер мен сыни ойлауды дамыту мақсатында

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу/оқыту үдерісінде қолдануды жүзеге асыруды көздеп отыр [2].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқытудың алғашқы тұжырымдамасын Паск қаласының ағылшын кибернетигі және американдық психологтар Н. Краудер мен Б. Скиннер ұсынды [3].

Көптеген зерттеушілер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып оқыту процесін оңтайландыру мәселелерін бойынша: Б.С. Гершунский, В.Я. Ляудис, Э.Г. Малиночка, А.Я. Савельев, Г.К. Селевко және т. б. біздің елімізде білім беру саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды практикалық тұрғыда қолдану жөнінде Г.Қ.Нұргалиева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Ж.У.Кобдикова, К.З. Халықова, Б.Абықанова және т. б. ғалымдардың жұмыстарында сипатталған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – ақпарат көздері, бейнелік және аудиоэффектілік, электронды оқулықтар, әртүрлі мультибағдарламалық мүмкіндіктерді интерактивті бағдарламалық жабдықтың басқаруымен орындалатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері болып табылады [4].

Біз аталған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үдерісін өнімді етуге қалай ықпал ететіндігіне зерттеу жұмысын жүргіздік. Зерттеу жұмысының барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды бастауыш сынып оқушыларын оқытуда қолданудың теориялық негізіне шолу жасадық.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тәжірибесін отандық және шетелдік психологтарды, педагогтарды зерттеу нәтижелерін талдау арқылы бастауыш сынып оқушыларын оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндігін нақты анықтауға мүмкіндік береді:

1. Оқытудың компьютерлік құралдары оқу ақпаратының мазмұнын көрсету мүмкіндігін едәуір кеңейтеді. Мультимедиялық көрнекілікті, анимацияны, дыбысты, барлық заманауи бейне техникасы мен интерактивті қарым-қатынас құралдарын қолдану ақпаратты толық көлемде беруге мүмкіндік береді, оны жақсы меңгеруге және есте сақтауға мүмкіндік береді.

2. Компьютер оқытылатын объектілерді, табиғат құбылыстарын компьютерлік визуализациялау, оқытылатын нысандарды басқару, оқытудың нысандары мен әдістерін өз бетінше таңдау мүмкіндігі, ойын арқылы оқуға деген мотивациясын арттырады, оқытылатын пән курсы мазмұнының практикалық маңыздылығын ашады, оқушыларға қызықты міндет қойып, мәселенің кез келген шешімін ұсынуға мүмкіндік береді.

3. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқушылардың оқу-танымдық қызметін моделдеу, жобаларды жасау, тесттерді орындау, мультимедиялық бағдарламалар мен энциклопедиялармен жұмыс істеу, интернет желісінде ақпарат іздеу әрекетін айтарлықтай кеңейтеді.

4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар интерактивті диалог, оқу іс-әрекеті режимін дербес таңдау және оқытудың ұйымдастырушылық нысандарын іске асыра отырып, оқушыларды оқыту процесін дараландыру және саралау үшін кең мүмкіндіктер ашады.

5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқуға деген жағымсыз қарым-қатынастың маңызды себептерінің бірін - түсініспеушілік, білімдеріндегі елеулі олқылықтарды толық жоюға мүмкіндік береді.

6. Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар тиісті тапсырмалар мен ойындар арқылы мидың белгілі бір сапаларын (есте сақтау көлемін, зейінді, аналитикалық қабілеттерін және т.б.) дамыту мүмкіндігін береді.

7. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен қосымша (оқулықтан басқа) ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге болады. Осыған байланысты білім алушылардың оқытушыға ақпаратты жеткізуші көзі ретіндегі тәуелділігі азаяды.

Біздің байқанымыздай оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар соның ішінде компьютер оқу объектісі, сондай-ақ оқыту құралы. Демек, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқытудың өнімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Жоғарыда аталған ақпараттық және коммуникациялық технологиялар оқу тәрбие үдерістерінің барлық деңгейін, білім алушының көпжақты дамуын күшейту, болашақтағы ақпараттық қоғам жағдайында білім алушыларды өмірге дайындау міндеттерін шешуге, қазіргі қоғамның ақпараттандыру үдерсітеріне сай туындаған әлеуметтік тапсырыстарды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Бүгінде білім беру саласын модернизациялауға байланысты елімізде жаңартылған білім беру бағдарламасы жасалынып, оқулықтар дайындалды. Зерттеу жүргізу барысында қазақ тілі пәнін негізге ала отырып, мазмұны мен құрылымына талдау жасадық. Талдау жасауда оқулық төрт түйінді дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл дағдылар: айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым.

Егер білім алушы түйінді дағдыларды қалыптастырып, әрбір дағдыны игеретін болса, онда оқыту үдерісі нәтижелі болады. Сондықтан біздер ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың негізінде оқытуды өнімді ету мақсатында зерттеу жұмысын жүргіздік. Ол үшін бастауыш сыныптың қазақ тілі пәнінен ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың ешбір құралын қолданбай және қолдана отырып оқыту үдерісін ұйымдастырдық. Сабқтың жоспарын ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдана отырып жасадық. Тыңдалым тапсырмасын орындауда ұнтаспа құрылғысын пайдаланып, білім алушыларға тыңдаттық. Білім алушы бастауыш сынып оқушылары құлақпен ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың соның ішінде ұнтаспа арқылы тыңдалым дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды ынтаменен тыңдады. Ыждағаттылықпен тыңдалған мәтіннің

сұрақтарына жауап беру білім алушыларға қиындық тудырмады. Жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырманы орындау үшін интерактивті тақтаны қолдандық және тапсырманы орындауда «активті қалам» қолданылды.

Кесте – 1. Ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісінің тапсырма үлгілері:

Тапсырманың нөмірі	Түйінді дағдылар	Тапсырманың сипаттамасы	Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар
№ 1 тапсырма	Тыңдалым. Айтылым.	Мәтінді тыңдау. Сұраққа жауап беру.	Мультимедия (үнтаспа)
№ 2 тапсырма	Оқылым. Айтылым.	Мәтінді оқу. Ауызша айтып беру.	Интерактивті тақта
№ 3 тапсырма	Жазылым.	Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазу.	Интерактивті тақта
№ 4 тапсырма	Айтылым	Видеоны көру. Ой түйю.	Электронды оқулық

Ғылыми зерттеулердің нәтижесінде өнімді оқыту үдерісін қалыптастыратын ең негізгі 4 фактор анықталған. Олар: оқу материалдары, ұйымдастыру-педагогикалық ықпалдар, оқушының оқуы және уақыт.

Қорытындылай келе, оқыту үдерісін білім алушылармен ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың негізінде ұйымдастырар болсақ, оқыту үдерісі нәтижелі болады. Себебі, ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану білім алушылардың жеке басының мотивтерін іштей оятады (суреттердің тартымдылығы, мазмұны, құрылымы, бірізділігі) және уақытты ұтымды пайдаланып, үнемдейді. Білім алушылардың жеке басының оқуы, уақыт, оқу материалының ұғымдық және психологиялық тұрғыдан түсінікті болуы оқытуды өнімді етудің негізгі факторлары екендігін білеміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2010 жыл.
2. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы – 2018-2022 жылдаға арналған Мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2017 жыл.
3. Беспалько В. П. Программированное обучение. Дидактические основы. — М.: Высшая школа, 1970. — 300 с.
4. Мулдабекова К.Т. - Дисс. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзиреттілігін қалыптастыру. - Алматы, 2014 жыл.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Абдушукурова Асель Толегенкызы
магистрант филологического факультета
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Нур-Султан, Казахстан
науч.руководитель проф. Ж.Н. Жунусова*

Аннотация. В статье рассмотрены особенности образовательного процесса в цифровой реальности, рассмотрены ключевые компетенции и навыки обучающихся, необходимые в условиях информационно-коммуникационных технологий. Выявлены тенденции и проблемы, связанные с внедрением в систему образования инновационных новшеств.

Ключевые слова: цифровая трансформация, цифровое образование, цифровые инструменты, цифровые образовательные центры, ИКТ-технологии

Annotation. The article considers the features of the educational process in digital reality, considers the key competencies and skills of students required in the conditions of information and communication technologies. Trends and problems associated with the introduction of innovative innovations into the education system are revealed.

Key words: digital transformation, digital education, digital tools digital, educational environment, ICT-technologies

Цифровая трансформация на сегодняшний день все больше и больше набирает популярность: ИТ-прорыв, электронное правительство и цифровое образование. Новую систему образования, в которой используются средства информационно-коммуникационных технологий, называют цифровым образованием, в которое входят понятия сетевое общество, дистанционное обучение, различные веб-ресурсы, социальные сети, блоги с современными устройствами (смартфоны, планшеты, интерактивные доски) и т.д. В образовательную систему для учебного процесса повсеместно внедряются новейшие технологии: информационно-коммуникационные, дистанционные, интерактивные, эвристические. В ходе учебного процесса педагоги используют проективные методы обучения, творчески подходят к решению поставленных учебно-воспитательных задач, создают новые проблемные ситуации.

Новейшие ИКТ-технологии способствуют быстрому и качественному обучению, а также они делают процесс получения новых знаний удобным и доступным. В наше время для того, чтобы научиться новому, достаточно иметь доступ в интернет. Реальность такова, что цифровая действительность, с одной стороны, создает значительную конкуренцию традиционной форме обучения, а с другой стороны, стимулирует педагогов искать новые формы обучения, вдохновляются для создания лучшей обратной связи с обучающимися. Наряду с компьютерной грамотностью, в ИКТ-компетентность педагога входит умение искусно проектировать и реализовать процесс обучения с использованием информационных технологий и средств, осуществлять данный процесс интересным и разнообразным.

Общеизвестно, что цифровые технологии, которые динамично меняют мир, вторгаются в исследовательские процессы, увеличивая информационное поле гуманитарных исследований. С помощью цифровых ресурсов и инструментов гуманитарные науки становятся цифровыми, и мы можем сказать, что сейчас стремительно развивается новое направление – *цифровая гуманитаристика*, о которой активно заговорили в последние десятилетия. Именно в этот период начали появляться примеры, объединяющие новые технологии и культурное наследие человечества. Так, например, с помощью разработанных корпусов текстов и с помощью разметок позволяет быстро найти слова, формы слова и синтаксических конструкции, которые необходимы исследователю и педагогу. Электронное собрание корпуса текстов включает газетные заметки, поэтические и прозаические произведения.

Национальные корпуса языков с огромными массивами текстов – это сравнительно молодой эффективный и полезный инструмент педагогов, который помогает не только собирать и визуализировать какую-либо информацию, но также дает возможность быстро обработать любой текст и использовать в процессе обучения языку.

Сегодня национальный корпус языков самый востребованный фактический материал, к которому постоянно обращаются не только педагоги, но и обучающиеся, так как он помогает им в освоении грамматических, орфографических и синтаксических правил. В поэтическом разделе хранится огромная часть русских стихотворений XVIII-XX веков, которую можно использовать в преподавании филологических дисциплин, при написании исследовательских работ.

Национальный корпус русского языка стал возможен с появлением цифрового внедрения, появилось большое количество терминов: цифровая экономика, цифровое общество, сетевое пространство, *цифровые аборигены* и *цифровые иммигранты* и т.д. Так, словосочетание-термин *цифровые аборигены* – это носители цифрового языка и цифровых технологий, т.е. все те, кто родился в XXI веке [1]. В работе М. Пренски сказано о цифровых аборигенах, которые имеют врожденное знание о цифровых технологиях, воспринимают цифровой мир как повседневность, ощущают себя в потоке многозадачности, привыкли к резким изменениям скорости восприятия информации, к интерактивности гаджетов, к собственной активности в социальных сетях, к скорости в мире видеоигр. Поколению цифровых аборигенов М. Пренски противопоставил *цифровых иммигрантов* – педагогов и студентов старших возрастов, поскольку они родились до широкого использования цифровых технологий, и поэтому являются, скорее, не носителями цифрового языка, а иммигрантами в чужой стране [2, 45-46].

Сегодня много делается для обмена опытом между вузами по проблемам цифровизации системы образования. Так группа профессоров и преподавателей Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева в этом году приняли участие в программе по инновационным цифровым технологиям в г. Омск, где акцентировалось внимание на проблемы применения информационных и коммуникационных технологий в обучении, технологии проектного обучения, технологии интерактивного обучения [3].

По вопросам цифровизации проводятся различные совещания, семинары, конференции, круглые столы. На одном из них принял участие Елбасы, который представил свое видение программы «Цифровой Казахстан». Он отметил, что стержнем третьей модернизации, о которой он говорил в своем Послании народу Казахстана, является цифровизация. В связи с этим он подчеркнул важность подготовки высококвалифицированных кадров, это связано с необходимостью пересмотра политики в области образования: «Всем казахстанцам – от школьников до пенсионеров – снова надо сесть за книги и изучать новые технологии. Принцип образования на всю жизнь становится потребностью, нормой» [4].

В целом, мы являемся свидетелями цифровизации всех уровней нашего общества, в том числе и системы образования. За счет использования предметов цифровой эпохи появилось новое *сетевое поколение*, впервые в истории дети более способны, осведомлены и грамотны, чем их родители. Теперь эти дети учатся, играют, общаются, работают и строят общественные взаимоотношения иначе, чем их родители. Они — движущая сила грядущей социальной трансформации» [5]. И мы должны быть готовы к всеобщей киберсоциализации общества.

Литература

1. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants On The Horizon // MCB University Press. – 2001. – № 5.
2. Игнатова Н.Ю. Образование в цифровую эпоху: монография. – Нижний Тагил: НТИ УрФУ, 2017. – С 45-46.
3. URL: <http://www.eni.kz/info/zhanalyktar/57530> (дата обращения: 07.11.2019).
4. Муканова А. Цифровизация как путь к успеху//Казахстанская правда. – 2017. – 14 сент.
5. Prensky M. Grown up digital: How the Net Generation is Changing the World [Электронный ресурс]. 2008. URL: <http://citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/download?doi=10.1.1.471.3033&rep=rep1&type=pdf>. (дата обращения 07.11.2019).

ЖҰМБАҚТАР – АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ БІР ТҮРІ

*Абдуллина Ләззат Әмірханқызы,
Бастауыш сынып мұғалімі
Ы.Алтынсарин атындағы Торғай қазақ орта мектебі
Торғай, Қазақстан*

*Жамелова Интабат Күнтуарқызы
Қосымша білім беру педагогы
Арқалық қаласы әкімдігі Білім
бөлімінің қосымша білім беру орталығы
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В статье говорится о природе и особенностях загадки как жанра устного народного творчества. Повествуется что загадки создаются благодаря острому уму, вдумчивому слову и крылатым выражениям используемым народом.

Ключевые слова: Загадки, жанровая специфика, природа, крылатое слово, загадочная мысль.

Abstract. The article tells about a genre of oral literature - the riddles, the nature and peculiarities of the riddles. It is said that the mysteries of the mystery is based on the beauty of the genius, the thoughtful word, and the quotes.

Keywords: Mysteries, the genre specificity, the nature, quotes, the mystery thought.

Жұмбақ – барлық елдің ауыз әдебиетіне ортақ жанр. Мақал – адамның логикалық ойын дамытса, жұмбақ, жас баланың тілін жетілдіріп, табиғат, өмір жайындағы түсінігі мен қиялдау қабілетін дамытады. Жұмбақ ең алдымен жас бөбектерге үйретілген. Оның өзі көбінесе ұйқасқан өлең түрінде айтылатын болған. Жұмбақтың объектілері – табиғат құбылыстары, жер – су, жан – жануарлар, жәндіктер, адам мүшелері, түрліше өлі заттар, тіршілік құралдары болып келеді. Жұмбақ – өмірдегі реальдық зат пен құбылысты танытудың құралы. Оның айналатын қазығы – ұғым (сөз)[1,47]. Бірақ сол ұғымға біз тікелей емес, түрліше салыстыру, ұйқастыру жүргізу арқылы келеміз. Жұмбақта абстракция күрделенген. Сонымен, табиғат пен болмысты тануға, жас жеткіншектің ойы мен тілін дамытуға құралған қысқа өлең – фразаларды жұмбақ дейміз. Жұмбақтың алғашқы үлгілері ертеден адамдардың тұрмыс – тіршілігіне, еңбек кәсіп ету жайларына байланысты туып, кейіннен халық өмірімен біте қайнасқан, талай ғасырмен бірге жасасқан, өзінің қалыптасу және мазмұн, жаңа тақырып алып отырған жанр. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, жұмбақ – өсу, ұлғаю үстінде болған, әрбір тарихи дәуірлер туғызған жаңалықтарды бойына жинай келген халық қазынасы. Қай кезде болса да, жұмбақты еңбекші халық оралымды ұшқыр сөз, өткірлік, тапқырлық ретінде қолданып келген. Мұнымен қатар, жұмбақтың білім берерлік, білмегенді білуге ұмтылдырарлық қасиеті барлығын халық жақсы түсінген. Сондықтан да жұмбақ халықтың күнделікті өмірінен айрықша орын алған.

Жұмбақ айту әр халықтың әріден келе жатқан дәстүрінің бірі. Профессор М.Әуезов «Жұмбақтар» деп аталатын еңбегінде, қазақтың ертедегі әдет – ғұрып салтында жұмбақтың айрықша орын алатындығын айта келіп, «кейде бүкіл бір ертеке жұмбақтан туады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған» деп көрсетеді[2,74]. Бұл тарихи шындыққа негізделген пікір.

Жұмбақ - деген фольклор түрі қай жұртта болса да, оншалық терең зерттеліп жете танылған түр емес. Сондықтан бұндағы қоғамдық сырды, мазмұнды орнымен толық бағалаған еңбектер жоқтың қасы. Ал, анығында ескі жұмбақтың өзіне қарасақ та, солардың көпшілігін шығарушы, айтушы, еңбек иесі екіні ап – айқын түр. Бақташы, егінші, неше алуан кәсіпшілер өздерінің күндегі айналысып жүрген заттарын сөз қылады.

Халықтың жұмбақ ішіндегі сөз қылған заттары әрдайым, бір қалыпты қатып тұрған зат болмайды. Бір нәрсені істеуші, бір міндетті атқарушы, үнемі қозғалыс, қимыл, әрекет үстіндегі заттар болады. Бұдан да көп мағына бар екені даусыз. Дүниені еңбек арқылы танитын еңбек адамы, өзінің бұйым заттарын да, маңайдағы жанды – жансыз дүниені де осындай әрекеті арқылы таниды. Сол арқылы еске алады. Бұл жағынан қарағанда, бірталай жұмбақтар адамның табиғат, тіршілік жөніндегі бұрынғы ескі түсінгі мен кейінгі замандардағы кең ақылға байланысты түсінігінің екі арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Көп елдердің ай, жұлдыз, жер мен көк жайындағы ертелі – соңғы жұмбақтарын қарасақ, баяғы заманнан бері қарай адам баласының жалпы тарихы басып өткен әлденеше шаруашылық, қоғамдық сатылардың ізін байқаймыз.

Бір кезде айды айғырға, жұлдызды үйірге теңесе, тағы бір жұмбақта:

«Көп бауырсақ ішінде, бір қалаш» дейді, немесе: «Жабық астында жарты күлше» дейді, кейде айды «сары поднос» деп те жұмбақтайды. Бұл бір мысалдың өзі де қазақ халқының тіршілігіндегі шаруашылық сатыларын білдіреді.

Кейде осымен қатар табиғат көріністерін адамның өз тіршілігіндегі туысқандық, қандастық жігімен салыстыру да кездеседі. Ондай да әке мен бала, шеше мен қыз, аға мен қарындас, ұл мен қыз деген сияқты егіз екі жайлар қосарланып жүреді. Жоғарыдағы күн мен айды, бір ұл, бір қызбен шендестіру осының айғағы.

Бұрынғы кездегі қоғамдық тіршілік сорақы белгілеріне мысқыл, мазақ сөздерді көп айтатын сыншыл, сергек ойлы халық кейде дін иелерін де қатты мазақтайды.

«Қу ағаштың басында,

Құтырған адам айқайлайды»[3,83]

Бұл азан айтқан мәшінді ажуалау: зат атаулының барлығын еңбек жағдайымен, еңбекке байланысты бітім тегімен байланыстыра қарайтын халық, жұмбақ атаулының мазмұнын өзі шешіп береді. Жұмбақтардың қоғамдық, тарихтық, мәдениеттік негізін сол еңбекке байланысты болған іргесіне, төркініне қарап талқылау керек.

Көп елдің жұмбақтарында ұқсас келетін түрі де бар. ол бұрынғы өткен шақтағы шаруашылық, қоғамдық құрылыстары ұқсас болғандықтан. Сонымен қатар бүгінгі жаңа жұмбақтардың ішіндегі теңеу, салыстырулардың ұқсас келіп отыратыны тағы бар. мысалы: жаңа жұмбақтарда трактор мен паравозды егізге, тұлпарға теңестіру, аэропанды құс деп сипаттау халықтар тіршілігіндегі шаруашылық іргенің бір негізге құрылғандығынан.

Қай елдің тарихын алсақ та жұмбақтың бұрынғы кездерде өзінше үлкен орын алғанын көреміз.

Кейде бүкіл бір ертек жұмбақтан туады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып келетіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынай машық болған. Ескі грек жұртының Эдиф жайындағы қайғылы дастаны сфинкстің жұмбағынан басталады.

Бұрын қазақта күйеу таңдаған дана қыз жұмбағын шешкен кісіге тием деп серт берген. Бертін келе жұмбақ қазақ ақындарының айтыс өлеңінен көп – көп орын алатын болған. Жалпы, жұмбақ деген сөз түрін халықпен бірге, сол халықтан шыққан ақындардың көп пайдаланатынын көреміз.

Жұмбақтың өзіндегі ақындық, көбінесе, едәуір күшті ақындық болады. Сондықтан ақындар жұмбақ үлгісімен жыр айтуды әдейі таңдамалы есебінде қолданады. Қазақ ақындарының жұмбақты жақсы бағалауының арқасында біздің көп жұмбақтарымыз өлең болып айтылады. Жұмбақ халық сүйетін, көпке жайылғыш сөз болғандықтан, бұл түрді қанаушы таптың пайдаланғысы келетіні де бар. олар өз мүддесі үшін, халықты алдау үшін дін, құдай, көк өгіз, пайғамбар, патша, сұлтан, төре деген сияқтыларды тықпалайды.

Біздің уақытымызда жұмбақ өз бағасын жойған жоқ. Жұмбақты мектеп балалары тілге ұста болу мақсатымен оқиды, жаттайды. Жастар ойын – сауық кештерінде әлі де ермек етеді. Ата- ананың жас балаларға беретін тәрбиесінде де баланың ойын тапқырлыққа баулу үшін де жұмбақтың көп пайдасы бар. жалпы одақ көлемінде шығатын газет пен бірталай журналдарда жұмбақтың көп алатын орны бар. Бұның бәрі жұмбақтың халық шығармасы есебінде әлі күнге қадірлі екенін көрсетеді.

Ұзын – ұзын жолдар бар,

Үйрек қонар көлдер бар...

Ат үстінде шокшиып,

Отыратын күндер бар.

(Өрмек тоқу)

Сылдыр – сылдыр кісенім,

Сылдырлайды – ау кісенім.

Құлағында құлпы жоқ,

Құдіретті кісенім.

(Сәукеле)

Ақылсыз қашан ақылды болады?

(Үндемегенде)[4,54]

Суда жатады, өзі батпайды.

(Көлеңке)

Бір түкті кілем,
Бір түксіз кілем.
(Аспан,жер)

Тең, тең, тең киіз,
Екі ортасы кең киіз.
(Аспан,жер)

Мұрынсыз шымшық,
Мұз төседі.
(Тамшы)[5,64]

Аяғы жоқ күледі,
Сылқ – сылқ күледі.
(Су)

Жел,жел, жел бием,
Желісінде кім білер,
Жау жапырақ түбінде,
Құлындаса кім білер.
(Балық)

Өзі шұбар,
Тамағына таққаны
Екі тұмар.
(Шортан).

Басына бөрік киер құндыз ұстап,
Үстіне ақ камзолын киіп алып,
Жүреді екі қолын артына ұстап.
(Сауысқан).

Тіріден өлі туады,
Өліден тірі туады.
(Жұмыртқа)[6,34]

Қарап отырсақ осы айтылған жұмбақтардың бәрі әр алуан сипатта, әр алуан тақырыптарды қозғаған.

Жұмбақтың құрылысы, бітімі әсемдікке тән, ұшқыр ой мен қанатты сөз арқылы жасалады. Тұспалдап образ, кескін – келбет, бейнесін берудің өзі әсемдік дүниесінің сырын жұмбақтап, беймәлім, жасырын құбылыс деп санамай, оның сырын толық ашуға болатындығын байқатып отыр. Жұмбақ балаларға ермек үшін жасалмай, табиғаттың физикалық заңын, қоғам сырын, адам өмірін білуге арналған. Әсем өмір тынысын, қарапайым бейнелеу арқылы жеткізіп отырады.

Жұмбақтар эстетикалық ойды тұспалдап, пішіндеу арқылы жасайды. Әрбір тұспал сурет келелі ой туғызып, шындық өмірді суреттейді. Жұмбақтарды оқи отырғанда халық тұрмысы, эстетикасы, өмір тынысы көзге елестейді. Жұмбақтар кішкене құбылыстарды суреттегенімен, өмірдің үлкен шатқалдарын, қоғам бейнесін, адам тұрмысын көрсете білді[7,82]. Заман көрінісін, мәдениетін танумен бірге, әсемдік жайлы ойлары мен көзқарасын білдіреді. Жұмбақтар адам бақытын, өмір көркін, сәнді тұрмысты, астарлы,

ойлы, нақышты сөзбен сүтеттеп, көпшілікті желпіндіріп отырады. Өмірдегі қызықты драманы, махаббатты, тартысты жұмбақ арқылы келтіріп, өткен өмірден толық мәлімет береді. Соның ішінде сюжетке құрылған шағын, көлемді жұмбақ айтыстар да кездеседі. Бұрын – соңды бірін – бірі танымайтын қыз бен жігіт кездесіп, сан қилы сырлары, ауыр соқпақты асулары жайлы әсем суреттеулер арқылы айтып береді. Лайықты жар іздеген сұлу, сылқым қыз, өзінің болашақ жарын сыннан өткізіп білу үшін, жігітке шешуге он түрлі қиын жұмбақ береді. Олар өмірге тікелей байланысты батылдық пен әсемдікті танытатын өмір сыны іспеттес сауалдар. Жұмбақ – сауалды жігіт шешіп, ару қыздың ойынан шығады. Қыз жұмбағын тапқан жігітке күйеуге шығып, жарастық табады.

Кішкене жұмбақтар арқылы халық қаншама әсемдік пен әдемілікті, домбыраның қыл бұрауындай нәзіктікті тапқан десеңізші! Бұл тек қазақ халқына ғана тән дара қасиет қой.

Әдебиеттер

1. Ыбыраев Ж. Ақ сандық, көк сандық. Балалар фольклоры.-Алматы: Жазушы,1988
2. Ғабдуллин М. Ата – аналарға тәрбие туралы кеңес.-Алматы:Мектеп,1966
3. Табылдиев Ә. Жеті жүз жұмбақ.-Алматы: Жалын,1985
4. Адамбаев Б. Жарқымбекова Т. Ел аузынан.-Алматы:Жазушы,1988
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор.-Алматы. I том. 1949
6. Садырбаев С. Қазақ халқының ауыз әдебиеті.-Алматы: Мектеп, 1977
7. Табылдиев Ә. Халық тағылымы.-Алматы: Қазақ университеті,1992

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТЕЛЖАН ШОНАНОВ ТАҒЫЛЫМЫ

*Абдуллина Ардақ Амирхановна,
аға оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан
Нуркенова Мирамкүл Мыржақыпқызы,
Бастауыш сынып мұғалімі
М.Әуезов атындағы №5 орта мектеп
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В статье всесторонне раскрывается жизнь и творчество одного из ученых – педагогов своего времени Телжана Шонанова, работавшего в 1922 - 1931 годах и исследовавшего проблемы преподавания и методики казахского языка.

Ключевые слова: Преподавание казахского языка, труды, языковые проблемы, Т. Шонанов - ученый, педагог, богатое наследие, ценный труд.

Abstract. In the article there were a great deal of works and works related to the teaching of the Kazakh language in the period from 1922 to 1931, the life and creativity of one of the educated teachers - Telzhan Shonanov, who wrote research papers on the problems of the Kazakh language.

Key words: Teaching the Kazakh language, creativity, language problems, T. Shonanov – a scientist, a teacher, a heritage, a precious work.

Қазақ тілінің әдістемесіне байланысты жарық көрген оқулықтар, еңбектер тіл білімінің барлық салаларын қамтып келіп, қазақ тілі ғылымында елеулі орын алады. ХХ ғасырдың бас кезіндегі тілдік құжаттар мен құралдар қаншама мол және маңызды болғанымен, тіл біліміне, әдістеме іліміне қатысты зерттеу еңбектерінің ешқайсысында сол тұстағы ғалым - ағартушы, әдістемеші тілшілердің аты - жөні, еңбектері көрсетілмегені көпшілікке аян.

1922 - 1931 жылдардың көлемінде қазақ тілін оқыту, үйрету әдістемесіне байланысты көптеген пікірлер мен көзқарастар сол кезеңдегі «Айқап», «Қазақ», «Қазақ тілі», «Мұғалім», «Шора», «Шолпан», «Жаңа мектеп» т.б. басылымдарда көптеп жарияланды. Атап айтсақ, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабеу, А.Байтұрсынов, Т.Шонановтардың еңбектері орасан зор[1,74].

Қазақ тілі мәселелері мен әдістемесіне байланысты зерттеу еңбектер жазып, құнды пікір айтқан педагог – ғалымның бірі - Телжан Шонанов.

Телжан Шонанұлы 1894 жылы 7 желтоқсанда Торғай облысы, Ырғыз үйезі, Аманкөл болысының 4 - ауылында (қазіргі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылында) дүниеге келген. Жастайынан алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын бірбеткей Телжан сол жолда неге болса да аянбай, маңдай терін төгуге бейіл, еңбекқор еді. Бұл қасиетін онымен араласқан замандастарының бәрі жақсы білді. Оның өскен ортасы Ырғыз өңірі, Ырғыз қаласы – кезінде қазақтың жақсысы мен жайсаңының бас қосатын кішігірім рухани кіндігі болған құтты мекен.

Ырғыз топырағынан ел - жұртының ыстық ықыласына бөленген небір сайыпқыран ірі тұлғалар шықты. Кеңес өкіметі орнаған әзірдегі Қазақстанның көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ҚКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Құлымбетов Ұзақбай Желдірбайұлы, мәдениет қайраткері, ғалым Тел Жаманмұрынұлы, үкімет мүшелері Жүргенов Темірбек, Алманов Бәймен. Соларға өкшелес, қанаттасып ғылыми-ағарту жолын қуған Телжан Шонанұлы шықты.

Телжан Шонанов – ғылым - білім, оқу ағарту, әдебиет пен тіл салаларында құнарлы еңбек еткен талантты жан. Т.Шонанов 1915 жылы ұстаз болып қызмет істейді. Кейін 1922 - 1937 ж. аралығында көптеген зерттеу еңбектерін жазды. Ғалым - педагогтың еңбектері, оқулықтары мектептегі білім беру жүйесіне, әдістемелерге, тіл мәселелеріне арналған. Ғалымның әр салада көптеген еңбектер жаза келіп, тіл білімін зерттеуші ғалым, әдіскер, педагог, тарихшы, аудармашы ретінде көрнекті орын алады. Ол баланың сауатын ана тілінде ашуға ерекше көңіл бөлуді талап ете отырып, тілді үйрену алғашқы балалық кезде тиімді екенін дәлелдейді.

Қазақ білімінің өсіп - өркендеуіне жан аямай атсалысқан педагог - ғалымның соңына қалдырған мол мұрасын бөліп қарастыруға болады:

1. Бүлдіршіндердің сауатын ашуға арналған әліппелері мен мақалалары.
2. Ғалым 1926 - 30 жылдары төте жазудан араб графикасы негізінде латын жазуына көшу науқаны тұсында жаңа емлені жақтады.
3. Қазақ мектептеріне арнап жазған «Жаңалық» (Әліппе) 2 - басылымы. Қызылорда, 1928, -72 б.; «Сауаттан», Қызылорда, 1930, -48б.;

«Жаналық» (Әліппе) 5 - 6 басылымдар. Қызылорда, 1930-1931, -88 б.; М.Жолдыбаевпен «Жаналық» («Колхоз мектептері үшін әліппе») 1931, «Әліппе» Алматы, 1933, 1934, 1935ж. [2,47].

2. Қазақ тіл біліміне арналған еңбектері.

«Тіл болмаса, халық біріншіден, өзінің ұлттық бейнесін жоғалтады, екіншіден, мәдени құлдырауға ұшырайды» – дейді ғалым. Қазақ балаларының сауатын ана тілінде ашу керектігін, алғашқы үш жылда оларды ана тілінде оқыту қажеттілігін ғылыми еңбектерінде де, іс жүзінде де дәлелдеген. «Тіл дамыту» бірнеше кітаптан тұрады: «Қазақ тілі. Грамматика мен емле», «Жаңа арна» және М.Жолдыбаевпен бірге жазған бастауыш сыныптарға арналған тіл дамыту оқулықтары[3682].

3. Қазақ тілін үйренуші өзге ұлт өкілдеріне арналған оқу құралдары.

«Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы», «Қазақ тілінің оқу құралы» (Орыс мектептері үшін), «Самоучитель киргизского языка для русских школ. (Словарь и краткая грамматика), «Орыстар үшін қазақша әліппе», «Учебник казахского языка для взрослых».

4. Қазақстандағы мұғалімдердің білімін жетілдіруге әдістемелік курстарды ұйымдастыруға және осы салада жазған еңбектері.

«Оқытушылар курсы 1927 жылы қалай өту керек?» Жаңа мектеп. 1927, № 1-2-3-4-7-8. «Жаналыққа жетекші» (Қызылорда, 1929, 36 б.). Әдіскер, ғалым Т.Шонанов әрбір еңбегінде педагогикалық теориямен бірге, тәжірибелік кеңес, бағдар, сабақ жоспарын, оны өткізудің түрлі үлгілерін көрсетіп отырған.

5. Дәріс беру бағытын жасауы.

Бұл бағытта педагог - ғалым мектептегі оқу бағдарламасын жасады.

6. Қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі.

«Абай кітабын бастыру керек» деген мақаласы. А.Байтұрсынұлымен бірге, 1926 жылы шығармашылық ынтымақтастықта мектеп оқушыларына арналған 412 беттен тұратын «Оқу құралы» (Хрестоматия) атты оқулықты құрастырып шығарған.

Сонымен бірге, әдеби сын мақалалары. Олардың ішінде: «Сәкеннің тілі», «Евгений Онегиннің аудармасы», «Халық ауыз әдебиеті» тәрізді мақалалары.. Т.Шонановтың аудармашылық өнері А.Богдановтың «Курс политэкономии» атты кітабы («Тұрмыс жүйесі ғылымының қысқаша курсы», 1924), Н.Крупскаяның «Ауыл арасында саяси ағарту жұмысы» (1925), «Маркстіл тіл білімінің негіздері» (1933) кітаптарын және Д.Снегинмен бірге «Уйгурская поэзия» жинағындағы (1934) өлеңдерін тәржімалаған[4,54].

7. Тарихи еңбектері.

Бұл саладағы ең басты еңбегі – «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты монографиясы.

Ғалым білімге, оқу-ағарту ісіне ден қоя келіп, ілім тек балалар үшін ғана емес, ересектерге қажеттігін ескертеді. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларына арнап «Әліппе», «Жаңа арна», «Жаналық» кітаптарын жазса, ересек адамдарға арнап «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы», «Қазақ тілінің оқу құралы», «Учебник казахского языка для взрослых» тәрізді оқу

құралдарын шығарды. Осы еңбектерінің әрқайсысы оқу жүйесінің сапалы болуына қадағалай келіп, арнайы мақсаттарды көздейді[6,77].

Мәселен, «Әліппе» бастауыш мектепке арналған оқулық болса, «Жаңа арна»- білім табалдырығын тұңғыш аттағысы келген балаға бағытталған алғашқы кездегі оқу құралы, «Жаңалық» - колхоз мектептері үшін жазылған әліппе т.б. Автор балалардың қабілетін, жасын ескеріп, шағын әңгімелерді, мақал сөздерді, қызықты аңыздарды саралап береді.

Ғалым тілшінің еңбектерінің ішінде басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуді көздеген кітаптары, оқу құралдары ерекше орын алады. Мұның өзі оның, біріншіден, ізденімпаз зерттеуші ғалым екенін танытса, екіншіден, ұлттық ана тілінің мерейін ойлаған көреген екенін аңғартады. Бұл салаға қатысты жарияланған Т.Шонановтың еңбектері төмендегідей: «Орыстар үшін қазақша әліппе», «Самоучитель киргизского языка для русских», «Учебник казахского языка для взрослых».

Оқу құралдарының көпшілігі сол кездегі уақыт талабына сай бірнеше рет басылып шыққан. Мысалы, “Учебник казахского языка для русской школы” бес рет басылым көрген. Оқулық төрт бөлімнен құралған. Оның ерекшелігі: сол отызыншы жылдардың өзінде автор басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету үшін ең маңыздысы – сөйлеу тілін үйрету екенін дұрыс түсінген. Сол себепті оқулықтың алғашқы үш бөлімінде әр түрлі тақырыптағы әңгімелерге, текстерге көп орын берілген. Грамматикалық материалдар соларға жетекші ретінде сұрыпталып, шағындап қосылған. Автордың үшінші бөлімінде етістіктердің жіктелуі мен есім сөздердің септелуіне мән беруі де тегін емес, өйткені қазақша сөйлеудің бірден – бір кілті – етістіктердің жіктелу заңдылықтарын меңгеру екені көпшілікке аян. Сол сияқты ғалымның алғашқы бөлімді «Кіріспе курс» деп атап, онда сөйлеуге үйретудің алғы шарттарын белгілеуі де оның білгір тілші екенін көрсетеді. Әдіскер – ғалым Т.Шонанов сөйлеуге үйретуді мақсат ете отырып, оқу мен жазуға да айрықша назар аударады. Еңбектің төртінші бөлімінде сөздіктің берілуі тіл үйренушінің лексикалық қорын автордың маңызды орынға қойғандығын дәлелдейді.

Кеңес өкіметінің қанды қырғынының жазықсыз құрбаны болған дарынды педагог, методист, қазақ тілінің білгірі, әдебиетші, тарихшы Телжан Шонанов өзінің қысқа ғұмырында соңына жүзден аса құнды еңбек қалдырған екен. Демек, өмірі мен қызметі сол дәуірдің мәдени – рухани келбетін танытқан қазақ зиялысының ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы ағарту саласына қосқан үлесін, қалдырған мол мұрасын құрметтеу, таныстыру, іздестіру – біздің парызымыз болмақ.

Қосымша.

Телжан Шонанов өмірі мен шығармашылығына хронологиялық көрсеткіш

- 1908–1912 жылдары [Бірғыздағы](#) орыс - қазақ [училищесінде](#) оқыған.
- 1912–1916 жылдары [Орынбордағы](#) қазақ мұғалімдер институтында оқыған.
- 1916 жылы [Бірғыз уезінде](#) мұғалім болып істеді.
- 1921 жылы Бірғызда тұтқынға алынып, Орынбордағы ОГПУ бөлімінде тергелді.

- 1922 жылы түрмеден босатылады.
- 1922–1926 жылдары Орынборда Халық ағарту комиссариаты (ХАК) жанындағы Академиялық орталықта қызмет атқарды.
- 1926–1929 жылдары [Қызылордада](#) Қазақ Халық ағарту институтында оқытушы болып жұмыс істеді.
- 1929 жылы [Алматыға](#) көшіп келіп, Қазақ АКСР-і ХАК-да қызмет атқарды.
- 1934 жылға дейін ҚазПИ-де оқытушылықпен айналысады.
- 1935 жылдан бастап [Қазақ мемлекеттік университетінде](#) (қазіргі [ҚазҰУ](#)) қазақ тілінің доценті болып еңбек етті.
- Алматы қаласында 1937ж. шілденің 20-нда тұтқындалып, 1938ж. ақпанның 27-нде Қазақ КСР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясымен ату жазасына кесілген.
- 1992 ж. қыркүйектің 18-нде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы қылмыс құрамы жоқтығынан ақталған.

Әдебиеттер :

1. Оразбаева Ф.Тілдік қатынас.Алматы, 2005
2. Исабаев А. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері.-Алматы, 1993
3. Ибраимова Ж.Т. Қатысымдық мағына негіздері: Оқу құралы.-Алматы, 2011
4. Қайдар Ә.Қазақ тілінің өзекті мәселелері.-Алматы:Санат,1998
5. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі.-Алматы, 1975
6. Әбдіхалықов М. Сөздік қатынас негіздері: оқулық. – Астана., 2010

РЕЛИГИОЗНЫЕ ОБЩИНЫ И ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ СРЕДСТВА: МЕТОДЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

*Аймухамбетов Тимур Талгатович
доктор PhD, исполняющий обязанности заведующего
кафедры религиоведения
Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилёва
Нур-Султан, Казахстан*

Аннотация. Бұл мақала, ақпараттандыру, виртуализация және компьютерлік виртуалды шындықтың діни институтқа әсер етуіне арналған. Діни бірлестіктер қызметіндегі ақпаратты - коммуникациялық құралдардың рөлі ашылды.

Түйінді сөздер: байланыс, дін, ақпарат, интернет, қоғамдастық.

Abstract. This article is devoted to the influence of the process of informatization, virtualization and computer virtual reality on the social institution of religion. The role of information and communication means in the activity of religious communities is disclosed.

Keywords : communication, religion, information, internet, community.

В настоящий момент Интернет объединяет не только персональные компьютеры, но и большое количество различных устройств, от ноутбука, до карманных и автомобильных компьютеров, а также сотовых телефонов, и если первоначально в качестве основного канала для передачи данных использовались телефонные линии, то в настоящий момент используются беспроводные и спутниковые виды связи. Появление Интернета, принципиально нового интерактивного средства массовой коммуникации, самым непосредственным образом способствовало повышению внимания к теме массовой

коммуникации. Политическая жизнь так же, как и экономическая протекает не только в непосредственной реальности, но и в компьютерной виртуальной реальности. Так, все важные политические новости и обзоры освещаются на различных блогах или микроблогах, посредством, которого он общается с населением.

Духовная сфера общественной жизни, элементом которой является религия, также подвержена влиянию информационно-коммуникационных средств. Искусство стало намного доступнее благодаря сети Интернет: музеи и галереи предлагают виртуальные экскурсии, произведения литературы и музыки можно «скачать» с соответствующих порталов и сайтов. Интернет стал виртуальной ареной для научных дебатов, изложения результатов научных исследований, освещения последних научных достижений, обсуждения научных проблем. Религия, как социальный институт также испытывает влияние общественных изменений и меняется под их воздействием. Некоторые исследователи утверждают, что развитие информационных технологий не приводит к упадку религиозности, а, наоборот, благодаря новым способам коммуникации, которые предлагает Интернет, видоизменяет как религиозные практики, так и социальный институт религии, побуждая к открытости, возможности обратной связи и личного выбора [1]. Религиозные организации используют в своей информационно-коммуникационной деятельности все современные медийные каналы, как печатные, так и электронные. Интернет не является исключением.

В Интернете религия присутствует в различных ипостасях: с одной стороны, это простое информирование о сущности, вероучении той или иной религии, событиях, которые происходят в религиозной сфере, с другой стороны – миссионерские практики, направленные на убеждение человека принять то или иное вероучение; с третьей стороны – это непосредственно реализация религиозных практик. Интернет, по сравнению с другими средствами коммуникации, – наиболее удобная среда для религиозных организаций – прежде всего с экономической точки зрения; причем именно по этой причине она менее зависима от каких-либо тематических рамок, в неизбежной мере возникающих при использовании других средств коммуникации [2, с. 72]. Таким образом, можно констатировать, что Интернет – медийный канал, который является на данное время основным средством массовой коммуникации для религиозных организаций; данный канал не только позволяет религиозным организациям освещать свою деятельность и искать новых адептов, но и влияет непосредственно на религиозные практики, делая институт религии более открытым.

Религиозные организации постепенно овладевают всем комплексом возможностей Интернета, в конце концов, доходят до использования возможностей потокового видео, а именно – трансляции богослужения. Также происходит постепенное освоение, религиозными организациями разных видов электронной коммерции, начиная со сбора пожертвований через Интернет на церковные нужды до создания интернет магазинов и баннерообменных сетей. Религиозные организации рассматривают Интернет как средство передачи

информации, для общения со священнослужителями по электронной почте, а также для заказа религиозной атрибутики. Для более успешной организации своего времени священнослужители часто вынуждены использовать Интернет, как для духовного кормления своей паствы, так и для привлечения новых членов. Многие из них имеют собственные аккаунты в социальных сетях, на различных форумах, являются активными блогерами, имеют собственные сайты религиозного характера. Интернет предоставляет возможность получить образование дистанционно. Так, число высших образовательных учреждений, предлагающих пройти дистанционное обучение в Интернете, значительно выросло за последние 10-15 лет.

Среди подобных учреждений имеются и те, которые призваны дать религиозное образование – как светское, так и духовное. Многие религиозные институты и академии имеют собственные Интернет-сайты, которые, безусловно, помогают учащимся в процессе обучения, а также содействуют привлечению абитуриентов. С появлением Интернета человеческое сознание претерпело радикальные изменения. Интернет стал не только неотъемлемой частью нашей повседневной жизни - благодаря ему также изменилась наша духовная жизнь. К примеру, интернет-церкви на Западе, которые являются весьма распространенным явлением.

Данная ситуация прогрессирует. Множество людей удовлетворяют свои религиозные потребности, благодаря Интернету, не будучи в реальности связанными с конкретной религиозной организацией. Для многих виртуальных верующих онлайн-религия заменила посещение традиционных церквей, храмов и синагог: миллионы прихожан обращаются к Интернету, чтобы задать вопросы о Боге, религии и религиозных обрядах, «скачивают» расписание молений и изречения из священных писаний. Христиане, мусульмане, иудеи, индуисты, буддисты, сикхи и представители других верований обращаются к веб-сайтам для молитв и медитации. Причем если первая волна онлайн-религии в 1990-х годах охватила в большой степени компьютерных фанатов и молодых людей, в дальнейшем аудитория Интернет расширялась и можно предположить, что сейчас в ней действительно отражается все общество. В отчете исследовательской компании Vata Research Online говорится, что в течение ближайшего десятилетия примерно 50 миллионов человек могут перейти в «киберверу», т.е. смогут ограничиться только использованием Интернет, чтобы получить любые религиозные знания и наставления, более 100 тысяч протестантских церквей уже проповедуют через сеть [3]. Информационно-коммуникационные средства и технологии приобретают почти религиозное значение для современного человека – это проявляется в распространении погребений с мобильным телефоном и ноутбуком как нового витка древней традиции класть в могилу вместе с покойником его личные вещи: персональные электронные устройства люди воспринимают как продолжение себя. Первые минуты жизни становится принято снимать на цифровые СМИ, увековечивая их в собственной памяти и в режиме реального времени транслируя через сеть Интернет родственникам и близким. Интересно,

что, начиная из июня 2005г., новорожденным в малазийском штате Перак вместе со свидетельством о рождении выдается персональный адрес электронной почты [4]. В феврале 1999 г. впервые в истории состоялось убийство по Интернету: так, в США преступникам удалось изменить режим работы аппарата искусственной вентиляции легких и кардиостимулятора у пациента одного из госпиталей ФБР, проникнув через Интернет в информационную сеть больницы. Важный свидетель, которого ФБР специально прятало в закрытой клинике, умер [5].

Также в настоящее время одним из популярных явлений современного общества являются видеоигры. Исследования ученых подтверждают факт негативного влияние видеоигр на психику человека. Следствием чего пользователи видеоигр становятся агрессивнее, склонными к конфронтации, зависимыми от данных игр. Таким образом, в настоящее время Интернет существенным и неоднозначным образом влияет на пользователей, меняя стиль жизни, а, соответственно, и образ мыслей сотен миллионов людей. Вследствие роста влияния информационных технологий и сетевых структур на жизнь современного человека, религия испытывает влияние процессов виртуализации информатизации. С одной стороны, можно предположить, что благодаря формированию в Интернете все более осязаемого религиозного сегмента создается в какой-то степени «сакральная» виртуальная реальность, облегчается и усиливается просветительская, пропагандистская, миссионерская и другая деятельность. С другой стороны, религия виртуализируется, что проявляется в замене подлинной религиозности, религиозного чувства желанием быть сопричастным моде, общим веяниям, преобладающим в массовом сознании. Пространство храма, религиозный обряд в сознании современного человека сближается с компьютерной игрой, просмотром фильма в формате 3D, поездкой на экскурсию в аквапарк. Другими словами, религия становится формой развлечения, формой психотерапии, но не важнейшим жизненным ориентиром.

На институт религии влияет не только виртуализация общества, но и компьютерная виртуальная реальность как определенная искусственно формируемая с помощью технических устройств среда, в которой современный человек проводит времени порой больше, чем в естественной среде. Виртуальная реальность, оказывая воздействие на различные религиозные процессы и функции, способна влиять на религиозные принципы, поведение, верования и, более того, способна выполнять функции религии. Как отмечает исследователь проблемы Роман Базаров: «За исторически короткий период своего активного развития виртуальный мир сумел создать собственную социальную среду, весьма близкую религиозной. И единственной дорогой миллионов и миллионов этих людей к Богу стал путь через онлайн, посредством которого они, как правило, и контактируют со всей окружающей действительностью» [5]. Виртуализация религии также проявляется в том, что на статус религий претендуют и деструктивные культы, внедряя эту мысль в сознание своих жертв. Исходя из понятия виртуальной реальности как

порождаемой реальностью константной и замещающей ее в сознании человека, зачатки виртуализации религии можно увидеть еще в раннем средневековье, когда идея «войны против неверных» использовалась для оправдания крестовых походов, организаторы которых преследовали узкоэгоистические политические цели. Псевдорелигиозные идеи, внедряясь в сознание масс, используются для оправдания преступлений, войн и иных деструктивных действий. На сегодняшний день данная проблема получила глобальный характер, в виде угрозы со стороны религиозного экстремизма. По данным исследователей, с середины 60-х годов XX в. численность фундаменталистских течений всех религиозных направлений в мире возросла в три раза [5]. При этом на 2014 год приходится самый высокий уровень погибших, вследствие террористических атак. Исследование под названием «Международный индекс терроризма» свидетельствует о том, что в 2014 году 32 658 человек были убиты террористами [5]. Помимо человеческих жертв огромный урон наносится социально-экономической составляющей, политическим процессам и безопасности стран. Данная деятельность будет подробно изложена в следующей главе, здесь мы лишь отмечаем влияние современных процессов на развитие нетрадиционных религиозных движений, в частности терроризма, прикрывающегося религиозными лозунгами.

Таким образом, под воздействием виртуализации и компьютерной виртуальной меняются основные черты института религии: происходит сокращение круга субъектов, вступающих в рамках религии в устойчивые отношения; происходит снижение формализации института религии; снижается регулятивное значение религии; снижается традиционная функциональная нагрузка института религии, сопровождающаяся возникновением новых, «виртуальных» функций религии. Итак, религиозная жизнь и виртуальная реальность представляют собой мир, отличный от мира повседневной человеческой жизни. Взаимодействие между этими двумя сферами перерастает в конвергентный процесс. Следствием чего является: Во-первых, виртуализация религии и на ее основе ослабление влияния религии на людей (поп-культура, символ). Во-вторых, возможностью в будущем трансформации религии в киберверу. В-третьих, мнением обратного мнения некоторых исследователей о возрождении религии и утраченных традиций. В-четвертых, использование различными деструктивными организациями всех преимуществ религиозного сознания в личных целях. Так или иначе, можно констатировать тот факт, что религия стоит на пороге больших перемен и испытывает на себе их влияние.

Литература

1. Вяткина Т.Ю. Интернет как медийный канал религиозных организаций. Актуальные вопросы общественных наук: социология, политология, философия, история: сб. ст. по матер. XII междунар. науч. - практ. конф. – Новосибирск: СибАК, 2012 г.
2. Петрушкевич М.С. Религиозная коммуникация: особенности интернет практик в Украине// Международная конференция «Религия и религиозность в локальном и глобальном измерении». Свеча – 2013. Владимир, 2013 г. Том 25. С. 396
3. Американцы принимают киберверу. 2001 г. // <http://news.liga.net/news/old/139851->

amerikantsy-prinimayut-kiberveru.htm

4. В Малайзии младенцы при рождении будут получать адрес электронной почты // <http://www.newsru.com/arch/world/06jun2005/malasia.html>
5. Ступина Е. Убийство по Интернету // <http://www.ng.ru/culture/1999-09-15/murder.html>

КӘСІБИ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯ

*Алимгазина Кадыргүл Шуптибаевна
Тарих пәнінің жоғары санатты мұғалімі
«Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің
М.Әуезов атындағы №5
жалпы орта білім беретін мектеп» ММ*

**«Бүгінгі күннің ең маңыздысы-білім ғана»
Н.Ә.Назарбаев.**

Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді ту еткен жаңа Қазақстанның саяси әлеуметтік-экономикалық бағытындағы басымды бағдарлардың бірі-бәсекеге қабілетті, дамыған, табысы өркендеген мемлекет ретінде қалыптасу үшін сауаттылығы жоғары елге айналу мақсаты айқындалады. Осындай тұрғыда сапалы білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің негізгі бөлшегі ретінде назарға алынып, жастарға қазіргі заманға сай сапалы білім бере отырып, олардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті кәсіби маман ретінде дайындау мәселелері қарастырылуда [1,25]. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Оқу үрдісін технологияландыру – оқушы мен оның оқу қызметін басты назарда ұстап отырып, бірізділікпен айқын белгіленген мақсаттарға бағытталуы

Қазіргі уақытта, мемлекетімізде білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде енуге батыл қадамдар жасалынауда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда « Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзіреттілігі арқылы айқындалады [2,25]. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқыту дістемесін өзгертеді. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады.

Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін - өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға бағытталған

білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [2, 25].

Оқыту технологиясы – бұл оқушылардың өнімді қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқыту жағдайларына, нысандарына, әдістеріне, тәсілдеріне, құралдарына басымдық береді. Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, оқу ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Оқушылардың шығармашылығын, ізденімпаздығы мен белсенділігін, шығармашылық бағыттылығына негізделген жұмыс түрлерін пайдалану — олардың танымдық белсенділігін оятып, оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына, адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді. Сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызуғушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әртүрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан байқауға болады [3,36]. Оқытудың осындай жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануда мұғалімде, оқушыда табысқа жетіп, білімін шыңдай түседі. «Оқып білім алмайынша, нәтижеге қол жеткізе алмайсың» деген мағыналы сөз ешқашан мәнін жоғалтпайды. Себебі сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызуғушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әртүрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан аңғаруға болады.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр, сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойынымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамудағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде тың ізденістер мен мақсаттар қоюда.

- жаңа технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- жаңа технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;
- біздің еліміздегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;
- мультимедиялық электрондық оқулықтарды сандық сапалық жағынан пайдалану.
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру және т.б. [3,6].

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі білім ошақтарында ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар. Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды. Осылайша жаңа технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады. Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа сандық технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басты бағыттардың бірі – кәсіптік білім беру сапасын арттыру. Білім беру сапасын арттыру үшін оның мазмұнын, материалдық – техникалық базасын, инфрақұрылымын жаңғырту деп түсіну керек [5, 8]. Бұл, ең алдымен, барлық мамандықтар бойынша оқу бағдарламалары, оқу әдебиеті, оқу құралдары және оқу – әдістемелік кешендер қорының болуы.

Жас ұрпақ-ел тірегі ертеніміздің кепілі. Әрбір ұстаздың міндеті мектеп оқушыларын отан сүйгіштікке, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, ұмтылуға тәрбиелеу. «Қыран-түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзеген.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде тұңғыш елбасы айтқандай ұстаздарды өз Отанын шексіз сүйетін, еліміздің болашығына, оның гүлденуіне аянбай үлес қосатын білімді жеткеншектерді даярлау міндеттері күтіп тұр.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж
2. Қазақстан кәсіпкері журналы. 2012 ж
3. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 – 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
4. «Колледж» кәсіби білім беру журналы №1(3), 2014
5. Қазақстан тарихы әдістемесі 2011ж №12

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Амантай Ж. - 1 курс магистранты

Балабаева А.БІ- п.ғ.к., доцент

Жубандыкова А.М.- п.ғ.к., профессор м.а.

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы

Аннотация. Статя посвящена одной из актуальных проблем образования – проблеме патриотического воспитания детей дошкольного возраста посредством этнокультурных ценностей.

Ключевые слова: этнокультурные ценности, патриотическое воспитание, аксиологический подход

Abstract. The article is devoted to one of the actual problems of education - the problem of Patriotic education of preschool children through ethno-cultural values

Key words: ethno-cultural values, patriotic upbringing, axiological approach

Қазіргі қоғамдағы тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі патриоттық тәрбие болып табылады, оның мақсаты өз елінің тағдыры үшін азаматтық жауапкершілікті арттыру, Қазақстанның ұлы тарихы мен мәдениетіне деген сезімін нығайту болып табылады.

Патриоттық тәрбие берудің өзектілігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттерді орындауды талап етуде көрініс тапқан. [1, 3-4].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Стандарт талаптарына сәйкес» ««Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу»-деп көрсетілген [2, 3-4].

ҚР Бірінші Президенті - Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектепке дейінгі жастан басталуға тиіс. Сондықтан барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан **тарихи-археологиялық қозғалыстар** құру маңызды. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады»- деп жазылған [3, 3-4].

Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы – қазақстандық патриотизм болып есептелген.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Бүгінгі таңда мәселенің қалыптасуын зерттеуге байланысты еңбектерде құндылықтар теориясы немесе аксиология («грек тілінде «ахис» – құндылық және «logos» – ілім) теориясы қалыптасқан. Философиялық, психологиялық, әлеуметтік сөздіктерде аксиология – құндылықтар жаратылысы, құндылықтың әлемдегі құрылымы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар, тұлғаның құрылымы мен нақты орны арасындағы әртүрлі құндылықтар байланысы туралы ілім ретінде түсіндіріледі. Құндылықтарға бейімделу жалпы азаматқа тән, болмыс құбылыстарының құндылықтарынсыз әлеуметтік жан иесі ретіндегі адамның іс-әрекетінің де, өмірінің де мәні болмайды. Сондықтан баланың бастауыш мектептен этнопедагогикалық білім арқылы патриоттық тәрбие беру құндылықтарға негізделіп қалыптасуы шарт. *Аксиологиялық тұғырымен* талдасақ патриоттық қасиет бұл адамгершілік тәрбиесінің бір тармағы, адам бойындағы негізгі құндылықтардың бірі болып табылады. Халқымыздың бойындағы патриоттық құндылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарастыруға болады. Көне түркі заманнан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттеледі: “Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді”. Демек, патриоттық құндылық ана сүтімен даритын ең киелі қасиет.

Қазақ Ұлттық энциклопедиясында, педагогикалық сөздіктерде: «адам және қоғам үшін қоршаған әлем объектілерін әлеуметтік тұрғыда анықтау, олардың адам және қоғам үшін жағымды және жағымсыз мәнін белгілеу, қоғамдық және табиғат құбылыстарын бағалау» [4- 222] деген сипаттама беріледі. Берілген анықтамалардан құндылық болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады деп топшылаймыз. Құндылық – қоршаған ортадағы объектілердің адамға, қоғамға жағымды және жағымсыз мәнін белгілеу (ақиқат, қайырымдылық және қатыгездік, әдемілік және т.б), қоғамдық өмір немесе табиғат құбылыстарына деген қатынас. Бұл қатынастар адамның тарихи тәжірибесі қалыптасуында жалпы азаматтық құндылықтар жинақталған.

XXI ғасыр жаһандану үрдісі бүкіл әлем халықтарын біріктіру арқылы өркениеттілікті сақтап қалу барысында бар күш - жігерін жұмсап отырған тұста патриотизм ұғымы кең тұрғыда тек Отан емес, әлемдік тұрғыда қарастырылуды қазіргі қоғамдағы және әлемдегі даму үрдісі талап етеді. Ұлттық парыз, мақтаныш, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. Ұлттық идея рухани құндылықтарды жаңғыртуда үлкен дем береді. Отаршылдық, тоталитарлықты басынан өткізген жалаң интернационализмнің зардабын шеккен этностар үшін ол отарлаушы құлдықтан, ұлтсызданудан арылудың рухани тірегі. Сол себепті де бүгін өткен тарихқа, дәстүрлікке, әлеуметтік тәжірибеге деген ынта өсіп, төлтума ұлттық ерекшеліктерге көз жеткізуге, нығайтуға күш салынуда. Ұлттық идея - ойдан шығарылған қиял емес, ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі.

Ұлттық идея мен мемлекеттік идеология тұрғысынан Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі өзегі ұлттық патриотизм болып табылады. Философия ғылымында “Идеология - қоғамдық идеялардың, теориялардың, көзқарастардың жиынтығы, олар әлеуметтік болмысты белгілі бір таптың мүддесі тұрғысынан бейнелейді және бағалайды, ол, әдетте осы таптардың идеялық өкілдері тарапынан жасалып, қазіргі қоғамдық қатынастарды не нығайта түсуге, не өзгертіп қайта құруға бағытталады,“ – дей келе, идеология ұлттық идеялар мен көзқарастардың жиынтығынан тұратынына тоқталады [6, 321]. Жалпыадамзаттық құндылықтар халықтық дәстүрлерде, адамгершілік принциптерде, діни мәдениетте жақсы жазылған және әлеуметтік ойдың озық белгілері, жеке тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері жинақталған күйде, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді.

Жалпыадамзаттық құндылықтар – түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс. Қазақстан Республикасы аталған құжаттардың басты идеяларын білім саласында негізге алды. Мектептегі тәрбие жұмысын жалпы әлемдік құндылықтарға негіздей отырып, жаңа құндылықтар жасауға талпыныс жасау көзделуде. Оның мәні жас ұрпақты басқаларда бар нәрсені бағалай білуге үйрету, жалпыадамзаттық дамуға үлес қосуға, халықтардың күш-жігерімен жасалған құндылықтарды құрметтеуге және қорғай білуге тәрбиелеу. Құқықтық демократия құрып жатқан Қазақстан Республикасы үшін, оның ішінде құқықтық реформаның басты субъектісі болып отырған қазақ халқы үшін ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрлі құқықтық құндылықтардың ұлт менталитетінде алатын орны ерекше.

Құқықтық мәдениетті ұлт менталитетінің темірқазығына айналдыру дегеніміз – ұлттық сана-сезімнің құқықтық беріктігін күшейту, агрессиялық пиғылдағы ойлар мен іс-әрекеттерге заң жүзінде тойтарыс берудің рухани қамалын жасау. Халық болып Қазақстан Республикасы Конституциясын қорғау, оны бұлжытпай орындау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу тұлға бойындағы құндылықтың негізі болып табылады.

Жалпы адамзаттық құндылық – барша адамдарға, әлеуметтік жүйе ретіндегі бүкіл адамзатқа ортақ, дүниежүзі халықтарының ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту нәтижесінде тұжырымдалған, қазіргі заманғы өркениеттің дамуын анықтайтын мұраттар. Заттай және субъективті құндылықтар адамның патриоттық құндылықты қатынастың екі шегін белгілейді. Осыған байланысты құндылық қатынасы ұғымын анықтау қажеттілігі туындайды.

Зерттеу жұмысымызда этномәдени құндылығы және патриоттық құндылық ерекше қызығушылық туғызды. Баланың «заттану–затсыздану» үдерісінде заттық әлем объектісімен қатынасынан оның мәнділігі, құндылықты қалыптастырудың базистік механизмі ретінде көрініп, отанға, оның мәдениетіне деген қажеттілік және өзін-өзі жүзеге асыратындай құндылық қатынасы қалыптасады. Бұдан шығатын қорытынды, мектепке дейінгі ұйымнан бастап этномәдени құндылықтары, патриоттық құндылықтарын құндылық бағдарын қалыптастырумен тығыз байланысты.

Патриотизмнің сипаттық белгісі оның басқа халықтарды құрметтеумен, олардың жетістіктерін мойындаумен, олардың тарихы, мәдениетін білуге тырысумен, олардың алдыңғы қатарлы тәжірибесін игерумен органикалық өзара байланыстылығы болып табылады. Сондықтан патриотизм берілген халық үшін жалпыадамзаттық және өзіне тән құндылықтардың жиынтығын мазмұнды қамтитын күрделі құрылымын білдіреді.

Сонымен, патриотизм әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан планетада тұратын халықтардың тарихи тағдырының ортақтығын, адамзат тегінің бірлігін қамтитын әлеуметтік-адамгершілік құндылық ретінде түсіндіріледі, бұл қатынаста әрбір халықтың ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, адамдардың әлеуметтік және этникалық әр түрлілігінен жоғары тұруға мүмкіндік береді. Патриот-адамның құндылықты қарым-қатынасының басты объектілері оның Отанға және Атамекенге деген қарым-қатынасы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандарт // Астана, 2016
2. Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы, 21 қараша 2018 // <http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy>
3. Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспары / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы // ресми мәтін. – Астана, 2012. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы (2004-2006 жылдарға арналған) Қазақ тарихы. – 2004. - №2.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас.ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының Бас редакциясы, 2004. -696 б.
5. Ядов В.А. Социологическое исследование: методология, программа, методы. (2-е изд., переработ. И дополн.) – М.: Наука, 1987. – 248 с.
6. Философия: учебник для высших учебных заведений. – Ростов н/д.: Феникс, 1998. – 576 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Асылбекова М.П.,
п.ғ.к., профессор м.а.
Жұман Ж.Ұ.
2-курс магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

Аннотация. Рассматриваются возможность использования цифровых технологий в обновленной системе образования. В то же время обсуждаются пути развития социокультурной компетентности школьников с помощью цифровых технологий.

Ключевые слова: цифровые технологии, социокультурная компетенция, обновленная программа обучения, информационное пространство.

Abstract. The possibility of using digital technologies in an updated education system is being considered. At the same time, ways of developing the sociocultural competence of schoolchildren using digital technologies are being discussed.

Keywords: digital technology, sociocultural competence, updated training program, information space.

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Өскелең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді [1].

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә Назарбаев жылдар бойы білім және ғылым саласына ұдайы көңіл бөліп келген болатын. 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деген жолдар – соның дәлелі [2].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда [3].

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту өзектілігі әлеуметтік функциясының маңыздылығы – білімді өндіру және түрлендірумен негізделеді, олар қазіргі қоғамдағы еңбек бөлінісінде шешуші рөлді атқарады. Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудағы барынша табыстылыққа тек егер білім беру саясатына негізделген барлық бағдарламалық қондырғылар әлем тәжірибесімен жиналған оң әлеуеттен барлық мүмкін болатынды өзіне жинай алса ғана қол жеткізуге болады.

Алайда, Орталық Азиядағы көптеген елдер үшін, білім беру жүйесін жаңғырту мәселесі әлі де өзекті болып қалуда. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру үдерісін цифрландыру жүйесі өзекті мәселе. Қазір Қазақстан Үкіметінің ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдам дамытуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты[4, 25].

Цифрлық сауаттылық – бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлық сауаттылық – ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек. Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады.

Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі уақытта технологиялар жасақталу үстінде. Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енгізілуде[4, 26].

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында цифрлық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Олар келесідей бағыттарға бөлінеді:

- оқу үрдісінде цифрлық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде цифрлық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;

- мұғалімдердің цифрлықтехнологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;
- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін цифрлықтехнологияларды пайдалануға үйрету;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту[4, 30].

Бүгінгі таңда мектептің білім беру жүйесін ақпараттандыру жағдайында өзіндік қайшылықтардың да орыналып отырғанын айту қажет. Мәселен, мектептерде әлі де болса компьютерлердің саныжеткіліксіз, барлық пән мұғалімдерінің бағдарламашылармен тікелей жұмыс істеу мүмкіншілігі шектеулі, автоматтандырылған оқыту бағдарламаларының саны аз, оларды көбейту мәселесі нақтышешімін таппаған, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы информатикадан басқа пән сабақтары өткізілмейді десе де болады.

Сондықтан білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын да жетілдіру керек. Мұның өзі мынадай оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

- оқу үрдісін дербестендіру. Мәселен, компьютер оқытуды нақты бір авторлық бағдарлама бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- нақты әрекетке негізделген кері байланысты қамтамасыз етеді. Мәселен, компьютер арқылы әрбір оқушы өзінің білімін бақылауға, тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады;
- материалды меңгеру жылдамдығын арттыруға болады[4, 31].

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет[5, 56].

Қорыта келе, мынаны атап айтқым келеді: мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбиелік үрдісті ұйымдастыруға жаңа көзқарас мәселесі қазіргі күн талабына сәйкес білім беру жүйесін жаңарту мен жетілдірудің аса маңызды кезеңінде үлкен мән беріліп отырған, көкейтесті тақырып деп есептеймін. Оқушылардызаман талабына сай жаңа технологиялар арқылыжаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімдеу жүйесі үздіксіз жүріп отыратын болса, білім беру сапасының артатыны сөзсіз.

Әдебиеттер :

1. «Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде мемлекеттік тілді оқытудың өзекті мәселелері» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік on-line конференцияның материалдары. – Алматы, 2017. – 269 бет. – қазақша, орысша.
2. Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 31 қаңтар 2017ж.
3. «ҚР Білім туралы» Заңы.
4. Жетебаева Гаухар Бердибековна, «Цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт» мақала № С-1549124206 2019ж. https://ziatker.kz/doc/cifrlandyry_bugingi_bilim_berydegi_janga_bagyty_39051.html
5. А.Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000ж.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

*Асылбекова М.П.,
п.ғ.к., профессор м.а.,
Отарова Т.Н.
I-курс докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

Аннотация. В статье анализируется специфика высшего образования и специфика студентов в цифровом пространстве. Выявлены проблемы студентов высших учебных заведений при цифровом обучении. Определены наиболее оптимальные методы обучения с точки зрения обучающихся.

Ключевые слова: цифровизация, высшее образование, информационно-коммуникационные технологии, электронное обучение, методы обучения

Abstract. The article analyzes the specifics of higher education and the specifics of students in the digital space. Identified problems of students of higher educational institutions with digital education. Identified the most optimal teaching methods from the point of view of students.

Keywords: digitalization, higher education, information and communication technology, e-learning, teaching methods

XXI ғасырдағы бізді қоршап тұрған ақпараттық қоғам адам өмірінің әр саласында, соның ішінде білім беру жүйесінде орта және жоғары білім негізгі фактор болып табылады. Сонымен қатар, бұл фактор оқу орындарына елеулі әсер етеді. Ақпараттық қоғамға яғни, қоршаған ортада болып жатқан маңызды ақпараттық процестер, соның ішінде ақпараттың жаңаруы және оның жылдам өзгеруі, нәтижесінде ақпараттың тез ескіруі мен өзектілігін жоғалтуы куә болып отыр.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында, халқымыздың келешегі үшін маңызды мәселелерді көтерген еді. Жолдауға сәйкес 2018-2022 жылға арналған "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асқан еді. Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру болды. Цифрлық технология біздің елімізге тәуелсіздік жылдарымен қатар білім жүйесіне мықтап енгізіле бастады. Біріншіден, мектептерді жаппай компьютерлендіру жүзеге аса бастады. Компьютерлер барлық сфераларда негізгі ақпараттық құрал ретінде қолданыла бастады [1,11]. Демек, білім беру саласының барлық мекемелерінде жаппай цифрлық сауаттандыру жұмыстарын жүргізуге негізделген арнайы бағдарламалар, оқу құралдары жасалуы тиіс.

Қазіргі уақытта еліміздегі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында болашақ кәсіптік мамандықтары үшін цифрлық жобаларды құруға бағытталған мәліметтерді талдауға, бағдарламалау элементтеріне үйретілетін болады. Әр студенттің жеке траектория бойынша білім алу мүмкіндігі бар [1,11].

Қойылған мақсатты тиімді орындау үшін, ең алдымен, жоғары білім беруде «цифрландыру» ұғымы нені білдіретінін және бұл процесс білім беру парадигмасының өзгеруіне, білім беру компоненттерінің арасындағы қатынастардың өзгеруіне алып келетіндігін түсіну керек.

Осы мәселеге арналған бірнеше ғылыми жарияланымдарды талдау нәтижесінде жоғары білім беруді цифрландыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кең және белсенді қолданудың көрсеткіші деген тұжырым жасалды.

«Цифрландыру» ұғымы әр қызмет саласында әртүрлі түсіндіріледі. Бұл термин көбінесе қызметтің ерекшеліктеріне (экономистер, менеджерлер, IT мамандары, оқытушылар және т.б.) байланысты мағыналық өзгерістерге ұшырайды. Терминнің мағынасын дұрыс пайдалану үшін «цифрландыру» ұғымын басқа да ұғымдармен, мысалы, «цифрлық білім», «цифрлық оқыту», «цифрлық білім беру ортасы» сияқты түсініктермен тығыз байланыстыру қажет.

«Цифрлық білім» термині әдетте, әртүрлі білім беру контекстінде компьютерлік құралдар мен ақпараттық технологияларды қолдану деген ұғымда қолданылып жүр. «Цифрлық білім» ұғымына көптеген авторлар өз көзқарастарын көрсете отырып, анықтамалар берген.

Джош Берсин, HR талдаушысы (Deloitte, АҚШ) – қызметкердің жұмыс жасау орнында білім алу мүмкіндіктерін ұсыну. Бұл «оқыту әдісі» емес, «оқыту түрі».[2]

Австралия елінің, Виктория штатының «Білім және оқыту бөлімі»-технологияны қолданатын кез-келген оқыту түрі. Сандық оқыту стратегиясы келесідей сфераларды қамтуы мүмкін: бейімделген оқыту және аралас оқыту; сыныптық технологиялар мен электрондық оқулықтар және т.б.[3]

И.Ю. Травкин, Сахалин мемлекеттік университеті, «Математика» кафедрасының аға оқытушысы – цифрлық, білім-цифрлық әлемнің білім беру интерфейстерінің жиынтығы [4].

Жоғары білім беруді цифрландыру процесі -білім беру процесін толық жаңарту, жаңа ақпараттық құрылымдарды құрастыруды көздейді. Бұл жүйе Интернетке қол жеткізе алатын кез келген адамға білім беру ресурстарына шексіз қол жеткізе алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Алайда электронды ресурстарға шектеусіз қол жеткізу білімге қол жетімділікті кеңейту, оның сапасын жақсарту дегенді білдірмейді. Алынған ақпарат - білімге жатпайды. Жоғары білім берудегі маңызды қиыншылық та білімгерлердің интернет-ресурстарға қол жетімділігімен ғана емес, сонымен қатар студенттердің нақты цифрлық құзіреттілігімен де байланысты.

Қазіргі цифрлық қоғамда білімгерлердің басым көпшілігінің цифрлық технологияларды қолдануда үлкен тәжірибесі бар. Бірақ, студенттердің бойындағы цифрлық дағдылар тек интернет-ресурстардан қажетті ақпаратты іздеуге және презентациялар жасауға ғана қалыптасқан. Цифрлық технологиялармен танысу тәжірибесінде студенттердің өзін-өзі бағалауы өте жоғары болуы мүмкін. Цифрлық технологияларды білу деңгейі кейде оқыту процесіне кері әсерін тигізуі де мүмкін. Интернет-ресурстар арқылы ақпаратты іздеу уақытты үнемдейді, бірақ студенттер басқа авторлардың дайын мәтіндерін қолдана отырып, сыни ойлау қабілетін жоғалтады және «фрагментті ойлауы» дамиды.

Білім алуда және оқытуда оқулықтың алатын орны ерекше. Оқулық- әр салада ұсынылатын ақпаратты сол саламен байланыстырып, толық көрінісін береді. Сонымен қатар, ақпарат толығымен шынайы, дұрыс, түсінікті қабылданады. Алайда, студенттердің технология білгендігі, оның пайдалану заңдылықтарын түсінетіндігін білдірмейді. Гаджеттерге қол жетімді болғанымен, студенттер цифрлық технологияны білім алу барысында қолданғанда көп кедергілерге кезігеді [5,86].

Ақпарат толы ортаға келген студент ақпараттан аулақ болуға тырысады ол ақпараттың мәнін, пайдасын талдап ала алмайды. Өйткені, ақпарат тым көп болғандықтан оны түсіну және қабылдау өте қиынға соғады. Осы тұста, Барри Шварц жазған таңдау парадоксы пайда болады, «ақпаратты түсінуден бас тарту және тез шешім қабылдау», - көрініс береді [6, 28].

Бұл жағдайда, студент алынатын ақпаратының тым көп көлемде болғандығынан қиындық көріп отыр, сондықтан ол ақылға келетін ең қарапайым немесе ең алғашқы шешімді таңдайды. Осы жерде мынадай қарама-қайшылық туындайды: ақпараттық сауаттылыққа қарамастан, студент өзіне қажетті және жеткілікті мөлшердегі ақпарат көздерін таңдай алмайды. Мұндай жағдайда оқытушының басты міндеттерінің бірі студенттерді ақпарат таңдауға үйретіп, қажет ақпаратты қалай шығаруға болатындығы, қажет емес (артық) ақпаратты кесіп тастауды түсіндіру керек.

Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мәні зор, олар халықтың өмірімен байланысты. Сондықтан олардың педагогикалық маңыздылығының құндылығы мен баға жетпестігі де осында. Академик С.Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» атты тарихи-этнографиялық зерттеулерінде: «Жүн сабаумен негізінен жастар айналысатын болған. Ол үшін олар жеке тігілген киіз үйде жиналатын. Жүнді тулақ үстіне салып өздері қоршай отырып екі сабаумен кезектесіп сабаған. Жастар мұнда көңіл көтеру үшін де келетін, себебі жүн сабау кезінде бір-бірімен жарысу, қалжын-оспаққа ұласатын болған. Сабауды дұрыс ұстай алмағандары елге күлкі болып, қолдары ойылып кететін жағдайлар да болған»-деп жазды.

Егер ұлттық ойындар баланы рухани дамытады десек, осы тұжырымдарды ғылыми тұрғыдан дәлелдемек ойымыз бар. Ол үшін кез-келген ұлт ойынын алып, оның тәрбиелік жағына жан-жақты айқын көз жеткізуімізге болады.

Мәселен, байырғы ұлт ойындарының бірі «Арқан тартыс» ойынын алсақ, бұл жерде ойыншылардың бірлесіп жұмыла күш жұмсауды талап етеді, тек бірлік, ынтымақ арқылы жеңіске жетуге болатынын сезінеді. Осындай мысалдар арқылы қазақтың ұлттық ойындары баланы қамқорлыққа тәрбиелейтініне көз жеткізіп отырмыз. Мұның негізгі әрі басты себебі қандайда болмасын ұлт ойындарының өмірдің өзінен алаынғандығы, сол ойындардың мазмұнында халқымыздың тарихи, өмір жолы жатқаны анық. Мүмкін ата-бабаларымыздың мындаған жылдар бұрын ойнаған ойындарының бізге дейін жетіп, бізден кейінгі ұрпаққа тарала беруінің басты себебі-ұлттық ойындарымыздың өміршендігі болар.

Енді өте ертеден келе жатқан қазақтың балалар ойындарының бірі- «Асық» ойынның тәрбиелік мәніне тоқталып өтейік. Оның пайда болуы жабайы аңдарды қолға үйретіп, олардың күшін пайдалану мақсатында жасалған әрекет екені анық. Сол кезден бастап бұл ойын халықта өмір сүріп, дамып келе жатыр. «Асық» пен «Жамбы ату» (Садақ ату) ойындары баланы мергендікке, дәлдікке үйретеді. Бір ғана асық ойынының бірнеше жолдары бар. Бұл ойын баланың көру сапасын, нысананы дәл көздеу, бірізділік, төзімділік, ұстамдылық, жағымды қарым-қатынасқа, әр қимылды ойланып істеуге дағдылайды. Сонымен қатар бұлшық еттердің қатаюына, омыртқа сүйектерінің жетілуіне, тыныс органдарының дамуына пайдалы әсер етеді. Ойын барысында баланың жеңіске деген сенімі артып, өзінің дене мүмкіндіктерін сезінеді, ал жеңілсе, жеңіске жету жолдарын қарастырады. Әрине, бұл қалыптасқан көзқарастар баланың жеке өмір сүруге дайындалуының алғашқы қадамы болады.

Ойындардың тәрбиелік мәнінің өте жоғары екенін сол кезде-ақ түсінген ата-бабаларымыз ойындарға үлкен мән берген. Оның дәлелі ретінде халық ауыз әдебиетінің баға жетпес туындылары-батырлар жырындағы халық ойындарының тәрбиелік мәніне көңіл бөлуін айтуымызға болады. Оларға «Қобыланды-батыр», «Ер-тарғын», «Алпамыс», «Қозы-Көрпеш, Баян-Сұлу», «Қарабек-батыр», «Ер-Қосай» т.б. жырларды айтуға болады. Бұл шығармалардың мазмұнына ерлік, адалдық, сыйласымдылық, халықа деген құрмет іспетті адамгершілік қасиеттері арқау болған.

Ұлт ойындарының тәрбиелік жағын халық ауыз әдебиеті туындылары мен байланыстырып қарастыру себебіміз ұлт ойындары да біздің ойымызша рухани байлығымыздың қайнар көздерінің бірі, халықтық педагогиканың бір тармағы.

Ұлттық ойынға қатысты ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектерге жан-жақты талдау жасай отырып және зерттеу жұмысымыздың адамгершілік тәрбиесінің міндеттерінен туындайтын қасиеттерді басшылыққа алу негізінде, біздіңше, ұлттық ойындарды былайша топтаған тиімді (Сурет 1)



|
Сурет 1 - Ұлттық ойындарды топтастыру

Бұл кестеден көріп отырғандай, адамгершілік тәрбиесінің негізгі нышаны етіп тәртіптілікті, сүйіспеншілікті, қамқорлықты, жағымды қарым-қатынасты ала отырып, солардың негізінде қосымша ұйымшылдық, бауырмалдық, мейірімділік, сыйластық сияқты қасиеттерді дамытуға толық мүмкіндік бар екені тәжірибе жүзінде дәлелденіп отыр. Сол себепті де тиімді пайдалана білген мұғалімге әрбір ұлттық ойынның тәрбие берерлік өзіндік тәрбиелік мәні зор деген қағиданы дәлелдей аламыз.

Баланың кез-келген әрекеті белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталғанын педагог-тәрбиеші ұмытпауы тиіс. Негізгі міндеттер қайта өзгертуге мүмкіндік беретін шешімді және сонымен бірге алға қойған мақсатқа жетуді жеңілдету аралықтарын алады. Балалар шешетін тәжірибелік міндеттер оқудан өзгешеленіп тұрады. Ойын міндетінің мазмұны баланың тәжірибесімен, білімімен ерекшеленеді. Бала өз әрекетінен тәжірибе алады, көптеген нәрселерді тәрбиешілері мен ата-аналарынан үйренеді. Әр түрлі білімдер, әсерлер баланың рухани әлемін байытады, осының барлығы ойында көрініс береді. Ойын міндеттерін шешу заттық әрекеттің көмегімен ойын тәсілдерін шынайы танып, қорытудан көрінеді. Бала қуыршаққа кесемен су береді, сосын оны кубикпен алмастырады және содан кейін жай ғана қолын қуыршақтың аузына алып барады. Бұл баланың жоғары интеллектуалдық деңгейде ойын міндетін шешкенін көрсетеді. Іс жүзінде бұдан басқаша болуы да мүмкін, тәрбиеші жинақталған ойын әрекетіндегі баланың ойлауының мәнін түсінбей, барынша тәжірибелікке ұқсас ұжымдық әрекет етуді талап етуі мүмкін. Бірақ, бұл біріншіден, баланың күнделікті өмірде не болып жатқандығының барлығын ойынға енгізсек, онда оның ең негізгі ерекшелігі - қиялдауы жойылып кететінін ескергеніміз жөн.

Екіншіден, ойын жақсы таныс бейнеленгенімен, бірақ өмірлік жағдайда аз жинақталған болса, еріксіз дағдарысқа енеді. Сонымен бірге бала күнделікті өмірде нақты, анық білімдерді ғана емес, сондай-ақ түсініксіз, жорамалданған пікірлерді де алатындығы белгілі. Мысалы, бала теңізшінің кім екенін біледі, бірақ оның қандай іспен айналысатындығын білмеуі мүмкін. Өзінің түсінігін толықтыру үшін ойын үстінде сұрақтар қойып, соған жауаптар алу арқылы, айқын білімін толықтырып отырады.

Ойынның ұзақ болуын, эмоционалды қанықтығына жету үшін және ойын міндетін интеллектуалдық тұрғыдан шешуде, педагог баланың мақсатқа бағытталған тактикалық тәжірибесін байытуы, оны бірте-бірте шартты ойын жоспарына ауыстыруы, өз бетімен ойнайтын ойында мектеп жасына дейінгі балаларды шынайылықты шығармашылықпен бейнелеуін оятуды қамтамасыз ету қажет. Эмоция ойынды қызықтырады, өзара қарым-қатынас үшін қолайлы жағдай жасайды, әр баланың жан дүниесіне қажетті тонусын көтереді, бұл өз кезегінде балалардың біріккен құрбы-құрдастарымен әрекетінде және тәрбиелеу қызметінде қабілеттілік жағдайын қалыптастырады.

Ойын бір жағынан, баланың жақын даму зонасын дамытатындықтан, мектеп жасына дейінгілердің негізгі әрекеті болып табылады. Мұнда жана прогрессивті әрекеттің түрлері туады және өзінің мінез-құлқын еркінше басқаруын, ұжымдық, шығармашылық әрекет ету ептілігін қалыптастыруымен байланысты. Ал екінші жағынан, өнімді әрекеттің түрлері оның мазмұнымен қоректенеді және баланың үнемі өмірлік тәжірибесі молайып отырады.

Ойында баланың дамуы ең алдымен, оның мазмұнының әр түрлі бағыттылығына байланысты өтеді. Дене (қозғалмалы), эстетикалық (ән-күй), ақыл-ой (дидактикалық, сюжетті-рөлдік) тәрбиесіне тура бағытталған ойын түрлері бар. Барлық ойын түрлерін тікелей ересектердің қатысуымен және баланың белсенділігінің түрлі формасымен үлкен екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топ - бұл ойынды өткізуде және дайындықта ересектердің жанама түрде қатысуы. Балалардың белсенділігі (ойын әрекеті мен шеберлігін белгілі бір деңгейде қалыптастыру жағдайында) инициативті, шығармашылық сипатқа ие, балалар өз беттерінше ойын мақсатын қоюға қабілетті, ойынды дамытуға және міндеттерін шешуде қажетті тәсілдерді табады. Өз бетінше ойнайтын ойындарда балалардың инициативасын көрсететіндей жағдайлар жасалады. Бұл топқа әсіресе, өзінің даму қызметімен құнды, әр баланың жалпы психикалық дамуына үлкен мәнге ие танымдық және сюжеттік ойындарды енгізуге болады.

Екінші топ - бұл әртүрлі үйрететін ойындар, ересектер ойынның ережесін айтып немесе ойыншықтардың құрылымын түсіндіріп, белгілі бір нәтижеге жету үшін әрекет етудің белгіленген бағдарламасын жасайды. Бұл ойындарда тәрбиелеу мен оқытудың нақты міндеттері шешіледі: бұлар белгіленген бағдарламадағы тақырыптар мен ережелерді меңгеруге бағытталған. Оқыту ойындары мектеп жасына дейінгілерде адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде маңызды. Ойынды үйретуде мектеп жасына дейінгі балалардың белсенділігі негізінен репродуктивті сипатқа ие: олар берілген бағдарлама әрекетінде ойынның міндеттерін шешуде, тек қана оларды жаңадан өндіреді. Балалардың құрастыруы мен ептілігінің негізінде шығармашылық элементтері көп кездесетін өздік ойындарды ойлап шығарады.

Ойындағы жетістіктер баланың сабақтарда жүйелі білім алу мүмкіндігіне маңызды әсер етеді, құрбы-құрдастары мен ересектердің ортасында оның шынайы адамгершілік-эстетикалық бағытының әбден жетілуіне мүмкіндік туғызады.

Қорыта келе, педагогтар мен психолог ғалымдардың еңбектеріндегі ойынның маңыздылығы туралы түсініктерін қарастыра келе, мынадай жалпы ереже сақталуы тиіс:

1. Ойын - әртүрлі жастағы балаларды өз еркінше дамыту әрекетінің түрі.
2. Ойын - бала әрекеттерінің ішіндегі ең еркін түрі, онда айнала қоршаған әлемді тани, сезіне білуі, жеке шығармашылығы үшін кеңістіктің ашылуы, өзін-өзі тануы және өзін-өзі көрсетуі белсенді түрде жүзеге асады.
3. Ойын – мектеп жасына дейінгі бала әрекетінің ең алғашқы баспалдағы, оның мінез-құлқының қалыптасуының бастапқы мектебі.
4. Ойын даму тәжірибесі болып табылады. Бала ойын кезінде дамиды, даму үшін ойнайды.
5. Ойын - балалар қарым-қатынасының негізгі ортасы; мұнда құрбы-құрдастарына, үлкендерге деген өзара қарым-қатынасы қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармалары. 1-12 том. -Алматы: Республика баспа кабинеті. 1966. - 328 бет.
2. Досмұхамбетов Х. Аламан. -Алматы: Ана тілі, 1991.-29-34 бет.
3. Диваев А. Игры киргизских детей // Туркестанские ведомости. – 1905. – 152. – С. 1-3
4. Тұрыскелдина. Қазақстандағы 6 жастағы балалардың дене тәрбиесінің дамуы. - Алматы, 1970; Кел ойнайық. Жалын, 1989.
5. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: Қайнар.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНЕН САНДЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ

Ершатов Кайрат Битбаевич

п.ғ.м., аға оқытушы

Расулов Самир Марданович

п.ғ.м., аға оқытушы

Абилхаиров Оразхан Есенбаевич

аға оқытушы

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педогогикалық

институты

Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В период перехода к информационному обществу каждый член цивилизованного сообщества должен научиться основным принципам и подходам к восприятию и обработке информации, а также овладеть современными средствами, методами и технологией информационной работы.

Ключевые слова: цифровой, ресурсы, инновация, интерактивный, электронное обучение.

Annotation. During the transition to the information society, each member of the civilized community must learn the basic principles and approaches to the perception and processing of information, as well as master the modern means, methods and technology of information work.

Key words: digital, resources, innovation, interactive, e-learning.

Қоғамдық дамудың жаңа міндеттерінің пайда болуы спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін басым бағыттардың ең маңыздылары – жетекші әлемдік тәжірибеге сүйену, саланы басқару мен дамытуға ғылыми тәсілдер мен қағидастарды, инновацияларды кеңінен енгізу болып табылады □ 1□ .

Дене шынықтыру пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол білім алушының дене дамуына, әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінде дене шынықтыру білім алушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған орай мұғалім алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды, тілдерді меңгеру, оларды тиімді қолдану міндеті тұр.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазақстанда орын алған өзгерістер заманауи ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде білім берудің жаңа моделін жобалау мен енгізу процесін анықтады, білім мазмұнын жаңарту аясында «Дене шынықтыру» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктерін анықтау; «Дене шынықтыру» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін қарастыру; білім мазмұнын жаңарту аясында «Дене шынықтыру» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу; «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын талаптар әзірлеу.

Сандық білім беру ресурстары-білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады.

Сандық білім беру ресурстары пән бойынша оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдар, олар оқу пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мультимедиалық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды және тестілік сұрақтарды қамтиды. Сандық білім беру құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде. Сабақта анимациялық көрнекіліктер мен бейнероликтерді қолдана отырып жаңа материалды түсіндірудің педагогикалық амалдары мынадай мүмкіндіктерді береді: проблемалық жағдаяттарды құру, салыстыру; зерделеп отырған құбылыстың басты белгілерін ажырата білу, белгілі бір дерек пен құбылысқа зейінін шоғырландыру; тірек сөздерді, терминдерді дәптерге жазғызу, мұғалімнің сұрақтарына жауап беру, бейнеролик мәтінін қайталап айтып беру; оқушылармен әңгімелесу т.б.

Сандық білім беру - жаттығулар орындау, сөйлемдерді толықтыру, кесте құру, сөзжұмбақ, ребус шешу т.б. тапсырмалар енгізілген. Білімді бақылау автоматтандырылған тестілеу есебінен жүргізіледі, ол оқушылардың білім жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір тақырып бойынша бақылау сұрақтарының саны оқушылардың жас ерекшелігіне қарай және тестілеуге берілетін уақытқа қарай ауытқып отырады. Материалдар түрлі сыныптар, пәндер және тақырыптар бойынша бөлінген, әр оқушы өзіне қызықты тақырыпты еш қиындықсыз таба алады.

Сандық білім ресурстарын пайдалану, тәуелсіз еліміздің болашағы болып табылатын жас ұрпаққа сапалы білім беріп, жеке тұлға етіп қалыптастыруда берер мүмкіншілігі мол болары сөзсіз.

Интерактивтік тапсырмалар оқушыларда пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін жетілдіреді.

Білім берудегі интерактивті технология (интерактив сөзі-inter (бірлесу) act (әрекет)) сабақ барысында оқушылардың сабаққа қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интер белсенді әдістердің керемет мүмкіндіктері оқушыларды шабыттандырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады.

Интерактивті оқыту – бұл таным іс-әрекетін ұйымдастырудың арнайы нысаны. Ол толық нақтылықты және болжамды мақсаттар. Осындай мақсаттың бірі оқушылар өзінің сәттіліктерін, интеллектуалдық жағдайларын, оқу процесінің өзінде қандай өнімді іс істеу керектігін сезінетін, оқудың қолайлы жағдайын жасаудан тұрады. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға ісжүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша оқушыларға білім беруде шешілетін *міндеттер* мыналар: жеке тұлғаның әлеуметтік дағдыларын дамытуға оң әсер ететін денелік және рухани денсаулықтың негізін қалау; өз денсаулықтарын денелік және психикалық тұрғыдан нығайту маңыздылығын түсінуге оқушыларды ынталандыру; дене тәрбиесі және спорт саласы бойынша теориялық білім негіздерін қалау және практикалық дағдыларды дамытуға ықпал ету; оқушылардың төзімділік, жылдамдық, күштілік, ептілік және иілгіштік секілді қимыл-қозғалыс сапаларын дамыту; оқушылардың патриотизм, жалпы адами құндылықтар, қарым-қатынас орната білу біліктіліктерін тәрбиелеу және дамыту; салауатты өмір салтын сақтауға, бойларына сіңірілген дағдыларды болашақта қолдана білуге оқушыларды ынталандыру; оқушылардың бойында жалпы адамзаттық мәдениеттің бірі болып саналатын дене тәрбиесі туралы түсінік қалыптастыру; дене тәрбиесі және спорттың даму тарихы туралы білім негіздерін қалыптастыру; негізгі дене сапаларын жетілдіру, арнайы спорттық біліктілік пен дағдыларды дамыту; түрлі дерек көздерінен алған ақпараттарды пайдалану арқылы қарым-қатынас орната білу дағдыларын дамыту, ақпараттың шығу негізін айқын түсіну; ойлану және зерттеушілік дағдыларды дамыту; адамгершілік-жігер сапаларын қалыптастыру. Сонымен қатар, «Дене шынықтыру» пәнін оқу-үйрену оқушыларға келесі мүмкіндіктерді береді: бойға сіңірілген білім, біліктілік пен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану; өзінің денелік дамуындағы қимыл-қозғалыс күзиреттіліктерін арттыру қажеттілігін түсіну; дербес адамгершілік қасиеттерін дамыту және әділ ойын мен өз-өзін үздіксіз дамыту қажеттіліктерін түсіну; жекебас гигиенасын сақтау маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну; адамның денелік және энергетикалық жүйесін дамытудағы дене жаттығуларының әсерін білу; өзінің және өзгелердің денелік жағдайларын бағалай білу; сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлау, туындаған мәселелерді шеше білу және қарым- қатынас орната білу дағдыларын дамыту.

Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында пәнді оқытудың жаңа әдістерін назардан шығармаған дұрыс. Оқыту мен үйретудің бір-бірімен тығыз байланысқан бірегей іс-әрекет екендігін түсіну өте маңызды. Үйрету мен оқыту процестерінің қалай өтіп жатқандығын түсінген кезде ғана оқытудың тиімділігі арта түседі [2].

Белсенділік – оқушылардың бойында мәселені тереңінен ұғыну, дене тәрбиесі және спорт жұмыстарына деген тұрақты қызығушылық пен қажеттілікті қалыптастыратын дене тәрбесінің басты қағидаларының бірі болып табылады. Сонымен қатар, ол білім алушыларды тиімді белсенділікке итермелейді. Аталған қағиданы іске асыру оқушылардың білім деңгейлерін байытуға, түрлі жаттығулардың техникасын тереңінен түсінуге, дене тәрбиесі процесіне саналы және белсенді ұстанымды тәрбиелеуге әкеліп соғады.

Белсенділік – бұл адамның іс-әрекеті кезінде анықталатын өлшемі, оның жұмысқа араласу деңгейі. Белсенділік дидактикалық тұрғыдан алып қарағанда, білім, біліктілік және дағдыларды саналы түрде игерудің алғы шарты.

Мұғалімдердің арнайы әдістемелік тәсілдерді қолдануы, оқушылардың саналылық пен белсенділіктерін жоғарылатуға ықпал етеді. Олар мыналар: оқушылардың әрекеттерін, қимыл-қозғалысты орындаулары мен талдауларын қадағалау және бағалау; бұлшықетпен сезіну арқылы өз әрекеттерін қадағалауға үйрету; көрнекі құралдар көмегімен тапсырмаларды көрсету; жаттығуларды үйрету кезінде көру және есту бағдарларын пайдалану; үйретілетін қимыл-қозғалыстарды ойша орындау (идеяmotorлық дайындық); техниканы талдау.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 жарлығы. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
2. ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (16.11.2015 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).<http://online.zakon.kz/>

М.МОНТЕССОРИ ЖҮЙЕСІ - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ

*Жандилдина Роза Есентаевна
п.ғ.м., АрқМПИ доценті
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты
Ашубаева Орынкул Биляновна
М.Әуезов атындағы жалпы білім беретін
№5 орта мектеп
Арқалық, Қазақстан, roza.zhandildina@mail.ru*

Аннотация. Развитие познавательного интереса у детей дошкольного возраста является главным направлением развития познавательной активности. система М.Монтессори дает детям возможность осознать ответственность, самостоятельно принимать решения, работать как в группе, так и индивидуально, делать выбор, организовывать свое время, уверенно относиться к себе, создавать благоприятные условия. Цель системы М.Монтессори - воспитание физического характера, способностей детей, а не по указанию воспитателя, добровольно в духе независимости.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, познавательный интерес, овладение, познавательная активность, развитие, главное направление, система М.Монтессори, ответственность, самостоятельное решение, группа, индивидуальная, работа, выбор, организация, доверие, возможности, благоприятные условия. цель, естественное поведение, способности, воспитатель, инструкция, дух, воспитание.

Annotation. The development of cognitive interest in preschool children is the main direction of development of cognitive activity. M. Montessori system gives children the opportunity to realize responsibility, to make decisions independently, to work both in a group and individually, to make choices, to organize their time, to feel confident about themselves, to create favorable conditions. The purpose of the M. Montessori system is the education of the physical character, abilities of children, and not on the instructions of the teacher, voluntarily in the spirit of independence.

Key words: preschool children, cognitive interest, mastery, cognitive activity, development, main direction, M. Montessori system, responsibility, independent decision, group, individual, work, choice, organization, trust, opportunities, favorable conditions. purpose, natural behavior, ability, educator, instruction, spirit, education.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына танымдық қызығушылықты меңгерту - танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады. М. Монтессори жүйесі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады.

М. Монтессори жүйесінің мақсаты - балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу болып келеді. «Өзімнің жасауыма мүмкіндік бер» дейді мұндағы бала. Балаларға дауыстап сөйлеу бұл жүйеде мүлдем жоқ. Ұйымдастырушысы балаларға әр сала жайлы қызықтыра мағлұмат береді. Балалардың жас ерекшеліктері әр түрлі. 3 пен 6 жас аралығындағы балалардың өз қалауларымен жұмыс жасауына тәрбиеші көмек көрсетеді. Бұл жастың қабілетін ашуға, үлкеннің кішіге мейірім, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік берері сөзсіз. Қай салада жұмыс жасау бала қалауында: зертханада, жаратылыстану, аспан әлемі, асхана, қолөнер, бейнелеу, сумен т. б. Еркін жұмыс жасау барысында жетістігін өзі көріп, қатесін де өзі жөндеуі - ішкі дүниесін тәртіпке баулып, жеке адамгершілік қасиеттерін дамытады деп ойлаймын. Пайдаланған заттардың ең басында қалай тұрғанын бақылаған бала жұмыс аяғында тап солай жинастырып, тазартып қояды[1, 73].

М. Монтессори педагогикалық технологияларын балабақшамызға ендіру, Қазақстан 30 дамыған елдердің қатарына кіруге бетбұрыс жасап отырған сәтте, ерікті, өз басының қадір - қасиетін сезетін, дербес, қабылданған шешімдеріне жауапкершілікпен қарауға қабілетті адамдардың пайда болуын қажет етіп отыр. Мұндай адамды тәрбиелеп шығару үшін қазіргі заманның сұранысына жоғарғы дәрежеде жауап беретін бағдарламаны, жеке тұлғаны тәрбиелейтін технологияны табуы керек.

1904 жылы Мария Монтессори Рим университетінде антропология кафедрасын басқарады да, ол жерде антропологиялық зерттеулер жүргізеді. Ол Сегеннің дидактикалық материалдарымен жұмыс атқарып және оны толықтырып отырған. Өзінің балаларды оқыту және жазу әдістерін дамытады. Ол мүмкіншілігі шектеулі балалардың оқудан бұрын жазып үйрену қабілетін жар салады. Осы кезден бастап Монтессориді дені сау балаларды дамыту әдісі қызықтырады. Мария өзінің зерттеулерін әрі қарай жүргізе бастайды. Осыдан әрі ол дені сау балаларды дамыту әдісін зерттеген.

Бабаев С.Б. «Жалпы педагогика» атты оқулығында Монтессори педагогикасы жайлы былай деген: «XX ғасырдың басында әлемдік педагогикада еркін тәрбие және бала тұлғасының дамуы идеялары белсенді жария етіле бастады. Бұл идеяға жетекші Мария Монтессори (1870-1952) болды. Өзінің «Ғылыми педагогика әдістемесі» кітабында ол балалық жас мүмкіндіктерін

барынша пайдалану қажеттігін түсіндіріп бақты. Себебі, сәбилік шақтағы бала дамуы үлкен тәрбиелік табыстарға есік ашады. Оның пікірінше, мектеп оқуының басты формасы өзіндік оқу жұмыстары болуы қажет.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында да Монтессори жүйесінің тараптарымен қолдаушылары баршылық. Осы бағытта түзілген «балабақша-мектеп» жүйесі іске қосылып, балаларды еркін тәрбиелеу идеясы өз жемісін беруде».

Мария Монтессори – балабақшадағы балалардың және бастауыш мектеп оқушыларының ерте дамуы мен еркін тәрбиелеу идеясын алға тартқан итальян педагогы. 3-7 жас аралығындағы балалардың психикалық дамуы мен тәрбиелеуімен жүйелі түрде Мария Монтессори айналысқан. Ол осы жасты ең маңызды кезең деп көрсетті. М.Монтессори өз жұмысын ең алғаш жан ауруларын емдейтін клиникада бастады. Монтессори тек ақыл-ой кем балалармен ғана емес, қалыпты балалармен де жұмыс жасады. Ол өзінің тәжірибесі мен бақылауын “Балалар үйіндегі балалар тәрбиесіне ғылыми педагогикалық әдістерді қолдану” деген кітабына жазып отырған[2,59].

М.Монтессоридің «Сәбилер үйінің» мақсаты - балалар қабілеттерінің дамуына жағымды жағдай жасауға бағытталған. Қиындықтарды жеңу мен тынымсыз еңбек М.Монтессоридің бүкіл өмірін қамтыды.

Уақыт өте келе адамдар бұл үш түсінікке басқаша мағына берген және олар сенімсіздік тудыра бастады. Бірақ осы түсініктердің өзі тәрбие жүйесінің негізі болып табылады. Тәрбиелеу, білім беру мекемелерінде зорлық-зомбылыққа жол берілмейді. Бала–Монтессоридің айтуынша, өздігінен дамиды. Дамуға кедергі жасауға, оны тоқтатуға болады. Мәжбүрлеу – дамуды кідіртеді, осы үрдістерді тоқтатады және тәрбиешіге қажетсіз күйлердің: агрессия, өшпенділіктің пайда болуына мүмкіндік береді. Егер адам тек өзіне тән ерекшеліктер мен тұлғалық қасиеттерімен дүниеге келсе, тәрбиешілер мен ата-аналар оны жойып жібермей керісінше дамыту керек. М.Монтессоридің ойынша, бала тұлғасына, оның мінез ерекшеліктеріне «аса күтімділікпен» қарау қажет. Бала оның пікірінше, тамақтанғандықтан, тыныс алғандықтан, қажетті эргономиялық жағдайларда болғандықтан емес, өмірге деген құлшынысы оянғандықтан өсе бастайды. Сондықтан педагогтың міндеті – «баладағы кейде мызғыған өмірді ояту және өзінің жеке жақтарын өзіне дамытуға еркіндік бере отырып, бағыттау болып табылады».

Монтессори бойынша өзін-өзі тәрбиелеу - баланың жеке тұлғасының дамуына кілт болып табылады. Өз бетімен, тәуелсіз болу балаға бостандық береді. Педагог әлсіз балаларға өмір сүре алу шарты ретінде тәуелсіздікке өзінің қайталанбас сапарын салуға көмектесу қажет. Т.Л.Сухотина әлсіз балаларға көрсетілетін көмектің түрлерін бөліп көрсеткен, олар: ешкімнің көмегінсіз жүруге, жүгіруге, жерге түсіп қалған заттарды көтеруге, киінуге және шешінуге, жуынуға, баспалдақтан көтеріліп-түсуге, анық сөйлеуге көмектесу.

Психиканың даму деңгейінен артта қалған және сау балалармен жұмыс істеудің бірінші этапы – ерте балалық шақтан бастап барлық сезім мүшелерін дамыту. Көбінесе сезім мүшелері 3-7 жас аралығындағы балаларда жақсы дамиды. Білім беру мекемелеріндегі қарапайым оқыту жүйесі келесіден тұрады: «Біз ... алдымен бізді қызықтыратын зат жайында айтамыз, - деп жазады М.Монтессори, -

бала түсінген кезде, біз осы затқа қатысты жұмысты орындауға мәжбүрлейміз. Бала оның мәнін түсінгенмен, ол өзінен талап етілетін жұмысты орындауда үлкен қиындықтарды басынан кешіреді. Себебі, тәрбиелеуде бірінші маңыздылық факторы – түйсіктердің кемелденуінің болмауы».

М.Монтессоридің жүйесі бойынша сезім мүшелерінің дамуы үшін баланың өзі таңдайтын, өзінің ішкі келісімі бойынша, өз еркімен қатыса алатын іс-әрекет түрлерін табу керек болады. Монтессори балабақшасында осыларға итермелеуші күш ретінде баланың өзіндік дамуына ықпал ететін әртүрлі ойындар, тапсырмалар, арнайы дидактикалық материалдар қызмет атқарды. М.Монтессори балабақшасындағы педагогтар әр баланың жекелік ерекшелігін сақтай отырып, сонымен қатар олардың өзіндік дамуларын аса байқампаздықпен бағыттай отырып көбіне балаларды бақылаған[3, 46].

Балаларды тәрбиелеуге қозғалмалы үстел мен орындық қолданылған. Бұларды қолданудың мәні бала оларды алып өзіне отыруға қай жер ыңғайлы, қай жерге отырғысы келеді, сол жерге қояды. Баланың орындықты құлатып алған кездері де болған. Ол өзінің икемсіздігін түзеу үшін, бірден орындықты көтеріп орнына қойған. М.Монтессоридің айтуы бойынша мұндай жағдайда бала орындықпен қайда баратындығын, қай жерге қоятындығын өзі таңдап, өзінің икемсіздігін, өзін-өзі түзеуге үйренген.

Ал егер бала орындықтардың арасынан оларға сүйенбей өтуді үйренсе, онда бұл баланың жүруге үйренгендігін білдіреді. Ауыр және қозғалмайтын парталар баланың қозғалысын тежейді, ал партада бірнеше сағат бойы отыру балалардың табиғи дамуына кедергі жасайды.

Қазіргі уақытта да омыртқаның қисаюына байланысты омыртқа аурулары медицина ғылымының докторлары айтқанның дәлелі болып табылады. М.Монтессори балабақшадағы тәрбиені таратуды дәлелдейтін мысал келтіреді. Оның жазуы бойынша, алғашқы қауымдағы адамның омыртқасы жабайы аңдармен шайқаста, тастарды қазып алуда, темір майыстырғанда, жер қазғанда және т.с.с ауыр жұмыстарды орындауда қарсы тұра алды. Бірақ бұл омыртқа бала партада отырғанда шыдамай, қисаяды. М.Монтессори жүйесі бойынша бала өз орнында отырғысы келмесе, сол мезетте ол еденге немесе кілемшеге отыра, жата алады. Жанама әрекеттер тежелуі мен өзгенің еркіне қарсы әрекеттерден аулақ болу қажет. Баланың өзіндік тәрбиелеуі жүретін жол біздің байлауға бейім жолымыздан өзгеше. Біздің тарапымыздан оның бейімділіктері жетелейтін сол жолдан тайдыру қателік.

Тәрбиешілер ата-аналар сияқты балалар үшін кейбір іс-әрекеттерді орындауға тырысады. Олар серуенге шығарда бәтеңкесінің бауын байлап береді, киіндіреді, шарфын байлайды және т.б. Осылайша балаға өмірден өздігінен сабақ алуға, үйренуге мүмкіндік бермейді.

Монтессори қиындықтан, кедергілерден өтуге тырысқан 2,5 жасар баланы және жағдаяттың мәнін түсінбеген тәрбиешінің әрекеттерін бақылаған. Бала бір топ баланың жанына келіп, олардың қатарына қосылмақ болды. Бірақ ол іске аспады. Содан кейін бала көзімен бір орындықты таңдап, оны балалардың жанына апарып соған шықпақшы болады. Ол орындыққа жақындай бергенде тәрбиеші оның ойын түсініп, кенеттен баланы үйіліп тұрған

балалардың үстіне көтеріп, суы бар легенді көрсетеді. М.Монтессоридің байқауынша, бала судағы қалқып жүрген ойыншықтарды көріп мәз бола қойған жоқ. Оның ойынша тәрбиеші балаға өзін-өзі тәрбиелеуге кедергі жасады, бала жеңімпаз болып сезіну үшін бара жатқан, бірақ ол тәрбиешінің қолында тұтқын болып қалды[4,68].

М.Монтессори тәртіп мәселесіне ерекше назар аударған. Оның ойынша, тәртіпке тәрбиелеу үшін жамандық пен жақсылық жайлы түсінік болу керек. Сол себептен де баланы енжарлыққа, әлсіздікке, бағынуға тәрбиелемей, керісінше жұмысқа, іс-әрекетке, жақсылыққа тәрбиелеу керек. Тәрбиелеу мәселесі мадақтау мен жазалау тәсілдерімен тығыз байланысты. Монтессори оларды өз жүйесінде қажет емес деген оймен енгізген жоқ. Монтессоридің айтуы бойынша, егер бала қайсыбір іс-әрекетті өзі таңдаса, ол бала үшін сыйлық болып табылады. Сыйлықтың дәл осындай түсінігі М.Монтессори балабақшасында болды.

Алғашқы таныстыру:

1. «Бүгін мен сіздерге гүлдерден қалайша гүлшоқ құрастыру керектігін көрсетемін».
2. Бала мен мұғалім алжапқыштарын киіп, жеңдерін түреді, барлық әшекей бұйымдарын шешіп тастайды.
3. «Өзіңе ұнайтын кәрзеңкені және гүлдерді таңдап алуың қажет». Ескерту:

Келесі жаттығулар:

1. Әр түрлі гүлдерден және шоқ бүршікті бұтақшалардан гүлшоқтарды құрастыру.
2. Әр түрлі гүлсауыттарда гүлшоқтарды құрастыру.
3. Экибаноларды құрастыру.
4. Бөлме өсімдіктерін күту.
5. Көшедегі өсімдіктерді күту.

Жас мөлшері: 4 жастан бастап. Қателіктерді бақылау: өте қысқа гүл, гүлсауыттан көрінбей тұр. Немесе керісінше, гүлсауытты аударып тастайтындай тым биік гүл. Аса ықылас аудару: гүлшоғы салынған гүлсауытты қалаған жеріне қою. Сөздік: барлық заттардың және олармен әрекеттердің атаулары.

Жоғарыда келтірілген әдістермен жұмыс жасау барысында, балалардың еркін қимылдап, өздерінің қоршаған ортаға деген қызығушылықтарының оянуын, өздеріне –өздері көмек көрсете алатынын аңғардым.

Бұл әдістің тиімділігі балалар өзін-өзі тәрбиелеуге және ұқыпты болуға үйренеді. Монтессори бақылаушы ретінде баланың ішкі дүниесімен таныса отырып, қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында көп еңбек сіңіреді[5,71].

Ғылымсыз білім сыңар жақ: ғылым білімді ұлғайтады; ғылымсыз білім тым құрғақ, білімді орнына жұмсау керек. Білімді орнына жұмсайтын не? Ол – тәрбие. Білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды, жұмсалмауы тәрбиеге байланысты. Тәрбиесіз білімді адам сол білімнің адамзаттың игілігіне де, сорына да оңды-солды жұмсай беруі мүмкін. Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды (Ж.Аймауытов).

Әдебиеттер:

1. Гипиенрейтер Ю. Б. Книга Продолжаем общаться с ребенком».
2. Джон Кехо. «Сила разума для детей». М, 2006 ж;
3. Леддос Ц Ж. «Как воспитать ребятишек счастливым. М. Д009 ж.
4. М. Монтессори «Дети-другие». М. 2000 ж.
5. М. Монтессори «Помоги мне сделать это самому». М. 2007 ж.

ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

*Байсеңгіров Молдакәрім Қойшанұлы,
Жарасқанов Құрышбек Сардарбекұлы
аға оқытушылар*

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В этой статье рассматривается анализ примерам разных авторов. Рассказывается требования самостоятельным работам учащихся. В тексте статьи охватывается активность мышления учащегося. Дается примерью том, какие работы выполняет учащийся во время самостоятельной работы и с какой целью.

Ключевые слова: знание, педагог, технология обучения, преподавание, работа с учениками.

Abstract. This article discusses the analysis of the examples of different authors. It tells about the independent work of students. The text of the article covers the activity of the student's thinking. An example is given about what work the student performs during independent work and for what purpose.

Key words: knowledge, teacher, learning technology, teaching, working with students.

Оқушылардың алған білімдері дағды мен біліктілікке айналу үшін олардың өздері де талаптануы керек екенін білеміз. Белсенді оқу-танымдық іс-әрекет оқушылар бойында тәжірибеге ұмтылысты тудырады. Пәнді оқыту әдістемесін жетілдіру оқушылардың өздік жұмыстарымен де жақын байланыста. Өздік жұмыс негізінде барша педагогикалық үрдісті жақсарту мен нәтижелерін арттыру мүмкіндіктері тұр.

Өздік жұмыс әр оқушының әрекетті саналы түрде таңдап алып, оны шыдамдылықпен орындау арқылы сипатталатын қасиеті [1. 15].

Педагогикаға байланысты әдебиеттерде оқушылардың өздік жұмыс жасау әрекетіне бір-біріне қарама-қайшы пікірдегі анықтамалар кездеседі. Олардың қайсібірінде бұл құбылыс тар шеңберде, ал кейбіреулерінде кең мағынада берілген. Мәселен Срода Р. «Оқушылардың өздік жұмыс істеуі деп олардың жоғары түрде белсенділікпен өз пікірін дәлелдеп, шығармашылық пен бастама көрсету арқылы орындайтын іс-әрекетін айтамыз», – дейді.

Ал Микельсон Р.М. төмендегідей анықтама береді: «Өздік жұмыс істеу деп оқушылардың берілген тапсырманы ешкімнің көмегінсіз мұғалімнің тек бақылауы арқылы орындауын түсінеміз». Алғашқы автордың пайымдауында

өздік жұмысқа жан жақты кең түсінік берілген. Оқушылардың әрбір ойлау белсенділігі өздік жұмыс ретінде қарастырылады. Ой белсенділігіне қойылатын талап бүкіл оқыту үрдісіне таралатын дидактикалық принцип болып есептеледі.

Бұл жерде өз бетімен орындалатын жұмысқа өте кең түсінік берілген. Оқушылардың әрбір ойлау белсенділігі өздік жұмыс ретінде қарастырылады. Оқушылардың ойлау белсенділігіне қойылатын талап – бүкіл оқыту үрдісіне таралатын дидактикалық принцип болып табылады.

Оқушының өздік жұмыс жасауының маңызды белгілері:

- Мұғалім беретін тапсырманың бар болуы және оны орындауға арналған уақыттың бар болуы;

- Оқушылар берілген тапсырманы дұрыс және жақсы нәтижемен орындауы үшін бар ой ынтасын жұмылдыру қажеттігі.

Тапсырма түрлерін оқыту үрдісінің әр түрлі кезеңдерінде қолданылатын және оқушылардың меңгерген білімдері мен біліктіліктеріне байланысты оқыту мақсаттарына сәйкес мұғалім өзі таңдайды. Оқушылар өздерінің білімдерін бекіту және жетілдіру мақсатында өздік жұмыстардың келесі түрлерін орындайды:

1. Оқулықтағы, әдебиеттегі жаңа материалды түсіну және осы материалды өте жақсы білу;

2. Қосымша бақылаулар жасайды және бұрын оқулықтан немесе мұғалімнен, зертханалық немесе тәжірибелік сабақтардан алған теориялық материалдарды қайталайды;

3. Бұрын өткен тақырыптарды жаңа білім арқылы тереңірек түсініп, білімдерін бір жүйеге келтіреді, сол тақырып немесе бөлім бойынша білімдерін жалпылайды.

Оқушылардың біліктіліктерін және бекіту мен жетілдіру, дағдыландыру мақсатында өздік жұмыстардың келесі түрлері қолданылады:

- Теориялық білімдерді (түсініктерді, ережелерді, заңдарды) қолдануға арналған жаттығулар;
- Оқулықтағы нұсқаулы мәтінде түсіндірілетін ережелерді қолдануға арналған жаттығулар;
- Қандай да бір деректерден алынған мысалдарды іріктеп алу, өзінің мысалдарын құру.

Алған білімдерін шығармашылық түрде қолдану және біліктілік пен дағдыларын әрі қарай дамыту мақсатында төмендегі жұмыстарды атауға болады:

- Әр түрлі типтегі шығармалар, баяндамалар, рефераттар, мәлімдемелер;
- Модельдерді құру және дайындау, өздері құрған жоспарлар мен жобалар бойынша жұмыстарды орындау.

Өз бетімен жасаған әрекеттің деңгейіне байланысты өздік жұмыс түрлерін орындауда оқушылар өздерінің білімдерін бекіту мен жетілдіру, дағдылану мақсатында өздік жұмыстардың келесі түрлері қолданылады:

а) теориялық білімдерді қолдануға арналған жаттығулар;

ә) оқулықтағы нұсқаулы мәтінде түсіндірілетін ережелерді қолдануға арналған жаттығулар;

б) тәжірибелік тапсырманы орындау;

в) қандай да бір деректерден алынған мысалдарды іріктеп алу, өзінің мысалдарын және эскиздерін құру.

Алған білімдерін шығармашылық түрде қолдану және біліктілік пен дағдыларын әрі қарай дамыту мақсатында келесі жұмыстарды атқарады:

1) Түрлі типтегі баяндамалар, шығармалар, мәлімдемелер, рефераттар;

2) Модельдерді құру және дайындау, құрған жоспарлары мен жобалары бойынша жұмыстарды орындау.

Алған білімдерін, дағдылары мен біліктіліктерін тексеру мақсатында оқушылардың өздік жұмыстарының төмендегідей түрлері қолданылады:

- Мұғалімнің берген сұрақтарына ауызша жауап беруге дайындалу;

- Түрлі жазбаша тексеру жұмыстары, графикалық жазбаша жұмыстары;

- Зертханалық және тәжірибелік тексеру жұмыстары [2. 9].

Сонымен оқушылардың өздік жұмыстары оқу үрдісінің барлық бөлімдерінде орын алады. Өздік жұмыстардың жоғарыда аталған негізгі түрлерінің әрқайсысы бойынша әр түрде үйлестіріліп алынған, түрліше әдістер жиыны пайдаланылады. Бұл әдістерді таңдау және оқушыларға арналған нақты тапсырмаларды дайындау, олардың жинақтаған тәжірибелеріне, өткен өздік жұмыстарының дайындықтарының деңгейіне байланысты. Бұл жағдайда мұғалім балалардың берілген оқу сатысында шамасы келетіндей және олардың жеке бастарының ерекшеліктерін ескеріп, өздік дәрежесін анықтайды. Көптеген оқушылар оқулықта берілген оқу материалының маңызды бөлімдерін өз бетімен бөліп көрсете алмайды және олардың арасындағы байланыстарды таба алмайды. Оқушылардың көбі берілген материалды әр жағынан қарастырып, оқулықтардағы мәтінге сәйкес сұрақтарды қойып, бағдарламаны түсініп және оны меңгеру тәсілдерінің қажеттілігі және мақсатқа сәйкес қолдану туралы ойлай алмайды. Мұның бәрі оқушылардың оқу материалын қалай болса солай жаттап алып үстірт меңгеретінін көрсетеді.

Оқушылар бойында қандай да бір іс-әрекетті орындау тәжірибесін қалыптастыру үшін төрт кезеңнен тұратын келесі әдістемені айта кету орынды болады:

-бірінші кезеңде, яғни алғашқы дайындық кезеңінде мұғалім құрама әрекеттерді, олардың жүйелілігін таңдайды.

-екінші кезеңде мұғалім берілген әрекетті оқушылардың оқу жұмысын ұйымдастыру құралы ретінде пайдаланады.

-үшінші кезеңнің мақсаты – әрекеттің орындалуын бақылау, жоспарланғанды алынған қорытындымен салыстыру.

Төртінші кезең оқушылардың әрекетті меңгеруі мен оны әр түрлі жағдайларда қолдануын болжайды [3. 25].

Жүйелілікті қолдану әрекетін оқулықтағы мәтінмен жасалатын өздік жұмыс ретінде көрсету, оқушыларды өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және оларда төмендегідей біліктіліктерді қалыптастыруға әсер етеді:

Зерттеу мақсатын көруге, басты нәрсені айырып алуға, оқу материалын бөліктерге жіктеп алуға, бөліктер арасында байланыстар орнатуға, бақылау жасауға және т.б. Көркем еңбек сабағындағы оқушылардың өздік жұмыстарында жүйелілікті қолдану оқу үрдісінің басқа да әдістері және тәсілдерімен өзара байланысты.

Әдебиеттер:

1. Абилкасымова А.Е. Познавательная самостоятельность в учебной деятельности студента. Алматы, «Санат», 1998.
2. Булгаков В.И. Проблемное обучение – понятие и содержание // Воспитание школьников. -1985. - № 8.
3. Гальперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие. - М., 1985.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Калибекова Әйгерім

*Бастауышта оқытудың педагогикасы мен
әдістемесі мамандығының 4 курс студенті
ғылыми жетекші:*

Асилбаева Ф.Б.

П.ғ.к., қауымдастырылған проф.м.а.

*Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматриваются особенности экономического образования учащихся начальных классов.

Ключевые слова: экономическое образование, учащиеся начальных классов, бюджет, доход, расход, убытка, труд

Annotation

The article deals with the features of economic education of primary school students.

Key words: economic education, primary school students, budget, income, expense, loss, labor

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ”[1] және “Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім.”[2], “Қазақстан Республикасындағы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты”[3] сияқты бірқатар маңызды құжаттар дүниеге келді.

Өркениетке, жарқын болашаққа қол жеткізу үшін жастар саналы тәрбие, сапалы білім алуы керек. Қазір қоғамдағы даму мен әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты мектепте оқытудың да мазмұны өзгеріп отыр. Сондықтан мектеп оқушыларына экономикалық тәрбие беру арқылы экономиканың негізгі тетіктері: қаржы, несие, баға жүйесі, ақша айналымы, алтын қор мен валюта сұранысы, сыртқы экономикалық қатынастар, еңбек пен

өндірістік тәртіп, жалақы сияқты қағидалар өмірлік қажетті мағлұматтар беру қажеттігін талап етеді. Осыған орай қазір мектептің алдында нарықтық қатынастарға байланысты экономикалық ой-өрісі кең, іскер адамдарды тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Қазіргі кезде Қазақстанның білім беру жүйесінде экономикалық ойлауды қалыптастырудың маңызды факторы ретінде, мемлекеттік саяси экономикалық білім мен тәрбие ісі ерекше бағыт алып отыр. Мамандар мектеп тәжірибесінде экономикалық білім дағдыларды ұжымдағы экономикалық білім мен тәрбие беру ісінің жиынтығы деп қарап, оны отбасында шаруашылық-тұрмыстық, қоғамдық пайдалы істегі, күнделікті қарым-қатынастағы жұмыстардың тәжірибелік нәтижесі, олардың рухани экономикалық сұраныстарын жан-жақты қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекет деп түсінуге болады.

Осы күрделі жұмыстарды жүзеге асырудағы негізгі бағыттардың бірі - мектеп оқушыларына экономикалық білім беруді жетілдіру болып табылады.

Экономикалық білім берудің басты мақсаттарының бірі – бастауыш сынып оқушыларын экономикалық білім негіздерімен қаруландыра отырып, нарық заманында өмір сүріп, еңбек етуге бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті адамды тәрбиелеу.

Экономикалық тәрбие біздің түсінігімізде - экономикалық білім беру арқылы экономикалық сананы, экономикалық іс-әрекетке байланысты тиімді іскерліктер мен дағдыларды, жеке тұлғаның мәнді сапа қасиеттерін қалыптастыруға (құнттылық, іскерлік, ықыластық, жауапкершілік), экономикалық ойды дамытуға бағытталған ұйымдасқан түрдегі тәрбие.

Бастауыш сынып оқушыларына үйірме жұмысында отбасында экономикалық тәрбие берудің мынадай негізгі бағыттары белгіленді:


оқуды, шаруашылық-тұрмыстық еңбекті, демалысты ұтымды ұйымдастыру, уақытты жоспарлауға үйрету;

- отбасы бюджетін жоспарлауға қатыстыру;

- отбасы экономикасымен, ата-аналарының әлеуметтік- экономикалық еңбек жағдайымен, қоғамның экономикалық өмірімен таныстыру;

- мүмкіндігіне қарай бастауыш сынып оқушыларын ақылы еңбекке тарту.

Отбасы бюджеті – кесте түрінде бір айға жасалатын отбасылық кірістермен шығыстардың есебі, отбасылық теңгерім яғни баланс. Оны мынадай сызба түрінде түсіндірген тиімдірек болады.



Отбасылық бюджет тиімді, тиімсіз және қалыпты жоспарланған болып үшке бөлінеді. бастауыш сынып оқушыларын отбасылық бюджетпен таныстыра отырып, тиімді жоспарланған бюджеттен ай сайын 10 пайыз пайда түсіруді үйрету керек. Тиімсіз жоспарланған бюджеттің салдары неге әкеп соғатынын бірнеше мысалдармен түсіндіруге болады.

Сонымен қатар, өсіп келе жатқан ұрпақты цифрлы Қазақстанда өмір сүретіндіктен кіші мектеп жасынан бастап, «ақша», «тауар», «айналым», «базар», «алып сату», «пайда», «шығын», «дүкен», «касса», «санау», «үнемдеу» ұғымдарын «еңбек ету» ұғымдарымен байланыстыра оқыту маңызды болып отыр. Себебі, еңбексіз дастарханға нанның келе бермейтінін бала саналы түрде түсіну керек.

Сабақта экономикалық мазмұндағы сюжеттік-рөлдік ойындарды пайдалануға болады. Мысалы: "Дүкен" ойынында таразылар, ақша, чектер жазылған қағаздар дайындалып, витрина жабдыкталады. Ойынның ерекшелігі - балалардың еркін түрде баға, ақша, сапа, ақау сияқты экономикалық түсініктерді біліп, есте сақтауына, сатушы мен сатып алушы арасындағы қарым-қатынас туралы ұғымы болуына; затты дұрыс сатып алуға, есептеуге, өзінде бар ақша сомасына сәйкес тауарлар сатып алуды үйренуіне көмектеседі.

Мектеп бағдарламасында оқу материалын экономикалық тәрбие жұмыстарымен байланыстыру барысында оқушылардың экономикалық білімін жан-жақты арттыруға мүмкіндік береді. Атап айтсақ,

- экономикалық мәселелердің туындау себебін білуге ұмтылысты ояту;
- оқушыларды мектептегі экономикалық мазмұндағы практикалық

жұмыстар мен қоғамдық пайдалы еңбекке тарту. Бастауыш сынып оқушыларына экономикалық білім берудің педагогикалық мүмкіндіктері мектептегі математика, дүниетану, көркем еңбек және әдебиеттік оқу пәндері арқылы жүзеге асырылса, сыныптан тыс уақытта экономикалық үйірмелерге қатыстыруға болады.

Мектеппен қоса отбасында да экономикалық білім беру баланың еңбекке сапалы көзқарасының қалыптасуына, еңбекті тиімді ұйымдастыра білуге, табыспен пайданы анықтап алуға үйретеді. Тапқан табысты қоғамдық мақсатқа тұтыну, табысты кәдеге жарату, қоғамдық тұтыну қорларын пайдалануды тек ересек адамдар ғана балаларға үйрету, айырбастау, өндіру, сату, оның пайдасын отбасын мүшелеріне еңбек бөлісіне қарай бөлу, олардың өмір сүруі үшін табыстың қайдан келетінін түсіндіру қажет[4].

Сондықтан жаңадан қабылданған «Білім туралы» заңда оқушыларға базалық бағдарлама негізінде оқу жоспарына қосу арқылы экономикалық білім беру механизмі енгізіліп, жүзеге асыру керек деген талапқа сәйкес отбасында да ата-ананың міндетіне балаларын отбасылық бюджетке араластыру міндеті жүктеліп отыр. Мүмкін баланы кіші мектеп жасынан экономикаға баулысақ, болашақта жұмыссыздық, отбасындағы кейбері мәселелердің болдырмауына үлкен мүмкіндік болар еді деген қорытындыға келдік.

Әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://kz.government.kz/resources/docs/doc18>
- 2 Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. – Алматы: РОНД, 2003. – 136 бет
- 3 Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. – Алматы: РОНД, 2003. – 136 бет
- 4 Тұрсынбаева С. Бастауыш сынып оқушыларының экономикалық тәрбиенің психологиялық-педагогикалық негізі. // АбайҚазҰПУ Хабаршысы 2006, №1

МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Қанаиш Айзере Дәуленқызы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
2-курс студенті
Айдарова Гүлжан Кенжекейқызы
аға оқытушы, магистр
Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В статье казахская пословица посвящена изучению стилистических и стилистических аспектов пословиц. В статье описываются мотивы как объект этнолингвистики, факторы его появления в языке и история изучения в сравнении с комментариями ученых.

Ключевые слова: лексика, пословицы, народ, культура, наследие.

Annotation. In the article, the Kazakh proverb is devoted to the study of stylistic and stylistic aspects of the proverbs. The article describes motives as an object of ethnolinguistics, factors of its appearance in the language and the history of the study in comparison with the comments of scientists.

Key words: vocabulary, proverbs, people, culture, heritage.

Мақал - мәтелдер фразеологизмдерге ұқсастығына қарай – фразеология объектісі, құрылымы тұрғысынан – синтаксис объектісі, мағына, тақырып тұрғысынан – жалпы лексикология объектісі, қолданыс, тілдік норма тұрғысынан – стилистика объектісі ретінде қарастырылады. Қазақ мақал-мәтелдерді негізінен халық жадында ауызша айтылып, ауызша сақталған. Оларды жинап, қағазға түсіру, баспасөз арқылы жариялау ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан басталады.

Қазақтың мақал - мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым Шоқан Уәлиханов. Ш. Уәлиханов пен Л.И. Березин мұрағатында ел аузынан жинап, жазып алған екі жүзден астам мақал - мәтел сақталған. Солардың ішінде күні бүгінге дейін құнын жоймаған «Ақыл-дария, көңіл – дүлдүл», «Тотықұс – бойын көріп сырланады, аяғын көріп қорланады» деген сияқты ондаған мақал - мәтел бар. Сол уақыттан бері қазақ мақал - мәтелдері әртүрлі ведомостарда, жинақтарда, хрестоматияларды жазылып, жарияланып келеді.

Қазақ фольклорының басқа түрлері мен бірге «кейде дербес» оны жинап, жариялаушылар: Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ы.Алтынсарин, Я.Лютш, Ф.Плотников, Н.И. Гродеков, А.А. Васильев, П.М. Милорианский, А.А. Диваев, В.В. Катаринский т.б. болды.

Қазақ мақал - мәтелдері – ертегі, аңыз-әңгіме, батырлық, ғашықтық жырлар, қара өлеңдер секілді халық шығармалары мен қатар жасап келе жатқан көне жанр. Олай дейтініміз көне жазба мұраларда сақталған мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Мәселен, Орхон жазуларында: «Жырақ болса жаман сыйлық берер, жақын болса жақсы сыйлық берер» (Күлтегіннен), «Жұқаны таптау онай, жіңішкені ұзу онай» (Тоныкөктен) деген мақал-мәтелдерді

кездестіреміз. Ал Махмут Қашқаридың «Диуани лұғат ит – түрік» сөздігінен «Ұлық болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», «Кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында», «Тай ат болса – ат тынар, ұл ер болса – ата тынар» дейтін мақалдарды (Құтты біліктен). «Біліп сөйлеген білікке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр», «Ауыздан бірде от, бірде су шығар, бірі жанса, бірі сөндірер» дейтін мақал-мәтелдерді оқимыз.

Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары соның ішінде мақал-мәтелдер жарияланған төңкеріске дейінгі әдебиетте Орынборда 1879 жылы шыққан, 1906 жылы толықтырылып, Ы.Алтынсарин хрестоматиясының алатын орны ерекше. Қазақ мақал-мәтелдерін арнайы зерттеген ғалым – Рахметолла Сәрсенбаев. Ол өзінің «Қазақ мақал - мәтелдерінің лексика-стилистикалық ерекшеліктері» (1961) деген кандидаттық диссертациясында мақал-мәтелдерді қарастырған. Оның ішінде мақал-мәтелдердің стильдік қызметін, ерекше жақтарын айқындап көрсеткен.

Мақал – мәтелдер ықшам болатындықтан, жай сөйлеуде толық айтылуға тиіс мүшелер түсіп қала береді. Осыған байланысты бұлар, көбіне, толымсыз сөйлем күйінде ұшырап отырады.

Мысалы:

- 1) *Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.*
- 2) *Сыйға – сый, сыраға – бал.*
- 3) *Көптің қолы – ұзын.*
- 4) *Елдің күші – селдің күші.*
- 5) *Азған денеге ауру үйір.*
- 6) *Тілде бар да, істе жоқ.*
- 7) *Басы – аман, малы – түгел.*
- 8) *Балық жаны – суда.*

9) *Асыл–тастан, ақыл жастан* деген сияқтылардың не бастауышы, не баяндауышы түсіп қалып айтылып отырады [1. 69].

Мақалда салалас құрмаластар екі жай сөйлемнің қатар айтылуынан пайда болады да, мағына жағынан параллелизм ұстанымында құрылады. Бірақ, мақал мен мәтелде поэзияға тән көркемдік құрылымның бәрі бірдей бола бермейді, бар болғанның өзінде де кейбір өзгешеліктерімен шектеліп отырады. Мәселен, мақал мен мәтелдердің ырғағы құрамындағы сөздердің буын санына қарай емес, олардың морфологиялық тұлғаларының ұқсас болып жарыса қолданылуы арқылы да жасалады:

Келін болдым, енеге жарымадым,

Ене болдым, келінге жарымадым – дегендегі *болдым, жарымадым* сөздерінің қайталанып жұмсалуды ырғақ пен ұйқас жасауға дәнекер болып тұр.

Мақал-мәтелді салалас құрмалас сөйлемдерді құраушы жай сөйлемдердің семантикалық табиғаты да ерекше болады. Әрбір жайсөйлемдегі баяндалатын оқиғалар өзара мағына жағынан ұқсастық немесе қарсылықты, кейде, тіпті, алғашқы сөйлемдегі ойды соңғы сөйлем жалғастырушы ретінде де құрала береді.

Мысалы:

1) *Ұста пышаққа жарымас,*

2) *Етікші етікке жарымас.*

3) *Біздің тілі – батыр,*

4) *Ердің қолы – батыр.*— деген мақалдарда бірінші және екінші компоненттердің ұқсас тығы жайында айтылса,

1) *Жақсылық – ағаш басында,*

Жамандық – аяқ астында.

2) *Еңбек шақарды түзетеді,*

Еңбексіздік оны жүдетеді,—дегенде екі құбылыстың, оқиғаның бір-біріне қарама-қарсы тұрғандығын көрсетеді. Мағыналық жағынан ұқсас не қарсылас келіп құралатын салалас құрмалас сөйлем тек мақал мен мәтелдің өн бойына тән құбылыс екені мәлім.

Күлме досыңа, келер басыңа. Деген мақалды сөйлемдердің ыалғашқы компонентіндегі мағынаның соңғыда жалғастырыла толықтырылуы басқа мақалды салалас құрмалас сөйлемдерде ұшырамайды. Мақалда құрмалас сөйлемнің екінші бір түрі—сабақтас құрмалас сөйлемдер де кездеседі. Оның ішінде шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем түрінде ғана жұмсалатыны байқалады.

1) *Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады.* Мақал – мәтел жай сөйлемдерден терең оймен, көркем тілімен, қалыптасқан құрылысымен, әлденеше қайталанып, құлаққа сіңген танымдылығы мен дараланады [2.3].

Сондай-ақ, Ә.Қайдардың «Халық даналығы» атты зерттеу еңбегінде сырын білмеген аттың сыртынан жүрме деген мақал былай талданады: Бұл мақал адамға қатысты «мінез-құлқын, жақсы-жаман қасиеттерін, ішкі сырын анық білмеген бейтаныс, сыр мінез адаммен бірден араласып, бар сырыңды, істірлігіңді айтып, ашып салуға болмайды, өйткені ол да, асау ат тәрізді, оқыс әрекет, жат қылық жағымсыз мінезін көрсетуі ықтимал. Мақал-мәтелдердегі лексикалық ерекшеліктері сол елдің тұрмыс тіршілігіне тарихына байланысты келеді. Олар лексикалық өзгерістерге бөлінгенмен семантикалық түсініктері ұқсас келеді. Ұзақ жылдың тілдік қарым-қатынас нәтижесінде туған бірдей мағына беретін, ауысқан мақал-мәтелдерде аз емес. Белгілі бір халыққа, бір ұлтқа түсінікті әдеби тілдерде лексикалық өзгерістер кездеседі [3. 152].

Мақал - мәтелдерде кейбір сөздерде өзгешеліктер болғанымен мағыналары бірдей болып келеді. Мысалы, ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер мен қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді салыстырсақ «*The rotten apple ingures the other apples*» - «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді»(алма-құмалақ), «*Burn not your house torid it of the house*» - Битке өкпелеп, тоныңды отқа салма.(тон-ит, тышқан-бит), «*If you run after to hares you wile catch neither*» - Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді (қоян-кеме), «*Let sleeping dogs lie*» - «Жатқан жыланның құйрығын баспа» (ит –жылан) т.б. мұндағы алма-құмалақ, тон – ит, тышқан – бит, қоян-кеме, ит – жылан сөздері екі тілдің қатарында лексикалық өзгеріске ұшырағанмен, мағыналары бірдей ұғымды білдіреді. Мақал-мәтелдердің қай тілдің де ұрпақты халықтық тәрбие негізінде тәрбиелеуге әкеліп саясады. Лексикалық өзгерістер ұлт тілінің сөздік құрамы жағынан жан-жақты

дамығанын көрсетеді. Мысалы, ағылшын тілінде лексикалық өзгеріске ұшырап тұрып, бір мағынаны білдіретін мақал, яғни сөз тіркесі бар. Қазақ тіліндегі «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген мақалдың ағылшын тіліндегі лексикалық мағынасы «шіріген алма басқаларын бүлдіреді» немесе «бір тамшы у барлық шарапты бүлдіреді» . Бұл мәтелдерде әртүрлі тұрмыстық-табиғи құбылыстарға байланысты лексикалық ерекшеліктер өзгергенімен барлығы да бірдей мағынаны білдіреді [4.172].

Егеменді ел болып, тәуелсіздік туын биік көтерген қазақ елінің бүгінгі таңдағы алдына қойған мақсаты – дамыған отыз елдің қатарына қосылу. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы – қай сала болса да, барынша еңбек етіп, қазақтың рухани, заттық байлықтарын әлемге танытуға әрекет жасау. Осыған байланысты қазақ тіл біліміндегі мақал-мәтелдердің лексикалық топтарын зерттеулерде қазақ ұлтының болмысы, дүниетанымы тілінде сақталған құнды дүниелерімен танылуда.

Әдебиеттер

1. Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы. «Ана тілі» 1993ж
2. Қайдар Ә. Халық даналығы. - Алматы: Толғанай, 2004ж.
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1998ж.
4. Нұрмаханов А., В.В. Радловтың Түркі сөздігіндегі мақал-мәтелдердің дамуы мен қалыптасуы. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994ж.

ДҮНИЕТАНУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Қара Әсел Бейсенбайқызы
аға оқытушы, магистр
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье анализированы содержания понятия «компетентность», «предметная компетентность». Рассмотрены проблемы формирования предметных компетенций у учащихся. Выявлены компетенций предмета «Познание мира».

Ключевые слова: компетентность, предметная компетентность, познание мира.

Annotation. This article analyzes the content of the concepts of "competence", "subject competence". The problems of forming of object competencies are considered at students. Educational competences of the subject "Knowledge of the world "

Key words: competence, subject competence, knowledge of the world.

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жоғары мәдениетті қарым-қатынасқа түсе алатын тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр. Білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырланудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу.

Құзыреттілік – оқушыларда іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білімнің нәтижесі, оны өмірде қолдана алу қасиеті. Құзыреттілік адамдардың қарым-қатынас жүйесін игеріп, өзара іс-әрекетке қосылу барысында қалыптасады. Сонымен қатар, құзыреттіліктер арқылы жеке тұлғаның өмір байлығы, ақыл тереңдігі, күйіну-сүйіну қалпы, қиялдауы, ерік-жігері, икемділігі мен мінез-құлық сипаты ашылады.

Қазіргі кезде мектепте білім беруді дамыту негізіне құзыреттілік тәсілге сүйену ұсынылып отыр. Құзыреттілік тәсілде басты назар білім нәтижесіне аударылды, әрі оқытудан күтілетін нәтиже ретінде оқушы игерген ақпараттар жиынтығы емес, оның түрлі проблемалық жағдаяттарда әрекет ету қабілеттілігі қарастырылады.

Құзыреттілік оқу нәтижелерімен қатар оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері және құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді, әрі ол оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Бұл, ең әуелі, мектепте оқыту үрдісінде қалыптасады. Оқушылардың құзыреттілігі – оқу үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші, оның жетістігі қойылған педагогикалық мақсатқа жету болып табылады. Демек, оқытудың сапасын күтілетін нәтижелер тұрғысынан жетілдіруді оқытудағы құзыреттілік қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу үдерісінде баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күтілетін нәтижеге бағытталуы қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқыту түрлері, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз.

Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындайды. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзыреттіліктер алынады.

Білім берудің нәтижесі ретіндегі құзыреттілікті ғалымдар (А.Хуторской, М.Ж.Жадрина, Н.Н.Нұрахметов, Ж.Т.Дәулетбекова) белгілі бір пәнге қатысты оқушының игерген іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықтады. Сондықтан қазіргі кезеңде Қазақстандағы білім беруде жаңа нәтижеге жетудің басым бағыттарының бірі ретінде білімділік бағыттан оқушылардың бойында құзыреттерді қалыптастыру бағытына өту мәселесі қарастырылуда.

Құзыреттілік бағыт – межелеген мақсаттарға жету үшін оқушының ішкі (білім, білік, дағды, құндылық, психологиялық ерекшеліктер және т.б.) және сыртқы (ақпараттық, адами, материалдық және т.б.) ресурстарды тиімді ұйымдастырудағы дайындығының қалыптасуын көздейді. Яғни, оқу нәтижесі құзыреттілік деп анықталса, онда пәнді меңгертуден күтілетін нәтижелер оқушының өмірлік дағдыларымен сабақтастырылуы қажет болып саналады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖБС) жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар:

- басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);
- ақпараттық (өз бетінше ақпарат көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау);
- коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау);
- әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);
- тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу);
- азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі);
- технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы).

Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс [1].

Оқыту үдерісінде пәндік білім, білік, дағдыларды, яғни құзыреттіліктерді меңгертуде балалардың жас кезеңдеріне сәйкес пайда болатын жетекші әрекеттерге назар аударылды. Бастауыш сыныптан мектептің орта сатысына өту кезеңінде балалардың өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынасы жаңа арнаға түседі: даралық сезімдері бас көтеріп, өзін-өзі тани бастайды. Білім беруде бұл мәселелер ескеріліп отыруы тиіс. Бастауыш мектеп кезеңі оқушылардың оқу, қарым-қатынас, еңбек секілді жетекші әрекеттер негізінде жалпы және ерекше қабілеттерінің дамуымен сипатталады. Оқу әрекетінде олардың жалпы интеллектуалдық қабілеттері қалыптаса бастайды.

Заттар, нысандар, құбылыстар туралы мағлұматтар беру кезінде де адам әрекеті солармен бірлікте, байланыста беріледі. Жаратылыстанулық білім, білік, дағды қалыптастыру бастауыш мектепте «Дүниетану» пәні арқылы жүзеге асырылады.

Жаратылыстану бағытында 1-4 бастауыш сыныптарда «Дүниетану» пәні оқытылады. Пәннің ерекше мәнге ие болу себебі ол – барлық жаратылыстану пәндерінің, оның ішінде биология, география, химия, экология пәндерінің бастамасы болғандықтан, сол пәндер бойынша элементарлық білім негізі қаланады.

Кез-келген ғылым саласы сияқты жаратылыстану бағытындағы пәндер оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, ғылыми білім жүйесіне негізделіп, танымның логикалық-саналы тәсілдеріне арқа сүйей отырып, оқушыға берілетін теориялық біліммен сипатталып, ғылыми категориялар мен дәлелдерді кеңінен пайдалануға машықтандырады.

Мектептегі алғашқы экологиялық білім және тәрбие беру мәселесін талдамас бұрын бұл істің нәтижесі мен табысы, оны қолдану механизмі мен технологиясына келу мәселесінің, оны жүзеге асырудың тиімді әдістері мен құралдарын пайдаланудың арнаулы сипатты иемденуіне тікелей байланысты екенін атап өткен орынды.

Адамзаттың соңғы бірнеше ұрпақтарының экологиялық тұрғыдан сауатсыз болуы, экологиялық проблемалардың жыл жеткен сайын ушыға түсуі мектеп оқушыларына экологиялық пәндері бойынша алғаш білім беретін мұғалімдердің бұл мәселеге немқұрайлы қарауы, кейде тіпті мүлдем жауапсыз қарауының нәтижесі екендігі құпия емес. Осыған байланысты соңғы жылдары мектептегі алғашқы экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесіне үлкен көңіл бөліне бастады.

Расында да, көп нәрсе алғашқы білім беретін педагог-маманның дайындық дәрежесіне, олардың шығармашылық белсенділігіне, бүкіл іс-әрекетіне тікелей байланысты.

Бастауыш сынып мұғалімдері бір сыныпта бірнеше жыл бойы сабақ өткізетін болғандықтан, ол экологиялық білімді сабақ сайын әр түрлі пәндер арасындағы байланыстарды жүзеге асыруға және де бұл іске шығармашылықпен және жаңашыл тұрғыдан келуге толық мүмкіндігі бар.

Бастауыш сыныпта «Дүниені» танытуға байланысты материалды оқытуда бірнеше мақсат көзделеді. Өзіне қолайлы жағдай жасау үшін адамның еңбек етуі, өз өмірін өзі ұйымдастыра білуі, материалдық игіліктерді өндірумен айналысуы қажет. Табиғат байлығының мән мағынасын түсініп, оны орынды, үнемді, тиімді пайдалану шеберлігіне адам баласы білім мен біліктілік арқылы жетеді. Дүниетанымдық қабілеттің керектігі адам баласының бүкіл өмірі табиғат аясында, қоғам ортасында, олармен қарым-қатынаста өтетіндіктен, ол қатынастардың әдіс-тәсілдерін меңгеруі тиіс.

Көзқарастың қалыптасуы мектеп қабырғасында білім алу барысында жүзеге асады. Сондықтан да, бастауыш сыныпта дүние туралы білім беру, яғни, оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мақсаты жүзеге асады. Оқушылар адамның, табиғаттың және қоғамның бірлігі, ондағы адамның алатын орны жайындағы білім жүйесін, нақты заттар мен құбылыстарды меңгере отырып, абстракциялық ойға көшу арқылы ұғынады. Бірінші сыныпта дүниенің тұтастығы жайында қарапайым ұғымдардан бастаған оқушы, төртінші сыныпта дүниенің әрбір заңдылықтарын талдауға, олардың себебін ашу дәрежесіне жетеді.

Психологиялық зерттеулерде анықталғандай, балаларға берілетін білімнің көлемі мен мазмұны олардың өмірден жинаған тәжірибесіне, таным деңгейіне және психикалық тұрғыдан дамуына лайықталуы тиіс. Сондай-ақ олардың сұраныстары мен қабілеттері де ескерілуі керек. Өйткені бала ақпараттар ағынынан өзіне қажеттісін әрі түсініктісін ғана қабылдай алады.

Сондай-ақ оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игертуге негізделсе, нәтижелі болатыны анық. Бұл оқушылардың келешекте негізгі білім беру сатысында ғылым негіздерін (жаратылыстану, математика, физика, химия пәндерін) меңгеруге дайындық жасауға да септігін тигізеді.

Жаратылыс құбылыстарын толыққанды ұғыну үшін ғылымилығы ескерілген практикалық тұрғыда орындалатын тапсырмалармен алмасады.

Дүниетануды оқытуда сұлулықты көру мен түсіну, бағалау және оны қолымен ұстау, тәжірибе жасау біліктілігін дамыту шарттары орындалғанда оқушының пәндік құзыреттіліктері қалыптасады.

Егер дүниетану пәні бойынша келесі бағыттағы білім негіздері меңгеріліп, іс-әрекетте қолдана білуге машықтанса, жаратылыстану бағытында құзыреттіліктері қалыптасады. Олар келесі құзыреттіліктермен сипатталады:

1. Табиғат пен әлеуметтік өмір танымының арасында тығыз байланыс «адам-табиғат-қоғам» жүйесіндегі өзара тәуелділікті түсіну.
2. Қоғамдық тәртіп ережелерін орындау қажеттілігін, адамгершілік тәрбиесі мақсаттарының мәнін түсіну, экологиялық мәдениеттің алғашқы дағдыларын меңгеруі мен іс-әрекетте көрінеді.
3. Өзінің жеке даралығын сезіну, өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін түсіну, өзін өзгерту, салауатты өмір салтының маңыздылығын игеруі.
4. Табиғат құбылыстарын салыстыру, олардың жалпы және ерекше белгілерін ажырату мен өсімдіктер мен жануарлар тіршілігіне қажетті жағдайларды білуі.
5. Жергілікті жердегі әртүрлі белгілер бойынша бағытты анықтай алу мен картадан, глобустан елдерді, құрлықтарды, мұхиттарды таба білуі.
6. Өз өмірі мен денсаулығын сақтау және қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу мен қолдана алуы.
7. Қазақстанның табиғаты және мәдениеті туралы білуі, оған ұқыпты қарым-қатынас жасау ережесін қолдана алуы [2].

Оқушылардың пәндік құзыреттілігін қалыптастыруда теория мен практиканың байланыста болуы басты рөл атқарады. Оның мәні – оқушыларға теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде дүниетану пәнінен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2.3.4.01-2013.
2. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. – Астана: «Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы», 2013.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қасымова Н - 4 курс студенті

Жубандыкова А.М.- п.ғ.к., профессор м.а.

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические основы здорового образа жизни детей старшего дошкольного возраста.

Ключевые слова: здоровье, старший дошкольный возраст, образ жизни, педагогические основы

Abstract.

The article discusses the pedagogical foundations of a healthy lifestyle of children of senior preschool age.

Key words: health, senior preschool age, lifestyle, pedagogical bases

Салауатты өмір салтын балаларға дәріптеу бүгінгі күнгі білім беру ұйымдарының алдында тұрған көкейкесті мәселенің бірі. Бүгінгі таңда егеменді еліміз осы бағытта мектепке дейінгі білім беретін ұйымдарда жан-жақты, дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған. Барша азаматтардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына бағытталған.

Салауатты өмір салты мәселесін анықтау проблемасындағы негізгі категория болып «денсаулық» ұғымы болатынын айта кету керек. Бұл ұғымды анықтауда адамның өзінің, оның жаратылу табиғатының көрінісі басты роль атқарады. Адамның тек сыртқы түрі ғана емес, сонымен бірге ішкі жан – дүниесі де, яғни мінез-құлық, қабылдауы, ойлауы, іс-әрекеттері, сол немесе басқа әсерлерге бейімі бір келкі бола бермейді. Әртүрлі адамдар болып жатқан нәрсені әртүрлі жасайды. Бірақ, ең бастысы бір адам сол немесе басқа әсерлерді өмірдің әртүрлі кезеңінде әр түрлі қабылдайды. Сонымен, адамның денсаулығы – бұл жалпы адамзаттық және жеке болмыстың күрделі феномені болып саналады. Бүгінгі күні ол кешенді немесе дене, психологиялық, әлеуметтік және жеке тәртіптің көптеген күрделі факторларының, кейде философиялық қасиеттердің өзара әсеріне қатысты болады.

Ғылыми және педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау барысында адамзатта салауатты өмір салтын тәрбиелеу терең мағыналы мәселе екендігін айқындай түсуге болады. Дене мәдениеті, дене пішіні, психикалық күй, жансаулық, тамақтану, тұрмыстық ерекшеліктер, киім кию – салауатты өмір салтының көрінісін білдіреді.

«Денсаулық» мәнінің тарихи талдамасын жүргізген И.Г.Сигерист былай деп жазды: «ежелгі ойшылдар мен дәрігерлердің көптеген деректеріне қарағанда, сонымен бірге заманауи көзқарастар бойынша денсаулық – бұл жасалған тепе – теңдік жағдайы болып саналады. Адам денесін құрайтын қозғалыстық күш пен сұйықтық толық тепе – теңдікте болған кезде – адамның дені сау болады. Тап осы анықтама келтірілген жалпы түсіндірмелердің ең

үздігі болып табылады. Сұйықтықтар, өмірлік күш физика және химия терминдері бола тұра медицинаны толғандыра ма, толғандырмайды ма – бұл ең бастысы емес. Ең негізгісі денсаулық тепе – теңдік жағдайы болып саналады».

Алайда аса маңызды медициналық – биологиялық түсіндірмелер мен философиялық, психологиялық ғылымдардың дамуы нәтижесінде соңғы ғасырларда денсаулық категориясының едәуір тұжырымдары жасалды. Онда адам туралы, оның әлеуметтік және биологиялық жаратылысы туралы кеңінен түсіндіріледі. Адам терең әлеуметтік жаратылыс, ол көптеген әлеуметтік факторларға: экономикалық даму деңгейіне, саяси, мәдени және рухани жағдайға, адамның таным мен шығармашылыққа ұмтылысына қатысты болады. Ол «есен - саулық» түсінігімен байытылды. Бұл жаңа анықтаманы Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымы жасады: «Денсаулық – бұл тек сырқаттың болмауы ғана емес, сондай – ақ толық дене, психологиялық және әлеуметтік есен – саулық жағдайы».

Есен – саулық жағдайы - өмірді құраушы дене, әлеуметтік, психикалық, рухани гармониялық үйлесімдік – адамның денсаулығы мен толық қандығы өміріне едәуір маңызды әсер етеді.

Бүгінгі күні ғылыми жүйеде адам туралы «адам денсаулығы» түсінігін анықтау үшін төмендегі анықтамалар қолданылады:

- туылғаннан пайда болған және биологиялық, әлеуметтік құбылыстар арқылы алынған биологиялық және әлеуметтік сапалардың гармониялық үйлесімдігі;

- адамның биологиялық, физиологиялық және психологиялық мүмкіндіктерін және максималды өмірінің ұзақтығы кезіндегі оптималды әлеуметтік белсендігін сақтау мен дамыту процесі;

- сыртқы қоршаған ортаның өзгерістерімен еркін түрде өзара әрекет ете отырып, адамның биологиялық, психологиялық және әлеуметтік мәні негізінде организмнің бейімделу мүмкіндігі.

Педагогикада «денсаулық» түсінігінің өз анықтамасы бар. Педагогикалық ғылымда жеке тұлғаның психофизикалық сапаларының туындау сипатының әсері мен оның әлеуметтік бейімделу дәрежесі адам денсаулығына игі әсер етеді немесе керісінше ықпал етеді. Және де бұл денсаулыққа деген бүтін көзқарастар төмендегі суретте келтірілген үлгі ретінде көруге болады.

Рухани компонент жеке тұлғаның бір мақсатқа және өмір құндылығына адамгершілік бағдармен, өзіне қатысты менталитетіне, табиғат пен қоғамға байланысты ұмтылу деңгейімен анықталады. Дене компонент дененің даму деңгейімен, дене мүшелері мен жүйелердің өзін - өзі реттеу дәрежесімен, организмдегі резервтік мүмкіндіктердің болуымен сипатталады. Психологиялық компонент психикалық процесстердің даму деңгейімен, қызметі мен эмоционалды – еріктік саласының реттелу деңгейімен анықталады.

Әлеуметтік компонент жеке тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік бейімделу дәрежесімен және жеке тұлға сапасының социумдағы толыққанды және ұзақ мерзімді белсенділігі үшін маңызды қалыптасуымен сипатталады.

Денсаулықтың бұл компоненттерінің өзара байланысын балалардың жастық ерекшеліктерімен қоса қарастыра отырып, денсаулықтың уақыт өте өзара әсері мен түрлі иерархиясының өзгермелігін бақылауға болады. Осылайша, салауатты өмір салты түсінігін білу мен оны қалыптастыру негізінде жоғарыда көрсетілген тұқымқуалау және қоршаған орта факторларының да есепке алынатынын байқаймыз.

«Салауатты өмір салты» сонау замандардағы Гиппократтың трактаттарында бірқатар денсаулық сақтау іс-шаралары ретінде философиялық ой-санасы құрылымның жалғасы түрінде мазмұндалады. Трактат денсаулық және салауатты өмір салты жайындағы ілімнің дамуына негіз болды. Көне грекиялық философтардың еңбектерінен балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі теңдесіз ой өрістерін дәлірек кездестіруге болады.

Көне Грекиядағы алғашқы философтардың бірі Сократ, табиғи жаратылысты ерекшеліктерге аса назар аудара отырып, адамның өзін-өзі тану мүмкіншіліктері арқылы салауатты өмір салтының терең жағын көре білді «өз-өзін білетін тұлға, өзіне тиімділікті таниды, шамасы келмейтін істі түсінеді». Яғни, ол адамның сана-сезімі арқылы өзін-өзі танып білуін, іс-әрекеттенуін мазмұнды түрде көрсетті. Платон, салауатты өмір салтын тәрбиелеу ерте кезеңнен бастау қажеттігін атап көрсетті, себебі «кез-келген істегі ең бас тысы – оның ерекшелене бастауы» [1. 39-40 бб.].

Аристотель «Этика, саясат, поэтика» деп аталатын еңбегінде адамның жекелей көрегендігі мен салауатты өмір салтын қоғамдық мазмұндағы мәселе ретінде ашып көрсетеді. Оның айтуынша, тәрбиені «денеге қамқорлықтан» бастап, сонан соң, «Рухани тәрбиеге» ұштастыру қажет, себебі дене тәрбиесі, рухани тәрбиемен қатарласа орындалуы тиіс. Яғни, Аристотель салауатты өмір салтының тәрбиесін адамның белсенді өмір салтымен, шынығумен, жаттығулармен байланыстырады. Демек, ерте кезде де салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі дене жаттығу мәселесі қарастырылған. Осы кезеңде «өз-өзінді тани біл», «өзіңе қамқорлық жаса» деп аталатын алғашқы тұжырымдамалар шыға бастады. Салауатты өмір салтын тәрбиелеу мәселелерін Шығыс елдерінде де қолдау тапқан. Мысалы, Ибн Сина денсаулықты сақтау және нығайтуға бағытталған гигиеналық талаптардың кодексін құрады. Тамақтану, ұйықтау, оқу мерзімдерін сақтау қажеттілігін Ибн-Сина атап көрсетті. Салауатты психологиялық ортаның болуына аса назар аударды. «Дәрігерлік ғылымның баспалдағы» еңбегінде [2, 4 б.], Ибн-Сина тәрбиешілердің баланы өз эмоциялары мен үрейлерін басқару қажеттілігін мазмұндайды. Яғни, ойшының пікірінше, жас буынның санасы мен денсаулығы тәрбиеге байланысты. Шынайы мемлекет концепциясында Ибн-Сина қоғамдық еңбек пен ұзақ өмір сүру қоғамдық құрылымның басты критериясы екендігін атап көрсетті. Шынайы таза мемлекетте ереже мен тәрбиенің жетелеуі арқасында адамзаттың саналы табиғатын өзгерте отырып ұзақ өмір сүретіндеріне сенеді. Ұзақ өмір сүру, Ибн-Синаның адам қоғамындағы рухани және табиғи гармонияның іске асу болжамдарының бірі. Ибн-Синаның ұғымы бойынша, ерте жастан бастап салауатты өмір салтының мына төмендегідей принциптерін сақтау қажет: 1)

Жанның салмақтылығы (гармониялық дене пішімді сақтау); 2) Тамақты таңдау (тамақтану мерзімі); 3) денені тазалау (шлактан, зиянды заттардан тазалау); 4) дене пішімін сақтау; 5) дұрыс дем алу; 6) киім тазалығы; 7) дене және рухани қозғалыстың теңдесуі.

Сонымен, Ибн-Сина гигиеналық ғылымның негізін салушы болып табылады. Еңбектері бүгінгі күндері өзекті және жас буынды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде аса құнды. Шығыстың ойшыл-ғалымы Аль-Фараби дене және ой-саналы тәрбиелеу тәсілдерінің ұқсастықтарына аса назар аударды. Өзінің әлеуметтік-экономикалық трактатында, адам өз денесінің жетілуіне қол жеткізуі қажет –деп атап көрсетті, себебі адамның денесі-сақтауға қажетті нәрсе, егер ол болмаса, оған қол жеткізу қажет. Мерзімді тамақтанумен денсаулық, тұрақты еңбек пен күш, сенімді іс-әрекетпен ой-сана пайда болады». Сонымен қатар Аль-Фараби ауруды емдеуді ғана емес, адам денсаулығын алдын ала сақтау мен нығайтуды аса атап көрсетті.

Орта ғасырда өмір сүрген Өтей Бойдақ Тілеуқабылұлы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Асан Қайғының қазақша жазба мұраларынан жас буынды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі терең ойлы мұрағаттарды кездестіруге болады.

Ө. Тілеуқабылұлы дене мен рухани дүние тұрғысында жас буынның сұлулықты түсіне білулеріне ерекше көңіл бөлді. Сонымен ойшылдар «сұлулығымен» қатар «рухани сұлулықты» дамытуды ұсынды.

Ө.Тілеуқабылұлы адамның сыртқы пішініне, көрінісіне аса назар аударған, егер адамның сырт киімі таза, тартымды, сұлу, келбетті болса онда ол оның көңіл-күйін жақсартып, жүрек жылуын оятады. Ойшыл-данышпан арақ-шараптан, нашақорлықтан алшақ болуға шақырады. Ойшылдың ой-саналауы бойынша бала дені сау болуы үшін жас кезінен бастап оны шынықтыру қажет, дене еңбегімен шұғылдандыру қажет.

XV ғ. белгілі оқымыстысы М.Х. Дулатидің өсиетінде тәрбиелеудегі зиянды әдеттерге қатынасты негіздемелер қаланған (шарап ішу, нашақорлық заттармен шұғылдану, темекі тартуға үйір болу). Зиянды әдеттерді мәдениеттілік пен еңбекке тарту арқылы жою керек дейді.

Белгілі қазақ жырауы, философы Асан Қайғы өзінің поэтикалық шығармаларында, өмірде адам баласы қандай болуы қажет, неге талпыну қажеттігі жайында қызықты ой-өрісті дүниелерді көрсете білген. Философтың пікірінше, әрбір адамзат өзіндік жетілуге талпынуы қажет. Нағыз адам саналы сапа иесі болуы тиісті, адамгершілік, шынайылық, шыншылдық, қарапайымдылық, намысқойлық, тұрақтылық Асан Қайғының пікірінше, қоғамдық шарттар тұлғаның қалыптасуына, оның саналы ерекшеліктерінің қалыптасуына басты фактор болып табылады. Осы аталған салалар мен шарттар салауатты өмір салтына тиісті, қажетті мінез-құлық нормаларын таңдап алуға мүмкіншілік жасайды. Қазақ халқының педагогикалық мәдениеті халықтық ертегілерде, эпостық жырларда, мақал-мәтелдерде, ойындарда және дәстүрлерде бейнеленетін сипаттала көрсетілген.

XVIII ғ. француз ағартушысы Жан Жак Руссо өзінің «Эмиль немесе тәрбие жөнінде» деп аталатын еңбегінде [3. 40 б.], балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуге биоталдау жасайды. Ол Эмилді шынықтыруға, дене тәрбиесіне тиянақты тоқталады. Ағартушы дене тәрбиесінде – адам мен табиғат және әлеуметтік орта араларындағы гармонияны орындау, бекіту құралын көре білді. Дене тәрбиесі бойынша әдістемелер мен нұсқаулар табиғи орта мен қол еңбегіне жақын ортада дайындалды.

Француз ағартушысы Клод Гельвещий «Адам, оның саналы мүмкіншіліктері мен тәрбиесі» деп аталатын XVIII ғ. кітабында дене тәрбиесінің адам денсаулығына оң әсер ететіні туралы жазды: «Тәрбиенің осы аталған түрі, адамды күшті, қуатты, денін сау, яғни өз отанына пайда әкелетін бақытты тұлға ретінде тәрбиелеу...» [4. 41 б.].

Жалпы білім беру мектептерінде салауатты өмір салтына байланысты талаптарға сәйкес қазақтың ұлттық ойындары қолданылып келеді. XX-ғасырдың соңында елдегі балалардың гигиенасы, денсаулығы қауіпті жағдайда екенін педагогтар түсінеді. Маскүнемділік пен нашақорлыққа қарсы ағарту жұмысында тәжірибелік ұсыныстар шыға бастады. Салауатты өмір салты бағытында мұғалімдер, ғалымдар балалардың жыныстық тәрбиесі, жас жеткіншектердің психикалық денсаулықтарын сақтау, психофизиологиялық алшақтауды қалыптастыру әдістемелерін іздестіре бастады. Қазақстанның ғалымдары К.С.Әбішев, К.Д. Ордабаев, А.К. Айтпаев, О. Қыстаубаевтар атап көрсеткендей салауатты өмір салты қоғамның әлеуметтік-саяси жаңаша даму кезеңінде жалпылай білім беретін мектептердегі оқушылардың денсаулығын сақтауда басты термин болып табылады.

Қ.Ж. Қожахметова «Қазақ этнопедагогикасы: әдістемесі, теория және практика» деп аталатын монографиясында «қазақ халқы әрқашанда мақсатты, саналы адамзатты тәрбиелеуде тәжірибелерге бай»-екендігін атап көрсетті [6. 50 б.].

Жас сәбидің дүниеге келген күнінен бастап салауатты өмір салтына тәрбиелеу ерекшеліктері УЖәнібековтың «Алтын домбыра жаңғырығы» атты еңбегінде суреттелген. Бесікке бөлеу, бесік той – дәстүрлері жас баланы ер болып өсуіне, әсемдікке, ізгі ниеттілікке жетелеген. Ат қою ерекшеліктері мысалы Қайрат – қуатты, Сәуле – әсемдік, Айбат – пен Арыстан – ептілікті білдіреді. Бесік жырларында баланың ой-саналы, ақылды өсуі, жігерлі де қайратты болуы сипатталған. Тәрбиелеу тұрғысында «баланы жастан, келінді бастан»-дейді қазақ халқының мақалында. «Баланы бесіктен тәрбиелесе – мінез-құлықтары сексен жасқа дейін сақталады». Тұсау кесер дәстүрі баланың тәй-тәй басып жасына толған күні орындалады. Осы дәстүрлілік бала жетілуінде, өсуінде қадамының оңтайлы болуына ықпал етеді. Кішкентай кезінен бастап қоршаған ортамен, туған-туыстарымен қатынасу баланың басына сенімділікті дамытады. «Атқа мінгізу» ауылда үлкен той. Баланың қолына «қамшы», атына үзеңгі беріп, болашақ жігіттің атта еркін қимылдауын талап еткен. Үш, төрт жаста балалар ат жарыстарына қатынасып отырған [7. 51 б.].

Дене тұлғасы күшті дамыған балалар «Аламан бәйгеге» қатынасқан. Баланың дүниеге келген күнімен байланысты қазақ халқының дәстүрлері жас жеткіншектерді салауатты өмір салтына тәрбиелеуде ерекше мағынаға ие. Оның мазмұны баланың бойында салауатты психологиялық ұстамдылықты, жігерлілікті қалыптастыру. К.Б. Жарықбаев, В.В. Чистов «Этика және психология» атты оқу құралында халық этикасының бағытына, дәстүрлерге психологиялық сипаттама беріледі.

Жанұялық тәрбиені мазмұндай отырып авторлар қазақ халқының жанұясы көп балалы, шаруашылықты болғанына назар аудартады. Сондықтан балалар еңбекпен жас шақтарынан айналысқан. Баланың шынығуына аса назар бөлген. Ауа мен суға байланысты іс-шаралар қолданылып отырған.

Ат жарыстары, спорттық ойындар аса дәстүрлі болған: аламан бәйге – үлкен қашықтықтарға жарысу, күміс алу – атпенен шауып келе жатып жерден тиынды іліп алу, көкпар, жамбы ату- садақпен оқ ату, сайыс-ат үстінде аударыспақ, қыз қуу және т.б. Осы ойындарда қазақ халқының азаматтарының ептіліктері, жігерліліктері, іс-қимылдары сипаттала көрсетілген.

Салауатты өмір сүру, жалпы оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы осылайша тарихи сипаттамалар айта келіп, бұл бағытта арнайы педагогикалық аспектілерді талқылап, нәтижеде белгілі бір технологиялар түрінде әсер етіп, тәлім-тәрбие беру керек екендігін айқындай түстік.

Жалпы тұлғаның жекелей салауатты өмірін сауықтыру көрсеткіші 50-55%, экологиялық факторлардың әсері – 20-25%, тұқым қуалаушылық көрсеткіштері 20%, медициналық қамтамсыз ету 10%. Осы аталған деректер осы мәселемен айналысатын мамандардың және әлеуметтік денсаулық қорғау ұйымдарының мәліметтерінен алынған.

А.С.Иманғалиевтің пікірінше «салауатты өмір салты» дегеніміз адам организмінің резервтік мүмкіншіліктерін жетілдіретін күнделікті тіршілігінің типтік формалары мен тәсілдері, әлеуметтік және кәсіби қызметтерін саяси, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық жағдайлардан тәуелсіз орындауды қамтамасыз ету. Г.Д. Әлімжановтың ойынша салауатты өмір салты «білім, ептілік, дағдыланумен байланысты, оның негізінде әрбір оқушының денсаулығы, күнделікті шынығу әдістемелері жатыр».

Сонымен, денсаулық дегеніміз алдымен өмір салтымен байланысты, алдымен зиянды әдеттерден арылу. Салауатты өмір салты – еңбек ету және демалыс режимдері, тамақтану жүйесі, даму мен шынығу жаттығулары, өз-өзіне және өзгелерге қарым-қатынастық, тұрмыстық, өмірлік мақсаттылықтар. Яғни салауатты өмір салты өте күрделі және жан-жақты ұғым. Оған тек қана медициналық, биологиялық компоненттер ғана кіріп қоймай сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық, психологиялық құрылымдар да кіреді:

- салауатты өмір салты – бұл денсаулыққа байланысты адамның алдына қойған мақсаттарына қол жеткізудің нақты мүмкіндіктері сияқты әртүрлі факторлардың әсері болатын өмір сүру барысында қалыптасқан көзқарастар жүйесі;

- салауатты өмір салты – адамның өзінің өмір сүру деңгейін сол, немесе басқа қырынан жүзеге асыруға мүмкіндік беретін адамның экономикалық, тұрмыстық және мәдени жақтарын ұйымдастыру тәсілі;

- Салауатты өмір салты - денсаулық туралы белгілі бір әлеуметтік және тарихи көзқарас, сондай-ақ, өмірдегі тәжірибені интеграциялау құралдары мен әдістері;

- Салауатты өмір салты - адамның күнделікті өмір сүруінің түрлі тәсілдері, олар организмнің резервтік мүмкіндіктерін нығайтады және адамның экономикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдайларында өзінің іс-әрекетін табысты атқаруды қамтамасыз етеді.

Біздің зерттеуіміздей, анықтағанымыздай «салауатты өмір салты» ол тәрбие, білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесінде алған арнайы түсініктер мен құндылық бағдарының белгілі бір деңгейін сипаттайтын адамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі.

Әдебиеттер:

1. Платон. Государство// Соч.: В 3-х т.-М.,1972.-Ч.1.
2. Абу Али ибн Сина. Канон врачебной науки. Кн. 1.-Ташкент. 1954. С. 47-108.
3. Ж.Ж. Руссо . Эмиль, или о воспитании. / Избранные педагогические сочинения, Т.1 -М.: Педагогика, 1981.- С. 19-592 [46]
4. Гельвеций К.А. О человеке, его умственных способностях и его воспитании// Соч.: В2-х т.-М., 1974.-Т.2.- 29 с.
5. Ордабаев К.Д. Спортивные игры как средство воспитания нравственных и физических качеств учащихся: 13.00.01: автореф.дисс.канд.пед.наук. – Алматы, 1997.- 23 с.
6. Кожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.- Алматы: Ғылым, 1998.-317 с.
7. У.Жәнібеков Алтын домбыра жаңғырығы. Алматы, 1990. Б.25-69.
8. Жолдасбекова Б.А. Оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларын денсаулық сақтау технологиясы негізінде қалыптастыру// автореферат, 2007

САНДЫҚ БІЛІМ:ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ҮДЕРІСІ

Нышанбай Гүлнұр Бахадырқызы

III курс студенті

Асанова Асель Карлыбаевна

Ғылыми жетекші

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассмотрено стремительно развивающиеся цифровые технологии в 21 веке, которое наиболее динамично влияет на основу страны – образование, в том числе и на обучению английскому языку. Выявлены польза и вклад мобильных и мультимедийных технологий, мобильных приложений в современную систему образования. Вдобавок было дано описание содержанию цифровых образовательных ресурсов.

Ключевые слова: Цифровой Казахстан, цифровое обучение, mLearning, мультимедийские технологии, мультимедийские приложения.

Abstract. This article discusses the rapidly developing digital technologies in the 21st century, which most dynamically affect the basis of the country – education, including English language training. The contribution and use of mobile and multimedia technologies, mobile applications in the modern education system is revealed. In addition, the content of digital educational resources was described.

Key words: Digital Kazakhstan, digital education, mLearning, multimedia technology, multimedia apps.

Бүгінгі елімізде жүзеге асып жатқан бағдарламалар көпшілік. Соның ішіндегі ерекшесі әрі бірнеше салаға серпін бере алатыны «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы. Бұл бағдарламаның басты мақсаты технологиялық дамуға қол жеткізу. Осы бағдарлама аясында қолға алынған істің бірі – «Сандық білім беру жүйесі». Бұл жүйе өскелең ұрпақты сандық жағынан сауатты етіп үйретуге бағытталған. Қазіргі таңда статистика комитетінің деректеріне сүйенсек, еліміздің сандық сауаттылық деңгейі 2018 жыл бойынша 79,6 %-ды құрайды екен [1]. Ал бұл көрсеткішті жоғары деңгейге жеткізу үшін білім беру жүйесінде орасан зор еңбектер атқарылуы тиіс.

Сандық білім беру – оқыту үдерісін ақпараттық-технологиялық құралдарды қатыстыра отырып жүзеге асыру. Көптеген зерттеушілер СББ-дің оқытушыдағы рөлін таңдай отырып, оларды оқыту үдерісінде қолданудың үш түрін ажыратады:

1) Аралас оқыту (Blended Learning). Бұл типте әртүрлі пәндерді оқытудың тиімділігін арттыру үшін дәстүрлі оқыту процесіне жаңа технологияларды енгізуді қамтиды;

2) Қашықтықтан оқыту. Бұл оқу үдерісіне оқытушының тікелей қатысуынсыз өтетін, сонымен қоса ақпаратты іздеу, қолдану және іріктеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін тип;

3) Онлайн курс. Жаңа білім беру құбылысы, өздігінен білім алу және біліктілігін арттыру үшін қолданылатын курстар, яғни жалпы ашық онлайн-курстар (қысқаша ЖАОК; ағылшынша Massive Open Online Course;) [2, 1].

Бұл СББ-дің түрлері оқу процесінің оңтайлы болуына және тиімді өтуіне өз ықпалын тигізеді.

Осы тұста гуманитарлық пәндерді оқытудағы сандық білім беруге тоқтала кетсек. Оның ішіндегі ағылшын тілін оқытудың қалай жүзеге асатынын талқылайық. Жоғарыда айтылып кеткендей, бұл үш тип оқытылатын саласының ерекшеліктеріне сай етіліп қолданылады. Әсіресе шет тілдерін оқытуда оңтайлы болып келеді. Бұлардан өте тиімді болып келетін MALL (Mobile-Assisted Language Learning) бағыты. Бұл бағыт осыдан 15 жыл бұрын ағылшын тіліндегі педагогикалық әдебиеттерден төбе көрсете бастаған. Қысқаша «мобильді оқыту» немесе «mLearning» деп аталады. Қазірде бұл термин біздің елде де кеңінен қолданылуда. Ресейлік педагог А.П. Авраменконың айтуынша, «мобильді технологиялар педагогикалық процестің негізгі үш құрамдас бөліктеріне – оқу құралдарына қолжетімділікке, білім беруді жүзеге асыру формаларына және оқу материалдары мен ұсыну тәсілдеріне ықпал етеді» [3, 1].

Расында, мобильді технологиялардың арқасында білім алушы бүгінгі таңда көптеген мүмкіндіктерге ие. Әртүрлі әлеуметтік желілер арқылы, әртүрлі мобильді қосымшалар арқылы (мысал үшін: *Memrise, Duolingo, Simpler, Wordbit*) шет тілдерін өздері-ақ меңгере алады. Ендеше осылардың ішіндегі ең танымалдарына тоқтала кетсек.

Duolingo – әлемдегі ең танымал тілдерді оқыту бағдарламасы. Қолданушылар саны 120 миллион адамды құрайтын өте жағымды интерфейс болып табылады. Бұл қосымшада енгізілген сабақтар біркелкілігіне қарамастан өте жақсы жазылған. Күнделікті еске салулар бағдарламаның жақсы бөлігі болып табылады [4].

Memrise– бұл шын мәнінде қызықты мазмұнға ие тиімді тілдік оқыту бағдарламасы. Бұл оқыту әдісі қарапайым оқулықтардағы оқыту әдістеріне мүлдем қарама-қайшы. 2010 жылдан бастап Memrise платформасы тез дамып, қазірде 189 елден 42 миллионнан астам адам тіл үйреніп, осы бағдарлама арқасында дамып, бір-бірімен сөйлесіп, айналасындағы әлем туралы білуде. Бұл қосымшада сол тілде сөйлейтін адамдардың көмегімен оқушының деңгейіне сай етіліп әр сөздің, әр тіркестің қалай оқылуы және қалай дыбысталуы жайлы бейнежазбалық тізімдер түрінде келтірілген. Айта кететін жайт бұл бағдарламада 45-тен астам тілде сөйлейтін 75-тен астам адам жұмыс жасайды екен. Осыдан-ақ бұл қосымшаның пайдалы екенін түсінуге болады [5].

TED (қысқаша Technology, Entertainment, Design)– әлемге әйгілі кісілердің қатысуымен өтетін конференциялар жиынтығы. Мұнда олар өздерімен бірге ала келген әр алуан қызықты да маңызды тақырыптарын тілге тиек етеді. Бұл қосымша бейнежазба субтитрлері арқылы харизматикалық спикерлердің әртүрлі деңгейдегі лексикасымен қоса сөз саптауымен танысуға мүмкіндік береді [6]. Бір сөзбен айтқанда, бұл мобильді қосымшалардың оқушыға ағылшын тілін үйренуде тиер пайдасы ұшан-теңіз.

Әр қосымшаның өзіндік атқарар қызметі бар, дәлірек айтсақ, бірі – грамматиканы үйретер күнделікті еске салуымен, ал екіншісі білім алушының лексикалық сөздік қорын дамыту үшін пайдалы болса, ал үшіншісінің ере ерекшелігі сол тілдің қолданушысымен танысып, сонымен бірге сөйлеп жаттығуға көмектеседі.

Компьютерлік технологиялардың негізгі дидактикалық қасиеті – мультимедиа. Ал бұл дидактикалық қасиеттің негізгі қызметі – «ақпараттық және коммуникациялық» болып табылады. Т.В. Бухаркина өз зерттеуінде жоғарыдағы ұғымды алға тарта отырып, сандық білім беруде тағы бір маңызды құрал мультимедиалық технологиялар екенін анықтап берді. Оның бізге көрсете алатын басты дүниелері біз үшін өте түсінікті әрі есте қаларлық болады, мысалы: *бейнероликтер, анимациялар, суреттер және т.б.* Мұның бәрі өз кезегінде оқуға деген ынтаны, білімді игеру жылдамдығын және дағдыларды дамытуға көмектеседі. Мультимедиа білім алушыға басқа технологияларды қолдануда қалыптаспайтын қасиеттерді меңгерте алады, мысалы, *шет тілін үйрену барысындағы айтылымдар.* Е.С. Полат зерттеулерінде «ауызша, графикалық, визуалды және дыбыстық материалдарды

қолдану ықтималды болжау қасиетін, оқу мотивациясын, қабылдауды, жедел жадтың жұмысын дамытады» делінген [7, 56]. Мұнымен қоса, ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, адамға қарапайым тақырыптың не жайлы екенін ұқтыру үшін ауызша – 2,8 секунд, сызба сурет арқылы – 1,5 секунд, түрлі-түсті сурет арқылы – 0,9 секунд, ал мультимедиа арқылы – 0,7 секунд жеткілікті болады екен [8, 24].

Сандық білім беру ресурстары – сандық білім беру жүйесінің ең басты құрамдас бөлігі болып саналады. Бұл ресурстарға – мультимедиалық дыбысталған презентациялар, сандық форматқа айналдырылған мәтіндер, интерактивті тапсырмалар мен білгілі бір тапқырып бойынша тестілеу бағдарламалары жатқызылады.

Сандық білім беру ресурстарының мазмұны:

1. Ақпарат алу блогы: ғылыми мақалалар, мәтіндер, оқулықтағы мәтіндерден үзінді, иллюстрациялар, анимациялар және тағы да басқа мультимедиалық құрылымдар, мультимедиалық презентациялар.

2. Виртуалды галерея: видеофрагменттер, анимация, шынайы және иллюстрациялық суреттер, дыбыстық объектілер.

3. Виртуалды зертханалар: интерактивті модельдер, интерактивті анимациялар, виртуалды зертхана;

4. Анықтамалық материалдар: графиктер мен диаграммалар, ғалымдардың өмірдеректері, аңдатпалық желі-сілтемелері;

5. Терминдер және анықтамалар сөздігі;

6. Аттестация: зерттеу жұмыстарына арналған сұрақтар мен тапсырмалар, есептеулер [9].

Қорытындылай келе, біздің білім беру жүйемізге жоғары деңгейде тиімді бола алатын жаңалық енгенін байқай аламыз. Осы Сандық білім беру жүйесі беретін түрлі технологияларды және ресурстарды іріктеп пайдалансақ оң нәтиже аларымыз сөзсіз. Бізге оқыту үдерісінде қолданылатын әдістемелерді дұрыс таңдап, оқыту үрдісінің мақсаттары мен талаптарына сай жетілдіріп, қарқындылығын арттыра түскен жөн. Аралас оқыту жүйесіндегідей, білім беруші тарап дәстүрлі оқыту жүйесіне жаңа технологияларды енгізе отырып, оқыту үдерісін тиімді ұйымдастырса, ал білім алушылар қазіргі қолжетімді онлайн-курстар арқылы өздігінен білім алу жағын қамтамасыз етсе, еліміздің сауаттылық деңгейі көтеріліп қана қоймай, өзімізге тиімді білім беру жүйесін тапқан болар едік. Тәуелсіз еліміздің болашағы болып табылатын жас ұрпаққа сапалы білім беріп, жеке тұлға етіп қалыптастыруда «Сандық білім беру жүйесі» мен оның берер мүмкіншілігі мол болары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. <https://digitalkz.kz/kz/qazaqstanda-tegin-cifrllyq-sauattylyq-kurstary-ashyldy/>
2. С.В. Титова Цифровые технологии в языковом обучении: теория и практика; Эдитус, 2017.
3. А.П. Авраменко, С.В. Титова Компетенции преподавателя в среде мобильного обучения; 2014.
4. <https://www.duolingo.com/info>
5. <https://www.memrise.com/ru/about/>

6. <https://linguatrip.com/blog/apps-learn-english-android-ios/>
7. Е.С. Полат Интернет на уроках иностранного языка; 2001.
8. И.В. Манторова Представление учебной информации мультимедийными средствами как фактор повышения качества усвоения; 2002.
9. <http://www.zkoipk.kz/kz/b5/350-conf.html>

САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН БАСТАУЫШ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Оспанбекова Мейргүл Несипбековна
PhD доктор, Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ доценті
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы использования цифровых образовательных ресурсов в процессе начального образования. Проанализированы научные труды, раскрывающие содержание статьи. В рамках программы «Литературное чтение» в сфере начального образования определены возможности реализации информационно-коммуникационных технологий.

Ключевые слова: Цифровое образование, начальный класс, информационно-коммуникационные технологии.

Annotation. The article discusses the use of digital educational resources in the process of primary education. The scientific works revealing the content of the article are analyzed. Within the framework of the «Literary Reading» program in the field of primary education, the possibilities of implementing information and communication technologies have been identified.

Key words: Digital education, primary school, information and communication technology.

Дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінің алдында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау соның негізінде интеллектуалдық әлеуеті жоғары жас ұрпақты тәрбиелеу міндеті қойылған.

Қоғамның әлеуметтік тапсырыс талаптарына сай бастауыш білім беруді жаңа сапалық деңгейге жеткізуде сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде тиімді пайдалану олардың білім алуда өздігінен ізденуге, білімді игеруге даярлау қажеттігі туындатады.

Елбасының 2018 жылдың 10 қаңтарында халыққа арнаған «Төртінші өнеркәсіп революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында, адам капиталы – модернизацияның негізі екендігін айта отырып, цифрлық білім беру ресурстарын дамытуды жалғастыру қажеттігіне тоқталып өтті. Жолдауда: «Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Сандық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты ғаламторға қосу және мектептерімізді бейнеқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет. Жұмыс

берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен сандық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіби білім беру бағдарламаларын жаңарту керек. Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде шалғайдағы елді мекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол ашады», – деп көрсеткен [1].

Осы мақсатта сандық білім беру ресурстары жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыптарына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Бағдарламадағы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған оқу мақсаттары да осы сандық білім беру ресурстарын жүзеге асыратын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен жүзеге асырылады.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының адами капиталды дамыту бағытында: 3-4 сыныптарда оқуда және күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс істеудің жалпы базалық білімдерін қалыптастыратын «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні енгізіледі, – деп берілген [2].

Сондықтан да 2018-2019 жылдары жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында бастауыш сыныптардың оқу үдерісіне арнай пән ретінде «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні қолданысқа енді.

С.М.Кеңесбаев, «Білім беруді ақпараттандыру – білім беру саласының теориясы мен практикасына ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда оның мүмкіндіктерін қолдану үдерісі», – деп тұжырымдайды [3].

С.Т.Мұхамбетжанованың зерттеуіне сәйкес, ақпараттандыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық үдеріс [4].

Қ.М.Нағымжанова «ақпарат» және «ақпараттық іс-әрекет» ұғымдарын қарастыра отырып, «ақпараттық іс-әрекетке» мынадай анықтама берген: ақпараттық іс-әрекет дегеніміз – оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастырудың тиімді жолын табу, қалыптасқан дәстүрлі іс-әрекетке жаңалықтар енгізу, оқыту еңбегін қабілет ерекшелігіне сәйкес өзгертіп дамыту. Ал ақпараттық технология дегеніміз – онда осы жаңалықты іс жүзіне асыру бағытындағы әрекет деп түсінеміз [5].

Келтірілген ғалымдардың пайымдауларын қорыта келе айтарымыз, білім беруді ақпараттандырудың әсерінен оқытудың мақсаты мен мазмұнының жаңа бағыттары пайда болады. Барлық білім деңгейіндегі оқу пәндерінің мазмұнына әсер ететін ақпараттандыру құралдарының кеңінен қолданылуы, информатика пәнінің аясында оқушылардың дайындығын қамтамасыз ететін арнайы оқу пәндерінің болуы, жаңа ақпараттық қоғам мүшесін дайындауға бағытталған ақпараттандырудың оқытудың мақсатына әсер етуі, түрлі телекоммуникация

құралдарын қолдану мүмкіндігі, білім беру саласында коммуникациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін кеңінен пайдалану сияқты салалары бастауыш білімнің барлық деңгейдегі сапасын арттырады.

Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Сондықтан да бастауыш сыныптың жаңартылған бағдарламасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану барлық пәндер аясында қарастырылған. Сабақта АКТ-ны білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және қарым-қатынасында қолдану олардың шығармашылығын, белсенділігін, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады. Дереккөздерден ақпаратты табу, құру және онымен жұмыс істеу, мәліметтермен, ой түйіндерімен алмаса отырып, құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең мүмкіндіктерін пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру арқылы білім алушылар рефлексиялық әрекеттердің субъектісі болу мүмкіндігіне ие болады.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің оқу бағдарламасында «Әдебиеттік оқу» пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері айқындалып отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру қажеттігі көрсетілген. Сонымен қатар аталған бағдарламада: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (әрі қарай – АКТ) қолдану құзыреттілігі білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және қарым-қатынасында технологияларды орынды және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттілік АКТ-ны қолдану дағдылары арқылы қалыптасады. Ақпаратты табу, құру және онымен жұмыс істеу, мәліметтермен, ой түйіндерімен алмаса отырып, құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең мүмкіндіктерін пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру арқылы білім алушылар АКТ-ны қолдану дағдыларын барлық пәндерге арналған оқу бағдарламаларын меңгеру үрдісінде дамытады, – деп айқын берілген [6].

Бұл бастауыш мектептегі «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқу бағдарламасында АКТ-ны қолдану төмендегідей көрініс табады:

- оқытудың сапасын арттыру үшін сабақта жаңашыл әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалану;

- сандық ресурстармен жұмыс жасау (мысалы, веб-сайттағы ақпаратты оқу, керекті материалды іріктеу, жеке құжат немесе файл ретінде көшіру және сақтау);

- мәтін және слайдтармен жұмыс істеу үшін қарапайым бағдарламадан күрделірек бағдарламаға көшу (Word, Power Point);

- ақпаратты өңдеп, электронды түрде жеке құжат ретінде сақтау үшін жабдықтарды (принтер, сканер, сандық фотоаппарат) пайдалану;

- электронды оқулықтарды пайдалану;

- тақырыпқа байланысты медиақұралдарды қолдану;

- ақпаратты саралап, зерттей алу.

Бастауыш мектепте аталмыш технологияның баланың жас ерекшеліктеріне қарай қолдануға болатын тәсілдерін пайдалану қарастырылған.

Мысалы, «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқушылардың жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін АКТ-ға негізделген тапсырма үлгілерін төмендегідей топтастыруға болады:

1) дереккөздерден алынған тыңдалған және оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнын, фильм мен кітаптан алған әсерлерін жаздыру;

2) білім алушыларға белгілі бір тақырып мазмұнын ашатын ертегі, әңгіме немесе басқада ақпараттардың бейнежазбасын көрсету арқылы қысқаша мазмұнын жаздыру;

3) ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беруге дағдыландыру;

4) белгілі бір тақырыптар аясында презентациялар дайындату.

Бастауыш сыныптағы білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда компьютерді, интерактивті тақтаны, электронды оқулықтарды, көрнекі құралдарды оқушылардың физиологиялық, психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары деңгейде қолдану керек.

Қорыта келе, бүгінгі таңда болашақ бастауыш сынып мұғалімі нақты кәсіби саласында терең білімді ғана емес, заманауи техникалық құралдармен жұмыс істеуді меңгерген болуы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін білуі және оны практика жүзінде қолдана алуы қажет. Сондықтан да, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде зерттеу объектісі ретінде де, оқыту материалдары ретінде де пайдалануы қажет, былайша айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде қолданудың екі бағыты болуы мүмкін.

Біріншісінде, білім, шеберлік, қабілеттілік мамандықты меңгеру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін ұғынуға, оларды әртүрлі мәселелерді шешуге қолдану шеберлігін, құзырлығын қалыптастыруға жетелейді.

Екіншісінде, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу үдерісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Бұл жайтты бастауыш білім беру үдерісінде практика жүзінде іске асыру АКТ-ны жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде қолдану аясын кеңейту, оқытудың жаңа әдістері мен түрлерін құру және енгізу, әртүрлі пәндерге оқытудың дәстүрлі әдістемелерін өзгерту жағдайларында мүмкін.

Әдебиеттер

1. Төртінші өнеркәсіп революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. [Электрондық ресурс] кіру режимі: <http://www.akorda.kz/kz>
2. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы. [Электрондық ресурс] кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/>

3. Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: п.ғ.док. ... дис.:13.00.08. – Түркістан, 2006. – 313 б.
4. Мұхамбетжанова С.Т. Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғылым. д-ры ... дис. автореф. : 13.00.02. - Алматы, 2010. - 38 бет.
5. Нағымжанова Қ.М. Педагогикалық инновацияның зерттелуі // Бастауыш мектеп. – 1999. - №3. Б. 9–11.
6. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламас. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы [Электрондық ресурс].

ГЕЙМИФИКАЦИЯ НА УРОКЕ ПО ИСТОРИИ КАК СПОСОБ ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ К ИЗУЧЕНИЮ ПРЕДМЕТА

*ГУ «Средняя общеобразовательная гимназия имени И.Алтынсарина
отдела образования акимата города Аркалыка»
Учитель истории
Рахимова Сания Мустахимовна*

Елбасы Н.А.Назарбаев в послании народу Казахстана «**РОСТ БЛАГОСОСТОЯНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ: ПОВЫШЕНИЕ ДОХОДОВ И КАЧЕСТВА ЖИЗНИ**» отметил, что «Мир стремительно меняется. Рушатся казавшиеся незыблемыми устои системы глобальной безопасности и правила международной торговли. Новые технологии, роботизация и автоматизация усложняют требования к трудовым ресурсам и качеству человеческого капитала».

Технологии сделали возможными такие вещи, о которых люди, возможно, даже не мечтали 100, 50 или даже 25 лет назад. Это внесло изменения в наше отношение к информации и друг к другу. Сегодня мы можем узнать о чем - либо незамедлительно, что раньше могло занять недели, месяцы или даже годы. Можно соединить людей, находящихся за тысячи миль друг от друга, как будто они находятся в одной комнате. Этот мир предлагает много возможностей.

Мир меняется быстро, и образование должно меняться вместе с ним. Образование слишком важно, чтобы оставаться позади. Главная задача современной системы образования – создание условий для качественного обучения.

Современные технологии очень быстро развиваются. Учащиеся с удовольствием воспринимают все то, что связано с компьютерными технологиям, проводя в интернете (социальные сети, виртуальные игры и т.д.) достаточно большое время. Чтобы урок был более разнообразным и интересным для наших учащихся нужно использовать этот интерес для изучения истории. Например, использование виртуальных игр с историческими героями на уроке истории.

Геймификация в образовании — это использование игровых элементов в процессе обучения. Одна из основных целей геймификации состоит в том, чтобы найти другой (не денежный) способ, позволяющий также эффективно привлечь ученика к прохождению всего курса обучения. И мы предполагаем, что именно при помощи обучающей игры можно преподать ученику за несколько уроков то, чему он не мог обучиться длительное время. Также в геймификации имеет большое значение тот факт, что ученик делает задания добровольно из-за врожденного любопытства завершить игру. Это очень важно т.к. напрямую влияет на успешность обучения.

Согласно отчету Gartner, в 2013 году расходы на игры в мире превысили 93 миллиарда долларов (по сравнению с 78,9 миллиарда в 2012 году). По прогнозам экспертов, в 2014 году эта цифра составила 101,6 миллиарда долларов, а в 2015 — 111 миллиардов. Это свидетельствует о растущем спросе со стороны потребителей на игры.

С помощью геймификации можно повысить мотивацию и вовлеченность детей к изучению истории.

Этапы разработки геймификации:

1. Проработка сюжета;
2. Определение целей;
3. Распределение ролей между учениками;
4. Придумайте испытания и правила;
5. Обязательное освещение результатов + комментариев в т.ч. и детский
6. Награда;

Преимущества:

- доступность технологий;
- интерес к играм со стороны учащихся;
- разнообразие в преподавании истории;
- много игр, связанных, сюжетно, с историей
- интерактивность и обратная связь;
- закрепление новых навыков, для решения новых задач;
- сторителлинг(описание игры)
- мотивация;
- вознаграждение;
- объективность;
- тренировка по изучению иностранных языков;
- взаимодействие со сверстниками из других территорий и стран.
- родительская общественность также значительно молодеет;
- усидчивость учеников и т.д.

Риски (недостатки):

- частое использование ведет к привыканию;
- цель знания, а не соревнование (забава): Карл Капп сказал: «Используйте соревнование, если хотите заинтриговать. Оно должно длиться ровно столько, чтобы дети окунулись в игру и накопили запал».

- частое использование наград ведет к их обесцениванию;
- не правильная трактовка игры;

- не историчность выбранных эпизодов игр;
- низкий(отсутствующий) уровень владения иностранными языками;
- разный уровень вовлеченность(интерес) учащихся к играм;
- небольшое количество сервисов, ориентированных на изучение истории и т.д.

Каким способом можно реализовать на уроке и внеурочной деятельности:

Интерактивный курс. Создание с помощью редактора интерактивную презентацию с тестом. Подключить к работе школьников. Каждый выполняет свою роль: кто-то фотографирует достопримечательности, кто-то снимает видео, кто-то ищет нужную информацию, кто-то обрабатывает фотографии и видео. Итоговая сборка материала + контроль остается за учителем. ПРИМЕР: <https://www.ispring.ru/elearning-insights/interaktivnyi-kurs-puteshestvie-po-moskovskomu-prospektu/>

Исторический квест ПРИМЕР: <https://www.ispring.ru/elearning-insights/pugachev2013/>

Обучающие игры для детей (метеор-кубик, исторический суд, лексический конструктор и т.д.)

[https://www.ispring.ru/ispring_content/content/resources/demo/ru/osnovy-golosoवानija-i-podscheta-golosoв/index.html](https://www.ispring.ru/ispring_content/content/resources/demo/ru/osnovy-golosoวานija-i-podscheta-golosoв/index.html)

ПРИМЕР: <https://www.ispring.ru/elearning-insights/kak-uchitelya-matematiki-sozdali-v-ispring-obuchayuschie-igry-dlya-detey/>

Реконструкции исторических событий. 3D моделирование исторических событий; проектирование и планирование событийного ряда исторических событий с помощью компьютера.

ПРИМЕР: https://www.youtube.com/watch?time_continue=17&v=vrIEwjgfbYs

Лидерборд - таблицы лидеров, на которых обозначаются участники-лидеры. Ученики могут получать баллы (либо другой иной бонус) за полезные действия на вашем сайте, приглашения друзей, рассказы в соц. сетях и любые другие действия.

Основные приемы геймификации:

1. Динамика (создание легенды - истории, снабжённой драматическими приёмами, которая сопровождает процесс использования приложения. Это способствует созданию у пользователей ощущения сопричастности, вклада в общее дело, интереса к достижению каких-либо вымышленных целей),

2. Мотивация (применение поэтапного изменения и усложнения целей и задач по мере приобретения пользователями новых навыков и компетенций, что обеспечивает развитие эксплуатационных результатов при сохранении пользовательской вовлечённости),

3. Взаимодействие пользователей (обеспечение получения постоянной, измеримой обратной связи от пользователя, обеспечивающей возможность динамичной корректировки пользовательского поведения и, как следствие, быстрое освоение всех функциональных возможностей приложения и поэтапное погружение пользователя в более тонкие моменты).

Используйте на уроке телефоны и планшеты

На уроках дети не выпускают мобильник из рук? Тем лучше. Придумайте, как можно задействовать их в игре. К примеру, установите на телефоны и планшеты приложение, которое станет ключом к выполнению «миссии». Например, школьники — команда археологов, которая обнаружила древние печати на артефактах погибших цивилизаций. Их нужно просканировать. Печатами здесь могут стать карточки с QR-кодом. Сделайте их при помощи генератора кодов. Футуристическими «сканерами» послужат телефоны с QR-ридерами.

Примеры заданий по геймификации

QR-квест. Восстание под руководством Сырыма Датұлы

<https://learningapps.org/display?v=prd1ffrok19>

Историческая линейка "Завоевание монголами земель Казахстана"

<https://learningapps.org/display?v=po5p2gs8j19>

Борьба Казахского народа против джунгаров. Территории

<https://learningapps.org/display?v=pn5jh92yc19>

Использование современных технологий на уроке истории не просто дань времени, а еще и способ повышения мотивации учащихся к изучению предмета. Геймификация позволяет разнообразить урок истории, а также вовлечь ученика в получение знаний через игровые технологии. Технологии позволяют вывести на более качественный уровень и сам урок, а также дает возможности учителю сделать его более интересным, увлекательным и интерактивным. Обязательно стоит обращать внимание, чтобы процесс шел в положительном направлении, пресекая негативные последствия. Практика показывает, что наши дети очень много времени проводят в интернете. Глупо это не использовать для своих «корыстных» целей.

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ МЕН ЦИФРЛЕНДІРУ

*Сарсенбаева Дильфуза Мамадияровна
педагогика және психология мамандығының 4-курс студенті*

Арқалық, Қазақстан

Смаилова Гүлдана Сәрсенбайқызы

аға оқытушы

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты*

Арқалық, Қазақстан

Сейтлмалик Назерке Қайратқызы

оқытушы

Арқалық медициналық колледжі

Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В условиях перехода на цифровизацию с сфере образования происходит переоценка ценностей в системе профориентации. Цифровизация в профориентации позволит обеспечить не только повышение уровня выбора будущей профессии, но и открывает доступ к необходимой информации: постоянная консультация специалистов, отслеживание уровня готовности к работе и т.д.

Ключевые слова: профориентации, цифровизация, профмониторинг.

Қазақстан Республикасының «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына орай, ұзақ мерзімді перспективада еліміздің экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуге жағдай жасауды мақсат етіп отыр [1]. Бұл бағдарлама орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беру салаларын қамтып отыр.

Бүгінгі күні Интернет экономикасы дамушы елдерде жылына 25%-ға дейінгі қарқынмен өсіп келеді, бұл ретте экономиканың бірде бір саласы мұндай қарқынға тіпті жақындай алмайды. Осы ретте Қазақстанның экономикасының жаңа кезеңге өтуі, жаһандық элеуметтік-экономикалық өзгерістер жұмыс істеуге және модернизациялауға жаңа параметрлер орнатуда. Цифрлық экономикаға көшу кәсіптік бағдар беру, оқыту, қайта даярлау және тұтастай алғанда қоғамның да, білім беру жүйесіне де жаңа көзқарасты талап етеді. Мұның бәрі қазіргі еңбек нарығы талап ететін процестермен байланысты.

Қазіргі таңдағы цифландырудың жаһандық трендтері мен халықаралық тәжірибені саралаудың негізінде кәсіби және еңбек қатынастарының өзгеруінде пайда болатын тенденцияларды анықтадық:

- көпшілік мамандықтарды парасаттандыру іске асырылып отыр;
- мамандықтардың ақпараттық базасын цифрлендіру елеулі құбылысқа айналууда;
- атқарушы қызметтердің әмбебаптандырылуы мамандықтың сапалық ерекшелігінің құнсыздануына алып келуде;
- маркетингілеу мамандықтардың құндылықты бағыттарын коммерцияландыруға өзгертіп, мамандықты таурға айналдыруда.

Сондықтан қазіргі білім беру жүйесі, өз функцияларын жүзеге асыру үшін маңызды әлеуметтік құрал және өркениеттің жаңа түрі – цифрлік экономикаға көшуді қамтамасыз ететін қажетті шарт ретінде қарастырылуы керек.

Цифрлық революцияның нәтижесінде Интернет жаппай дерлік адамның өміріне еніп, соңғы жылдары жаһандық деңгейде білім берудің мақсаты жаңа жағдайларда жұмыс істей алатын маман даярлау екенін анықтадық.

Кәсіби ақпарат беру, кәсіптік білім беру, кәсіби іріктеу, кәсіби дайындық және жұмысқа орналасу барысында «отбасы – қоғам – өнеркәсіп – бизнестік-қауымдастық» деңгейлерінің әрекеттесуі, оларды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен диагностикалық құралдардың заманауи мүмкіндіктерін зерделеу аса маңызды [2].

Жастар үшін өмір жолын таңдау мәселесі өзекті, себебі мамандық таңдау арқылы адам болашақтағы өмір сүру стилін де, ойлау стилінде, қарым-қатынас ортасын да айқындайды.

Жоғары сынып оқушылары үшін ең маңызды сұрақтың бірі: қандай мамандықты таңдау қажет? Осы сұрақтың жауабы, оның қайда барып оқу керектігін немесе лайықты жұмысты қайдан іздеу қажеттігін білдіреді. Бұл мәселелерді төңірегінде жоғары сынып оқушыларына көмек ата-аналар, педагогтар және мектеп психологтары көмек, кеңес береді. Алайда, көптеген зерттеулерді талдай келе, арнайы қызметкерлерді дамыту орталығын (әрі қарай – ҚДО) құру осы мәселені шешудің тиімді жолы екенін анықтадық.

Заманауи еңбек нарығында үздік оқу орындарына түсу, беделді жұмыс орнына орналасу барысында ақпараттық және цифрлік технология саласындағы білімдер, шетел тілдерін білу, басқалардан ерекшелену, жаңа білімдерді іздей алу мен оны тәжірибеде қолдану біліктілігі өте маңызды. Ақпараттық және цифрлік технология саласындағы қажеттілік – бұл өмір талабы, себебі қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік үрдістерінің заманауи жағдайының ерекшеліктері, ақпарат көлемінің тез артуы, ақпараттық және цифрлік технологияларды ендіру мен қолдану кез келген саладағы мамандардан олардың бар білімдерін инновацияның көзіне айналдыруды, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі белсендіруге, яғни жаһандану жағдайында қызмет істеуге даяр болуды талап етеді.

Осы тұрғыдан, ҚДО маңыздылығы ерекше, себебі бұл орталықтың негізгі идеясы жоғары сынып оқушыларына өздерінің жеке еңбек және кәсіби траекториясын анықтау барысында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы олардың еңбек нарығында жетістігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Арқалық қаласының жоғары сынып оқушыларына сауалнама жүргізу арқылы, біздің жастарымыздың еңбек нарығына әлі дайын емес (73%), бірақ өзінің болашақ мамандық таңдау мәселесіне алаңдаулы және өзін-өзі анықтау сұрақтары төңірегінде мамандар тарапынан беретін көмекке дайын екендігін (85%) көрсетті [3].

ҚДО жоғары сынып оқушыларына көмек көрсету мақсатында педагог-психолог, кәсіби кеңесшілер, заңгерлер, кадр мамандары тарапынан кеңес беріліп, мамандық жөнінде ақпарат, ағарту, іріктеу, оқыту және бейімделі бағытында жұмыстар жүргізіледі.

Орталықтың негізінде «Жұмыспен қамтылу» сабақтары жүргізіледі. Бұл сабақтар арқылы еңбек нарығын талдау, өзін-өзі таныстыру, өзін-өзі анықтау мәселелері қарастырылады. Мамандық таңдау барысында жоғары сынып оқушылары көбінесе біреудің (ата-ана, туыстары, достары және т.б.) пікіріне сүйене отырып таңдайды да, сол мамандық иесіне сай жеке тұлғалық сапалар мен қасиеттердің бойында бар болуына назар аудармайды. Осының салдарынан ЖОО бірінші курсына-ақ, студенттерден болашақ мамандықтарынан күтілетін үміттері нақты жағдайға сәйкес келмейтінін көруге болады.

Жоғары сынып оқушыларының білім беру және еңбек траекториясын таңдау барысында төрт негізгі қағидаға сүйене отырып, білім беру жүйесі, бизнес, қоғам, отбасы өз көмегін беруі тиіс: тануды үйрету; өмір сүруді үйрету; жұмыс істеуді үйрету; қатар өмір сүруді үйрету.

Орталықтағы педагог-психологтар әртүрлі психологиялық әдістемелердің негізінде:

- жоғары сынып оқушыларының жеке қасиеттерінің мазмұндық сипатына сәйкес перспективалық мамандықтарды таңдауға көмектесу;

- жоғары сынып оқушыларының арасында болашақ кәсіби мамандығын таңдауың жасай алмағандарға психологиялық стрестерді және шиеліністерді жоюға бағытталған психологиялық кеңестер беру;

- жоғары сынып оқушыларына өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік бермейтін тұлғааралық конфликтілердің себептерін психологиялық талдау, өзін-өзі адекватты бағалауды қалыптастыруда психологиялық көмек беру.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың кәсіптік бағдар беру жүйесіндегі ерекшелігі – жоғары сынып оқушыларының мамандардың тікелей көмегінсіз ақпараттарды игеріп, сандық білім беру ресурстарына сілтемелерді қолдана отырып, ҚДО әдіснамасына сәйкес өздерінің оқу және еңбек жолын дербес анықтау. Бұл жүйенің артықшылығы ақпаратты сізге ығайлы түрде, ыңғайлы уақытта еңбек нарығында өзі-өзі таныстыру тәжірибесін алу мүмкіндігі.

Жүйелі тұрғы негізіндегі жұмыс (мазмұны, практикалық тапсырмалар, ақпараттың әртүрлі көздеріне сілтемелер: оқулықтар, цифрлық білім беру ресурстары, электрондық кітапханалар, мамандандырылған және цифрлық сайттар, технологиялық карталар) жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауға саналы тұрғыдан қарау қажеттігін қалыптастырады.

Кәсіптік бағдар беру мен цифрлендіру – олардың дамуының білім беру және еңбек жолын таңдау деңгейін жақсартудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады және барлығына қажетті ақпаратқа үнемі қол жетімділікті ашады, Интернет арқылы кез-келген уақытта сараптамалық кеңестер алу мүмкіндігін, тиісті материалдар мен ресурстарды үнемі пайдалану және бақылауды жүзеге асырады. Сондықтан нарықтық экономика жағдайында адам өзінің негізгі капиталын - біліктілігін еркін басқару, онда табиғаттағы ақпараттық процестер мен жаңа сандық технологиялар туралы іргелі білім шешуші рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген.
2. Лукин В.В., Дикарев В.А. Профориентация и цифровизация – взвесь одной проблемы // Современные тенденции в психологии. Вестник университета №8, 2018. – с. 135-138.
3. Тұрдыбек А., Баққараева Д. Мотивы выбора педагогических специальностей в вузах Казахстана // 1-ая Республиканская ежегодная конференция ученых и учителей «Интеграция деятельности школы-колледжа-вуза в условиях дуально-ориентированного образования», 2016 г.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Темирханова Қымбат Шашубаевна
аға оқытушы, магистр

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В статье рассмотрены социализации детей дошкольного возраста. Проанализированы понятия «активность», «социальная активность» также описанно роль и значение воспитателя в формировании социальной активности детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: активность, детская активность, социальная активность, общение, социальная среда.

Annotation. The article discusses the socialization of preschool children. The concepts of “activity”, “social activity” are analyzed. The role and importance of the educator in the formation of social activity of preschool children is also described

Key words: activity, children's activity, social activity, communication, social environment.

Елімізде білім беруді дамыту тұжырымдамасында айқындалған негізгі мақсат - мектепке дейінгі білім беруді жетілдіру жолымен балалардың білім алуына бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Осыған орай, балалардың бойында оқу қызметін меңгерту, белсенділігін қалыптастыру, дамытушы ортада баланы ынталандыру басты бағыт болып саналады. Білім берудің түрлі деңгейлеріне қарай жаңа әлеуметтік сұраныстарының пайда болуы шығармашылық қабілеті бар, саналы, әрі өз іс-әрекетін анықтайтын және осы мақсатқа жету үшін өзін басқара алатын белсенді жеке тұлғаны қалыптастыруды қажет етіп отыр. Бұл талаптарды орындау үшін мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үрдісінің ең дұрыс бағыты белсенділікті іс-әрекеттік тұрғыдан дамыту болып табылады. Бұл төмендегідей мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: баланың қызығушылығын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту, оқу дағдысын игерту, мәдени мінез-құлқын, мақсат қою біліктілігін және шығармашылығын тәрбиелеу. Қоғамдағы өзгерістер адамдардың әлеуметтік белсенділігіне тікелей байланысты болып келеді. Әлеуметтік белсенділік адамның әлеуметтік позициялық көрінісі.

Әлеуметтік белсенділіктің өндірістік, қоғамдық-саяси, мәдени-танымдық, тұрмыстық, т.б. түрлері бар. 1980 жылы баланың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру және дамыту мәселесі бойынша шет елде мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңі көптеген зерттеушілердің назарын аударды Ш.А.Амонашвили, С.П.Баранов, Е.А.Ануфриев, Р.Г.Казакова, В.И.Логинова, В.С.Мухина және тағы басқалар[1, 360]. Мектепке дейінгі кезеңнен бастап әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру бойынша қажырлы еңбектеніп, мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізілуі керек. Осы кезеңнен бастап болашақ тұлға ретінде өзіне, адамдарға, қоршаған ортаға көзқарасы қалыптаса бастайды. Әлеуметтік ережелер мен қағидаларды меңгере отырып бала дамиды. Әрине, әлеуметтену процесі баланың қоршаған ортамен белсенді өзара әрекеті нәтижесінде жүзеге асады. Субъектінің әлеуметтік белсенділігінсіз оның танымы да, шығармашылығы да, іс-әрекеті де дамымайды. Сондықтан балалық шақтан бастап белсенділік әлеуметтік маңызды сипатқа ие болуы керек.

Соңғы жылдары жарияланған еңбектерде «әлеуметтік белсенділік» деген термин жиі айтылып жүр. Біз осы терминнің мағынасын ашу үшін ең алдымен «белсенділік» ұғымына анықтама беріп кетсек, «белсенділік» - деп жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік қатынас, олардың көп қырлы іс-әрекеттері.

Белсенділіктің қозғаушы күші - қажеттілік пен құштарлық. Тіршіліктің негізі - қозғалыс пен іс-әрекет болса, оның не қарқынды, не баяу жүруі қажеттілік пен құштарлық шегіне байланысты.

Белсенділік, элементарлық белсенділік, биологиялық белсенділік, әлеуметтік белсенділік болып жіктеледі. Белсенділіктің бұл түрлерін өзінің қамтылу аясына қарай әр ғылым өз әдісіне сай зерттейді. Әлеуметтанудағы белсенділік адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін сипаттайтын негізгі белгілердің бірі.

Әлеуметтік белсенділік - мәселелерді шешуге саналы түрде бағытталған іс-әрекет. Әлеуметтік белсенділік арқылы жеке адамның мәдени дәрежесіне, білім деңгейі мен икемділігіне, қоршаған ортамен қарым-қатынасына баға беруге болады. Әлеуметтік белсенділіктің төмендігі адамдардың қоғамдық ортақ іс-әрекеттерден тыс қалғандығын, білімсіздігін және жігерсіздігін көрсетеді. Қоғамдағы өзгерістер адамдардың әлеуметтік белсенділігіне тікелей байланысты болып келеді.

Бала белсенділігі туралы XVI – XVIII ғасырдағы негізделген алғашқы әрекеттер (Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо) және бұл ұстанымдарды А.Дистервегтің, К.Д. Ушинскийдің және XIX ғасырдың басқа да прогрессивті ұстаздардың қолдауы физиологиялық және психологиялық деңгейде адам белсенділігінің мәнін методологиялық бағалаушылық пен расталады (И.В. Сеченов, В.М. Бехтерев, И.П. Павлов, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А. Леонтьев)[2, 15]. Осы зерттеулердің нәтижесінде тұлғаның белсенділігі оның табиғи жаратылысы жағдайы, сонымен бірге, тұлға іс-әрекет барысында қалыптасатындығы, іс-әрекет қандай болса, тұлға да сондай болады деген қорытындылар жасалынады. Демек, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту үшін оқу белсенділігінің мәні ерекше.

Бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өмірінде дамиды белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдар мен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады.

Мектеп жасына дейінгі балалар ересек адамдардың әрекеттеріне үніле қарап, үйренеді, оларға еліктейді. Балалардың саналы түрде істейтін мұндай әрекеттерін ырықты немесе ерікті белсенділік дейді. Бұл жастағы балалардың үлкендердің әрекеттеріне және олармен өзара қатынас жасауға еліктеуі рөлді ойындарды атқару барысында байқалады.

Қарым-қатынас – генетикалық түрде баланың белсенділігінің ең ерте белгісі. Адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі ерекшеліктері осы қарым-қатынаста көрінеді. Онда адамдарға деген қатынастың көптеген алуан түрлі ренктері бар: ата-анаға, мұғалімдерге, таныстарына, таныс емес адамдарға, құрдастарына, өзінен кішкентайларға, достарына. Бала өзіне дос таңдайды, ол адамдардың белгілі бір шеңберімен қарым-қатынас іздейді, ол басқаларға ықпал етеді. Ұжымда ол кейде ұйымдастырушы, кейде орындаушы болады. Қарым-қатынас мәдениеті-балаларда белгілі бір мінез-құлық нормаларын қалыптастырады, оларда үлкендерге, құрбыларына, қоғамдық мүлікке жанашырлықпен қарау қарым-қатынасы бейнеленіп, мінез-құлық мәдениеті қалыптаса бастайды. Жағымды мінез-құлық белгілері балаларда ерте жастан қалыптастырылмаса, өсе келе оларды меңгерту аса қиындық туғызады. Балалар бақшасында балалар өз құрбыларының ортасында болады, сондықтан да тәрбиешінің алдында олардың құрбыларына қарым-қатынастарын бейнелейтін, жолдастарын құрметтеуге, қарапайымдылыққа, елгезектікке, мінез-құлық нормаларын қалыптастыру міндеті тұрады.

Кішкентайынан-ақ балаларда осы нормалардың негізі қалыптасады: құрбысының ойынына кедергі жасамау, ойыншығын жұлып алмау, сұрап алу немесе басқа ойыншық таңдау, ол ойнап болғанша күте тұру және т.б. мәдени қарым-қатынас жасаудың алғашқы формалары пайда болады: қайырымдылық жасай білу (жылап отырған құрбысын аяу, ойыншық беріп қуанту) тілектес болу, бірге ойнап, бірге әрекет жасағысы келетінін білдіру. Тәрбиеші балалардың бірігіп іс-әрекет жасауын (шанамен сырғанау, доп ойнау, текшелерден үйшік жасау және т.б.) үнемі мадақтап отыруы қажет. Мектепке дейінгі ересектер балалар жылы шырай білдіруге, жолдасымен бірге қайғырып жанашырлық көрсетуге, барымен бөлісуге, айтқанға көніп, басқаны қуантуға дайын тұруға тәрбиеленеді. Бірлесіп іс-әрекет жасауда мінез-құлық нормалары неғұрлым күрделене түседі: балалар қажеттілігіне негізделеді.

Оларда құрбыларына деген қамқорлық бірлескен іс-әрекетте өзара жағымды қарым-қатынас туғызу ұжымдасудың бастамасы, ауырған жолдастарына қамқорлық жасай білу, даулы мәселелерді әділ шешу, жолдасының ісі дұрыс емес екендігіне оның көзін жеткізу немесе өз кінәсін мойындай отырып, оның пікірімен келісу, кішіпейіл болу (басқаның өтіп кетуі үшін ығысып жол беру, басқаның тәрелкeden нан алуы қолайлы болуы үшін наны бар тәрелкені ысырып қою, өзінің орындығын беру, жіберілген кемшіліктерге әдеппен кешірім сұрау) қалыптасады [3, 56].

Балалар бақшасында балалар арасында өзара тату қарым-қатынасты тәрбиелеуге қатысты көптеген жағдайлар жасалады. Мұнда педагогтың міндеті- осы жағдайларды пайдалана отырып, балаларды ұжымдағы мінез-құлық нормаларды бейнелейтін қылықтар жасауға тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру мақсатын көздейтін «Әлеуметтік орта» білім беру саласында тәрбиешілерге де белгілі талаптар реті қойылады. Яғни тәрбиеші: даулы жағдайлардың оң шешілуі дағдыларын меңгерген; баланың қоршаған ортаны оң қабылдауын қалыптастыра алатын; ұтымды әлеуметтік қатынастар құруда еліктеу үшін үлгі бола алатын; бала пікірін құрметтеп, жол, эмпатия көрсететін; әр баланы құрдастарымен қатынас жасата білетін; эмоционалдық қолайсыздықты жеңудің нақты тәсілдерін білетін және үйрете алатын; қазақтың және басқа да халықтардың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын білетін және насихаттай алуы тиіс. Тәрбиешілерге қойылатын талаптардың жүзеге асырылуы балалардың тиімді әлеуметтенуі мен әлеуметтік белсенділігінің қалыптасуының негізі болады.

Әдебиеттер:

1. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. – Алматы: 2002. Ғылым,-360 б.
2. Галигузова Л. Н. Педагогика детей раннего возраста: Учебн. пособие.- М.: 2007.-15 с.
3. Капенова А. Ә. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру: пед.ғыл.канд. дис. –Алматы, 2004.-56 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

*Түгел Айдана Мейрамқызы
ММ Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің
№10 жалпы білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы о формировании понятия «Функциональная грамотность», общие ориентиры развития функциональной грамотности, цель, сотрудничество семьи и школы в формировании функциональной грамотности учащихся, сотрудничество семьи и школы в процессе воспитания подрастающего поколения.

Ключевые слова: подрастающего поколения, функциональная грамотность

Annotation. The article rassmatrivayutsya problems on the formation of the concept of "Functional literacy", General guidelines for the development of functional literacy, goal, cooperation of family and school in formation of functional literacy of students, cooperation of family and school in upbringing the younger generation.

Key words: younger generation, functional literacy

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Қазіргі мектепті қайта құруда білім мазмұнының жаңаруы, білім беру жүйесін дамыту парадигмасының «өмірлік білім алу» қағидасының орнына «өмір бойы білім алу» қағидасына көшкені басшылыққа алынады. Жаңа мазмұнды білім беру мектебінің негізгі идеясы - жеке тұлға жетістігі болмақ.

Ел үшін маңызды осы стратегиялық міндеттерді шешу жағдайында тұлғаның ынталылығы, шығармашылықпен ойлауы мен дәстүрлі емес шешім қабылдау қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, өмір бойы білім алуға даярлығы – оның басты функционалдық қасиеттері болып табылады. Аталған функционалдық біліктер мектеп және отбасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында анықталған, басты мақсаттардың бірі – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады [1].

«Функционалдық сауаттылық» түсінігі алғаш рет өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейінірек қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық, кең түсінікте, білім байланысы мен адамның көпжоспарлы іс-әрекеті арасындағы кіріккен, тұлғаның әлеуметтік бағдарлану амалын көрсетеді. Заманауи әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық іс-әрекетіне, сол сияқты өмір бойы білім алуға белсенді түрде атсалысуына ықпал ететін базалық факторлардың бірі болып табылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі маңызды фактор – ата-ананың белсенді рөлі екендігін PISA (Programme for International Student Assessment) – 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалау) зерттеулерінде үнемі көшбасшы елдер қатарынан табылатын Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б. нәтижелері көрсетіп отыр.

«Отбасы» ұғымына – отбасы тәрбиесіндегі функционалдық сауаттылық, ата-аналардың саналылығы, тәрбие, тәрбиенің бірізділігі, отбасы құрылымы, отбасының жіктелуі, тәрбиенің оң тәжірибесі, құқық, заң, құқықтық тәрбие, тәрбиенің ауытқуы, әлеуметтену, сауықтыру, отбасы мәдениеті жатады. Отбасы тәрбиесі мазмұнын анықтайтын ең маңызды құндылықтар: отбасы, отбасы әдет-ғұрпы мен дәстүрлері, баланың отбасына құқығы, қарашаңырақ, шежіре, әке және ана, әкенің және ананың беделі, ата-ана махаббаты мен қамқорлығы,

баланың отбасында қорғалғандығы, қарттарға, кішілерге, науқастар мен мүгедектерге қамқорлық болып табылады. Отбасы бала бойында балалық кезеңнен адамгершілік құндылықтарды, парасатты және тиімді өмір дағдыларын құру бағытын қалыптастыруы тиіс. Осыған байланысты, ата-аналарды мектеп өміріне белсенді түрде қатыстыруға бағытталған шаралардың тұтас жүйесін: қамқоршылық кеңесін, ата-аналар қауымдастығын, ата-аналар университеттерін құру қажеттігі туындап отыр.

Отандық және шетелдік білім беру теориясы мен практикасына жүргізген зерттеулер көрсеткендей, мектеп және отбасы өзара іс-әрекетінің көптеген аспектілері зерделенген, мектеп – отбасылық қатынастардың тиімді дамуына кедергі келтіріп отырған себептер анықталған, проблемаларды шешудің тиімді жолдары (Х.А.Арғынбаев, Н.Н.Архангельская, К.Т. Атемова, С.В.Дармодехин, Е.Г.Замолоцких, М. Кабакова, И.А. Корнилко, К.К.Құнантаева, И.Н.Миняйло, Е.С.Муляр, О.А.Перегудова, Г.В.Сабитова және т.б.) іздестірілуде. Мектеп пен отбасында тәрбие берудің (Ш.А. Амонашвили, С.Г. Вершловский, Г.Н. Волков, Н.В. Бордовская, Қ.Б. Бөлеев, Қ.Б. Жарықбаев, Л.Н. Ибраимова, С.Қ. Қалиев, К.Ж. Қожахметова, И.С. Кон, Ә.Т. Табылды, С.А. Ұзақбаева және т.б.), құзіреттілік бағыт әдіснамасының (В.А. Болотов, М.Ж. Жадрин, А.К. Маркова, С.Д. Мұқанова, Ф.Ш. Оразбаева, Г.К. Селевко, В.В. Сериков, В.А. Слостенин, А.В. Хуторской және т.б.) өзекті мәселері зерттелуде.

Білім беру нәтижелері оқушыларды мектепте оқыту процесінің соңғы өнімі болып табылады және білім алушы тұлғасындағы сапалы өзгерістерді дәлелдейді, оның мінез-құлқында, әлеуметтік ортамен өзара іс-әрекет етуінде көрініс табады. Білім беру нәтижесін көрсету деңгейінің бірі – функционалдық сауаттылық, ол тұлғаның білім, білік және дағдылар негізінде әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты қызмет ету, нақты мәдени ортаға барынша жылдам бейімделу қабілеті ретінде анықталады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында: «Білім жүйесі тек білім ғана емес, сонымен қатар, оны әлеуметтік бейімделуде қолдану білігін беруі тиіс», – деп атап көрсетілген. Осыған орай, Мемлекет басшысы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын одан ары дамыту қажеттілігін атап өтті [4].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту процесін мазмұндық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қамтиды [1].

Өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды тәрбиелеу процесінде отбасы мен мектептің ынтымақтастығына үлкен рөл бөлінеді. Отбасы мектепке оқушылардың іс әрекетін ұйымдастыруында «Білім туралы» Заңды ойдағыдай жүзеге асыруына көмек көрсетеді. Алайда ата-аналардың педагогика негіздерін нашар білуі қазіргі кезеңде әлеуметтік тәрбиелеу мен мектепке бейімдеу ісіне кедергі келтіріп отыр. Сондықтан дәл қазір отбасы мен мектептің өзара әрекетін нығайту, бала тәрбиесіндегі әкелер

мен аналардың жауапкершіліктерін арттыру қажет. Және бұл шараны мектеп ұйымдастыруы тиіс. Осыған орай бұл істі ұйымдастыруда мектеп мұғалімі, психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі жұмысының маңызы артады, көптеген маңызды мәселелер мен сұрақтардың шешімі осыған байланысты.

Ол үшін мына қағидаларды әрбір педагог ата-аналармен жұмыс жүргізгенде ұстанғаны жөн:

– ақыл үйретпей, кеңес беру керек. Бірлескен іс-әрекеттер туралы бірге ойласу, кеңесу;

– ата-аналармен қарым-қатынас жасай отыра, олар бізге қажет, біздің одақтасымыз, олардың көмегі мен кеңесіне мұқтаж екенімізді көрсету;

– ата-аналық сүйіспеншілік пен құрметке үндеу;

– балаларды сипаттай отыра, ең алдымен бала туралы жақсыны ғана айту қажет;

– ата-аналардың тұлғасына, олардың еңбектегі жетістіктеріне жоғары құрмет көрсету;

– ынтымақтастық, ортақ шығармашылық.

Мамандар баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы отбасымен іс-әрекеттің барлық түрлерін пайдалануды ұсынады. Педагогтер ата-аналарға іс-әрекеттің бірдей түрлерін күштеп ұсынбастан, негізінен, ата-аналарды шыдамдылықпен мектеп және сынып жұмыстарына қатыстыра отыра, олардың қажеттіліктеріне, сұраныстарына, отбасылық тәрбиенің ерекшеліктеріне бағдарлануы қажет. Отбасымен жұмыстың негізгі түрлері – дербес және топтық жұмыстар.

Отбасымен жүргізілетін жұмыстың дербес түрі:

- Жұмыс жоспарына оқушылардың отбасына бару, ата-аналармен жүргізілетін жеке әңгімелер, оқушыларды дамытудың келешегі мен құралдарын бірге анықтау, педагогикалық консультациялар, дербес тапсырмалар кіргізіледі. Ата-аналармен жүргізілетін дербес жұмыс отбасы мүшелерінің әрқайсымен тікелей қатынас орнатуға, бала тұлғасы дамуына ықпал ететін жолды іздестіруде үлкен түсіністікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Отбасымен жұмыстың топтық түрі:

Өзара іс-әрекеттің топтық түрін қолдана отыра, ата-аналардың жекелеген топтарын келесі белгілері бойынша саралауға болады:

– ата-аналар активі (сыныптың, мектептің);

– мүдделері бойынша ұйым жұмыстарының жетекшілері-ұйымдастырушылары (үйірме, секция жетекшілері);

– мектепте, немесе сыныпта қандай да бір мәселені әзірлейтін және шешетін ата-аналар;

– бала тәрбиесінде ұқсас проблемалары бар ата-аналар;

– қыз (ұл) балалар тәрбиелеп отырған ата-аналар;

– жалғыз (көп) бала тәрбиелеуші ата-аналар;

– дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылығы бар баланың ата-аналары.

Жақсы отбасы көрсеткішінің бірі – ондағы қолайлы ахуал болып табылады. Мектептің отбасымен өзара іс-әрекет формалары оқушылардың функционалдық сауаттылығын, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты

нығайту мен сауықтыру үшін қажет іс-әрекеттің оңтайлы түрлері мен әдістерін қалыптастыруда белгілі қызмет атқарады. Бұл үшін отбасында бала тұлғасының қалыптасуына және дамуына кері әсер ететін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық проблемаларды диагностикалау және анықтау қажет.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы іс-әрекеттің негізгі басым бағыттары: отбасына практикалық көмек және педагогикалық қолдау көрсету; ата-аналарды отбасы тәрбиесі мәселесі бойынша оқыту, бала тәрбиесіндегі оң тәжірибемен таныстыру; отбасындағы сәтсіздіктің себептерін, отбасындағы балаға деген қарым-қатынасты зерттеу; қамқоршы, қабылдайтын отбасыларын және т.б. құру бойынша ақпарат тарату, көмек көрсету.

Бұл үшін қажет:

Тиімді технологиялар: балалар мен ата-аналардың тұтынушылық-құндылық аясы туралы деректер банкін құру, топтық кеңестер жүйесі, мақсатты конференциялар, іскерлік ойындар, баспасөз-конференциялары, бейнежазбалар талдауы, отбасышілік қатынасты ұйымдастыру.

Ерекше жағдайлар мен ерекшеліктер: ата-аналардың, мектепке дейінгі мекемелерінің тәрбиешілері, әлеуметтік педагогтері, практикалық психологтері, мектеп және басқа оқу орындары педагогтерінің, қоғамдық-мемлекеттік мекемелері мен социум қызметінің күшін біріктіру. Аса маңызды мәселе – мектеп және отбасы тәрбиесін, білім алушылар тәрбиелілігін және функционалдық сауаттылығын *диагностикалау*. Бұл мәселелер бойынша диагностика бірнеше қызмет атқарады:

- белгілеуші (ақпараттық);
- болжамдаушы (мектеп-отбасы өзара әрекеттесуінің дамуын болжау);
- құндылыққа-бағдарланған (бағалаушы);
- дамытушы (тәрбиелік).

Оқушылардың тәрбиелілігін және функционалдық сауаттылығын диагностикалау әдістері: бақылау; сауалнама жүргізу; тест өткізу; тәрбиеленушімен әңгіме; педагогтермен әңгіме; ата-аналармен әңгіме; қызмет нәтижелері мен өнімдерін талдау; социометриялық әдістер; аяқталмаған тезис; педагогикалық консилиум.

Мысалы, балалардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында ата-аналардың осы мәселе бойынша сұраныстары мен қажеттіліктерін зерттеу үшін сауалнама жүргізіп, қойылған сұрақтар бойынша талдау жасауға болады:

1. Сіз заманауи білім берудегі маңызды міндеттердің бірі – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру екенін білесіз бе?
2. Сіздің балаңыз қосымша білім беру мекемелеріне, музыка мектебіне, спорттық-сауықтыру мекемелеріне барады ма?
3. Сіздің балаңызды не қызықтырады? Оның қызығушылығы тұрақты ма?
4. Сіз балаңыздың ерекше қабілеттері бар деп ойлайсыз ба?

5. Сіз мектепте қосымша (ақылы) қандай қызмет алғыңыз келеді (екінші шетел тілін оқыту, пәндерді тереңдете оқыту, жаңа пәндерді (курсты) оқыту)?

6. Сіз білім беру процесін ұйымдастыру туралы қандай қосымша ақпарат алғыңыз келеді (мектеп әкімшілігінен, мұғалімнен, педагог-психологтен, әлеуметтік педагогтен, медицина қызметкерінен)?

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру процесінде педагогтердің кәсіби қиындықтарын анықтау үшін сауалнама:

1. Сіз жаңа буын стандарттары туралы жеткілікті дәрежеде хабардарсыз ба?

2. Сіз оқытуда жүйелік-іс-әрекеттік тұрғыдан жүзеге асыру біліктерін пайдалана білесіз бе?

3. Сіз білім алушылардың өзіндік шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдіснамасын меңгеруде қиналасыз ба?

4. Сіз басқа мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін жинақтауға және пайдалануға қабілеттісіз бе?

5. Функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру үшін Сізде өз кәсіби деңгейіңізді көтеру қажеттілігі бар ма?

6. Сіз педагогикалық қызметте стереотиптерден бас тартуға және вариативтілікті қолдануға қабілеттісіз бе?

7. Сіз оқыту әдістерін таңдауда және оқыту әдістерін, тәсілдері мен түрлерін үйлестіруде қиналасыз ба?

Диагностика нәтижелеріне дұрыс талдау жасау маңызды. Оларды белгілеу формаларына: кестелер, диаграммалар құрастыру; сипаттамалар құрастыру; диагностикалық карталар, күнделіктер жүргізу жатады [5].

